

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСТЕТИ**

БОРАНБАЕВА А.Р., ИСМАНОВА Р.Ж.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ХАТ

Оқу құралы

Қазақстан Республикасы
Шымкент, 2022

Пікір жазғандар:

Алметов Н.Ш. *п.ғ.д, профессор М. Әуезов атындағы ОҚУ*

Дайырбеков С.С. *п.ғ.к, профессор Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті*

Тұрмаханова С.А. *п.ғ.к, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті*

Боранбаева А.Р.

Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат. Оқу құралы / А.Р.Боранбаева, Исманова Р.Ж. – Шымкент, «Bilk»- 2022. – 180 б.

Оқу құралында «Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат» пәнінің мазмұны мен мәні ашылады. Оқу құралында ғылым туралы ұғым академиялық хат түрлері, жазу стилі, сонымен қатар ғылыми зерттеу әдістері, ғылыми еңбекті зерттеу, болжамдар мен қорытындылар жазу, еңбектің негізгі бөлімдерімен жұмыс түрлері, оларды безендіру мен сілтеме қою тақырыбы баяндалады.

Аталған еңбек «Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат» пәні бойынша қажетті құрал болып табылады. Оқу құралы мазмұнында баяндалған материалдар оқу жоспарына сәйкес оқу бағдарламасы мазмұнын толық қамтиды.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға және өздігінен білім алушыларға арналған.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Ғылыми кеңесінің (№3 хаттама, 27.12.2021 жыл) шешімімен баспаға ұсынылған.

© Боранбаева А.Р., Исманова Р.Ж. 2022

© «Bilk» баспасы, 2022

Мазмұны

Кіріспе	4
1. Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат пәні.....	5
2. Эссе және оның түрлері.....	8
3. Ғылыми эссе. Ғылыми эссенің талаптары.....	13
4. Ғылыми тақырып таңдау.....	20
5. Дерек іздеу. Ғылыми еңбектерді іздеу.....	25
6. Introduction. IMRAD және оның жүйесі.....	29
7. Антиплагиат мәселесі.....	44
8. Сілтеме қою және оның түрлері.....	49
9. Сілтеме және пайдаланған әдебиеттер.....	53
10. Қорытынды. Зерттеуден алынған нәтижеге қорытынды жасау	59
11. Ғылыми мақаланың техникалық безендірілуі.....	64
12. Аңдатпа. Ғылыми мақалаға аңдатпа жазу.....	67
13. Ғылыми журналға мақала жіберу. Зерттеу жұмысының нәтижесін жариялау.....	72
14. Ғылыми жобалар. Ғылыми жобалармен жұмыс.....	78
15. Баяндама. Ғылыми конференцияларға баяндама дайындау...	85
16. Ғылыми зерттеу әдіснамалық негіздері.....	89
17. Әдіснама зерттеу процесі туралы ғылым.....	95
18. Ғылыми шығармашылықтың жалпы әдіснамасы.....	100
19. Диссертация жазуға дайындық және ғылыми ақпарат жинақтау.....	103
20. Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі бөлімдері және олардың қысқаша мазмұны.....	106
21. Ғылыми зерттеу жұмысының қолжазбасы бойынша жұмыс	111
22. Ғылыми зерттеу бағытын таңдау. Ғылыми-техникалық проблеманы қою және ғылыми-зерттеу жұмысының кезеңдері....	116
23. Ғылыми ақпаратты іздеу, жинақтау және өңдеу.....	121
24. Теориялық және эксперименттік зерттеулер.....	124
25. Эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін өңдеу.....	128
26. Ғылыми зерттеудің логикалық үдерісі.....	132
27. Ғылыми зерттеу әдістерінің сыныптамалары.....	139
28. Ғылыми зерттеулерді жүргізу кезеңдері.....	147
29. Ғылыми зерттеу жұмысының құрамы мен мазмұны.....	154
30. Педагогиялық мәдениет және зерттеушінің шеберлігі.....	161
Глоссарий.....	
Әдебиеттер тізімі.....	175

Кіріспе

Ғылыми зерттеу және академиялық хат - бұл күрделі және көп қырлы дағдылар кешені. Бұл дағдылар кешеніне логика, талдау, сыни ойлау, объективтілік және басқа идеялар мен басқа мәтіндерге құрмет сияқты тілдік және стилистикалық құзіреттіліктер кіреді. Сонымен бірге ғылым саласы дайындалған ақпараттарды қажетті аудиторияға ғылыми стильде жеткізуге қызмет етеді. Академиялық жазу дағдыларын игеру үшін ғылыми әдебиеттерді үнемі оқып, мәтіндерді талқылау, сонымен қатар Word мәтіндік редакторында жұмыс істеудің негізгі принциптерін білу қажет.

Оқу құралының негізгі мақсаты - ізденуші оқырмандар академиялық мәтіндердің түрлерін жетік меңгеру, педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтаудың мәні мен ерекшелігін түсінуге көмектесу. Зерттеу әрекетінде әдіснамалық білімдерді қолдану тетіктерін көрсету, білім беру мен ғылымдағы инновациялық технологияларды пайдалану бағытында жүріп жатқан зерттеу әдіснамасындағы үрдістерін, оған қойылатын талаптар мен нормаларды, академиялық хаттың жанрлық сан алуандығын, ғылыми стиль бойынша теориялық және практикалық материалдармен жүйелі түрде жұмыс жасауға көмектеседі. Өзектілігі мен практикалық маңыздылығы оқырман ғылыми стильде игеруіне байланысты.

Бұл оқу құралы білім алушылардың академиялық сауаттылық деңгейін арттыру арқылы аталған проблемаларды жеңуге бағытталған. Оқу құралының міндеттері кәсіби қоғамдастықтың жалпы қабылданған нормаларын ескере отырып, академиялық жазу техникаларын талдауды, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және сыни мәтіндерді жасау қағидалары мен қағидаттарын шолуды қамтиды. Білім алушылар жұмыстарын өз бетінше ғылыми жарияланымдарға дайындап, жоғары кәсіби деңгейде ұсына алады.

Оқу құралымен жұмыс ғылыми салада жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Теориялық материалдар мен практикалық тапсырмалар білім алушылардың ғылыми стилін, тілдік құралдарын игеруге, өздерінің ғылыми мәтіндерін жасау және жобалау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Оқу құралының кәсіби бағыты ғылыми стиль және ғылыми зерттеулер бойынша теориялық ақпаратты таңдауда көрінеді.

Оқу құралы теориялық материалдан, практикалық тапсырмалар мен бақылау сұрақтарынан тұрады, ғылыми этика ережелеріне сәйкес қатаң ғылыми стильде жазылған, қазіргі ғылыми деңгейге сәйкес келеді.

1. Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат пәні

1.1 Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат пәнін оқытудың мақсаты мен міндеті

1.2. Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат әдіснамасы

1.3. Академиялық хаттың ерекшелігі

Ғылым адамдардың арнайы іс-әрекеттері нәтижесінде табиғат, қоғамның және ойлаудың объективті заңдарының үздіксіз дамып отыру жүйесі жөніндегі білім болып табылады. Сондықтан ғылым негізі білім болып саналады.

Білім - шындықты бейнелеу формасы және тәсілі болғандықтан, онда заттың қасиеті, белгілері және өзара байланыстары қаперге алынған. Осы себепті, білімнің ғылымды ашудағы жұмыс істеу тәсілі, материалдық, не рухани іс-әрекет болып табылады. Яғни, ғылымның диалектикалық дамуы фактілерді жинақтау, оларды оқып-үйрену, жүйелеу, қорытындылау және олардың жеке заңдылықтарын ашу, белгісіз фактілерді түсіндіретін жаңалыққа жетелейтін ғылыми білімнің логикалық жүйесін анықтаудан тұрады.

Сол себепті де ғылымның мақсаты сырттай көрініп тұрғанның ішкі, нақтылы қозғалысын, яғни зерттелініп жатқанның мәнін ашу болып табылады.

Ғылымның логикалық құрылымы төмендегідей болып келеді:

- ғылымның іргетасы немесе жалпы қағиданың (теорияның) жағдайы;

- заңдар;

- негізгі ұғымдар;

- қағидасы (теориясы);

-мұраты (идеясы). Ұғымдар, заңдар, принциптер, мұрат, ережелер ғылыми білім категориялары болып саналады. Осылардың негізінде ғылым қағидасы түзіледі.

Ғылымның бірден-бір пайдасы, алдын ала болжам жасауға, алдағыға зер салудан ғана себеп болады. Ғылымның, сол себепті де, ақиқат нәрсе емес екендігі де осыдан. Қандай да тәжірибе жөнінде әңгіме қозғалмасын, сіз өзіңіз тікелей араласпасаңыз, сол мезетте-ақ сенімсіздік пайда болады. Дегенмен, біз мұнда тек өзіміз нақтылы қатыспаған облыстар жөнінде ғана пікір айтуымыз керек,

олай болмағанда ғылымнан ешқандай да пайда, қайыр болмаған болар еді [1, б.7].

Жоғары оқу орындарында оқытылатын әрбір пәннің ғылыми бағытына қарай өзіндік зерттеу әдісі мен тілдік ерекшеліктері бар. Дегенмен, ғылыми бағытта жазылатын жұмыстың барлығының бір ғана мақсаты бар. Ол зерттеу жұмысымен және оның нәтижесімен басқа адамдарды таныстыру, сол себепті академиялық мәтін түсінікті тілде, жүйелі құрылымда жазылуы кажет.

Академиялық мәтін ғылыми мәтінің негізгі талаптарын сақтай отырып, оқырманға түсінікті тілді таңдайды.

Академиялық мәтін белгілі бір тақырыпты түсіндіруге бағыттаған күрделі құрылымда жазылады. Академиялық бағытта жазылатын жұмыс ғылыми мәлімет беруге бағытталады. Сол себепті, академиялық бағытта жазба жұмысын жазу барысында ақпарат түсінікті және мағыналы болуы үшін белгілі бір құрылымды сақтаған жөн. Әдетте, академиялық бағытта жазылған мәтіннің мынадай негізгі ерекшеліктері болады: күрделі, формалды, нақты, объективті, шектеулі және жауапкершілікті. Бірақ, мәтіннің жазылуының басты талабы - анық және түсінікті тілмен жазылуы.

Күрделі. Жазба тілі ауызекі тілге қарағанда біршама күрделі. Жазба тілінде күрделі сөйлемдер мен сөз тіркестері және лексикалық мағынасы терең сөздер кеңінен қолданылады.

Формалды. Академиялық жазылым барысында әр түрлі қысқарған сөздер мен диалект, жаргон және т.б. сияқты ауызекі сөйлеу барысында кездесетін сөздерді қолдануға болмайды.

Нақты. Академиялық жазылымда ақпаратты қолдану барысында нақты мәлімет беруге тырысыңыз.

Объективті. Академиялық бағытта жазылатын жұмыс субъективті пікір ұстанбауы тиіс. Яғни, біржақты немесе қандайда бір ұстанымды насихаттауға бағытталмауы тиіс. Жұмыстың мақсаты тек ғылыми негіздерге ғана сүйену арқылы тұжырым жасау болып табылады.

Шектеулі. Академиялық мәтін тақырыпқа байланысты мәселені ғана қамтуы тиіс. Тақырыптан ауытқу немесе зерттеу сұрағынан тыс ақпараттарды беру немесе жазу оқырман қызығушылығының жоғалуы мен жұмыс сапасының төмендеуіне алып келеді. Сондықтан, ЖОО-дарында жазба жұмысы ретінде тапсырма берілгенде жұмыс тақырыбы мен қамтылатын зерттеу нысанына

қарай оқытушы тарапынан көлемі белгіленіп беріледі. Белгіленген көлем білім алушы үшін тақырып жөніндегі оның толық мәлімет беріп, артық ақпарат жазбауына мүмкіндік береді.

Жауапкершілік. Автор қашанда өз жұмысы үшін жауапты. Яғни, мәтіндегі түрлі қателіктер мен келтірілген тұжырымдар үшін білім алушының өзі ғана жауап бере алады. Сонымен қатар, мәтінді жазу барысында плагиаттық жасамау қажет. Біреудің пікіріне немесе сөзіне сілтеме жасамай қолданғаны үшін жауапкершілікке тартылатынын естен шығармау керек.

Сонымен, академиялық жазылымның ерекшелігі:

- Объективті түрде жазылады;
- Ғылыми стильде жазылады;
- Жүйелі құрылыммен жазылады;
- Сілтемелерді жиі қолданады.

Академиялық жазылым барысындағы сөйлемнің құрылымы да ерекше болады. Бұл бағыттағы жазылым ғылыми стильге тән ерекшеліктерді басшылыққа алады. Ал, әдеби жанрда және публицистикалық бағытта, тіпті қаралайым хатта кез келген формадағы сөйлем түрін қолдануға болады. Академиялық бағыттағы сөйлемдер толық грамматикалық құрылымда беріліп, нақты ақпарат беруді көздейді. Сондықтан, академиялық құрылыммен жазылатын сөйлемдердің негізгі мақсаты берілетін ақпаратты түсінікті дәлелді етіп анық жеткізу. Бұл ғылыми стильге тән ерекшелік болып табылады.

Академиялық жазылым - арнайы мамандықтарға байланысты білім алушылардың оқуға міндетті немесе таңдап алған пәндері бойынша белгілі бір тақырып төңірегінде түсініктер мен пікірталастар баяндалған әдебиеттерді оқып, оған талдау жасауы және оларды қолдану арқылы жазбаша түрде өз пікірін білдіруі. Бұл жазба жұмысы білім алушыларды өз бетінше зерттеу жұмысын жүргізуге, жобалық жазба жұмыстарын жазуға машықтандырады.

Тілдік қарым-қатынас өзара байланыс жасау мақсатында құрылатыны белгілі. Осы орайда қарым-қатынасқа түсуші өз мақсаты мен міндетіне қарай байланыс құралының стилін таңдайды. Тіл білімінде стильдің бес түрі (ауызекі, публицистикалық, әдеби, ғылыми, ресми іс-қағаздар) бар. Осы стильдердің ішіндегі академиялық жазылымға тән стиль - ғылыми стиль болып табылады. Түрлі салаларға байланысты жазылған ғылыми еңбектердің барлығы ғылыми тілмен жазылады. Негізінен

ғылыми стильге қойылатын басты талаптың бірі логикалық жүйелі ой түрінде жазылуы тиіс, бұл ғылыми стильдің ерекшелігі. Сонымен қатар, ғылыми стильдің өзіне тән түрлері де болады, олар:

- 1) таза ғылыми стиль;
- 2) ғылыми-оқулық стилі;
- 3) ғылыми көпшілік стиль.

Академиялық бағыттағы жазба жұмысының тілі көпшілікке, мәселен белгілі бір ғылыми сала жөнінде терең білмейтін қарапайым оқырманға түсінікті болуы тиіс. Академиялық жазылым ғылыми көпшілік стилінде жазылады. Ал, таза ғылыми стиль немесе ғылыми-оқулық стилі нақты бір ғылым саласына бағытталып, тек қана осы саланың маманына ғана түсінікті тілде жазылуы мүмкін [2, б. 8-13].

Академиялық жазылымның мақсаты ғылыми тұрғыда жазылым әрекетіне дағдаландыру, демек ғылыми мақала, зерттеу жұмыстарын және тағы басқа ғылыми бағытта жазылатын еңбектерді жазуға үйретеді. Сонымен ғылыми стиль, біріншіден, жазба стилінің бір түрі, екіншіден, логикалық оймен жазылуы тиіс, үшіншіден терминдер қолданылады. Академиялық жазылым пәнінің негізгі мақсаты - жалпы академиялық жазылым талаптарына сәйкес білім алушылардың ғылыми стиль бағытындағы жазылым деңгейін көтеру.

Бақылау сұрақтары:

1. Ғылым дегеніміз не?
2. Академиялық мәтінге қандай мәтін түрлері жатады?
3. Академиялық сөзінің мағынасы қандай?
4. Зерттеу дегеніміз не?
5. Академиялық жазылымда қандай стиль түрлері қолданылады?
6. Академиялық жазылымның ерекшелігі неде?

Тапсырмалар:

1. Академиялық жазылымдағы жауапкершілік туралы сипаттама беріңіз
2. Академиялық оқылым туралы баяндаңыз.
3. Академиялық материалдар туралы анықтама беріңіз.
4. Академиялық хат әдіснамасы

2. Эссе және оның түрлері

2.1. Эссе туралы ұғым

2.2. Эссе және оның түрлері

2.3. Жазба жұмысының тілі мен стилі

Эссе (фр. *essai*) – сын, публицистика жанры – шағын көлемдегі проза түріндегі еркін композиция. Эссе нақты тақырып бойынша жеке әсері мен ой толғанысын бейнелейді. Мұны «еркін тақырыптағы шығарма» деп атайды.

Логикалық заңдылықты сақтай отырып, мазмұндаудың әртүрлі тәсілдерін баяндау, сипаттау, пайымдауды қолдануға болады. Эссе мақсатына байланысты қойылған мәселенің нақты мазмұнын көрсетіп, тілдік құралдарды іріктей отырып, әртүрлі стильде жазылуы мүмкін. Эссе жазуда көбінесе публицистикалық және ауызекі сөйлеу стильдері, сондай-ақ көркем әдебиет стилінің элементтері: дәйексөздер (цитата), афоризмдер, өлеңдер де қолданылады [3, б. 51].

Эссе (фр. *essai* – тәжірибе, сынақ) – әдеби жанр, шағын көлемді прозалық шығарма және еркін композиция. Эссе, әдетте, автордың қандай да бір тақырып туралы субъективті пікірін білдіреді және тақырыпты толық меңгеруді талап етпейді. Ол ойлау мен сөйлеудің негізгі функционалды семантикалық түрлері ретінде қолданумен сипатталады, бірақ әңгіме негізінен көзқарасты білдіру үшін иллюстрациялық материалда қолданылады. Эссені ұсынудың тілдік құралдары мен стилі автордың таңдауына байланысты. Эссе – бұл адамның субъективті пікірі, көзқарасы мен ойы еркін түрде жазылатын әдеби жанрдың бір түрі. Эссенің басқа жанрлардан басты айырмашылығы ой еркіндігі және көлемі жағынан қысқа болып келуімен сипатталады [4].

Эссенің шығармадан айырмашылығы.

Шығарма құрылым мен жоспарға негізделген жазба жұмысы. Оны жазар уақытта автор жоспар құрады, сол бойынша тақырыпты ашуға тырысады. Демек мұнда ой тізбекті түрде жеткізіледі.

Құрылым бойынша: Кіріспе, Негізгі бөлім, Қорытынды бөлімдердің болуы маңызды. Одан бөлек, шығарманың көлемі ұзақ, әр бөлім кем дегенде бір-екі дәптер парағындай бет құрауы тиіс.

Эссе көбіне еркін тақырыпта жазылады және автор қандай көзқарасты, пікірді қолдап жазса да, өз еркі. Эссе жазу кезінде де

белгілі бір құрылым сақталады, бірақ жоспар құрылмайды, тек логикалық тізбек: кіріспе абзац, негізгі абзац және қорытынды абзацқа ойша бөлініп тұруы керек.

Тақырыптан ауытқымау.

Кез келген мақала, эссе, шығарма жазу кезінде шегініс жасаудың қажеттілігі жоқ. Яғни тақырып нақты «Көп балалы болудың артықшылықтары мен кемшіліктері» болса, сол тақырып аясында ой толғаған дұрыс.

Ойды еркін жеткізу.

Ойыңызды жинақы, нақты, анық етіп жазу маңызды. Жазуыңызға да мән беріңіз: нашар жазудан емтихан тексеруші сіздің не айтқыңызды келгенін түсінбеуі мүмкін, сондықтан шимай-шатпақсыз, таза әрі түсінікті етіп жазуға тырысыңыз.

Нақты мысалдар келтіру.

Эсседе сіз пікіріңізді аргументтер мен мысалдар арқылы дәлелдеуіңіз керек. Демек көп балалы болу дұрыс деп ойласаңыз, неге осы позицияны қолдайтыныңызды түсіндіріңіз.

Мұндағы аргументтер:

Деректер мен дәйектер.

Өмірден алынған жағдайлар, өмірлік шынайы тәжірибелер.

Ғылыми зерттеулер.

Ғалымдардың пікірлеріне сілтеме.

Тақырып ашылуы үшін бір эсседе кем дегенде екі нақты мысал болғаны дұрыс.

Қорытынды жазу.

Міндетті түрде ойыңызды қорытындылаңыз. Соңында белгілі бір мәселе жөнінде пікіріңіз бен көзқарастарыңызды айтып келіп, оны қайткенде жүзеге асыруға болады немесе нәтижесі мен түйінін айтып өту қажет.

Эмоционалды-экспрессивті сөздердің қолданылуы.

Эсседе эмоционалдылыққа рұқсат етіледі, көркем әдеби стильде жазылады. Алайда, жаргон, қысқарған сөздерді қолдану және ауызекі сөздерді пайдалануға тыйым салынады.

Берілген көлемді сақтау.

Әдетте эссенің көлемі 200-250 сөзді құрайды. Одан аз немесе көп сөз жазу емтиханнан төмен нәтиже алып келуі мүмкін, сондықтан берілген стандарт пен форматқа сәйкес жазуға тырысу керек [5].

Тілді таптастырудың мынадай жүйесін табуға болады: тіл ауызша және жазба тіл арқылы көрінеді. Ауызша тіл ауызекі сөйлеу тілі (отбасы, аула т.б.), бейтарап әдеби тіл (БАҚ тілі, шешендік сөз, дәріс, жиналыс), ресми тіліне (мектеп бағдарламасы, ғылыми конференция, жиналыс сөзі т.б.) бөлінеді. Жазба тіл жазба ауызекі тіл (хат, қолхат, интернет тілі) және жазба әдеби тілге (көркем әдебиет, публицистикалық, ғылыми, ресми ісқағаздар стилі) ажырайды [6, б. 44].

Эссенің көптеген түрлері бар. Олар философиялық, тарихи, діни, әдеби-сыни, адамгершілік, қоғам дамуының экономикалық мәселелері және басқа да шағын шығармалардан тұрады. Өз формаларында олар жазбалар, хаттар, лирикалық миниатюралар, философиялық пайымдау түрінде болуы мүмкін. Презентация стилінде – еркін сөйлеу, аналитикалық, сипаттамалық және т.б.

Біз тақырыптың қарапайым түрін эссе сипаттамасында кездестіреміз. Эссе тек тарихи (этнография, археология және т. б.) ғана емес, сонымен бірге географиялық, биологиялық және т. б. ғылымдарды зерттеуде қолданылады.

Эссе әңгімелері көбінесе тарих, саясаттану, философия сабақтарында жазылады. Бұл оқиғаға, іс-әрекеттің уақыты мен барысына назар аударады. Қорытындылай келе, оқиғаның маңыздылығы мен ондағы орындаушының рөлі көрсетілуі керек. *Эссенің бұл түрі сипаттамалық* деп те аталады (мысалы, тарихтың белгілі бір кезеңіндегі тарихи тұлғаның рөлі).

Анықтамалық эссе - берілген белгілі бір тұжырымдаманы талдауды қажет екенін көрсетеді. Тұжырымдаманың мәнін ашуға тырысып, автор салыстырмалы тарихи әдісті қолданады, саясаттың белгілерін сипаттайды, иллюстрациялар мен мысалдар келтіреді, баяндауда қоғамның, ұйымының оң және теріс ерекшеліктерін бөліп көрсетеді.

Классификациялық эссе - бұл мәселені тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Эссе жазудың осы түрін қолдану зерттеудегі аналитикалық сәтті күшейтеді.

Салыстырмалық эссе - талданған ұғымдар салыстырмалы түрде жазылады, олардың арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтар байқалады.

Ал осы салыстырмалы жағдайларды автор суреттермен (тест мысалдарымен) берілетін болса, онда ол иллюстрациялық эссе деп аталады [7, б. 95-100].

Стиль грекше - *stylos*. Дәлірек айтсақ, балауызбен сырлаған тақтаға сөз жазу үшін жұмсалынған ағаш қалақша. Ескі замандарда қағаздың орнына тақтайды балауызбен сырлап, соған сөз жазу көп елдерде болған. Жазатын құралы - *stylos*. Ол сурет өнеріне де пайдаланылған. Қазіргі кездегі қыл қаламның жұмысын атқарған. Ол да *stylos* деп аталған (...).

Стиль кейінірек, грек тілінде таза, әдемі сөйлеу ұғымына ие болған. Стильді көп зерттеп, ол туралы көптеген құнды пікірлер айтқан академик В. В. Виноградов өзінің «Проблемы авторства и теория стилей» атты еңбегінде стильдің көп мағыналылығына айрықша тоқталады. Тіл, көркемөнер, әдебиет, ғылым, не басқа да өмір саласында әр түрлі ұғым, әр түрлі қолданылатындығын мысалдар келтіріп өзінше дәлелдейді.

Өмірдің басқа саласында да «стиль» аз айтылмайды. Документ стилі, ғылыми стиль, жұмыс стилі, газет стилі, т.б.

Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, таланып от тағы басқа компоненттер кіреді. Ең орталық мәселе - идеялық мазмұн (...).

Зерттеушілердің әрдайым есінде болуға тиісті және бір күрделі мәселе - тіл мен стиль. Бұл екеуі бір-бірі- мен тығыз байланысты. Бірақ бір нәрсе деп қарауға тағы болмайды. Жазушының құралы - тіл. Әлемді таң қалдырған көркем туындылардың бәрі де тіл арқылы оқиғаны қалай дамыту, адам характерін қалай жасау, психология, күйініш-сүйініштерді суреттегенде жан тебіренерлік дәрежеге жеткізу, қатысушылардың сөздерін өз ортасына, жастарына, ой-сана, қоғамдағы орны мен тіршіліктеріне сай, тән, шындыққа дәл етіп бере білушілік тіл, тілдің сиқырлы күші арқылы жасалынады [8, б. 148-153].

Стил әсіліне грекше - *stylos* деген сөзден қалыптасқан, бізше «таяқша» деген мағынаны білдіреді. Орта ғасырда жазу үшін қолданылған бұл жазу аспап аты біртеп жазу мәнері, ойды ашу тәсілі, образ жарату, дүниеге көзқарас, мақсат, өмір және дүниетануды ашатын түр мен мазмұн бірлігі мағынасын беретін болған. Осы күнгі біз айтып жүрген көркем өнерлік стил өнерпаздың көркем өнерлік жасампаздық еңбегіндегі даралық дағдыға айналған ерекшелік, жазушының бірнешеленген шығармасында бейнеленген мазмұн мен форманың бірлігі. Стил талантты, ысылған жазушыларға ғана тән сипат. Он екі сөздің

басын құрап қиыстырушылардың жазғандарынан стиль іздеудің орны жоқ. Өйткені стил жазушының ұзақ уақыт іздену, шынығу барысында біртелеп қалыптасқан дара қасиеті. Ол пайда болу, толығу, кемелдену арқылы қалыптасады. Бұл туралы З.Қабдолов: «Стиль - адам. Адамның сәбилік шағы, жастық кезі, кемеліне келіп толықсыған тұсы болатыны сияқты, стилдің де тұтасқан ғұмыры бар...» деп дұрыс айтқан. Гетенің айтуынша жазушыда жасампаздық стилдің қалыптасуы мынандай үш кезеңді басып өтеді:

- 1) Өзінен бұрынғы үлгіге жалаң еліктеу мезгілі.
- 2) Өзгеден бөлегірек мардымсыз мәнер, машық мезгілі.
- 3) Өзінен басқа ешкімге ұқсамайтын стил қалыптастырған мезгіл [9, б.34].

Әр замандағы, әр қайсысы ұлттан шыққан жазушылардың жазу стилі ұқсас бола бермейді. Бір заманның, бір ұлттың, бір тақырып үстінде жазған жазушыларының стилдері әр түрлі бола береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Эссе дегеніміз не?
2. Эссе жазу стилі қандай?
3. Эссе жазылу бағытына қарай қалай бөлінеді?
4. Эссе жазу үшін нені меңгеру керек?
5. Стил түрлерін атап беріңіз?
6. Ауызша стил түрлері қандай?
7. Жазбаша стил түрлері қандай?
8. Стилде тілдің атқарар орны қандай?

Тапсырмалар:

1. Жазбаша стил түрлеріне сипаттама жазыңыз.
2. Эссе жазуға қойылатын талаптар
3. Ұзақ мерзімді эссе туралы баяндаңыз.
4. Қысқа мерзімді эссе туралы сипаттаңыз.

3. Ғылыми эссе. Ғылыми эссенің талаптары

- 3.1. Ғылыми эссенің тілі.
- 3.2. Ғылыми эссенің стилі.
- 3.3. Зерттеудің әдіс-тәсілдері

Эссе дегеніміз (фр. тіл. Essai –тәжірбие, лат.т. exagium – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.

Эссе жазылу мақсатына қарай оған қойылатын талаптар әртүрлі болады. Эссе жазушы пәндік мақсатқа сәйкес эссе түрінің талаптарын сақтап отырып жазады.

Эссенің мақсаты – эссе жазушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты білім алып, ақпараттық қарулану, тақырыпты ашуда метатанымдық білігін тиімді қолдану, шығармашылық қабілетін шыңдау, ой жүйелілігін реттеу, жазу түрлеріне қарай жазу тәсілдерін тандай біліп, эссе түріне қарай жазу стилін сақтау, ой жүйесінің бірізділігін сақтаудағы сөз оралымдарын тиімді қолдану, шығармашылық жазбаларда сөздік қорының байлығын дамыту, талдау жұмыстарында қажетті термин сөздерді тиімді қолдану [10].

Эссе жанры қазіргі заманда барлық мамандықтағы адамдар үшін негізгі іскерлік қарым –қатынас жасаудың, табысқа қол жеткізу үшін өз жаңалығын жүзеге асырудың, басқа адамдардың ой-пікіріне көзқарасын білдіру үшін ең негізгі жазу түрі болып қалыптасып отыр. Қазіргі мектеп оқушысы-келешек маман, ол қандай салада болсын өзінің шешімі мен тұжырымын сауатты бере алатын, ауызша да, жазбаша да талаптарға әрі уақытқа сай ойын толғай алатын маман болуы тиіс. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша әлемдегі ең сауатты адам берілген тақырыпқа 500 сөзден астам көлемде өз ойын әдеби тілмен бере білген адам болып табылады.

Эссе дегеніміз (фр. тіл. essai-тәжірибе, лат.т. exagium - құрау) - философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.

Эссе-еркін композициялық құрылымға негізделген немесе көркем-публицистикалық жанрдың бір түрі. Эссе қатаң түрде жоспарға негізделуі міндетті емес. Эссе жеке көзқарас, сараптама, дәлелдемелерге негізделеді.

Эссенің мақсаты - эссе жазушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты білім алып, ақпараттық қарулану, тақырыпты ашуда метатанымдық білігін тиімді қолдану, шығармашылық қабілетін шыңдау, ой жүйелілігін реттеу, жазу түрлеріне қарай жазу тәсілдерін тандай

біліп, эссе түріне қарай жазу стилін сақтау, ой жүйесінің бірізділігін сақтауда сөз оралымдарын тиімді қолдану, шығармашыл жазбаларда сөздік қорының байлығын дамыту, талдау жұмыстарында қажетті термин сөздерді қолдану

Эссенің классификациялары.

Мазмұны жағынан эссе төмендегідей болады:

- философиялық
- әдеби-сындық
- тарихи
- көркемдік
- көркемдік-публистикалық
- рухани-имандылық және т.б.

Қалыптары бойынша эссе төмендегідей болады:

- пікірсараптық,
- лирикалық миниатюрлық,
- ескертпелер,
- күнделіктен жазбалар,
- хаттар және басқа

Эссе жазуға қалай дайындалу керек?

Эссе жазуға кіріспес бұрын ең алдымен мына сұрақтарға жауап беру керек сияқты: «Мен неге және не үшін жазып отырмын?», «Менің жұмысымды кім оқиды?», «Мен қандай идеяларды айтқым келеді?», «Маңызды ақпаратты мен қай жерден іздеп таба аламын?», «Мен оқырмандардан қандай пікірлер мен іс-әрекеттерді күтемін?»

Эссе жазудың нақты мақсаты қандай? Ол:

- Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;
- Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;
- Оқырмандарды ақпараттандыру;
- Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;
- Өзінің және оқырманның көңілін толтыру, рақатқа бөлеу;
- Көңіл-күйінді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;
- Іс-әрекетке түрткі болу.

Сіз өзіңіздің эссеңіздің қандай нәтиже көрсететінін білгіңіз келе ме? Мұны тексерудің бірнеше жолдары бар: мәтінді дауыстап оқу, өз жазғаныңызға оқырманның көзқарасымен қарауға тырысу, ең соңында адамдардың пікірін білу.

Әр уақытта адам өзінің сөзімен құнды екенін естен шығармау керек. Мақсат нәтижеге жету құралдарын анықтайды. Автор нәтиже шығатындай жағдайға дейінгі көлемде жазуы тиіс. Адам өзінің алдына қойған мақсатын білсе және өзінің жазба еңбектерін осы тұрғыдан қарастырса, мәтін түсінікті және айқын болады.

Эссенің құрылымы және жоспары.

Эссенің құрылымы оған талап етілетіндермен анықталады:

Эссенің авторының ойы қысқаша тезистер қалпындағы мәселелер бойынша баяндалады.

Ой дәлелдермен бекітілуі керек - сондықтан да тезистен кейін дәлелдер беріледі.

Дәлелдер - бұл фактілер, қоғамдық өмірдің, оқиғалардың, өмірлік жағдайлардың және өмірлік тәжірибенің, ғылыми дәлелдеулердің, ғалымдардың пікірлерге бағыттағандардың құбылысы. Әр тезистің пайдасына екі дәлел келтіргеніміз жөн: бір дәлел нанымсыздау болады, үш дәлел жанр түрінде орындалып, қысқаша және образдауға бейімделген баяндаманы күрделендіріп жібереді. Осылайша эссе дөңгеленген құрылымға айналады (тезистер мен дәлелдердің саны тақырыпқа, таңдап алынған жоспарға, ойдың қисынды дамуына байланысты):

- Кіріспе

- тезис, дәлелдер

- қорытынды.

Көп жағдайда ауызша және жазбаша хабарламалар үш негізгі композициялық бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Оқырманды қызықтыру үшін кіріспе бөлім жанды, нақты, күшті және мінсіз (өзіндік) болуы керек. Онда оқырманға үндеу, афоризм, жалпы ой, жеке тәжірибеге сілтеме, аналогия, ассоциация, тұжырым, сұрақ, жеңіл ескертпе т.б. болуы мүмкін. Кіріспе мен негізгі бөлім арасындағы қатынас сақталуы керек. Егерде эссенің жалпы көлемі 500 сөз болса, кіріспеге 50 сөз алу ұсынылады.

Негізгі бөлім тақырыптың бірізді баяндалуы болып табылады, жазылған мәселе бойынша ұсыныстар мен көзқарастарды бейнелі түрде жеткізеді, жазбаша хабарландырудың мақсаты мен бағытына сілтейтін ой желісін құрайды, дәлелдемелері мен сілтемелері бар, идеяны дәлелдемелер мен нақты мысалдар арқылы нақтылайды. Мұнда әртүрлі айқындау құралдары қолданылады.

Қорытынды бөлімде әдеттегідей қорытынды жасалады, жазылған мәселе мәні мен мазмұнын күшейтеді, автордың ойымен сәйкес келетін көңіл-күй мен сезімді анықтайды.

Ал, баяндау тәсіліне келетін болсақ (дедуктивті-жалпыдан жекеге немесе индуктивті-керісінше), эссенің тақырыбын қандай тәсілмен ашқан жақсы және қалай баяндау керек екендігін автор ғана анықтай алады. Бұл арқылы жұмыстың шығармашылық, өзіндік сипаты анықталады.

Қайта қарап шығу дегеніміз, хабарламаны сапасы мен нәтижесі тұрғысынан мәтінді редакциялау: ойдың айқындылығы, түсініктілігі, яғни мағыналық байланыстылығы, бірізділігі, сауаттылығы және стильдің дұрыстығын айқындау, қайта қарау нәтижесінде екінші нұсқаның қажеттілігі туындайды. Екінші нұсқа бойынша жұмыс өте үлкен бөліктерден басталып, кішкентай бөліктерге дейін жалғасады: абзацтан сөйлемге дейін, сөйлемдерден сөзге дейін талданады, сараланады. Баяндаудың жатықтығына, ойдың логикалық сабақтастығына, байланысына назар аудару керек [11].

Өздеріңіз білетіндей, ғылыми білімнің тұжырымдамалық аппараты, яғни категориялары бар. Оларды ауызша қолдана отырып, біз ғылыми сөйлеудің тасымалдаушысы боламыз. Мысалы, дәрістер оқып, конференциялар мен форумдарда сөз сөйлей отырып, біз ғылыми сөйлеу тілін, сөздерді қолданамыз, қоғамға түсінікті тілде түсіндіреміз. Егер ғылыми мақала, монография жазсақ, онда оны ғылыми стильде ұсынамыз.

Ғылыми стиль - бұл ғылым мен оқыту саласына қызмет ететін сөйлеу құралдарының жүйесі. Ғылыми стильдің негізгі белгілері: абстракция және жалпылау, логика, терминология.

Ауызша да, жазбаша да ғылыми сөйлеу нақты, логикалық түрде құрылған, қатаң негізделген және дәлелді болуы керек. Жоғары оқу орындарында оқитын білім алушылар сөзсіз осы дағдылар мен білімдерді меңгеріп шығады.

Сонымен, ғылыми мәтіндер тапсырманың жанрлық ерекшеліктеріне сүйене отырып, ғылымның талаптарына сәйкес жазылады. Әдетте ғылыми стильдің үш жанры бар:

- нақты ғылыми жанр;
- ғылыми-оқу жанры;
- ғылыми-танымал жанр.

Шын мәнінде, ғылыми жанрға баяндама, курстық жұмыс, реферат, диссертация, ғылыми мақала, диссертация, монография сияқты жанрлар немесе зерттеу жұмыстарының түрлері кіреді [12, б. 10-11].

Ғылыми стиль - жалпы академиялық жанрларда, ғылыми пәндер мен жеке шығармаларда сөйлеу әдістерінің функционалды түрде анықталған [13, б. 21].

Ғылыми стиль - функциональдық стильдің бір түрі болып табылады. Ғылыми стильге ғылымның әр саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектер кіреді.

Ғылыми тіл дегеніміз ғылым негізде жасалатын өзіндік қалыптасу заңдылықтары бар, стильдік мазмұны ерекше әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы.

Алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын дағды деп атайды. Дағды санасыз қайталау нәтижесінде де қалыптасатын іс-әрекет болуы мүмкін. Соның нәтижесінде ол автоматталған әрекетке айналып, оңай, шапшаң әрі дәл орындалып отырады [14].

Ғылыми стильді зерттеуші Е.С. Троянская былай деп жазған: «ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеген кез-келген зерттеуші ғылыми тілдің басқа тілдерден және қарапайым сөйлеу тілі мен көркем әдебиет тілінен айырмашылығын сезеді. Дегенменде, көптеген зерттеушілер сол айырмашылықты айқын сипаттай алмайды». Функциональдық стильдің бір түрі - ғылыми стиль. Ғылыми стильге ғылымның әр саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектер кіреді. Белгілі бір ғылыми еңбектің зерттеу нысаны болған зат немесе құбылыс ғылыми негізделіп, сипаттауды, дәлелдеуді қажет етеді. Ал негіздеу ғылыми сипаттау, ойлау арқылы жүзеге асады. Дұрыс ойлап, пікірдің дұрыстығын дәлелдеу, әрине, логикаға (қисын) тікелей байланысты. Логикалық жүйелі ой қорытындысы - ғылыми стиль мәтіндерінің басты ерекшелігі. Ғылыми еңбек сол ғылым саласының белгілі бір заңдарына, қағидаларына бағынады, ал оған негізделген ой қорытындысы нақты, жүйелі әрі қисынды болады.

Ғылыми стильдің лексикалық белгілері:

- лексикалық құрамы кітаби-жазба стиль негізінде қалыптасады;
- сөз нақты өз мағынасында қолданылады;

- көп мағыналылы сөздер, образды сөздер аз кездеседі;
- ғылым саласының ерекшелігіне байланысты термин сөздер, интернациональдық терминдер мол қолданылады;
- нақты зат есімдер жалпылама мағынада қолданылады;
- күрделі сөздер, қысқарған сөздер және символ-белгілер кездеседі;

- неологизм сөздер жиі кездеседі.

Ғылыми стильдің синтаксистік белгілері:

- күрделі ой логикалық жүйелі баяндалады;
- ой анықтама, формула, дәлелдемеге негізделеді;
- ғылым саласының өзгешелігіне байланысты баяндау тәсілі де әр түрлі болады.

Ғылыми стильдің мазмұндық белгілері: нақтылық, объективтілік және қисындылық.

Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі – терминдер:

- салалық терминдер белгілі бір ғылым саласының іштей сараланған түрінің бірінде ғана қолданылады;

- сала аралық терминдер белгілі бір ғылым саласының сараланған ішкі түрлерінің бәріне ортақ терминдер;

- жалпы ғылыми терминдер - көптеген ғылым салаларына ортақ терминдер [15, б. 13].

Ғылыми зерттеу – ғылым әдістері мен құралдарын пайдаланып объектілерді жүйелі және мақсатты зерттеу.

Ғылым – шындық туралы объективті білімдерді өндіру және теориялық жүйелеу қызметін орындайтын адам іс-әрекетінің сапасы. Оның мақсаттары – оның (ғылымның) пәнін құрайтын процестер мен құбылыстарды (ашылатын заңдар арқылы) суреттеу, түсіндіру және болжамдау.

Ғылым табиғи, қоғамдық және техникалық ғылымдарға бөлінеді [16, б. 6].

Ғылыми – зерттеу, танымдық іс-әрекет бағытталған нәрсе объект (зерттеу объектісі) деп аталады. Ғылыми зерттеу үрдісі барысында танушы субъект игеруді бастаған шындық қана объект болады. Объект бір мезгілде зерттеудің пәні болуы мүмкін (педагогика, психология, философия, социология т.б.). Объект өз құрамына ажырамас бөлігі ретінде зерттеу пәнін кірістіреді.

Бақлау сұрақтары:

1. Ғылыми эссе дегендіміз не?

2. Ғылыми зерттеулер дегеніміз не, қалай түсінесің?
3. Ғылыми эссе талаптары қандай?
4. Ғылыми эссені безендіру жолдарын көрсет
5. Ғылыми эссенің түрлері
6. Ғылыми эссе жазудың мақсаты қандай?

Тапсырмалар:

1. Ғылыми эссе талаптары туралы сипаттама беріңіз.
2. Ғылыми эссе түрлерін анықтаңыз.
3. Ғылыми эссе құрылымы мен жоспары туралы баяндаңыз

4. Ғылыми тақырып таңдау

- 4.1. Тақырыптың өзектілігі
- 4.2. Тақырыптың көтеретін проблемасы
- 4.3. Ғылыми стилде тақырып қою мәселесі
- 4.4. Зерттеуді ұйымдастыру
- 4.5. Ғылыми зерттеу жұмысын жоспарлау

Тақырып таңдау жазба жұмысын жазу үдерісінің ең маңызды кезеңі болып табылалы. Мәселен, эссе тақырыбын таңдау, әдетте, қарапайым сияқты көрінеді, дегенмен бұл біршама ойлануды талап етеді. Сондықтан оған үстірт қарауға болмайды. Себебі, оқырман эссе мазмұнын толық оқымас бұрын эссе тақырыбын оқиды. Олар тақырыпқа қарап эссенің қандай бағытта жазылғандығын аңғарады. Осы жайттарды ескере отырып, жазба жұмысы тақырыбының қаншалықты маңызды екенің және оны қанша адам оқитынын аңғаруға болады.

Жазба жұмысы белгілі бір зерттеу тақырыбын қозғайды, ал зерттеу жұмысының тақырыбын анықтау оның мақсаты мен міндетін айқындап алумен тікелей байланысты. Негізінен зерттеу жұмысы тақырыбының мақсаты мынадай қарапайым негіздерден тұрады:

- Зерттеу жұмысының жалпы бағытын айқындау;
- Арнайы бір тақырыпқа бағыт алу;
- Өз оқырманын қызықтыру.

Білім алушылар өз зерттеу жұмысына көп уақыт жұмасуы мүмкін. Зерттеу жұмысының сәтті және жылдам жазылуы

таңдалған тақырыпқа тікелей байланысты. Сол себепті, алдымен тақырыпты мұқият таңдап алған дұрыс. Тақырып таңдау барысында ең басты ескеретін жайт таңдалатын тақырып оқылып жатқан пәнге байланысты болуы тиіс. Мәселен, эссені жазудағы негізгі мақсат - осы пәнге байланысты қандай да бір тақырыпты терең білу және осы тақырып туралы ізденісті білдіру.

Тақырыпты таңдау барысында жазба жұмысы беріліп отырған пәнге байланысты дәріс тақырыптары мен пәннің оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыпшаларды мұқият қарап шығу қажет. Осы тақырыптар ішінен қызықтыратын тақырыпты таңдап алған жөн.

Тақырып таңдау барысында ескеретін жайттар:

- Тақырып адамның жеке өміріне қатысты болмауы тиіс;
- Тақырып тым шағын болмауы керек;
- Тақырып тым кең болмауы керек;
- Тақырып бойынша ақпараттар аз болмауы тиіс.

Сонымен қатар, тақырыптың құрылымын жазу барысында мынадай қарапайым шарттарды білген жөн:

1) Түсінікті, шағын және қызықты етіп жазу. Тақырыптың негізгі мақсаты жазба жұмысы жөнінде қысқаша, нақты қорытынды беру. Сол себепті, тақырып шығын және түсінуге жеңіл болып жазылуы керек. Тақырыптың құрылымын жазу барысында күрделі сөз тіркестері немесе мағынасыз сөздерді қолданбау керек. Тақырып күрделі болса, оқырман назарын аудармай, түсініксіздеу болып кетуі мүмкін.

2) Мағыналы сөздерді қолдану. Тақырыпта жазба жұмысының түйін сөздері мен зерттеу табиғатын ашатын мағынадағы сөздер қолданылуы керек. Жұмыс жазылатын салада қолданатын терминдер туралы ойланып, оларды тақырыпта қолдануға тырысу қажет.

3) Қысқарған сөздер мен жаргондарды қолданбау. Тақырып құрылымын жазу барысында көпшілікке белгілі БҰҰ, ҚР сияқты қысқарған сөздерді қолданылуға болады. Дегенмен, жалпыға бірдей таныс емес арнайы салада қолданылатын қысқараған сөздер қолданбаған жөн. Сонымен қатар, жаргондар қолданылмағаны дұрыс, себебі бұл сөздер ғылыми стильге тән емес және оқырманға түсініксіз болуы мүмкін, негізінен сәтті таңдалған тақырып мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- Мазмұнымен сәйкес келеді;

- Оқырманның қызығушылығын тудырады;
- Жазба жұмысының бағытын байқатады;
- Компьютер арқылы тез тауып алуға мүмкіндік беретіндей түйін сөздер қолданылады;

- Өз саласындағы бір тақырыпта жазылған жұмыстардың тақырыбына ұқсамайды (тақырыбын қайталамайды).

Зерттеу жұмысын бастамас бұрын тақырыптың қай бағыты қызықты екенін айқындап алған жөн. Тақырыпты ықшамдаудың бірден-бір жолы негізгі сөздерді анықтан алып, оларға қатысты негізгі сөздердің тізімдерін жасап шығу қажет. Мәселен:

Қарым-қатынас - бетпе-бет немесе онлайн сөйлесу, әлеуметтік желілердегі достық қатынас.

Интернет - онлайн ойындар, әлеуметтік желілер, ақпараттарға қол жеткізу. Адамдар - балалар, жасөспірімдер, студенттер, жастар, ересектер, интернетте бес сағаттан артық уақытын өткізетіндер. Негізгі сөздерге байланысты сөздердің тізімін жасап шығу аталған тақырыпты ықшамдау барысында мынадай тақырыптын туындауына ықпал етеді.

Тақырыпты ықшамдау барысында тақырыпты тым шағын етіп таңдамау қажет. Егер тақырып өте шағын болып кетсе, ол жөнінде материалдар табу қиын болып кетеді.

Тақырып таңдау барысында кейбір білім алушылар қателіктерге де жиі ұшырасады. Білім алушылардың тақырып таңдау барысында жиі кездесетін қателіктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- Тақырыптың тым кең болуы;
- Тақырыптың өте шағын болуы;
- Тақырыптың қызықсыз болуы,
- Тақырыпта қысқарған сөздердің қолданылуы;
- Тақырып таңдау туралы кеңес сұрамауы;
- Уақытты тиімді қолданбауы.

Аталған кемшіліктерді болдырмай, тақырыпты сәтті таңдау үшін мынадай амалдарды қолдануға болады:

- Ой шақырту амалдарын қолдану;
- Өзі оқи алатын және түсіне алатын әдебиеттерге байланысты тақырып таңдау;
- Тақырып жөнінде материалдар табуға және жаза алатынына сенімді болу;
- Кілтті сөздердің тізімін жасап алу;

- Бейімді болу;
- Зерттеу тақырыбының сұрағын айқындап алу;
- Өз тақырыбына байланысты көп оқу;
- Негізгі тұжырымдарды анықтап алу.

Зерттеу жұмысының сәтті шығуы және одан жоғары баға алу тікелей тақырыпқа байланысты екені анық, сол үшін кез келген білім алушы өз тақырыбын дұрыс таңдауға бар күш-жігерін жұмсайды. Білім алушы үшін тақырып туралы қалай ойлануға болады және ол туралы идеяны қайдан табуға болады деген сауал туындауы заңдылық. Сондықтан, тақырыпты іздестіру барысында мынадай бағытта жұмыс жасау оң әсерін тигізуі мүмкін:

Материал таңдау: Пәнге байланысты дәрістер мен оқулықтарды қайта оқып шығу арқылы тың идея туындауы мүмкін;

Ой шақырту: Жалпылама бір тақырыпты алып карта жасау және оның ішінен өзі жаза алатын тақырып таңдап алуға болады;

Жаңалықтар: Хабар, Қазақстан арнасы, Экономика т.б. газет, журналдар арқылы өзі қызықтыратын жаңа тақырыптар табуға болады;

Ғаламтор: Ғаламтордан кез келген тақырып бойынша кеңінен материалдар табуға болалы, тек оларды орынды қолдана білудің жолдарын білу қажет.

Тақырыпты таңдап болған соң оның қаншалықты дұрыс құрылғандығын немесе дұрыс таңдалғандығын мына сұрақтарға жауап беру арқылы айқындауға болады:

Неліктен бұл тақырыпты таңдадыңыз? Бұл тақырып сізді не үшін қызықтырды? Бұл тақырып туралы пікіріңіз қандай? Бұл туралы кім жазған? Кімдер мақала немесе зерттеу жұмысын жариялаған? Бұл тақырыпқа байланысты ұйымдар мен кәсіпорындарды білесіз бе? Тақырыптың негізгі сұрағы қандай? Тақырып туралы талқыланатын мәселе бар ма? Бұл туралы қарастыратын пікірлер мен ойлар бар ма? Тақырып қайда қажет болуы мүмкін және қай деңгейде (жергілікті, ұлттық немесе халықаралық)? Тақырыптың пайда келтіретін арнайы орны немесе салсы бар ма? Тақырып қашан маңызды болды немесе болады? Бұл қазіргі уақытта орын алып отырған жайт па немесе тарихи оқиға ма? Сіз өз тақырыбыңызды қазіргі кезде маңызды деп санайсыз ба? [2, б. 16-22].

Ғылыми қызметтің маңызды да жауапты кезеңі – зерттеу тақырыбын таңдау. Бұл өте-мөте қиын міндет, оны дұрыс шешу жұмыстың сапалы болуына және уақытында бітуіне әкеледі.

Болашақ жас ғалым зерттеу тақырыбын өзі таңдағаны жөн. Әрі, ол тақырып ғылымның, ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогрестің талаптарына жауап беруге тиіс, жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу жоспарымен сәйкес болуы керек. Зерттеу тақырыбын таңдауда кездейсоқтық деген мүлдем болмау керек.

Тақырып таңдаудың маңызды шарттарының бірі – болашақ жас ғалымның білімі мен тәжірибесінің зерттеу бағыты мен табиғатына сәйкес болуы. Өйтпеген жағдайда болашақ ғалым өзі үшін жаңа болып табылатын білім саласын меңгеруге көп уақыт жұмсайды, сол себепті диссертация бойынша тікелей жұмыс істеу уақыты қысқарады.

Тақырып таңдауда магистрант өз күші мен қабілетін есепке алуы тиіс. Өйткені олардың арасында әр түрлі бейімділікпен ерекшеленетіндері де кездеседі. Олардың кейбірі теоретикалық сипаттағы тақырыптарды қаласа, енді бірі практиканың басым болуын қалайды. Бірақ магистрант үшін теоретикалық тақырыпты игеру күрделі іс екендігін білуге тиіс. Биұл жұмыс болашақ жас ғалымда терең білім мен ғылыми ой түйю қабілеті және сондай-ақ зерттеу жұмысы бойынша нақты тәжірибе болуын қажет етеді. Бұл қасиеттер, әдетте, жас ғалым бойында кездесе бермейді.

Практика көрсеткендей, магистранттар зерттеу үшін ауқымды тақырып алуға ұмтылады. Бұл ретте олар мол ғылыми қызмет тәжірибесі қажеттігін ескермейді. Бұндай жаңсақ қадамның соңы қынжыларлық нәтижеге соқтырады. Жұмыс реңсіз болып шығады, белгілі қағидаларды қайталаушылық орын алады. Бұндай жұмыстан жас зерттеушінің жекелік (индивидуалдық) сипатын аңғару қиын. Зерттеу үшін тар тақырыпты алған жөн. Бұл жағдайда жас зерттеуші өзінің жекелік сипатын таныта алады, тақырыпты тереңірек ашады және жаңа нәрсе қоса алады, тақырыбына терең бойлайды.

Зерттеуші таңдаған тақырыптың жұмыс процесінде кеңейетіндігін есте сақтауы тиіс. Бұл ретте оның жаңа қырлары мен аспектілері көрінеді, демек, зерттеу аясы анағұрлым кеңейеді. Әжептәуір қарастырылған тақырыпты алу дұрыстыққа жатпайды, зерттеушінің ғылымға қорытынды, нұсқау қосуы, яғни жаңа сөз

айтуы неғайбыл. Қорғалатын тақырыпқа ұқсас тақырыпта диссертация жазылу жайттары да кездеседі. Бірақ бұл жағдайларда автор қарастырылатын мәселенің жаңа тарихи перспективасын, зерттеушілерге күңгірт жақтары бойынша өз тақырыбын дәйектеуі керек.

Тақырып таңдауда жетекші кеңесші болуы қажет. Оның міндеті – зерттеушінің тақырыпқа деген қызығушылығын туғызу. Тақырып таңдауда сол бойынша материалдың мол болу жағын ескерген жөн. Егер тәжірибеде жетілдіруді қажет ететін салалар болса, егер бұл тәжірибе ауқымды болса, онда, әрине, жиналған материалды игеру, оны түпкілікті меңгеру ғылыми тұрғыда тиімді болмақ [17, б. 7-9]. Сонымен бірге таңдалған тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы дәрежесін анықтау үшін алдын ала мәселеге қатысты әдебиеттермен танысу қажет. Бұл тақырып бойынша көлемді зерттеу, монография болмағаны, не олардың санаулы болғаны жақсы, тіпті болмаса, бұл зерттеулерде белгіленген мәселе толық игерілмесе құба-құп. Және қолда бар материал саны мен сапасы зерттеудің табысты болуына септігін тигізетінін айқындау қажет. Демек, зерттеу тақырыбын таңдау салмақты ой еңбегі мен бірсыпыра уақытты қажет етеді.

Бақылау сұрақтар:

1. Тақырып дегеніміз не?
2. Зерттеу жұмысының сәтті шығуы неліктен тақырыпқа тікелей байланысты?
3. Тақырыптың құрылымына мән беру қажет пе? Неліктен?
4. Тақырып таңдау барысында қандай қателіктер орын алуы мүмкін?
5. Тақырыптың құрылымын жазу барысында қандай қарапайым шарттарды білген дұрыс?
6. Таңдалған тақырыптың дұрыс немесе дұрыс емес бағытта таңдалғанын қалай тексеруге болады?

Тапсырмалар:

1. Тақырыптың өзектілігі туралы сипаттаңыз.
2. Тақырып таңдаудағы басты назар аударатын мәселе туралы баяндаңыз.
3. Тақырып ұғымын ашып көрсетіңіз.
4. Тақырып таңдаудағы басты талаптар туралы айтыңыз.

5. Тақырыптың құрылымын сипаттаңыз.
6. Магистранттардың диссертациясына тақырып таңдау туралы баяндаңыз.
7. Тақырып таңдауда жетекшінің көрқарасы туралы

5. Дерек іздеу. Ғылыми еңбектерді іздеу

- 5.1. Ғылыми мақалаларды іздеудің бағыттары.
- 5.2. Ғылыми деректер қорларымен жұмыс жасау
- 5.3. Конспект жасаудың әдістері
- 5.4. Деректерді саралау, сұрыптау
- 5.5. Деректерді салыстыру

Қазіргі таңда кез келген тақырыпта кітапханадан болсын, ғаламтордан болсын көптеген ақпаратты еш қиындықсыз табуға болады. Дегенмен, осы көп ақпараттардың ішінен білім алушы өзіне қажетті ақпаратты дұрыс таба білуі және оны қолдана білуі өте маңызды жайттың бірі болып табылады. Бұл білім алушының тек уақытын үнемдеп қана қоймай, сәтті жұмыс жазып шығуына үлкен септігін тигізеді.

Ақпараттарды тауып, жинақтамас бұрын тақырып бойынша осы кезенге дейін білетін мәліметтер туралы ойлану қажет, Еске түскен немесе ойға келген идеяларды қағазға жазып отырудың тигізер пайдасы көп. Содан кейін, пәнге байланысты оқытылатын тақырыптарды қарастыруға болады. Таңдалған тақырып осы пәнде оқылатын тақырыптарға сәйкес келген жағдайда, тақырып бойынша оқуға берілген әдебиеттерді қарастыру керек. Сонымен қатар, тақырыпқа байланысты кітаптар мен мақалалардың қолданылған әдебиеттерінің ішінен қажетті мәліметтерін таңдап алуға болады. Зерттеу жұмысына қажетті материалдарды жинау оңай шаруа емес. Тақырыпқа байланысты материалдарды іздегенде ғаламтор кездерін пайдаланған жөн. Мысалы, Google арқылы Wkipedia сайтына кіріп көп мәліметтер табуға болады. Дегенмен, олардың сенімділігіне көз жеткізу керек. Әдетте, жақсы материалдарды жинау үшін манадай жайттарды ескеру қажет:

Бірінші, зерттеу үшін тақырыпқа қатысты сөздердің немесе терминдердің тізбесін жасап алған жөн. Яғни, материалдарды оқу барысында тақырыпқа қатысты сөз тіркестері мен термин сөздер

кездессе, оларды жазып алып отыру қажет, Бұл зерттеу жұмысына байланысты мәселені түсінуге септігін тигізеді.

Екінші, тапсырма және зерттеу сұрағы бойынша талап етілетін жайттар туралы ойлану қажет. Көптеген сайттар редакцияланған мақалалар ұсынады, зерттеу жұмысына осындай сенімді мәліметтерді ғана қолдануға тырысу қажет.

Үшінші, зерттеу жұмысының қолданылған әдебиеттері құнды болғанын ескерген жөн, Google Scholar сияқты академиялық бағыттағы материалдар жинастыратын сайттар «сілтеме жасалынған» («cited by») деп, қанша адамның материалдарды қолданғанын көрсетеді. Жұмысқа сілтеменің көп жасалуы, оның құндылығының жоғары екендігін байқатады.

Зерттеу материалдарын жинау да зерттеу жұмысы болып табылады. Материалдарды жинау барысында әркім өзі қалыптастырған әдістерді қолдануы мүмкін. Ең бастысы материалдарды жылдам жинап, оның алдағы зерттеу жұмысқа қалай қолдану жағын ойластырған жөн. Дегенмен, материалдарды қарастыру барысында кейбір мақалалардағы мәліметтер ескі болуы мүмкін. Сондықтан, мәліметтің қашан жарияланғаны жөнінде білу өте маңызды [2, б. 31-32].

Библиографиялық әдебиет тізімін құрастыру ғылыми зерттеу жұмысына алынған тақырып және оған қатысты проблемаларға шығармашылық көзқарас.

Зерттеу жолындағы ізденістерді ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан дұрыс таңдай ала білуі. Тақырыпқа сай қажетті ғылыми және танымдық сипаттағы материал жинастыру жолдары келесідей бөліктерден тұрады:

- Әдеби қорларда жұмыс жасау;
- Мұрағаттар мен әдеби мұражайларда жұмыс жасау;
- Кітапханалардағы жұмыс түрлері;
- Диссертациялық еңбектермен танысу;
- Ғаламтормен жұмыс;
- Библиографиялық тізімдер мен картотека.
- Кітапханалық абонементпен жұмыс.

Әдебиеттерді жинау алдында библиографиялық көрсеткіш құрастырылады. Бұл үшін библиографиялық басылымдар, индекстер, пәндік және авторлық көрсеткіштер пайдаланылады. Сондай-ақ кітапхана библиографтарынан көмек сұрау керек.

Практикалық библиография 4 түрге бөлінеді:

- 1) тіркеу-регистрациялық (санақ-тіркеу);
- 2) ғылыми-көмекшілік;
- 3) ұсыныс түріндегі;
- 4) сыни.

Тіркеу-регистрациялық (санақ-тіркеу). Библиография бүкіл білім саласы бойынша шығарылатын басылымдарды қамтиды. Бұларға «Кітап жылнамасы», «Журнал мақалаларының жылнамасы», «Газет мақалаларының жылнамасы» тәрізді библиографиялық көрсеткіштер жатады. Ғылыми-көмекші библиография өте ауқымды, ол шетел әдебиеттерін де қамтиды. Ұсыныс түріндегі библиография елдегі ірі ведомстволық кітапханалар шығаратын арнаулы басылымдар қатарынан тұрады. Бұған «Кітап әлемінде» журналы жатады. Сыни библиография жұрмыситарға сын тұрғысында берілетін бағалары бар әдеби еңбектер немесе рецензияларымен құнды. Кез келген кітапханада карточкалы каталогтер орналасқан. Каталогтер жүйелі, тақырыптық және алфавиттік болып бөлінеді. Жүйелі каталогте әр түрлі сала бойынша (тарих, философия, тіл білімі, өнер және т.б.) әдебиеттер көрсетіледі. Тақырыптық каталогте салалар тақырып бойынша беріледі. Алфавиттік каталогте бүкіл жұмыс авторлар фамилиясы бойынша көрсетіледі. Қазіргі уақытта білім алушылар мен электрондық каталог көмегіне жүгіне алады. Электрондық каталог арқылы әлемдік ақпараттық ресурстар мен қызметтерге қатынауға мүмкіндік алуға болады.

Электронды кітапхана (ЭК) – университеттің ғалымдары мен оқытушылары, кітапхана ұжымы, инновациялық-технологиялық орталық, баспа және басқа да бөлімдердің көмегімен құрылған ақпараттық ресурс. Электронды кітапхана арнайы компьютермен жабдықталған электронды ресурстар залында, мультимедиялық залдарда қажетті кітаптардың толық нұсқасымен, мақалалармен және басқа да басылымдармен оқытушыларды, білім алушылар қамтамасыз етеді.

Электронды каталогтен қажетті материал іздеу процесі төмендегіше жүзеге асырылады:

- ИРБИС жүйесін (АРМ «Оқырман») іске қосу;
- Мәліметтер базасын таңдау;
- іздепудің критерийі бойынша негізгі бір түрін (кілт сөздер, авторы, атауы т.б.) таңдау;

- «Кілт» бөліміне сіздің сұранысыңызды сипаттайтын іздеу сөзін жазу;

- «Сөздік» бөлімі сіздің сұранысыңызды қанағаттандыратын құжаттар тізімін ұсынады [17, б. 11-15].

- Компьютер ұсынған құжат атауын белгілеу және «Іріктеу» түймесін басу; «Іріктеу» түймесі басылған соң сіздің тапсырысыңыз «Тапсырыс терминдері» бөлімінде көрініс береді.

Бақылау сұрақтары

1. Деректерді іздеу қалай жүзеге асады.
2. Электронды каталог дегеніміз не?
3. ИРБИС қандай бағдарлама?
4. Материал жинақтауда ескерілетін жатттар?
5. Библиография дегеніміз не? Онымен қалай жұмыс жасау қажет?
6. Wikipedia сайтындағы құжаттардың сенімділігін қалай тексереміз?

Тапсырмалар

1. Ғылыми деректерді іздестірудің жолдары.
2. Ақпарат алу және жинақтау
3. Электронды ресурстарды қолдану тәсілдері
4. Ғаламтормен жұмыс жасау

6. Introduction. IMRAD және оның жүйесі

6.1. IMRAD-тың талаптары

6.2. IMRAD жүйесі

1992 жылы ғылыми ақпарат Институты Thomson корпорациясының (қазір Thomson Scientific деп аталады) бөлігіне айналды және ол қазіргі уақытта Thomson Reuters корпорациясының бөлігі болып табылады. Журналдардың импакт-факторлары жыл сайын Thomson Scientific өнімі болып табылатын Journal Citation Report журналында жарияланады. Ғылыми жарияланымдарды іздеу мен тіркеудің балама жүйелері төмендегідей:

Thomson Scientific ұсынып отырған ғылыми жарияланымдарды тіркеу жүйесі - көне және өте әйгілі жүйе, бірақ жалғыз емес. Оның ерекше белгісі -рецензияланатын журналдардағы мақалаларды ғана ескеруінде. Бұнда ғылыми жарияланымдардың басқа типтері қарастырылмайды. Қазіргі таңда *Thomson Scientific* жүйесінің лайықты бәсекелестері бар. Олар ецензияланатын журналдардағы мақалалармен қоса мақалалар жинақтарын, монографияларды, конференция тезистерін, мұрағаттарды, есептерді және т.б. назардан тыс қалдырмайды.

Scopus – *Elsevier* компаниясының ізденістік платформасы. Ол урналдарды, сонымен қатар ISSN-ға (International Standard Serial Numbers) ие сериялы басылымдары (кітаптар сериясын, конференция материалдарын) және патенттерді қамтиды.

CiteSeer - ғылыми жарияланымдарды индекстеудің тұңғыш автоматтандырылған тегін жүйесі, ол 1997 жылы пайда болды. Ол, ең алдымен, ақпараттық технологиялар бойынша жарияланымдарды енгізеді.

Scirus – *Elsevier* компаниясының тегін өнімі. Басқа іздеу жеүйелері қамти алмайтын ғылыми есептерді, диссертацияларды, журнал мақалаларын, патенттерді табуға мүмкіндік береді.

Google Scholar жүйесі танымалдық жағынан қарқын алуда. *Google Scholar* түрлі форматтардағы және ғылымның әр саласындағы ғылыми жарияланымдарды қамтитын еркін ғаламтор - іздеуші болып табылады.

Thomson Scientific мен *Scopus* өз мәліметтер базасына енгізу үшін журналдардың, мақалалардың және көптеген сапалық және сандық көрсеткіштерін ескеретін нақтылы әдістеме бойынша журналдарды іріктейді. Негізінен, бұл мәліметтер базасына ағылшын тілінде басылатын журналдар енеді. Халықаралық журналға мақала жариялауды жоспарлау барысында, оның қай журналға жіберілетіндігі алдын ала ойластырылуы қажет. Ал зерттеуді жоспарлауға көшпес бұрын аталмыш ғылым саласы жетістіктерімен танысу, яғни өз зерттеуіңіз бойынша мақалалар мен кітаптарды неғұрлым көп оқу керек. Сөйтіп, зерттеу жұмысын кітаптар мен ғылыми журналдарды оқудан бастаған жөн.

Егер сіз өз жұмысыңызды халықаралық ағылшын тілді журналда жариялағыңыз келсе, онда осындай журналдарды оқу қажет. Бұл сізге өз мақалаңызды жариялау үшін журнал таңдауда жәрдемдеседі. Мақалаңызды ағылшын тілінде жазуға даярлық

ретінде журналдардағы мақалаларды оқи отырып, назарыңызды зерттеу меон әрдістемелік ерекшеліктерге, қорытындыларға ғана емтес, сонымен бірге автор тарапынан қандай сөздер мен фразалар қолданылатындығына, нәтижелерді қалазй дәйектейтіндігіне, әдебиет шолуын қалай ұйымдастыратындығына, қорытындыларды қалай негіздейтіндігіне де аудару керек. Сіз ағыплшын тілінде мақала жазып жатқан болсаңыз немесе еоны ағылшын тіліне аударту мақсатында жазып жатсаңыз, онда төмендегі мәселелер қаперіңізде болсын:

- Халықаралық журналдағы мақала әр түрлі елдердің профессионал-зерттеушілеріне арналады. Сіздің мақсатыңыз – мақалаңызды оқылатындай және оны оқырмандардың түсініп, оған лайықты бағасын беретіндей етіп жазу. Сондықтан мақала жалпыға бірдей ғылыми форматқа сәйкес құрылымға ие болуы керек және зерттеушілердің халықаралық қоғамдастығына түсінікті тілде жазылуы керек, яғни белгілі бір ғылым саласында қабылданған терминдерді қолданумен ерекшеленуі қажет.

- Ғылым ортақ және оның ұлттық сипаты жоқ. Дегенмен телекоммуникация құралдарының дамуындағы соңғы жетістіктерге қарамастан, әр ел ғалымдарын ақпараттық қамтамасыз етуде айрықша айырмашылықтар орын алып отыр. Мақалалардың әр түрлі дәрежеде оқылуы адамдардың түрлі тілде сөйлеуіне байланысты. Тіпті отандық ғалымдар тарапынан кең түрде сілтеме жасалатын мақала шетелде әйгілі бола алмауы мүмкін. Аталмыш жағдайдан шығудың жолы - мақаланы отандрық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстары мен көзқарастарын біріктіруді көздей отырып жазу керек, осы арқылы мақаланы оқуға шетелдіктерді тартуға бо лады. Егер сіз өз жұмысыңызды орыс тілінде жазып, артынан аудармашыға бреретін болсаңыз онда мақалаңызды жақсы аударылатындай етіп жазыңыз, сонан соң жақсы аудармашы табуыңыз қажет. Аударылатын мақаланы жазуға қатысты жалп нұсқаулар:

- Барынша қарапайым, түсінікті етіп жазыңыз.
- Метафора, аллегория тәрізді әдеби тәсілдерді пайдаланбаңыз. Олар оқырманды мақала мәнінен аулақтатпады және аударуда қиындық туғызады.
- Ұзын-сонар сөйлемдерді қолданудан аулақ болыңыз.
- Мүмкіндігінше иллюстрацияны мейлінше көп пайдалануға тырысыңыз.

- Терминдерді қолдануда дәлдікті сақтаңыз.
- Жаңа терминдер мен аббревиатураларды тек қажет жағдайда ғана енгізіңіз. Егер жаңа термин енгізетін болсаңыз, оны айқын анықтамасын ұсыныңыз.

- Формулаларда жалпыға бірдей белгілерді сақтаңыз.
- Мәтінді құрылымға бөліңіз - тақырыпшалар ұсыныңыз.

Ең жақсы аудармашы – аталмыш сала шебері, ағылшын тілін жақсы меңгерген және өз мақалаларын жазу мен әріптестерінің мақалаларын аудару тәжірибесі бар маман. Бірақ оның өзі де нашар жазылған мақаладан ағылшын тілінде жақсы мақала жасай алмайды. Көптеген халықаралық журналдар бірегей тәжірибелік зерттеу нәтижелерін сипаттайтын мақаланың төмендегідей бөлімдерден тұруын талап етеді:

- Атауы – Title
- Реферат – Abstract
- Кіріспе – Introduction
- Материалдар мен әдістер – Materials and Methods (Theoretical basis)
- Нәтижелер – Results
- Талқылау – Discussion
- Алғыстар – Acknowledgements
- Әдебиет тізімі – References

Бұл формат қысқартылған түрде IMRAD (Introduction, Methods, Results, and Discussion) деп аталады. Кейде IMRAD аббревиатурасына А әрпі қосылады. А әрпі Abstract (Реферат) дегенді білдіріп, AIMRAD түрінде қолданылады. Егер мақала теориялық зерттеуге арналатын болса, онда Methods бөлімі Theoretical Basis бөлімімен ауыстырылады.

IMRAD форматындағы ғылыми жарияланымдар алғаш рет XIX ғасырдың аяғында ғылыми журнал беттерінде пайда болды. Қазіргі кезеңде ғылыми мақалалардың бұл форматы көпшілік журналдардың өз еріктерімен қабылдаған әмбебап стандартына айналды. IMRAD форматы негізінде қарапайым логика бар [17, б. 17-22].

1. IMRAD форматының нұсқалары

Сонымен, кейбір журналдарда IMRAD құрылымында жалпы қабылданған бөлімдерді басқалар ұсынуы және/немесе қолдауы мүмкін; мысалы, материалдар мен әдістердің орнына теория (Теория). Басқа модификациялар Results және Discussion

бөлімдерін бір бөлімге біріктіруді және discussion бөлімінің соңғы бөлігі ретінде Conclusions (қорытындылар) қосуды білдіреді.

Раздел	Цель
Title	О чем статья?
Authors	ФИО авторов и их принадлежность к определенной организации
Keywords	Слова, отличные от использованных в названии, которые лучше всего описывают статью
Abstract	Отдельное краткое изложение статьи
Introduction	Формулирование проблемы. Что неизвестно? Цель исследования.
Materials and Methods	Как было проведено исследование?
Results	Какие получены результаты?
Discussion	Интерпретация результатов и направления будущих исследований
Conclusions	Возможные последствия
Acknowledgements	Кто помогал и как? Источник финансирования?
References	Информация о цитируемых научных работах
Appendices	Дополнительные материалы

Сонымен, жақсы ғылыми мақаланың әр бөлімін егжей-тегжейлі қарастырайық.

2. Title (мақала атауы)

Мақаланың атауы – бұл бірінші кезекте қарастырылатын нәрсе. Қажетті мақаланы іздеген кезде оқырмандар мұны келесі ретпен жасайды: «Тақырып» – «Аннотация» – «нәтижелер (кестелер мен суреттер)» – «мақаланың толық мәтіні».

Ғылыми мақаланың жақсы атауы келесі талаптарға сай болуы керек:

- мүмкіндігінше аз сөздерді қамтиды: көптеген журналдар мақалалардың аттарын 12 сөзге дейін шектейді;
- дәл мәнін білдіру;
- мақаланың мазмұнын дәл және нақты сипаттау;
- қысқартулар, формулалар және жаргонизмдер болмауы тиіс;
- пайдалану керек емес етістіктер;
- тиімділігі аз деген сөздерден «Some notes on ...», сияқты деген жазу орналасқан «on ...», «Investigations on ...», «Study of ...» және «Effect of ...»; атау газеттердегідей айқайламауы керек (мысалы, «Agroforestry can stop deforestation» сияқты мәлімдемелерден аулақ болыңыз);
- нәтижелерді емес, зерттеу тақырыбын хабарлаңыз;
- мақсатты журнал стилінің қалауын орындаңыз.

Бұл атауды оқырман бірінші кезекте көретінін есте ұстаған жөн, сондықтан оның назарын аудару үшін құрылымы айқын және дәйекті болуы керек. Маңызды сөздер алдымен тұруы керек және мақаланың маңызды мазмұнын бөліп көрсету үшін тиісті сөздерді

қолдану керек. Таңдалған сөздер сонымен қатар, материалдарды автоматты түрде рефераттау және индекстеу қызметтеріне сәйкес болуы керек. Жаргонизмдер мен аббревиатураларды қолданудан аулақ болу керек, мүмкін болса, өсімдіктердің атауы (және басқа тірі организмдердің) латынша атауларының орнына қарапайым атауларды қолдануы керек.

Бұрын тақырып бойынша мақалалар сериясын, көбінесе 1, 2 және т.б. деп аталатын жеке тақырыпшалары бар бірнеше жеке мақалаларды жариялау әдеттегі жағдай болды (мысалы, «тропикалық alley cropping-тегі biomass decomposition: 1-Бөлім, 2-бөлім,...»). Бұл тәжірибе бірнеше қиындықтар туғызды. Мысалы, Серияның әртүрлі бөліктері әртүрлі нөмірлерде немесе журнал басылымдарында немесе әртүрлі журналдарда жарияланған кезде немесе одан да жаманы, бір немесе бірнеше бөлік мүлдем жарияланбаған кезде оқудың үздіксіздігі айтарлықтай қиын. Мақалалар сериясының мұндай жекелеген бөліктері негізгі талапқа жауап бермейді, оған сәйкес әрбір мақала көптеген журналдардың авторларына арналған нұсқаулықтарда көзделгендей «тәуелсіз, дәйекті зерттеу нәтижелерін ұсынуға тиіс». Осылайша, қазіргі уақытта көптеген журналдар мақұлданбайды.

Мақалалар сериясының балама нұсқасы – «ілулі тақырып» (Hanging Title), ол серияның атауына ұқсас, қос нүкте серияның бір бөлігін білдіретін Рим цифрына ауысады (мысалы, «тропикалық аллеядағы үлкен декомпозиция: жалпы мультипурпозды ағаштардың comparison»); бұл тәжірибені көптеген журналдар әлі де қабылдайды. Ілулі тақырыптың артықшылығы - тақырыптың ең маңызды сөздері алдымен ұсынылған, сондықтан оқырманға артықшылық беріледі. Кейбір авторлар журнал белгілеген тақырыптағы сөздердің қатаң лимитін айналып өтуге тырысып, атаудағы сөздерді санау кезінде ілулі тақырып ескерілмейді деп мәлімдейді. Бұл жағдайда шешімді редактор қабылдайды.

Көптеген журналдар «жұмыс істейтін тақырыптар» (running Heads) рұқсат береді және сұрайды. Мақала тақырыбы - бұл барлық немесе балама беттерде тақырып ретінде басылатын қысқартылған атау. Журнал нұсқаулықтарында жүгіретін тақырыптардың сипаты және бос орындарды қоса алғанда, таңбалардың барынша рұқсат етілген саны көрсетіледі. Автор жүгіретін тақырып мақаланың мазмұнына сәйкес келетініне көз жеткізуі керек, әсіресе шолу

мақалалары мен кітап тараулары үшін, онда жүгіретін тақырып оқырманның назарын аударуы керек.

3. Authors (Авторлар)

Мақаланың авторлары-зерттеуді жоспарлауға және жүргізуге елеулі үлес қосқан тұлғалар, сондай-ақ мақаланы дайындауда басқа рөл атқарған тұлғалар.

Авторлар олардың жұмысқа қосқан үлестерінің маңыздылығының логикалық тәртібінде тізімделеді. Бірінші болып көрсетілген адам автор болып саналады (егер басқаша көрсетілмесе); басқалары ортақ іске салымның маңыздылығына сәйкес тізімделуі мүмкін. Авторларды алфавиттік ретпен тізімдеу - бұл ескі тәжірибе.

Әдетте бірінші автор ретінде диплом немесе диссертация мақаланың негізін құрайтын магистрант, ал екінші автор – оның ғылыми жетекшісі көрсетілген. Алайда, кейбір пәндерде зерттеулері жарияланған аспиранттың ғылыми жетекшісі соңғы автор ретінде көрсетілген.

Сонымен қатар, шетелдік мекемелерге барған кейбір адамдар (тағылымдамадан өтушілер, алмасу мамандары және т.б.) шетелде жасалған жұмыс негізінде жіберуші мекемеге оралғаннан кейін мақалалар жариялайды, өздерінің шетелдік ғылыми жетекшілерін олардың келісімінсіз және келісімінсіз тең авторлар ретінде тізімдейді. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін көптеген журналдар мақала жарияланғанға дейін әр автордың түпкілікті мақұлдауын талап етеді.

Авторлардың есімдері тиісті сәйкестендіруді қамтамасыз ету үшін жеткілікті толық болуы керек және журналдың тіркеу талаптарына сәйкес ұсынылған электрондық пошта мекен-жайын қоса береді. Жұмыс жүргізілген кезде автор тіркелген мекеме, оның нәтижелері мақалада келтірілген, автор жұмыс аяқталғаннан кейін мекемеден кетсе де, авторға қарама-қарсы көрсетілуі керек (бұл магистранттар мен тыңдаушыларға тән); мұндай жағдайларда автордың ағымдағы мекен-жайын көрсетіп, тиісті сәйкестендіруді қамтамасыз ету керек.

4. Keywords (түйін сөздер)

Бұл мақалада автоматты сілтеме негіздерімен индекстелетін сөздер. Тақырыпта пайда болатын сөздер түйін сөздер ретінде қайталанбауы керек, өйткені атаулар мен түйін сөздер автоматты сілтеме негіздерімен бірге көрсетілген. Көптеген журналдарда алты

түйін сөзден артық рұқсат етілмейді; кейбір журналдар ешқандай түйін сөздерді қабылдамайды; ал басқа журналдар бірнеше сөзден тұратын жолды түйін сөздер ретінде қабылдайды. Кез келген жағдайда түйін сөздер болуы тиіс - өсімдіктер, топырақ, модельдер және адамдар сияқты жалпы сөздер түйін сөздер ретінде құндылыққа ие бола алмайды.

5. *Abstract (Аңдамна)*

Аңдатпа - мақаланың шағын нұсқасы. Американдық ұлттық стандарттар институты: «жақсы дайындалған аңдатпа оқырмандарға құжаттың негізгі мазмұнын тез және дәл анықтауға, оның қызығушылықтарына сәйкестігін анықтауға және мақаланы толығымен оқу керек пе, жоқ па, соны шешуге мүмкіндік береді» . Сондықтан аңдатпаның нақты жазылуы өте маңызды.

Аңдатпаға қойылатын талаптар

Аңдатпа сипаттамаға қарағанда анықтаушы болуы керек; яғни, мақаланың не туралы екенін айтудың орнына фактілерді келтіріңіз. Аңдатпа әдетте мақаланың барлық мәтінінен орташа есеппен 100 есе көп адамдар оқитындықтан, ол тек «уәде беріп» қана қоймай, ақпараттың өзін де жеткізуі керек. Мысалы, «дайын емес» немесе «алдын-ала дайындалған» сөз тіркестерінің аңдатпасынан аулақ болыңыз; оның орнына фактілерді сипаттаңыз және көрсетіңіз (іс-шарадан бірнеше ай бұрын жазылған конференциялар немесе жылдық жиналыстардың аңдатпаларынан басқа).

Журналдарда аңдатпа көлеміне қатаң шектеулер бар, әдетте ол 150-250 сөзден тұруы керек. Аңдатпа бір абзацтан (немесе шолу мақалалары үшін бірнеше абзацтан) тұруы керек. Аңдатпа бөлек болуы керек, яғни өздігінен аяқталуы керек. Ол мақсаттарды негіздеуден және ұсынудан басталады және қолданылған әдістер, негізгі нәтижелер, соның ішінде жақында табылған фактілер, сондай-ақ негізгі тұжырымдар мен олардың мағынасы туралы есеп береді. Егер түйін сөздер бөлек көрсетілмесе, аңдатпаға мақала индекстелетін түйін сөздерді қосу керек.

Аңдатпа мақаланың барлық мазмұнының қысқаша мазмұны болғандықтан, аңдатпада мақаланың тиісті бөлімдері қашан жазылғанын көрсететін уақыттар қолданылады. Мысалы, кіріспедегі мәлімдемелер, нәтижелерді түсіндіру, тұжырымдарды тұжырымдау қазіргі уақытта, ал материалдар, әдістер, нәтижелер өткен уақытта берілген болмауы керек.

Аңдатпада не болмауы керек:

- Қысқарған сөздер егер олар жалпы қабылданбаса немесе оларға түсініктемелер берілсе ғана.

- Кестелер мен суреттерге сілтемелер.
- Дәйексөздер және әдебиетке сілтемелер.
- Мәтінде жоқ кез келген ақпарат немесе қорытындылар.
- Жалпы мәлімдемелер.
- Күрделі, көлемді, көп мағыналы сөйлемдер.

Сонымен қатар, оқуды жеңілдету үшін аңдатпада статистикалық мәліметтер мен өсімдіктер сияқты атаулардың ұзын жолдары бар шамадан тыс сандық мәліметтерден аулақ болу керек. Тәжірибелі авторлар мақаланың негізгі бөлігін жазғаннан кейін тақырып пен аңдатпа жазуды бастайды.

6. Introduction (Кіріспе)

Жақсы кіріспе салыстырмалы түрде қысқа. Бұл мақаланың оқырманға не үшін қызықты болатынын, автордың не үшін зерттеу жүргізгенін түсіндіреді және оқырман мақаланы түсініп, бағалай алатындай етіп тарихты сипаттайды.

Атап айтқанда, кіріспеде зерттелетін проблемалардың сипаты мен ауқымы анықталады, зерттеу алдыңғы жұмыспен байланысты (әдетте қарастырылып отырған проблемаға қатысты әдебиеттерді қысқаша шолу арқылы), зерттеу мақсаттары түсіндіріледі және мақала мәтінінде одан әрі қолданылатын кез-келген мамандандырылған терминдер немесе қысқарған сөздер анықталады. Есіңізде болсын, кіріспеде болжамды немесе мақаланың негізгі тақырыбын қисынды және нақты көрсетеді.

Кіріспе салыстырмалы түрде қысқа болуы керек; көптеген журналдар 500 сөзге дейін шектелуді ұсынады. Қайталаудан аулақ болыңыз: Кіріспеде Аңдатпа мәтінін қайталамаңыз. Әдебиеттің егжей-тегжейлі шолуына кірмеңіз, екі-төрт ең өзекті және соңғы дәйексөздер мәлімдемені растау үшін жеткілікті. Белгілі фактілерді қайталамаңыз.

Introduction бөлімінде әр түрлі уақыттарды қолдануға болады: зерттеудің негіздемесі мен уәжі қазіргі уақытта («terrestrial ecosystems – тегі carbon-дың Soils Store relatively large amounts»), ал әдебиетке шолу - өткен шақта («студиялар шоуында...») немесе қазіргі уақытта, егер бұл жалпыға белгілі болса («студиялар шоуында...») көрсетіледі.

Мақсат өткен шақта жазылған («the objective of the study was...»). Әр түрлі журналдар әртүрлі нормалар мен стильдерді

ұстанады. Кейбіреулер кіріспеде әдебиеттерді, ал басқалары талқылауда талдауды қалайды. Кейбір журналдар «кіріспе» бөліміне материалдар мен әдістер туралы қысқаша есеп беруді талап етеді, ал басқалары кіріспеде маңызды тұжырымдарды ұсынуды талап етуі мүмкін, дегенмен бұл үрдіс қазір жоғалып жатыр.

7. Materials and Methods (материалдар мен әдістер)

Бұл бөлімнің мақсаты - не істелгенін, қалай, қашан және деректер қалай талданып, қалай ұсынылғанын қарапайым және тікелей ұсынады. Бұл бөлім басқа зерттеушіге зерттеу туралы өз идеясын жасауға немесе экспериментті іс жүзінде қайталауға қажетті барлық ақпаратты ұсынады. Бұл бөлімді ұйымдастырудың ең оңай жолы – хронологиялық. Барлық қажетті ақпаратты қосыңыз, бірақ оқырмандар білетін қажетсіз мәліметтерден аулақ болыңыз.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс (көрсетілген тәртіппен міндетті емес):

Зерттеу орнының сипаттамасы;

Қайталама талдауларды, эксперименттерді және сынама алу рәсімдерін көрсете отырып, экспериментті жоспарлау;

Нақты сипаттамасы бар заттардың схемалары, өсімдік түрлері.

Нақты техникалық сипаттамалары мен саны, сондай-ақ олардың көзі немесе дайындау әдісі көрсетілген пайдаланылатын материалдар. Жалпы немесе химиялық атаулар жалпыға бірдей танылмауы мүмкін. Кейбір журналдар, сондай-ақ компаниялар пайдаланылған материалды айтқаннан кейін компанияның атауын жақшаға қосуды талап етеді.

Жасалған болжамдар және олардың негіздемесі. Деректерді талдау және жалпылау үшін қолданылатын статистикалық және математикалық процедуралар.

Қолданылатын әдістер, әдетте, хронологиялық тәртіпте мүмкіндігінше дәл және егжей-тегжейлі сипатталады. Стандартты әдістер тек әдеби дереккөзге сілтеме жасай отырып сипатталуы мүмкін, егер ол қол жетімді болса. Стандартты әдістердің модификацияларын сипаттау керек. Егер әдіс жаңа болса, оның толық сипаттамасын беру керек. Жалпы процедуралардың сипаттамасы артық. Оқырмандарды түсіну мен емдеудің жалпы деңгейін есте сақтаңыз және құрметтеңіз. Есіңізде болсын, журнал

редакторлары кез-келген мәселе бойынша қосымша ақпарат сұрай алады.

Ұсыныстар тарауы бойынша «Materials and Methods» келесі аспектілерге ерекше назар аудару керек:

Қысқарған сөздер немесе жалпылама атаулардағы түсініксіздіктен аулақ болыңыз.

Барлық сандық сипаттамаларды стандартты халықаралық өлшем бірліктерінде көрсетіңіз.

Барлық химиялық заттарды басқа ғалым оларды өз жұмысында біркелкі анықтап, қолдана алатындай етіп сипаттаңыз.

Әр кезеңді, соның ішінде қайталану санын түсіндіріңіз.

Пайдаланылған барлық әдістерді, кем дегенде олардың атауларын, егер олар стандартты болса немесе қажет болған жағдайда егжей-тегжейлі көрсетіңіз. Егер сіз стандартты әдіске өзгеріс енгізсеңіз немесе жаңасын жасасаңыз, онда бұл туралы жазған жөн.

Нәтижелерге қатысы жоқ немесе оқырманды шатастыруы мүмкін маңызды емес және қажет емес ақпараттан аулақ болыңыз.

«Материалдар мен әдістер» бөлімінде өткен шақ жиі қолданылады. Белсенді немесе пассивті формаларды қолданудың стандартты «ережесі» жоқ («Author (s) took ten samples» vs. «Ten samples were taken»); журнал ережелерін сақтаңыз және егер журнал осыған байланысты қатаң талап қоймаса, жеке қалауыңызды орындаңыз.

Өлшеу нәтижелерін ұсыну үшін барлық зерттеу жарияланымдарында СИ (SI) бірліктерінің халықаралық жүйесі (интернационалдық жүйе – Le Systeme International d'Unites) пайдаланылады. Бірақ бұл жалпы ережеден кейбір ерекшеліктер бар, әсіресе қолданбалы пәндерге қатысты. Мысалы, аймақтық бағыттағы ғылыми жарияланымдарда, егер бұл деректерді түсіндіруді немесе түсінуді нақтылауға көмектесетін болса, жергілікті емес танымал бірліктерді қолдануға болады, бірақ мұндай бірліктерді мәтінде бірінші рет айтылған кезде SI бірліктеріне қатысты түсіндіру керек.

8. Results (Нәтижелер)

Бұл бөлімде жаңа білім ұсынылуы керек. Сондықтан бұл бөлім мақаланың өзегі болып табылады. Назар аударыңыз, «кіріспе» және «материалдар мен әдістер» бөлімдері қажет және авторлар осы бөлімде ұсынылған нәтижелерге не үшін және қалай келгенін айту

үшін арналған, олардың мағынасы «талқылау» бөлімінде түсіндірілетін болады. Осылайша, мақаланың мәні осы бөлімдегі «Нәтижелер» байланысты. Нәтижелер сөздердің рұқсат етілген санын қолдана отырып, көп немесе аз болуы керек.

Нәтижелерді ұсыну бойынша кейбір ұсыныстар төменде келтірілген:

Нәтижелерді нақты және дәл көрсетуге тырысыңыз.

Қайталанатын деректерді емес, тек өкілдік деректерді хабарлаңыз.

Деректердің үлкен көлемін бермеңіз; оларды статистикалық талданған жиынтық формаларға дейін азайтып, оларды түсіну мен салыстыруды жеңілдету үшін қажетті статистикалық ақпаратпен бірге кестелер немесе графиктер түрінде көрсетіңіз.

Мәтінде кестелер мен графиктерде көрсетілген ең маңызды қорытындыларды ғана қайталаңыз; басқаша айтқанда, мәтінде кестелер мен сызбалардағы барлық немесе көптеген деректерді қайталамаңыз.

Нәтижелерді түсіндіру үшін қажет болған жағдайда ғана табылмаған теріс деректерді қосыңыз; әр кестеге және мәтіндегі санға сан түрінде сілтеме жасаңыз.

Қажетті, түсінікті және көбейтілуі керек кестелер мен сызбаларды ғана қосыңыз.

Сөз тіркестерінен аулақ болыңыз: мысалы, сөйлемнің орнына: «бұл кесте 2-де нақты көрсетілім, бұл canopy tree presence reduced light transmission to ground ...» жазыңыз «light transmission to ground was reduced by the presence of tree canopy (Table 2)».

Кестелер мен сызбалар жақсы жазылған ғылыми мақаланың ажырамас бөлігі болып табылады және олар «нәтижелер» бөлімінде пайда болады (бірақ ерекше жағдайлар бар). Кестелерде нақты сандар болса, суреттер трендтер мен ерекшеліктерді көрсетеді. Кестелер мен графиктерде бірдей деректерді көрсетпеңіз.

9. Discussion (Талқылау)

Бұл бөлімде авторлар нәтижелердің мәні мен салдарын түсіндіруі керек. Бөлім бәрін біріктіреді және жұмыстың маңыздылығы мен құндылығын көрсетеді, сондықтан мақаланың ең жаңашыл және қиын бөлігі болып табылады. Авторлардың нәтижелерді белгілі фактілер аясында түсіндіре білуі және нәтижелерді байқаған инновациялық түсіндірмелерінің дәлелі

ретінде қолдана білуі білімнің шекарасын кеңейтіп, оқырмандардың ынтасын оятуы керек.

«Discussion» бөлімі бойынша ұсыныстар:

- Әдебиеттерді шолуда айтылғанды қайталамаңыз.
- Нәтижелерді кіріспеде көрсетілген сұрақтармен байланыстырыңыз.
- Нәтижелер мен түсіндірулер тақырып бойынша қазіргі біліммен, яғни бұрын жарияланған жұмыспен сәйкес келетіндігін көрсетіңіз.
- Байқалған нәтижелердің теориялық алғышарттарын түсіндіріңіз.
- Нәтижелердің маңыздылығын көрсетіңіз.
- Жоспарланған немесе жүйелі түрде жүзеге асыруды қажет ететін болашақ зерттеулер үшін бағыттар ұсыныңыз.
- Тек зерттеуде ұсынылған нәтижелермен жұмыс жасаңыз.
- Ұсынылған нәтижелермен негізделмеген жалпылау мен болжамдардан аулақ болыңыз.
- Олардың әрқайсысы үшін дәлелдемелер бере отырып қорытынды жасаңыз.

«Талқылау» бөлімі қазіргі және өткен шақта жазылады. Қазіргі білім (әдебиеттен) қазіргі уақытта ұсынылуы керек, ал мақалада талқыланатын жұмыс (сіздің жеке жұмысыңыз) өткен уақытта ұсынылуы керек; мысалы, «Treatment A was better than Treatment B, which suggests that ...».

Мәлімделген мақсаттар мен талқылау/шығару арасындағы сәйкессіздік көптеген қолжазбалардың өте кең таралған мәселесі болып табылады.

10. Conclusions (Қорытындылар)

Тұжырымдарда зерттеудің нақты тұжырымдалған нәтижелері (нәтижелерді қайталау ғана емес) көрсетілуі керек және қысқаша мақалада келтірілген нәтижелерге сүйене отырып, осы саладағы болашақ зерттеулердің бағыттарын ұсынуы керек.

Кезінде жөнсіз даярлау мақалалар жиі жазады мұндай қорытынды «More research is needed before conclusions can be drawn». Бұл жағдайда неге қорытынды жасауға болмайтын мақаланы жариялау керек?

Кейбір журналдар жеке «қорытынды» бөліміне жол бермейді. Бұл жағдайда қорытынды жасау үшін Сіз «талқылау» бөлімінің соңғы абзацын немесе бірнеше сөйлемдерін қолдана аласыз.

11. Acknowledgements (Алғыс)

Бұл қысқа бөлім мақалада айтылған зерттеу жүргізуге айтарлықтай көмектескен мекемелер мен жеке тұлғаларға алғыс білдіруге арналған. Көбінесе бұл қаражат бөлген субсидиялаушы ұйым, материал берген зертхана немесе авторларға кеңес берген немесе деректерді жинауға немесе талдауға көмектескен немесе басқа жолмен көмектескен адам немесе адамдар болуы мүмкін немесе мемлекет тарапынан қарастырылған гранттар болуы мүмкін.

Сондай-ақ, бұл бөлімде мақаланың генезисін атап өту керек, яғни ол тезиске немесе диссертацияға негізделген бе. Егер «алғыс айтудың» жеке бөлімі болмаса, онда сіз мақала мәтінінің соңында, Кіріспеде немесе сілтеме түрінде ризашылық білдіре аласыз.

12. References (әдебиеттер тізімі)

Әдебиеттердің дұрыс тізімін дайындау қолжазбаны жариялауға дайындаудың ең қиын аспектілерінің бірі болып табылады. Мәселе ішінара, әдебиеттерге сілтеме жасау үшін стандартты немесе бірыңғай формат жоқ, тек әдебиеттер тізімінде мәтінде сілтемелер бар жұмыстар ғана көрсетілген. Басқаша айтқанда, «сілтемелер» бөлімі мен мәтіндік сілтемелер дәл сәйкес келуі керек.

Сілтемелер бөлімін құруға/пішімдеуге көмектесетін кейбір бағдарламалар мен онлайн қызметтер бар, бірақ мұнда авторлар өз қалауларымен ұсынылады.

Әдебиетке сілтеме жасаудың жалпы стильдері. Сілтемелер мен сілтемелер тізімінің үш жалпы стилін бөлуге болады: автордың аты-жөні мен жарияланған жылы көрсетілген дәйексөз жүйесі, нөмірленген алфавиттік тізім және дәйексөз дәйектілігі жүйесі келтіріледі.

1. Автордың аты мен жарияланған жылы көрсетілген дәйексөз жүйесі (дизайн стильдері – APA, Harvard және Chicago). Бірінші автордың тегі және жарияланған жылы мәтіннің өзінде көрсетілген (жақшада немесе онсыз); әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған.

2. Нөмірленген алфавиттік тізім (Numbered Alphabetical Listing). Әдебиеттер тізімі де алфавиттік тәртіппен ұсынылады, бірақ келтірілген әдебиеттер нөмірленеді, мәтіндегі дәйексөз аты мен жылы емес, дөңгелек немесе шаршы жақшадағы санмен көрсетіледі.

3. Дәйексөз дәйектілігі жүйесі (Citation-Sequence System). Мәтіндегі әр дәйексөзге нөмір беріледі, әдетте жоғарғы индекс

түрінде, ол мәтінде бірінші рет көрсетілген ретпен; әдебиеттер тізімі сандар бойынша және алфавиттік ретпен орналастырылмайды.

Мұндай жүйеде келтірілген дереккөздерді қосу немесе жою оңай емес екені анық, және бірнеше сілтеме көздері бар мақала авторлары үшін бұл қиын болуы мүмкін. Дереккөздерге сілтемелер тізімделген ретпен нөмірлеу сонымен қатар бір автордың әртүрлі туындыларын ерекшелейді, бұл да кемшілік болуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген дизайн стильдерінің аясында көптеген өзгерістер бар, олардың кейбіреулері шамалы, мысалы, жақшаға (дөңгелек немесе шаршы), авторлардың аты-жөнінен кейін тыныс белгілерін (нүктелерді) қою, журналдардың толық немесе қысқартылған атауларын жазу және т. б.

Көптеген шетелдік ғылыми редакторлар ең аз тыныс белгілері бар қарапайым түсінуге болатын әдебиеттер тізімін қалыптастыруға бейім. Осылайша, журналдың қысқартулары біркелкі болады. Қазіргі уақытта «J» әріптен кейінгі нүкте немесе онсыз «Journal» үшін қолайлы аббревиатура болып табылады (бұрын бұл термин «Journal» немесе «Journal» деп аталған."), ал, «ологи» жұрнағы бар барлық терминдер «ogy» («Bacteriol» орнына «Bacteriol»; «Physiology» орнына «Physiol»; және т.б.) соңғы бөлігін алып тастау арқылы қысқартылады. Алайда, журналдардың (Science, Biochemistry) бір сөзден тұратын атаулары қысқартылмайтынына назар аударыңыз.

13. Appendices (Қосымшалар)

Мақалаға қатысты, бірақ маңызды емес кез-келген қосымша ақпарат, егер журнал саясатында қарастырылған болса, ғылыми мақалаға қосымша ретінде қосылуы мүмкін.

Қосымшалар, әдетте, зерттеу объектілері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, қолданылатын жабдықтың немесе зерттеу әдістерінің сипаттамаларын, эксперименттік деректерді және оларды статистикалық өңдеудің аралық нәтижелерін, сондай-ақ нәтижелерді толық түсіндіру және түсіну үшін қажет, бірақ мақаланың негізгі мәтініне ену өте қиын және күрделі басқа мәліметтерді қамтиды [18].

Кейбір журналдар авторларға мақалаға сілтеме жасай отырып, журналдың веб-сайтына Supplementary Information (Қосымша ақпарат) сияқты мәліметтерді орналастыруды ұсынады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ғылыми жарияланымдарды индекстеу туралы не білесіңдер?
2. IMRAD форматындағы ғылыми жарияланымдар туралы не білесіңдер?
3. IMRAD құрылымы қандай?
4. Thomson корпорациясы туралы не білесіңдер?
5. Scopus базасы дегеніміз не?

Тапсырмалар:

1. IMRAD құрылымы туралы ақпарат жинақтаңыз
2. Elsevier компаниясының ізденістік платформасы туралы толық ақпарат беріңіз

7. Антиплагиат мәселесі

- 7.1 Академиялық адалдық түсінігі
- 7.2 Антиплагиат мәселесі
- 7.3 Плагиаттан сақтану жолдары
- 7.4 Авторлық құқық

Мәтінде басқа адамдардың жұмыстарын пайдаланған кезде, сіз қандай материалды немесе идеяны, қандай шығармалардан және қандай авторлардан алғандығыңыз туралы дұрыс ақпарат беру өте маңызды. Мұны халықаралық академиялық конвенцияларға сәйкес жасай алмау Сіздің жұмысыңызға қатысты айыптаулардың ең маңыздысын – плагиат айыптауын тудырады. Плагиат термині (лат. Plagium - ұрлау) деп аталатын біреудің зияткерлік мүлкін ұрлауды білдіреді. Плагиат - бұл авторлық құқықты көрсетпей-ақ, басқа біреудің жұмысының үзінділерін немесе нәтижелерін көбейту, яғни оларды өз атынан ұсыну. Көптеген мемлекеттердің заңнамасына сәйкес, плагиат қылмыстық жауапкершілікке және авторға өтемақы төлеуге әкеп соғады. Академиялық ортада плагиат деп аталатын ең қатал түрлердің бірі ретінде ерекшеленеді. Академиялық адалдық, есептен шығару, жалған ақпарат беру және деректерді бұрмалау болып табылады [19, б. 72-73].

Қазіргі кезде көптеген білім алушылардың плагиаттық жөніндегі мағлұматтары аз болғандықтан, өздерінің плагиаттық нормаларын жиі бұзатынын байқай бермейді. Плагиаттық дегеніміз - біреудің сөзін немесе ойын, пікірін өз сөзі ретінде қолдану және

ол өрескел заң бұзушылық болып табылады. Плагиаттықтан сақтану үшін қолданылған дереккөздеріне және айтылған пікірдің авторына сілтеме жасау қажет. Кейде білім алушылар автордың кейбір сөздерін сал ғана өзгертіп плагиат ережесін сақтадым деп есептейді, сондықтан да автор сөзін толықтай басқа мағыналас сөздермен алмастырып беру маңызды болып табылады.

Ғылыми зерттеу жұмысын жазу барысында білім алушы өз ойын жазғаны дұрыс. Академиялық жазылым барысында білім алушы кітаптарды, газеттерді, тылыми журналдарды, вебсайтарды және өзге де материалдарды қолдануы мүмкін. Бірақ оларды плагиаттық жасамай өз еңбектерінде қолдана білудің маңызы зор.

Сонымен, плагиаттық: Өзге адамның ойын немесе идеясын ұрлау немесе қолдану; Біреудің ойына, сөзіне сілтеме жасамай қолдану; Осы кезге дейін айтылған ойды немесе идеяны өз ойы ретінде беру.

Плагиаттық көптеген елдерде өрескел заң бұзушылық болып табылады. Плагиат бойынша жауапқа тартылған ЖОО-ның оқытушылары ғылыми атағынан айрылып, жұмысынан шектетілсе, білім алушылар оқудан шығарылады. Қазіргі таңда біздің елімізде де плагиаттықпен күресу жолдары қалыптасқан және заң бойынша жауапкершілікке тартылады.

Әдетте жиі кездесетін плагиаттық түрлерін шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

- Қасақана плагиаттық жасау - нақты сілтеме берместен өзгенің ойын немесе сөзін қолдану;
- Өзіне-өзі плагиаттық жасау - бұрын жазылған өз жұмысын рұқсатсыз қайта қолдану.
- Тыныс белгілерді дұрыс қолданбай плагиаттық жасау - өзгелердің сөзін арнайы тыныс белгілерсіз (тырнақшасыз) қолдану.
- Абайсызда плагиаттық жасау - материалға сілтеме беруруді, тыныс белгілерін қоюды, парафразаға сілтеме жасауды ұмытып кету.

Плагиаттықтан сақтану жолдары. Плагиаттық жасамау жазып отырған тақырып туралы толық мәлімет алуға, ойды қорытындылауға, жүйелеуге тақырыпты талдауға үлкен ықпалын тигізеді. Плагиаттықтан сақтану үшін өзге еңбектерден алынған басқа авторлардың сөзіне, оларға жасалған қорытындыға және парафразға қашанда талапқа сай сілтеме берілуі қажет. Сол себепті, плагиат жасамау үшін мына амалдарды орындаған абзал:

- Сілтеме жасау - басқа бір автордың пікірін қолдану үшін үнемі сол авторға сілтеме жасауды ұмытпау керек. Сілтеме дегеніміз - өзге автордың ойын немесе сөзін алған әдебиетті, яғни материалды көрсету;

- Төл сөзді қолдану - мәтіннен керекті деген ақпаратты өзгертпей сол күйінде тырнақшаға алу арқылы қолдану. Кейде бұл тура сілтеме жасау деп те аталады.

- Парафраз жасау - автор сөзін мағынасын сақтай отырып өз сөзімен қайта жазып шығу. Қазақ тілі ережесі бойынша өзгенің сөзін мағынасын өзгертпей қайталау «төлеу сөз» деп аталады. Бұл әдіс білім алушы үшін өзге автор ойын толық түсінуге көмегін тигізеді.

- Қорытынды жасау – білім алушының оқыған, көрген кемесе тыңдаған дәрісінің мазмұнын түсінгендігін көрсетеді. Бұл - академиялық жұмыстың басты мақсаты. Ол үшін өзге авторлардың пікірлеріне сілтеме жисай отырып еңбектің қысқаша мазмұныниберуге болады.

Сонымен қатар, өзге авторлардың сөзін тікелей қолдану барысында тыныс белгілерді дұрыс қолдану қажет. Әдетте, автор сөзін сол күйінде, яғни төл сөз ретінде алу барысында тырнақша қолданылады. Бұл өзге автор сөзі мен жазушы (білім алушының) сөзін ажыратуға көмектеседі.

Үнемі өзге авторлардың сөздерін идеяларын қолданғанда сілтеме жасап отыру қажет. Идея авторына сілтеме жасамау плагиаттыққа деген сезік тудыруы мүмкін.

Зерттеу жұмысын жазуды бастамас бұрын тақырып жайында жазылған еңбектерге шолу жасау қажет. Сол себепті, алдымен қажетті ғылыми әдебиеттер мен құжаттарды мұқият таңдап алып, оларды жүйелеп алу қажет. Қолданылатын материалдарды жұмыста плагиат талаптарын сақтай отырып қолдану үшін төл сөз, төлеу сөз және қорытындыны қолданылу жолдарын жақсы білу қажет. Бұл аталғандардың барлығына да сілтеме қажет, ал төл сөзді қолданған жағдайда міндетті түрде сілтеме алынған бет көрсетілуі тиіс, Төл сөз.

Төл сөздерді қолдану кез келген ғылыми еңбекті жазу барысында қолданылатын әдістердің қатарына жатады. Төл сөздерді дұрыс қолдану автордың мақала жазып отырған тілді қаншалықты меңгеруіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, төл сөздерді қолдану барысында мыналарды меңгеру қажет:

- төл сөз еш өзгеріске түспей қолданылуы қажет;
- төл сөз тырнақшаға алынуы шарт;
- төл сөздер жиі қолданбауы қажет;
- төл сөз негізгі ойды қолдау үшін ғана беріліп, негізгі ойды бермеуі керек;
- төл сөздің тілі анық және мазмұны нақты, шағын болуы тиіс;
- төл сөздің авторы осы саланың беделді ғалымы болуы тиіс;
- төл сөздің грамматикалық құрылым автор тілінің грамматикалық құрылымымен сай болуы тиіс.

Төлеу сөз (парафраз) Төлеу сөз - өзгенің сөзін мағынасын сақтай отырып қайта жазып шығу. Бұл академиялық жазылымда «парафраз жасау» деп аталады. Парафраз көлемі жағынан түпнұсқаға қарағанда кішірек болуы мүмкін. Парафразға да міндетті түрде сілтеме жасалып, ақпарат алынған беті көрсетіледі.

Төл сөзге қарағанда төлеу сөзге айналдыру білім алушылар үшін біршама құнды болып табылады. Себебі, өзгенің сөзін өз сөзіне айналдыру барысында ондағы ақпаратты білім алушы толықтай ой елегінен өткізеді. Сондықтан, парафраз жазба жұмысында кеңінен қолдануы тиіс. Бұл өз кезегінде жұмыстың жоғары бағалануына септігін тигізеді.

Парафраз жасау барысында мына жайттарды естен шығармау қажет:

- Өзге автордың сөзін өз сөзімен (мағыналас сөздермен, сөз тіркестерімен) жазу барысында негізгі мағынасын өзгертіп алмау;
- Парафраз алынған дереккөзге сілтеме жасауды ұмытпау;
- Парафраз сөйлемге немесе параграфқа жасалуы мүмкін;
- Төл сөзді қолданғанның орнына парафраз жасауға тырысу.

Қорытынды жасау. Қорытынды мәтінді оқу арқылы ондағы негізгі деген ойды ғана беруге бағытталады. Оның негізгі мақсаты - бір автордың еңбегіндегі негізгі ойды ықшамдап, өз сөзімен жеткізу. Бұл әдісті сөздік жағынан шектеу қойылған шағын еңбектер жазу барысында қолданған өте ыңғайлы, мәселен, шағын эссені жазу барысында жиі қолданылады. Қорытынды мен парафраз жасаудың өзара ұқсастықтары бар.

Екеуінде де автор өзгенің сөзін өз сөзімен береді, бірақ парафраз бір сөйлемді немесе параграфты төлеу сөзге айналдыруға негізделсе, қорытынды тек тұтас бір мәтіннің немесе тұтас бір беттегі негізгі деген ойды ғана беруге бағытталады. Сол себепті,

қорытындыға сілтеме жасалғанда ақпарат алынған бет көрсетілмейді, тек әдебиетке сілтеме жасалады.

Қорытынды жасау барысында ескеретін жайттар:

- Мәтінді оқу барысында негізгі мәліметтерді белгілеп отыру;
- Мәтіннің негізгі идеясы мен тұжырымын бұзбай ықшамды пікір жазу;
- Тұжырымды негіздеу үшін мәтіннен идеяны колдайтын мысал келтіру [2, б. 53-56].

Базасында 3800 ғылыми журнал бар, әлемдегі ең ірі «Elsevier» ғылыми компаниясы академиялық адалдық мәселесінде бірталай проблеманың бар екенін айтады.

Біріншіден, плагиаттың не екенін, жұмыстарды қалай дұрыс дайындау, мақалаларды жазу ережелерін бакалавриаттың бірінші курсынан бастау керек. Біздің ізденушілер өкінішке қарай, біреудің жұмысын көшіріп, диссертациясына қоса қоюды дұрыс деп санайды. Ең үлкен қателік осы жерден басталады.

Екінші мәселе – сілтеме беру. Оны қалай жөнді жасау керегін білу қажет. Қолданбалы әдебиеттер тізімін қолмен жазуға болмайды, бұл үшін әлемге әйгілі Менделей (Mendeley – библиографиялық ақпаратты реттейтін, басқаратын академиялық әлеуметтік желі) сияқты тегін құралдарды қолдану керек, – дейді халықаралық сарапшы. Оның ойынша, плагиаттың артында әдейі ауырдың үстімен, жеңілдің астымен әрекет етуі ғана емес, сауатсыздығы да жатыр.

Плагиат дегеніміз – тек қана біреудің еңбегін көшіре салу немесе аударып алу емес, техникалық тұрғыда сауатсыз жазылған жұмыс. Өйткені техникалық талаптары сақталмаған, дұрыс жасалмаған цитата да плагиатты көрсетеді.

Шынында, халықаралық индексі жоғары журналдардағы ғалымдардың ғылыми еңбектерін терең талдай алатын маманның сөзінде жан бар. Себебі еліміздегі бакалавриат, магистрант, докторанттарды былай қойғанда, ғылымды жасап жүрген ғалымдардың өзі ғылыми мақала жазудың техникалық талаптарын толық меңгермегеннен сүрініп жатады [20].

Бұл түйткілдің тамыры тым тереңде. Сондықтан да кез келген еңбек авторлық құқықты сақтай отырып, дайындалған абзал. Сонда ғана сенімді әрі құнды еңбек жарияланады.

Бақылау сұрақтары:

1. Плагиат дегеніміз не?
2. Авторлық құқықты бұзған жағдайда қандай шаралар қолданылады?
3. Еңбетің плагиат екендігін қалай тексереміз?
4. Плагиат болдырмау жолдарын атаңыз.
5. Сілтеме жасау кезінде ескерілетін жайттар.
6. Төл сөзді қолдану әдістері қандай?
7. Парафраз жасау дегеніміз не?

Тапсырмалар:

1. Авторлық құқық туралы сипаттама
2. Антиплагиат түрлері туралы мағлұмат
3. Плагиаттықпен күресу жолдары

8. Сілтеме қою және оның түрлері

- 8.1. Сілтеме қою және оның түрлері
- 8.2. Пайдаланған әдебиеттер тізімін берудің жолдары

Зерттеу мәселесі бойынша әртүрлі тұжырымдамаларды, тәсілдерді талдау және ұсыну кезінде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелерді көрсету қажет. Сілтеме (ссылка) - мәтіннің басқа бөлігіне анықтама үшін жіберілетін мәтіндегі орын; тиісті дереккөзге сілтеме жасайтын ескерту. Жақшада берілген мәтіндік сілтемелерден айырмашылығы, сілтемелер тек тік жақшаларда берілуі керек. Жұмыстың қолжазбасында дәйексөздерді қолдану керек. Дәйексөз - бұл кез-келген дереккөзден дәл үзінді; шығарманың сөзбе-сөз дәлдікпен шығарылған бөлігі [21, б. 62].

Сілтеме ғылыми зерттеу жұмысы құжаттылық түрғыдан алғанда нақты болуы керек. Басқа авторлардың жұмысынан сілтеме алуға бару жолында өз пікірін келтіру мақсатында олардың концепциясына көзқарасын білдіру үшін міндетті сілтеме көрсету керек. Ғылыми-зерттеу жұмысында (жазба) үлкен де маңызды орын алатын проблема – сілтеме жасау. Сілтеме жасап қана қоймай, оны дұрыс қою және дұрыс орналастыру. Ғылыми жұмыстың қандай түрдегі нұсқасында болса да нақты сілтеме жасамау дұрыс емес, цитат алуда болмаса текстегі дерек көзін келтіруде зерттеу жұмысының пайдаланған әдебиеттері тізімірне көрсетілуі тиіс.

Ғылыми еңбектер мен әдеби шығармалардан сілтеме алудың бірнеше түрі бар. Ең көп тараған түрі екеу: жолма-жол келтіретін сілтеме (подстрочные) және мәтіншілік сілтеме (внутритекстовые). Шағын ғылыми жұмыстарда (ол әсіресе білім алушылардың реферат, курстық жұмыс мақала т.б.) жолма-жол сілтеме жасау тиімді болады. Ол мәтін басылған беттің ең төменгі жағында басылады. Егер мәтін ғылыми-зерттеу жұмысында (жазба) үлкен де маңызды орын алатын проблема интервалмен басылған болса, онда сілтеме жасалған әдебиеттер проблема – сілтеме жасау. Сілтеме жасап қоймай, оны интервалмен басылады. Жолма-жол сілтеме жасауда ғылыми еңбектің немесе әдебиеттің толықтай библиографиялық сипаттамасы берілу керек. Ол сілтеме жасалған әдебиеттің мәтін ішінде көрсетілген барлық деректері берілуі қажет. Мысалы, егер мәтінде автор мен мақала аты ғана көрсетілсе, сілтемеде ғылыми еңбектің атауы, баспасы, шыққан жылы, сілтеме алынған бет саны нақты көрсетілуі керек. Мысалы: Мәтінде: «Алаш арыстарының тағдыр-талайы» атты мақаласында профессор Т.Кәкішев олардың әдеби сынды қалыптастырудағы еңбегін атап өтеді.

Сілтемеде:

1. Кер заманның кереғар ойлары. Алматы, Жазушы, 1995 71-бет.

Сілтемеде таңдамалы шығармалар жинағындағы еңбекті көрсеткен шақта автор аты-жөні, тегі қайталана көрсетілгені бар. Мысалы: Мәтінде: «Қазақ әдебиеттану ғылымы ғасырларға созылған ұзақта қиын кезеңді бастан кешіріп, өзінің туу, қалыптасу дәуірлерін өткерді» [т1, 042], - деп жазады ғалым Ж.Смағұлов.

Сілтемеде:

2. Әуезов М. Таңдамалы шығ. Жинағы. Том I. Алматы Жазушы, 2005 20-30-беттер.

Цитат алынған шақта сілтеме белгісі болып келетін сан цитат түсіндірмелік сипаттағы пікірдің алдынан не соңынан келсе де цитаттың соңынан қойылады. Мысалы: Т.К.Кәкішев бұл туралы былай деп көрсетеді: «Қазақ әдебиеті сынының тарихы үш түрлі дәуірден тұрады» [3]. Немесе: «Қазақ әдебиеті сынының тарихы - деп көрсетіледі Т.К.Кәкішев, - үш түрлі дәуірден тұрады [4]

Егер түсіндірмелік сипаттағы пікір цитатаның соңынан келетін болса, онда сілтеме көрсеткіш сол пікірдің соңынан келеді. Мысалы: «Әдебиет -ардың ісі», - деп жазады З.Қабдолов [6].

«Сөйлемесе сөздің атасы өледі», - деді Ж.Жақыпов [5].

Қазіргі кездегі ғылыми зерттеу жұмыстарында сілтеме жасау бірнеше өзгеріске түсті. Оның барлығын термелеп көрсетіп жату артық. Соңғы ГОСО стандарты бойынша мәтін ішінде тік немесе дөңгелек жақшамен берілген сілтемелер жиі қолданылуда. Мысалы, [6], (71) деген үлгілерде беріледі. Ал осы таңбаланған әдебиеттер жұмыс соңындағы пайдаланған әдебиеттер тізімінде мынандай үлгіде беріледі.

1. Мүсірепов Ғ. Екі Мұхтар (прозаик К.М.Мағауин мен ақын М.Шахановтардың творчествосына шолу). // Қазақ әдебиеті. - 1984, 27 шілде, 8 б.

2. Қаратаев М. Ізденіс іздері. - Алматы: Жазушы, 1984

3. Арғынбаев М. Жусан исі аңқыған. // Жұлдыз, - 2005 - №9. - 187-190 бет.

4. Смағұлов Ж. Е.А.Бөкетов және көркем аударма мәселелері. // Академик Е.А.Бөкетов - ғалым, оқытушы, ойшыл: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Қарағанды, 2005 - 356-361 б. [17, б. 45-47].

Библиографиялық сілтемелерді рәсімдеу.

Ғылыми зерттеу нақты түрде құжатталып, жүргізілуі керек. Басқа автордың жұмыстарынан дәйексөз келтіре, олардың тұжырымдамаларын өз сөзімен бере отырып, әр жағдайға сәйкес сілтеме жасау қажет. Кез келген жанрдағы ғылыми жұмыста осы іспеттес сілтемелердің болмауына, зерттеуге тіркелетін әдебиет тізімінде көрсетілмеген дерек көздерінің мәтінде дәйектелуі немесе аталып өтілуіне тыйым салынған. Дереккөздерге сілтемелердің әр сипаттағы түрлері тән. Көп таралғаны – екеу: ржолма-жол және мәтіншілік сілтемелер. Білім алушылар жұмысына жолма-жол сілтемелер анағұрлым қолайлы, ал жұмыс мәтіні 2 аралық бойынша басылады.

Жолма-жол сиілтемелерде не сілтеме жасалатын шығарманың библиографиялық суреттемесін толығымен келтіреді, не жұмыстың негізгі мәтінінде суреттермен жетіспейтін элементтерінің жартысы көрсетілсе ғана келтіруге мүмкін болады. Мысалы, егер мәтінде автор мен мақала аты көтерілсе, сілтемеде – мақала орналасқан басылым ғана айшықталады.

Шығармалар жинағында жарияланған шығармаға сілтемеде автордың фамилиясы мен инициалдары қайталанды. Егер түсіндірмелі мәтін дәйексөздің соңын алса немесе оның ішінде

орналасса, дәйектеуге сілтеме белгісі дәйексөзден кейін беріледі. Егер түсіндірмелі мәтін дәйексөзден соң келсе, сілтеме белгісі түсіндірмелі мәтіннен кейін қойылады. Кейде ғылыми жұмыстың мәтінінде қандай да болмасын қол жетпес басылымды басқа бір материалдардан (мысалы, төңкеріске дейінгі журналдың мақаласы) алып дәйектейін сәттер болады. Онда сілтемеде былай көрсету қажет: «Дәйексөз мына кітаптан алынған». Және содан соң соған сай жұмыс суреттемесін орналастырған жөн. Кейде беделді дереккөздер дәйектелмесе де, оларға сілтеме жасап, ұсталынып отырған көзқарасты берік бекіту немесе қозғалған мәселе бойынша жұмыстардың бар екенін хабарлау керек. Онда мәтінде қосымшаның әдеттегі белгісі беріледі, ал жазу жолынан кейін осы белгінің астына «Қараңыз» деген сөз жазылады. Содан соң қажетті библиографиялық мәліметтер келтіреді. Ғылыми шығарманы жазу процесінде бірнеше мәрте бір жұмысқа жиі сілтеме жасауға тура келеді. Мұндай жағдайда бұл жұмыстың толық библиографиялық суреттемесі алғашқысы сілтемеде беріліп, ал қайталымда - тек автордың фамилиясы, инициалдары көрсетіледі (яғни монографияға сілтеме жасағанда шығу мағлұматтары, мақалаға сілтемеде жарық көрген дереккөз ғана түсіріледі). Қайталанған сілтемелерде ұзақ аттар қысқартылып, түсірілген сөздердің көп нүктемен ауыстырылуына рұқсат етіледі.

Егер зерттеу мәтінінде бір ғана жұмысқа қатарынан бірнеше сілтеме берілсе, онда алғашқысы сілтемеге толық библиографиялық суреттеме беріледі де, келесісінде «Сонда» сөзі және дәйексөз алынған беттің нөмірі келтіріледі. Шет тілінде жарияланған зерттеулерге сілтемелер библиографиялық тізімдегі сияқты дереккөз тілінде беріледі.

Мәтіншілік нөмірлік сілтеме – бұл жұмыстың ғылыми зерттеуге үстемеленген библиографиялық тізімдегі реттік нөміріне сілтемелеу. Мәтінге сәйкес жұмыс немесе дәйексіз аталғаннан соң, әдебиет тізімінде келтірілген бұл жұмыстың төртбұрышты жақшада нөмірі және қажет жағдайда беті де көрсетіледі. Егер бір автордың бірнеше жұмысына немесе бірқатар авторлардың жұмысына бір уақытта сілтеме жасалса, онда бұл жұмыстардың нөмірлері әдетте өсу реті бойынша көрсетіледі.

Мәтіншілік басқа да сілтемелер болуы мүмкін. Осылайша, филологиялық зерттеуде көркем мәтіндерді көп дәйектеуге тура келеді. Оларды ең беделді ғылыми басылымнан келтіріп,

сілтемелерді келесі үлгіде рәсімдейді. Жолма-жол сілтемеде бірінші дәйексөзге дерек көздің толық суреттемесі және бұл басылымның жақшада том және бет нөмірлері көрсетіле, дәйектелінетініне ескертпе беріледі [17, б. 57-59].

Бақылау сұрақтары:

1. Сілтеме дегеніміз не?
2. Сілтеме қандай жағдайда қойылады?
3. Сілтеменің түрлері қандай?
4. Автор сөзін қолданғанда төл сөз қалай рәсімделеді?
5. Аралас сілтемелерді қолдану қалй жүзеге асады?

Тапсырмалар:

1. Абсолютті сілтемелер
2. Салыстырмалы сілтемелер
3. Қатысымдық сілтемелер

9. Сілтеме және пайдаланған әдебиеттер

9.1. Цитата немесе дәйексөз

9.2. Техникалық безендірудің түрлері

Цитаталарды, әдетте, адам өз сөзін айшықтау үшін, ойын дәлелдеу үшін, ойын жалғастыру үшін, пікірін қорыту үшін, ойдыңа түрлі бөліктерін бір-бірімен біріктіру үшін немесе белгілі бір пікірге өзінің қолдауын, қарсылығын, жоққа шығаруын, бағалауын білдіру үшін қолданады.

Цитата қолдану, цитата сөз тек постмодернистік әдебиетке қатысты ғана емес, басқа да әдеби ағымға біріктірілетін көркем шығармаларда да кездесетіні байқалады.

Прозалық шығармаларда да цитация кездеседі, яғни прозамен жазылған шығармаларда келтірілген өлең жолдары, түрлі хаттар, күнделіктер мен құжаттар да кеңінен алғанда цитацияға жатады. Алайда олардағы мәтін ішіндегі мәтіннің авторы туралы қаламгер кейде дерек берсе, кейде кім екенін көрсетпейді, сондықтан оны автордың баяншы немесе кейіпкері атынан келтірген өз туындысы деп қарастыру қажет [22, б. 26-34].

Мақала атауы. Бір ғана фразадан тұрса да, сәтті таңдалған атау уақытты қажет етеді. Атау мақала мазмұнын айқындап тұруы қажет, сонымен бірге көзге түсетіндей көркем болуы қажет. Бұл, әсіресе, қазіргі ақпараттың орасан зор легімен байланысты үлкен маңызға ие. Атауының нақты болмауы себепті қажетті және маңызды мақала көзге түспей қалуы мүмкін.

Мақаланың құрамдас бөлімдері.

Мақала аннотациядан, кіріспеден, негізгі бөлімнен (алынған нәтижелер мен олардың түсініктемелерінің, зерттеулердің әдістемесінен), қорытындылар және әдебиеттер тізімінен тұрады.

Аннотация

Аннотация мақаланың кеңейтілген атауы қызметін атқарады және жұмыс мазмұнын байяндайды. Аннотация автор пікірі бойынша маңызды болып саналатын және аталмыш жұмыста қолданылатын инәрсені көрсетеді. Нашар жазылған аннотация жақсы жазылған мақала жайындағы әсерді бәсеңдетуі мүмкін.

Кіріспе

Кейінгі кездері мақала авторлары бұл бөлімге түсті қарайды да бірден алынған нәтижелерді баяндауға бірден көшеді. Бұл атүсті қарайтын жайт емес. Оқырман үшін жұмыс қойылу қажеттігін білу қажет және ол жұмыстың отандық және шетелдік тұжырымдар арасында қаншалықты орын алатындығын білу маңызды. Кіріспеде автор тарапынан табылған әдеби нұсқалар шолуы (мақалалар, патенттер, есептер, ғаламтор ақпараттары) кәрсетілуі тиіс. Автор қаншалықты пайдалы жұмыс атқарғанымен, оның зерттеулерінің бастаушылары бар екендігін естен шығармаған жөн. Сондықтан бұл бастаушылардың ізін тауып, олардың жұмыстарына талдау жасау қажет. Өйткені бұл материалдарды білмеу қаржының, уақыт пен күш-қуаттың босқа жұмсалуына әкеледі. Зерттеуші өзінен бұрынғы автор қорытындыларын дәлелдейтін ғана емес, оны жоққа шығаратын дәйектерді де қарастыруы керек. Зерттеуді алғаш жүргізушілердің жұмыстарына құрметпен қараған жөн: өйткені ол жұмысты сынап алады, бірақ сыналған жұмыс авторының жауап қайтаруына мүмкіндік жоқ.

Негізгі бөлім

Жеке зерттеушіге төмендегідей біліктілік керек:

- 1 Зерттеудің міндеттерін анықтау.
- 2 Зерттеу жүргізудің қолда бар құралдарын пайдалану немесе жаңа құралдарды құрастыру.

3 Алынған нәтижелерді саралау және зерттеудің қандай жаңа және пайдалы нәрсе бергендігін түсіну.

Қорытынды

Қорытындыны аннотациямен шайтастыруға болмайды, олардың қызметі әр түрлі. Қорытынды не алынғандығын көрсетуі қажет, ал аннотация не ісигелінгендігін түсіндіреді. Қорытынды тезис сипатында креледі.

Әдебиеттер тізімі

Әдебиет тізіміндегі түпнұсқаға сілтемені дұрыс жасау керек. Түрлі баспалар оның безендірілуіне әр түрлі талап қояды. Бірақ кез келген жағдайда авторлар фамилиясын, журналды, басылым жылын, томын (шығарылуын), нөмірін, беттерін көрсеткен жөн. Қызығушылық танытқан оқырман көрсетілген әдеби түпнұсқаны тауып алу мүмкіндігіне ие болуы қажет. Кейде көрсетілген сілтеме бойынша түпнұсқаны табу мүмкін болмайды. Бұндай жағдайда авторға, оның жұмысына деген сенім жойылады.

Мақала материалының баяндалуы

Өз оқырманыңды және мақаланың кімге арналғандығын алдын ала білген жөн. Автор басқаларға беймәлім нәрсені жазуы керек, бұл белгісіз нәрсе оқырманға өзіне белгілі деңгейде жетуі тиіс. Жұмыс авторы оқырманға оның күрделі тұстарын түсіндіруі қажет. Егер ол белгілі жұмыстың жалғасы болып табылса, онда оқырманға оның мазмұнын баяндап берудің қажеті шамалы. Одан да түпнұсқаның өзін оқуға нұсқау беру керек. Жарияланған материалға деген авторлық көзқарасты білдірген әлдеқайда маңыздырақ, әсіресе, бұл қазіргі уақытта ғаламтордың кеңінен пайдалануына байланысты. Талдау мен жалпылау қажет, сондай-ақ автордың өз қолындағы материалдарға деген сыни тұрғыдағы көзқарасы да қажет. Бастысы, баяндауда нақтырлық пен қысқалық болып табылады. Баяндаудың жүйелілігі мен логикалық үзілістің болмауы маңызы саналады.

Мақаланың қызыл сызығы автор ойының жалпы барысы болуы қажет. Мәтінді жекелеген рубрикаларға бөлген пайдалы. Бұл оқырманға қажеті материалды табу ісін жеңілдетеді. Дегенмен рубрикалар тым ұсақ болмауы қажет.

Терминология

Автор өзінің айтайтын дегенін түсінікті етіп жеткізуі керек. Бұл үшін ол төмендегі ережелерді ұстануы қажет:

- тек қана анық және түсінікті терминдерді ғана пайдалану қажет;

- екі мәнге ие сөзді қолдануға болмайды, тек бір ғана мәні пайдаланылады;

- бір сөзді екі мәнде және әр түрлі сөзді бір мәнде қолдануға болмайды. Шет тілдегі терминдерді көп қолдануға болайды. Ереже бойынша, олар ана тіліндегі сөздердің синонимдері болып табылмайды, олардың арасында мағыналық бояулар болады.

Баяндау тілі

Мақала ғылыми стильде жазылуы керек. Құрылымдық жүйесінің тұтастығын сақтауда ғылыми стильдің атқарар мәні зор. Алынған деректер бойынша ғылыми талдаулар жасау барысында тілдік және стильдік ерекшеліктер нақтылықты талап етеді. Диалект сөздер мен ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдануда мұқият болу қажет. Алайда ғылыми эссе, естелік немесе ғұмырнамалық мақалаларда сақталуы шарт емес. Ғылыми жұмыстың сапасын арттырамын деп термин сөздерді оңды-солды орынсыз пайдалана беру де білімділікті таныта бермейді. Бірталай мақала жариялап үлгерген кез келген автор өз ойын баяндаудың нақты бір деңгейіне жетеді. Көптеген автор ғылыми мақала жазудың келесі әдісін қоалданады. Ең алдымен, мақала жаза бастаған сәтте басқа келгеннің бәрін жазып алу керек. Нашар жазылса да, тез арада пайда боған әсер маңызды саналады. Бұдан соң шимай қағазды біраз уақытқа дейін ұмытқан жөн. Кейін барып авторлық түзетулер басталады: қайта жасау, сызу, жаңа материал енгізу. Осылай бірнеше рет. Бұл жұмыс мақалаға ештеңе қосуға келмеген уақытта емес, одан еш нәрсе алып тастауға болмайтын кезде аяқталады. Мақала бір демде ешқашан жазылмайды. Қорытынды

Мақала бойынша қалай жұмыс істеу керек?

1. Мақала жазуға дайын екеніңізді сөзіңіз (анықтаңыз) және оны жариялауға ұсынуға болатынын анықтаңыз.

2. Мақала құрылымының нақты жоспарын құрастырыңыз.

3. Қажетті барлық ақпаратты табыңыз (мақалалар, кітаптар және т.б.) және оларға талдау жасаңыз.

4. Жұмыс жүргізудің қажеттігін, оның басты бағыттарын баяндайтын кіріспе жазыңыз.

5. Мақала атауын ойластырыңыз.

6. Мақаланың негізгі бөлімінде алынған нәтижелерге сипаттама беріңіз.

7. Әдебиет тізімін құрастырыңыз.

8. Қорытынды жасаңыз.

9. Аннотация жазыңыз.

10. Авторлық редакторлықтан өткізіңіз. Пайдалы ақпарат болып табылмайтынның бәрін қысқартыңыз, артық сөздерді, түсініксіз терминдерді алып тастаңыз [17, б. 36-40].

Әдебиеттерді ресімдеу кезінде келесілер көрсетіледі:

Журналдарды рәсімдеу үлгісі

1. Третьяков Ю.Д. Процессы самоорганизации в химии материалов // Успехи химии. - 2003. - Т. 72, № 4. - С. 731-763.

2. Пак Н.С. Социологические проблемы языковых контактов // Вестник КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Филология». – Алматы, 2007. – № 2(10).- С. 270-278.

3. Eliaz I., Weil E., Wilk B. Integrative medicine and role of modified citrus pectin alginates in heavy metal chelation and detoxification-fire case reports // Forschende Komplementarmedizin. - 2007. - Vol.14, № 6. - P. 358-364.

Кітапты рәсімдеу үлгісі

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории. - Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.

2. Агафонова Н.Н. Гражданское право: учебное пособие для вузов / под ред. А.Г. Калпина.- Изд. 2-е, перер. и доп. - М.: Юрист, 2003. – 542 с.

3. Надиров Н.К. Высоковязкие нефти и природные битумы: в 5 т. – Алматы: Ғылым, 2001. -Т. 4. -369 с.

4. Bottger L. Pectin application - some practical problems. -New-York: Oxford Univ. Press Inc., 1990. -P. 247-256.

Жинақты рәсімдеу үлгісі

1. Зимин А.И. Влияние состава топливных эмульсий на концентрацию оксидов азота и серы в выбросах промышленных котельных // Экологическая защита городов: тез. докл. науч.-техн. конф. – М.: Наука, 1996. - С. 77-79.

2. Абусейтова М.Х.История Центральной Азии: концепции, методология и новые подходы // Матер.междунар.науч.конф. «К новым стандартам в развитии общественных наук в Центральной Азии». – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. - С. 10-17.

Заңнамалық материалдарды ресімдеу үлгісі

1. Постановление Правительства Республики Казахстан. О вопросах кредитования аграрного сектора: утв. 25 января 2001 года, № 137. <http://www.liter.kz>. 28.12.2001.

2. Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Плана первоочередных действий по обеспечению стабильности социально-экономического развития Республики Казахстан: утв. 6 ноября 2007 года, № 1039 // ИС ПАРАГРАФ. - 2009, октябрь - 20.

Патенттік құжаттарды ресімдеу үлгісі

1. А.С. 549473. Способ первичной обработки кожевенного сырья / Р.И. Лаупакас, А.А. Скородянис; опубл. 30.09.1989, Бюл. № 34. - 2 с.

2. Пат. 2187888 Российская Федерация, МПК 7 Н 04 В 1/38, Н 04 J 13/00. Приемопередающие устройства / Чугаева В.И.; заявитель и патентообладатель Воронеж. науч.-исслед. ин-т связи. - № 200131736/09; заявл. 18.12.00; опубл. 22.08.02, Бюл. № 23 (II ч.). - 3 с.

Газетті ресімдеу үлгісі

1. Байтова А. Инновационно-технологическое развитие - ключевой фактор повышения конкурентоспособности // Казахстанская правда. - 2009. - № 269.

2. На реализацию проекта «Актау-Сити» будет направлено 36 млрд. тг // ПАНОРАМА - 2009, октябрь – 16.

Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептер

1. Формирование и анализ фондов непубликуемых документов, отражающих состояние науки Республики Казахстан: отчет о НИР (заключительный) / АО «Нац. центр научно-техн. информ.»: рук. Сулейменов Е. З.; исполн.: Кульевская Ю. Г. - Алматы, 2008. - 166 с. - № ГР 0107РК00472. – Инв. № 0208РК01670.

Диссертациялар

1. Хамидбаев К.Я. Каракульские смушки Казахстана и некоторые факторы, обуславливающие их изменчивость: автореф. ... канд.с.-х.наук: 06.02.01. -Алма-Ата: Атамура, 1968. -21с.

2. Избаиров А.К. Нетрадиционные исламские направления в независимых государствах Центральной Азии: дис. ... док. ист. наук: 07.00.03 / Институт востоковедения им.Р.Б. Сулейменова. - Алматы, 2009. - 270 с. Инв. № 0509РК00125.

Интернет көздері

1. Выход хлеба. <https://ru.wikipedia.org>. 18.12.2017.

2. Кузьмин Николай. Универсальный солдат. «Эксперт Online»
<http://www.nomad.su> 13.10.2009.

Бақылау сұрақтары:

1. Цитата дегеніміз не?
2. Дәйексөз дегеніміз не?
3. Техникалық безендіру түрлері қалай жүргізіледі?
4. Мақаланы безендіру тәсілдері туралы не білесіздер?

Тапсырмалар:

1. Мақала бағыттары туралы сипаттаңыз.
2. Кестелер, формулалар және графикалық материалдарды рәсімдеу
3. Картографиялық басылымдардың рәсімделуі

10. Қорытынды. Зерттеуден алынған нәтижеге қорытынды жасау

- 10.1. Теориялық мәселелерді қорытындылау
- 10.2. Зерттеу нысанына қатысты қорытынды жасау
- 10.3. Тақырыптың зерттелуіне қорытынды жасау
- 10.4. Талдау барысында қол жеткізген нәтижені қорытындылау
- 10.5. Гипотеза
- 10.6. Ұсыныс

Қорытынды ғылыми жұмысты қорытындылау барысында автордың негізгі сөзі ретінде жазылады. Қорытынды жазу барысында арнайы талаптар мен ережелер қарастырылған. Соған сәйкес біз эссенің қорытындысын жазу туралы Е.Т.Оспановның тұжырымына тоқталсақ.

Қорытынды эссе құрылымының қажетті бөліктерінің бірі болып табылады. Өйткені, қорытындыда эссенің негізгі идеялары мен түйінді ойлары беріледі. Сонымен қатар, қорытынды эссенің соңғы параграфы болып табылады. Мұнда эсседе айтылған жайттар жөніндегі мәселелер автордың өз пікірімен жинақталып беріледі және мұнда жаңа ой айтылмауы тиіс. Ол тек қарастырылған тақырып жөніндегі автордың ойлары мен алдағы уақытта талданатын мәселелерін ғана қамтуы мүмкін.

Кейбір білім алушылар үшін қорытынды жазу біршама қиындық тудыруы мүмкін. Себебі, қорытынды жазу барлық жұмыс аяқталғаннан кейін автордың қандайда бір тұжырымды нақтылап беруінің соңғы мүмкіндігі, сондықтан барынша жұмыстың негізгі түйінін бере білу қажет. Ал, оқырман қорытындыны оқи отырып, осы кезеңге дейін айтылған ойдың нақты бір тұжырымын есінде сақтайтын болады.

Қорытындының өзге бөлімдерге қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар және оның жазба жұмысында атқаратын негізгі қызметтері мынадай:

- Негізгі ойды түйіндеу;
- Эссені жазудағы негізгі идеяны беру;
- Эссенің негізгі идеясы жөнінде соңғы пікірді білдіру;
- Оқырманның есінде қалуы тиіс ойды ерекше көрсету.

Білім алушылар жазылым үдерісі барысында қорытынды бөлімді тиімді жазып шығу үшін мынадай қарапайым кеңестерді ескергені жөн:

1. Аргументтер мен негізгі идеяны қысқаша қорытындылап беру. Қорытынды бөлімде негізгі бөлімде берілген ойларды түйіндеу барысында жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолданған жөн.

2. Автордың орытынды пікірін білдіруі. Бұл қорытынды бөлімнің негізгі шарттарының бірі.

3. Эсседегі өзіндік пікірді анық етіп жазу. Себебі, эссені жазудағы мақсат жазылып отырған тақырып жөнінде автордың өз ойын білдіру болып табылады.

4. Қорытынды көлемін шағын етіп жазу. Негізнен қорытынды жазылған жұмыстың 10 пайызынан аспауы мүмкін.

Қорытынды жазу барысында эссенің негізгі бөлімінде берілген көлемді ақпаратты қайталамау қажет. Бұл эссе көлемін арттырумен қатар оқырманды жалықтыруы мүмкін. Сонымен қатар, негізгі бөлімде талқыланбаған жаңа ойды жазбау керек. Қорытынды бөлімде жаңа ой талқыланбайды, тек айтылған ой қорытындыланады.

Қорытындыны жазу барысында мынадай сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға болады: «толықтай алғанда, қорытындысында, қорытындылай келе, барлық жағдайларды ескере отыра, соңында, аталған жайттарды ескере отырып...» және т.б.

Ал, автор ретінде өз көзқарастарын білдіру үшін мынадай сөздер мен сөз тіркестерін қолдануы мүмкін: «зерттеу нәтижесі

көрсеткендей бұл тақырып өте даулы, зерттеу нәтижесі бойынша, қалыптасқан пікір бойынша, зерттеу нәтижесі мұны ..., нәтиже мұның ..., қарастырылған мәселені саралай келе... көрінеді» және т.б. [2, б. 99-100].

Сонымен қорытынды жазу барысында артық сөздерді жазып қолдана бермей нақты жұмыс барысындағы өз тұжырымы мен көзқарасы туралы нақты түйін берілсе жеткілікті.

Гипотеза - (грек *hypothesis* негіз, болжау) құбылыстардың жорамалды заңды байланыстары туралы ой, ғылым дамуының формасы.

Гипотеза - ғылыми мағынада білімдер жүйесінің ең маңызды элементі, зерттеудің кезеңі. Ғылыми шындықта ешбір проблема тікелей тәжірибе өткізу жолымен шешілмейді. Тәжірибенің алдында әлбетте ғылыми идеялар мен гипотезалар талданады.

Гипотеза - тікелей бақылау шекарасынан тыс факті туралы немесе құбылыстардың ғылыми әдістермен тексеріліп көрілмеген заңды байланыстары және заңды тәртібі туралы болжам, пікір.

Шынайы құбылыстар (фактілер, эмпирикалық және статистикалық мәліметтер) мен гипотезаның айырмашылығы гипотезаның өзі негізделетін фактілермен салыстырғанда мазмұнының ірілігі, зор логикалық күйіне иелігі, фактілер шеңберінен шығып, оларды қорытындылап, өзінде жаңа идеяларды алып жүруі. Өмірде күнделікті іс- әрекет бақыланатын фактілерден сыртқа көп санды болжамдардың негізінде іске асады.

Гипотеза тексеруді қажет етеді. Дәлелденген гипотеза шынайы шүбәсіз, сенімді білім болып қалыптасқан болады. Ғылыми гипотезаның маңызды белгісі оның ымырасыз тексеріліп көрілуі мүмкіндігі. Гипотеза жоқ жерден пайда болмайды. Гипотеза қарауға қабылдануы үшін ол бар білімдермен байланысты болуы мүмкін. Оның ғылыми білімдерге сәйкестілігі эмпирикалық емес әдістермен тексеріледі.

Біріншіден, гипотезаның ішкі қарама-қайшылықсыздығы, оның фактуальды мазмұны және ымырасыз эмпирикалық тексерудің мүмкіндігі.

Екіншіден, тап осы гипотезаның басқа, алдын ала қабылданған теорияларға сәйкестілігі. Бұл тексерудің теріс болуы әрқашанда гипотезаның ғылыми еместігін білдірмейді.

Гипотезаның бар білімдермен келісуі критерийсі ғылыми алға басу көзқаратары тұрғысынан ішкі қарама - қайшылықтарға ие:

- ол есалаңды идеялардан сақтайды.
- оның рөлін дәлелсіз көптіру асырып айту ғылым стагнациясына тоқырауына әкеледі.

Гипотезаның эмпирикалық фактілермен сәйкестілігі критерийсі да ішкі қарама-қайшылықтардан тысқары емес: біріншіден, бұл критерий ғылымды жалған гипотезалардан сақтайды. Екіншіден, белгілі жағдайларды кейбір эксперименттер жәрдемімен әдейі өтірік гипотезаларды дәлелдеуі мүмкін.

Осы екі критерийлерге сәйкестігі деңгейіне орай гипотезалар төрт түрге бөлінеді:

- негізсіз гипотезалар білімдермен де байланыспаған
- теориялық гипотезалар тек қана бар білімдермен байланысты, ішкі қарама-қайшылықсыз, экспериментальдық тексеруге жарамды, бірақ тәжірибесі деректерге сүйенбейді.

-эмпирикалық негізделген гипотезалар тәжірибеге байланысқан бірақ бар ғылымдарға байланыспаған

-толық негізделген гипотезалар ғылыми білімдермен де, тәжірибелік деректермен де дұрыс келіскен. Бұл деңгейдегі гипотезалар заңдарға ауысады.

-ғылымның дамуы гипотезаның бір деңгейінен басқа деңгейіне тізбекті дәйекті өтуі деп бағалау мүмкін.

Идея - объективті шындық құбылыстарын ойда пайымдаудың формасы. Мақсатты түсіну әлемі және одан әрі тану және тәжірибесін өзгертуді проекциялауды кірістіреді.

Идея заң, проблема, гипотеза сияқты қатал талаптарға жауап бермейді. Оның ғылымдағы негізгі рөлі қашан да тіркелген құбылыстарды түсіндірудің эвристикалық принциптері белсенді рөлін, проблемаларды шешудің жаңа жолданын іздену рас. Идея эвристикалық деңгейдегі гипотеза.

Гипотезаға қойылатын әдіснамалық талаптар:

1) логикалық қарапайымдылық (гипотеза ешқандай артықша нәрсені мазмұнына кірістірмейтін болуы керек. Көбірек фактілерді мүмкіндігінше азырақ себептермен түсіндіруі, т.б.)

2) логикалық қарама - қайшылықсыз (гипотеза тұжырымдардың жүйесі, онда ешбір ой басқасын терістемейді. Гипотеза барлық шынайы, ғылымда белгіленген және тұрақты болған заңдарға сәйкес келеді.)

3) ықтималдылық талабы (гипотезаның негізгі жорамалы оны іске асырудың жоғары деңгейіне ие болуы керек).

4) қолданыс табуының кеңдігі.

5) концентуальдық талабы (жаңа тұжырымдарды дамытуы, олардың одан әрі дамуын болжалдауы керек).

6) ғылыми жаңалығы (гипотеза бұрынғы білімдер мен жаңа білімдердің сабақтастығын қамтамасыз етеді).

7) верификация талабы (тексеріп көруі үшін жарамдылығы).

8) нақтылық талабы (гипотезаның тереңдігі зерттеудің мақсаты мен міндетіне сәйкестігі, кеңдігі зерттеу объектісі мен пәніне қамтуы. Яғни, гипотеза нақты мақсатқа сәйкес, нақтылы зерттеу объектісін зерттеуі керек).

Гипотеза құрудағы зерттеушінің іс қимылдары

1) әзірге мүмкін болмаған қандай да бір құбылысты ашу.

2) оны жан жақты зерттеу

3) себептер, байланыстар туралы ғылыми жорамал ретінде болжамды тұжырымдау

4) жорамалданған себептен логиканың келіп шығатын салдарды анықтау

5) салдар шындық фактілеріне қаншама сәйкес келетіндігін анықтау

Гипотезаны дәлелдеудің жолдары себеп сал байланыстарын жорамалданған түсіндірудің жолдары: қалыптастырушы эксперимент, анықтаушы эксперимент, дәлелдеудің логикалық және тарихи әдістері арқылы.

Гипотезаны құруда зерттеуші жол беретін типтік қателіктер:

- гипотезада зерттелетін құбылыстардың себеп байланыстарының болмауы.

- гипотезада нақтылықтың болмауы [16, б. 21-23].

Ұсыныс (латынша *recommendatio*-жағымды шолу, кеңес) - бұл белгілі бір іс-әрекет түрі, нұсқау.

Ұсыныс ғылыми зерттеу жұмысына берілетін оң шешімді айтамыз.

Бақылау сұрақтары:

1. Қорытынды қалай жазылады?

2. Қорытындыда автор қандай сөздерді қолдана алады?

3. Қорытындының атқаратын қызметтері қандай?

4. Қорытындының негізгі бөлімнен ерекшелігі неде?

5. Қорытынды да қандай ойлар қарастырылады және мәтіні қандай?

6. Гипотеза дегеніміз не?
7. Гипотеза не үшін жасалады?
8. Ұсыныс дегеніміз не?
9. Ұсыныс қандай жағдайда жасалады.

Тапсырмалар:

1. Қорытынды туралы сипаттама.
2. Қорытынды жазу талаптары.
3. Ғылыми зерттеу жұмысына қорытынды жазыңыз.
4. Жұмыс гипотезаларын тұжырымдау.

11. Ғылыми мақаланың техникалық безендірілуі

- 11.1. Жалпы безендіру
- 11.2. Журналдың талаптарына сай безендіру
- 11.3. Безендірудің халықаралық талаптары

Ғылыми зерттеу көрінісі - жарияланымдар. Ғылыми жарияланым - ғалым қызметінің негізгі нәтижесі. Ғылыми жарияланымның басты мақсаты - автор жұмысын басқа зерттеушілердің талқысына салу және таңдалған зерттеу саласында оның орнын белгілеу. Ғылыми жарияланымдардың бірнеше түрі бар: монографиялар, мақалалар және баяндамалар тезистері.

Кез келген ғылыми мақала иқысқа, бірақ жүргізілген зерттеу және оның мәнінің объективті талдауы жөнінде түсінік беретін есептен тұруы керек. Есепте мәліметтердің және жарық көрген ақпарат көздері сілтемелерінің жеткілікті саны көрсетілуі қажет. Бұл - әріптестердің бағалауына және олардың өздеріне тексеруіне мүмкіндік туғызады. Жақсы мақала жазу – бұл мақсатқа жету деген сөз.

Жақсып мақала жазу үшін ғылыми жарияланымның жалпы жоспары құрылымының стандарттары мен ғылыми сөйлеу тілінің талаптарын сақтау қажет.

Бұл оқырмандардың бірімәнді қабылдауы мен бағасын туғызады. Ғылыми стильдің негізгі қасиеттері: логикалылық, бірімәнділік, объективтілік.

Атау – мақаланың аса маңызды элементі. Бүкіл жұмыс атауы бойынша бағамдалады. Сондықтан мақала тақырыбы оның

мазмұнын толық танытуы керек. Мақалада сұрақтың қазіргі қалпы, жұмыстың мақсаты, зерттеу әдістемесі, нәтижелері мен алынған мәліметтер талқылауы ықшамдалып және нақты беріледі.

Ереже бойынша, мақала құрамы төмендегідей:

- кіріспе;
- зерттеу әдістері;
- негізгі нәтижелер мен талқылау;
- қорытынды;
- сілтеме жасалған түпнұсқа тізімі.

Кіріспеде қарастырылып отырған сұрақтың өзектілігі негізделуі тиіс (Сіз нені қарастырудасыз және неліктен?). Сонымен қатар сұрақ шешімінің белгілі амалдары мен олардың кемшіліктері көрсетіледі.

«Зерттеу әдістері» бөлімінде қарастырылып отырған сұрақ шешіміне қатысты сіздің амалыңыз ұсынылғаны жөн. Бұл бөлімде берілген ақпараттың мәні мынада: басқа білікті ғалым ұсынылған әдістерге сүйене отырып, өзіндік зерттеу жүргізе алуы керек.

Нәтижелер мен талқылаулар, бұл – негізгі бөлім, оның мақсаты – жұмыс болжамы қай мәліметтер негізінде дәлелденеді және ұсынылған нәтижелер неге осылай болып отыр және олар мақаланың басты идеясымен қалай сәйкеседі деген сұрақтарға жауап беру. Нәтижелер, ереже бойынша, иллюстрациялармен – кестелермен, сызбалармен, фотосуреттермен көрінеді, олар сіздің материалыңызды ықшамдалған түрде көрсету арқылы дәлелдеулердің басты қызметін атқарады. Бұл жерде жұмыстың өзіндік ерекшеліктерін көрсетудің, жұмыс шегін бағалаудың қажеттігі бар.

Мақалада ұсынылған нәтижелерді осы саладағы өзіңіздің және басқа да авторлардың жұмыстарындағы алдыңғы нәтижелермен салыстыру қажет.

Қорытындыда алынған нәтижелерді жұмыс бастапқы мақсатымен салыстыру керек, өзіңіздің нәтижелеріңіздің кейінгі зерттеулерге қатысты мәнін анықтау керек.

Тағы бір маңызды элемент – сілтеме жасалатын түпнұсқа тізімі. Әдебиет тізімі белгілі бір талап бойынша ұсынылады. Ғылыми және аналитикалық мақалалар жазу ісі материал мазмұнын берудің белгілі бір ережелерін сақтауды талап етеді. Мақала мазмұны қатаң логикалық жоспармен сәйкестікте ұсынылуы және мақаланың басты мақсатын ашуы тиіс.

Ғылыми және аналитикалық мақала жазуада авторлар басшылыққа алатын тұстар төмендегі пункттер бойынша баяндалады:

- ғылыми болжамның дамуы;
- мақала бөлімдері арасындағы кейірі байланыстың жүзеге асуы;
- аталмыш тақырып бойынша бұрын жарияланған материалдарды қарау;

- мақаланың жекелеген бөлімдерінің логикалық құрылымы. Барлық ғылыми-аналитикалық мақалалар төмендегідей міндетті бөлімдерден тұрады: кіріспе, әдістер сипаттамасы, қорытынды сипаттамасы, талқылау мен басты қорытындылар бөлімі. Жүргізілген зерттеуге қатысты кез келген ғылыми немесе аналитикалық жұмыс сипаттамасында кіріспесі сауатты құрылуы керек. Кіріспенің мақсаты оқырманға мақала авторы қойып отырған негізгі міндеттерді жеткізу болып табылады.

Ереже бойынша, кіріспе төмендегі мәліметтерді қамиды:

- ғылыми болжам анықтамасы;
- қажетті кіріспе ақпарат береді;
- зерттеу жүргізу себептері түсіндіріледі;
- аталмыш сала бойынша бұрын жүргізілген жұмысқа сыни баға беріледі;
- аталмыш тақырыптың өзектілігі деңгейі анықталады;
- материалдың баяндалуының нақты жоспары ұсынылады [17, б. 31-34].

ОҚМПУ «Хабаршысы» журналының мақалаға қойылатын талаптары

1. ӘОЖ (УДК), МРНТИ сол жақтағы жоғары бұрышта 10 шрифтпен жазылады.

2. Мақала аты бас әріптермен қалың 11 шрифтпен ортаға жазылады.

3. Одан төмен 1 жол қалдырылып, авторлардың аты-жөні қалың курсивпен бас әріптермен 11 шрифтпен беріледі.

4. Бұдан соң 1 жол қалдырылып, мақала жазылған тілде қысқаша аңдатпа (аннотация – 150-250 сөз) мен кілт сөздер (ключевые слова – 5-10 сөз) курсивпен 10 шрифтпен беріледі.

5. Мақаланың мәтіндік бөлігі 11 шрифтпен жазылуы тиіс.

6. Пайдаланған әдебиеттер тізімі 10 шрифтпен міндетті түрде талапқа сай жазылады: мысалы, 1. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 235 б.

7. Бұдан соң қазақ тіліндегі мақалалар үшін авторлардың аты-жөні (бас әріптермен, курсивпен, 11 шрифтiмен) мен мақаланың атауы (бас әріптермен, 11 шрифтiмен), 1 жол тастап аннотация (150-200 сөз), одан төмен ключевые слова (5-10 сөз) орыс тілінде беріледі. Орыс тілінде жазылған мақалалар үшін авторлардың аты-жөні мен мақаланың атауы (бас әріптермен), 1 жол тастап аңдатпа (150-200 сөз), одан төмен кілт сөздер (5-10 сөз) қазақ тілінде беріледі. Бұдан кейін екі тілде жазылған мақалалар үшін де ағылшын тілінде abstract 150-200 сөз) және keywords (5-10 сөз) жазылуы тиіс. Аннотация, кілт сөздер 10 шрифтiмен, курсивпен жазылуы тиіс.

Ағылшын тілінде берілген мақалалар үшін авторлардың аты-жөні (бас әріптермен, курсивпен, 11 шрифтiмен), мақаланың атауы (бас әріптермен, 11 шрифтiмен), 1 жол тастап, аңдатпа (аннотация) (150-200), одан төмен кілт сөздер (ключевые слова) (5-10 сөз) алдымен қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде беріледі.

8. Қағаз және электронды түрде автор жөнінде мәліметтер беріледі: - мақаланың аты, автордың аты-жөні толығымен, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы, жұмыс орны қазақ, орыс және ағылшын тілінде («Біздің авторлар» және «Мазмұны» бөліміне жариялау үшін) [23].

Демек, әр ЖОО өздерінің журналдырының талап ережелері бойынша мақала қабылдайды. Талаптар жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүзеге асады.

Бақылау сұрақтары:

1. Мақала дегеніміз не?
2. Мақаланың құрылымы қандай?
3. Мақаланың түрлері қандай?
4. Мақала жазуда басты ескеретін ерекшеліктер не?
5. Халықаралық деңгейде жазылатын журналдарды атаңыз.
6. Мақаланың құрамдас бөліктеріне не жатады?

Тапсырмалар:

1. Мақаланың жалпы құрылымы мен жоспары туралы баяндаңыз.
2. Терминология туралы ұғым.
3. Мақаланың баяндау тілі туралы сипаттама.

12. Аңдатпа. Ғылыми мақалаға аңдатпа жазу

12.1. Аңдатпаның маңызы

12.2. Аңдатпаның талаптары

12.3. Кілт сөздер және оған қойылатын талаптар

Аннотация (лат.annotatio-ескерту) - баспа немесе қолжазба шығармасы мазмұнының қысқаша сипаттамасы.

Мазмұны мен мақсаты бойынша аннотациялар анықтамалық және ұсынымдық болуы мүмкін. Анықтамалық аннотациялар құжаттардың тақырыбын ашады және ол туралы қандай да бір ақпаратты хабарлайды, бірақ сыни баға бермейді. Ұсыныс аннотацияларында құжаттың белгілі бір оқырмандар санатына жарамдылығы тұрғысынан бағалай алады. [24, б. 7].

Аннотация немесе аңдатпа – кітаптың, мақаланың, қолжазбаның мазмұнын, саяси-идеялық бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама. Аңдатпа кітаптың, не мақаланың бірінші бетінде орналасады. Аңдатпаның көлемі, оның түріне қарай бөлінеді. Мәселен, кітапқа берілетін аңдатпа 1 сөйлемнен де тұруы мүмкін, я болмаса 1 бетке дейін жетуі мүмкін. Ал ғылыми мақалаға берілетін аңдатпа 500 әріптен немесе 7-8 сөйлемнен тұрады. Сонымен қатар ғылыми жобаға және диссертацияға жазылатын аңдатпалар да бар. Ғылыми жобаға арналған аңдатпа 1-3 бет көлемінде болса, диссертациялық жұмыстың аңдатпасы 3-7 бет көлемінде болады.

Кітапқа аңдатпа жазу барысында мындай элементтерді ескеріңіз:

- Библиографиялық деректер. Мұнда, кітаптың толық атын (кітап атауынан кейін нүкте қойыңыз), автордың аты-жөнін (аты-жөнінің алдында таяқша қойып, артынан нүкте қойыңыз), шығарылған қаласын (қаланың алдында сызықша қойып, қос нүкте қойыңыз), баспасын (баспа атауын тырнақшаға алып жазыңыз, соңынан үтір қойыңыз), жылы (жылдан соң нүкте қоясыз) мен бет санын (бет санының алдында сызықша қоясыз) жазасыз. Мысалы: Екінші болма! Бизнесіте, карьерада және өмірде жеңіске жетудің қазақша жолы./ Қ. Шомбай. - Алматы: «Самға» баспасы, 2019. - 224 б. [2]

- Автор туралы мәліметтер. Мұнда қысқаша бір сөйлеммен кітап авторы кім екенін жазасыз. Мысалы: «Табысты кісіпкер, ресторатор Қуаныш Шонбай бұл кітабында тұлғаны және бизнесті дамытуға қатысты ақпараттармен бөліседі» [2] немесе «Бұл жинақты құрастырып, аударып дайындаған аудармашы Шынар Әбділдә» [3].

- Туындының жанры немесе нысаны. Мұнда кітаптың қай жанрға жататынын көрсетесіз. Мысалы: Жанр: ғылыми Серия: өмір/ата-ана [4].

- Тақырыптың қысқаша мазмұны. Мұнда кітап не жайлы жазылған, нені қамтиды, негізгі мақсаты не сол туралы қысқаша сипаттама жазасыз. Мысалы:

- Бұл кітапта халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарының мағынасы жас ұрпаққа кеңінен түсіндіріледі. Осы арқылы бұрынғы жақсы мен бүгінгі жаңаны ұштастырып, ұлттық болмыстан айнымай, қазақы тәлім-тәрбиенің мәнін ұғындырады. Кітапта құрсақ шашудан бастап, баланың алғашқы мүшеліне дейінгі аралықта салт-дәстүр, жөн-жоралғылар барынша қамтылған [5].

- Кітаптың басылымға берілуі немесе қайта басылу себептері. Егер кітап белгілі адамның мерейтой қарсаңына, не белгілі бір конференцияға арнап басылса, онда оның себебі көрсетіледі. Кейде бұйрық бойынша шықса, ол да көрсетіледі. Мысалы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамызындағы №769 қаулысына сәйкес жоғары және арнайы оқу орындарының бағдарламаларына «Қазақ тілінде іс жүргізу арнайы курсы енгізілуіне орай тәжірибеден өтіп, сарапталып екшеленген [6].

Ал егер кітап бұрын басылып қайтадан баспаға берілсе, онда оның да себебін жазасыз. Мысалы: Роман-эпопея түпнұсқа бойынша түзетіліп, қалпына келтірілген басылымы бойынша жарияланып отыр [7].

- Аудиторияны сипаттау. Аңдатпаның соңында кітап кімге арналғанын жазасыз. Онда оқырманның жасы, қызметі, қызығушылығы және т.б. ерекшеліктері жазылуы мүмкін. Мысалы: Бұл кітап оқушы, студент, мұғалім және өзінің өміріне бейжай қарамайтын әр жастағы оқырманға лайық» [3] немесе «Кітап философтарға, мәдениеттанушыларға, филологтарға, сондай-ақ ұлт руханиятының жанашырларына арналған» [8].

Ғылыми мақалаға арналған аңдатпа жазу үшін мынадай ережелерді ұстаныңыз:

- Ғылыми мақаланың аңдатпасы 3 тілде жазылады. Егер жұмыс қазақ тілінде жазылса, онда оған міндетті түрде орыс және ағылшын тілінде аңдатпа жазасыз. Ал орыс тілінде жазылса, онда қазақша және ағылшынша аңдатпа бересіз. Ғылыми мақала беретін журналдың ережесін оқыңыз, егер қазақша мақалаға қазақша аңдатпа жазу міндетті болса, онда оны тақырыптан кейін, кілт сөздерге дейін қоясыз.

- Аңдатпа көлемі 100 сөзден тұрады. Ғылыми мақаланың көлем шағын болады. Мақалаңызды беретін журналдың талабына сай сөйлеммен (7-8 сөйлем) немесе сөзбен (100 сөз), не белгі (500 белгі) санымен берілуі мүмкін.

- Аңдатпа тақырыптан кейін орналасады. Оның орналасуы ғылыми журналдың ережесіне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ көп жағдайда аңдатпа тақырыптан кейін, мақала мәтініне дейін орналасады.

- Аңдатпаның құрамындағы баяндауыштар етістіктің келер шағында, ырықсыз етіс және пассив формада жазылады. Мысалы: талданады, болжау айтылады, кірістіріледі деп қорытындылайды, анықталады, бекітіледі, мысалдар беріледі, атап өтеді, нәтижелер баяндалады, атап көрсетіледі, қолданылады, зерттеледі, сыналады, жүйеленеді, қорытындыланады, талқыланады, бекітіледі, анықталады(бағыттар), суреттеледі, тәжірибе бекітіледі, бағаланады, көрсетіледі, ұсынылады, аталады, келтіріледі, сипатталады және т.б.

- Аңдатпа мазмұны тақырыптың қысқаша сипаттамасын қамтиды. Мұнда тақырыптың өзектілігі мен жаңалығын, зерттеу пәні мен нысанының сипаттамасын, оның мақсаты мен оған жетудегі автордың нәтижелерін қысқаша баяндайсыз. Аңдатпаның бағытына немесе жасалынатын құжаттың түріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы:

1-үлгі. Оқу-әдістемелік кешеніне берілетін аңдатпа

«Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» пәні бойынша жазылған білім алушының пәндік оқу-әдістемелік кешені жоғары техникалық оқу орындарында оқитын барлық мамандықтардың жалғастырушы топтарына арналған. Кешенде іс қағаздарын жүргізуге негізделген сан алуан лексикалық тақырыптар, оның дамуы жолынан тарихи деректер, жан-жақты қамтылған

жаттығулар, құжаттың бірнешедең үлгілері беріліп, одан басқа да көптеген жұмыстың түрлері қамтылған.

Кешенде қолданылған жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің түрлерін меңгеріп, пайдалану арқылы, білім алушылар іс қағаздарының тілін, сауатты жазылуын, оның стилін, тарихын, өз тараптарынан мемлекеттік тілде іс қағаздарын толтыруды үйреніп, меңгереді, білімін тереңдетіп, толықтырады.

2-үлгі. Кітапқа берілетін аңдатпа

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том/құраст. Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. - Алматы, 2011.- 752 бет ISBN 978-601-7293-16-1

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011– 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген бұл сөздік – қазақ тілінің сөз байлығын молынан қамтитын «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдық түсіндірме сөздіктің бесінші томы. Аталмыш томда сөздік бірліктер әліпби тәртібімен беріліп, олардың мағыналары ықшам түрде түсіндіріледі, грамматикалық, стильдік мағыналары сараланып, кейбір сөздердің қолданылу аясы мен саласы, этимологиясы көрсетіледі. Сөздік негізінен көпшілік қауымға - баспасөз, ғылым, білім, мәдениет, оқу-ағарту қызметкерлеріне, ана тілін тереңірек білсем, қазақ тілін үйренсем деген жұртшылыққа арналады.

3-үлгі. Мақалаға берілетін аңдатпа

Қонақжайлық қазақ халқының санасындағы басты моральдік норма ретінде ғасырлар бойы қазақ мәдениетінің қалыптасуына өзіндік үлес қосты. Бұл мақалада қазақтың ұлттық санасындағы «қонақжайлық» концептісінің алатын орны мен мәні талданып жазылды. Ұлттық санада «қонақжайлық» ұғымының алғаш қандай мәнге ие болғаны және қазіргі таңда қандай мәнде қолданылатыны талданды. Сондай-ақ, мақалада ұлттық салт-дәстүрдің фразеологизмдерде көрініс табуы қарастырылды. Яғни, «қонақжайлық» концептісін ашатын бірнеше фразеологизмдер жинақталып, топтастырылды. «Қонақжайлықтың» қазіргі қазақ халқының санасындағы орны мен мағынасы ассоциациялық эксперимент арқылы анықталды. Түйін сөздер: сана, ұлттық сана, тілдік сана, қонақжайлық, концепт, фразеологизм [25].

4-үлгі *Диссертацияға берілетін аңдатпа* кемінде 7-10 бет көлемінде 3 тілде жазылады. Аңдатпада диссертацияда қарастырылатын тақырыптың өзектілігі, мақсаты, нысаны, пәні,

қарама-қайшылығы, болжамы, міндеттері, ұсынылатын әдістері, жұмыстың кіріспе, негізгі, қорытынды да қарастырылатын мәліметер ұсыналады.

Сонымен аңдатпа дегеніміз - мақаланың негізгі сұрақтарының тізімін қамтитын жұмыстың қысқаша сипаттамасы.

Бақылау сұрақтары:

1. Аңдатпа дегеніміз не, не үшін жазылады?
2. Аңдатпа жазу түрлері қандай?
3. Кітапқа жазылатын аңдатпа туралы баяндаңыз.
4. Диссертацияға жазылатын аңдатпа туралы толық мәлімет беріңіз.

Тапсырмалар:

1. Ғылыми мақалаға аңдатпа жазу үшін ұсынылатын тіркестер
2. Аңдатпа жазудың құрылымы
3. Аңдатпа үлгілері

13. Ғылыми журналға мақала жіберу. Зерттеу жұмысының нәтижесін жариялау

- 13.1. ҚР БҒМ тізіміндегі журналға мақала жіберу
- 13.2. Халықаралық журналдарға мақала жіберу
- 13.3. Импак факторы бар журналдарға мақала жіберу
- 13.4. Конференцияға мақала жіберу

Халықаралық ғылыми жарияланымдар жүйесінде гібблиометрикалық (ғылымиметрикалық) көрсеткіштер: ғылыми цитаттау индексі және импакт-фактор.

1960 жылы ғылыми ақпарат Институтының (Institute for Scientific Information, ISI), негізін қалаушы Юджин Гарфилд (Eugene Garfield) ғылыми цитаттаудың (сілтеме саны) алғашқы индексін белгілі журналда (Science Citation Index) нақты және жаратылыстану ғылымдары бойынша әдебиеттер үшін енгізді және оны ғылыми жарияланымның беделділігінің көрсеткіші ретінде пайдалануды ұсынды.

1975 жылы Юджин Гарфилд «Science Citation Index» журналына қосымша ретінде «Journal Citation Reports» деп

аталатын жаңа журнал шығара бастады, бұнда ғылыми журналдардың беделділігін төмендегідей формула бойынша есептелетін көрсеткіш бойынша бағалау ұсынылды:

$$IF = A/B$$

Бұндағы А – осы жылғы жарияланымдардағы соңғы екі жылғы журналда жарияланған мақалаларға жасалған сілтеме саны, В – соңғы екі жылғы журналда жарияланған мақалалардың жалпы саны.

Көрсеткіш үшін impact factor (IF, импакт-фактор, ИФ) атауы ұсынылды, оны «беделділік факторы» деп аударуға болады. Ол аталмыш журналда жарияланған мақалаларға басқа ғылыми журналдар жарияланымдарында қаншалықты жиі сілтеме жасалатындығына берілген баға болып табылады.

Цитаттау индексі мен импакт-фактор тәрізді екі айрықша танымал көрсеткіш бір мәліметтер базасы негізіне бағытталады, бірақ Science Citation Index жарияланым немесе зерттеуші беделділігі бағасы, ал импакт-фактор журнал беделділігі бағасы болып табылады.

Халықаралық журналға мақала жариялауды жоспарлау барысында, оның қай журналға жіберілетіндігі алдын ала ойластырылуы қажет. Ал зерттеуді жоспарлауға көшпес бұрын аталмыш ғылым саласы жетістіктерімен танысу, яғни өз зерттеуіңіз бойынша мақалалар мен кітаптарды неғұрлым көп оқу керек. Сөйтіп, зерттеу жұмысын кітаптар мен ғылыми журналдарды оқудан бастаған жөн.

Егер сіз өз жұмысыңызды халықаралық ағылшын тілді журналда жариялағыңыз келсе, онда осындай журналдарды оқу қажет. Бұл сізге өз мақалаңызды жариялау үшін журнал таңдауда жәрдемдеседі.

Мақалаңызды ағылшын тілінде жазуға даярлық ретінде журналдардағы мақалаларды оқи отырып, назарыңызды зерттеу мен әдістемелік ерекшеліктерге, қорытындыларға ғана емес, сонымен бірге автор тарапынан қандай сөздер мен фразалар қолданылатындығына, нәтижелерді қалай дәйектейтіндігіне, әдебиет шолуын қалай ұйымдастыратындығына, қорытындыларды қалай негіздейтіндігіне де аудару керек.

Сіз ағылшын тілінде мақала жазып жатқан болсаңыз немесе оны ағылшын тіліне аударту мақсатында жазып жатсаңыз, онда төмендегі мәселелер қаперіңізде болсын:

- Халықаралық журналдағы мақала әр түрлі елдердің профессионал-зерттеушілеріне арналады. Сіздің мақсатыңыз - мақалаңызды оқылатындай және оны оқырмандардың түсініп, оған лайықты бағасын беретіндей етіп жазу.

Сондықтан мақала жалпыға бірдей ғылыми форматқа сәйкес құрылымға ие болуы керек және зерттеушілердің халықаралық қоғамдастығына түсінікті тілде жазылуы керек, яғни белгілі бір ғылым саласында қабылданған терминдерді қолданумен ерекшеленуі қажет.

- Ғылым ортақ және оның ұлттық сипаты жоқ. Дегенмен телекоммуникация құралдарының дамуындағы соңғы жетістіктерге қарамастан, әр ел ғалымдарын ақпараттық қамтамасыз етуде айрықша айырмашылықтар орын алып отыр. Мақалалардың әр түрлі дәрежеде оқылуы адамдардың түрлі тілде сөйлеуіне байланысты. Тіпті отандық ғалымдар тарапынан кең түрде сілтеме жасалатын мақала шетелде әйгілі бола алмауы мүмкін. Аталмыш жағдайдан шығудың жолы - мақаланы отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстары мен көзқарастарын біріктіруді көздей отырып жазу керек, осы арқылы мақаланы оқуға шетелдіктерді тартуға болады.

Егер сіз өз жұмысыңызды орыс тілінде жазып, артынан аудармашыға беретін болсаңыз, онда мақалаңызды жақсы аударылатындай етіп жазыңыз, сонан соң жақсы аудармашы табуыңыз қажет.

Аударылатын мақаланы жазуға қатысты жалпы нұсқаулар:

- Барынша қарапайым, түсінікті етіп жазыңыз.
- Метафора, аллегория тәрізді әдеби тәсілдерді пайдаланбаңыз. Олар оқырманды мақала мәнінен аулақтатады және аударуда қиындық туғызады.
- Ұзын-сонар сөйлемдерді қолданудан аулақ болыңыз.
- Мүмкіндігінше иллюстрацияны мейлінше көп пайдалануға тырысыңыз.
- Терминдерді қолдануда дәлдікті сақтаңыз.
- Жаңа терминдер мен аббревиатураларды тек қажет жағдайда ғана енгізіңіз. Егер жаңа термин енгізетін болсаңыз, оны айқын анықтамасын ұсыныңыз.
- Формулаларда жалпыға бірдей белгілерді сақтаңыз.
- Мәтінді құрылымға бөліңіз- тақырыпшалар ұсыныңыз.

Ең жақсы аудармашы – аталмыш сала шебері, ағылшын тілін жақсы меңгерген және өз мақалаларын жазу мен әріптестерінің мақалаларын аудару тәжірибесі бар маман. Бірақ оның өзі де нашар жазылған мақаладан ағылшын тілінде жақсы мақала жасай алмайды [17, б. 19-21].

Мақаланың құрылымдық элементтері

Ғылыми мақаланың құрылымы келесі элементтерді қамтуы керек:

- ХТАМР (МРНТИ) индексі;
- мақала авторының (авторларының) аты-жөні (негізгі автор көрсетілуі тиіс);
- автордың (авторлардың) ғылыми дәрежесі, атағы;
- автордың (авторлардың) жұмыс орны-ЖОО-ның (ұйымның), қаланың, елдің атауы;
- әр автор үшін байланыс ақпараты (e-mail);
- авторлардың ORCID индексі;
- мақаланың атауы;
- аннотация;
- тірек сөздер;
- кіріспе (өзектілігі);
- зерттеу шарттары (бастапқы материалдары) мен әдістері;
- зерттеу нәтижелері;
- ғылыми нәтижелерді талқылау;
- қорытынды;
- әдебиеттер тізімі;
- қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса);
- түйінді ақпарат - мақала тілінен өзге тілде (орыс/қазақ): автордың аты-жөні,

ЖОО-ның ұйымның атауы, мақаланың тақырыбы, аннотация, тірек сөздер. Қаріп түрі -C alibri;

- түйінді ақпарат ағылшын тілінде: автордың аты-жөні, ЖОО-ның ұйымның атауы,

мақаланың тақырыбы, аннотация, тірек сөздер, әдебиеттер тізімі. Қаріп түрі - Calibri;

ХТАМР индексі беттің сол жақ шетінде жазылады. Индексті www.grnti.ru сілтемесі арқылы алуға болады.

Авторлар аты-жөндері келесі ретпен көрсетіледі: инициалдары және тегі

(Мысалы: А.Б. Мұсабаев) қою әріптермен беріледі. Жанына ORCID индексі көрсетіледі.

Мақаланың негізгі авторы белгіленіп көрсетілуі керек.

Авторлар туралы мәліметтер (ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс орны, қаласы, елі, телефон нөмірі, электрондық почтасы) келесі жолда беттің ортасында курсивпен жазылады.

Мақаланың тақырыбы мазмұнды дәл көрсетіп, қысқа әрі нақты болуы керек.

Мақала атауындағы сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Мақала тақырыбының қаріпін бас әріптермен теріп, қалың мәтінмен жазу керек. Қаріп өлшемі – 14 Тақырып беттің ортасында жазылу керек.

Аннотацияда мақаланың негізгі мәні, зерттеу әдістері, басты нәтижелері, олардың маңыздылығы, ғылыми және практикалық құндылығы баяндалады. Аннотация көлемі 100-150 сөз аралығында болуы керек. Аннотация 10- өлшемді қаріппен теріліп, беттің ені бойынша тураланады.

Тірек сөздер мақаланы іздеуге және оның пәндік саласын анықтауға арналған.

Тірек сөздер мақала мәтінінде жиі қолданылатын жеке сөздерден немесе сөз тіркестерінен тұрады. Тірек сөздердің саны 5-10-нан аспауы керек. Тірек сөздер 10 - өлшемді қаріппен теріліп, беттің ені бойынша тураланады.

Мақала кіріспе, зерттеу шарттары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, нәтижелерді талқылау, қорытынды және әдебиеттер тізімі бөлімдерін қамтуы керек.

Кіріспе бөлімінде мақала тақырыбын таңдау қажеттілігі, оның өзектілігі мен жаңалығы көрсетілуі керек. Тақырыптың өзектілігі - мәселенің жалпы маңыздылығын сипаттай отырып, оның толық ашылмағандығын, қосымша теориялық және тәжірибелік зерттеулер қажеттілігін баяндау.

Зерттеу шарттары (бастапқы материалдары) мен әдістері бөлімінде материалдар мен жұмыс барысының сипаттамасы және қолданылған зерттеу әдістері көрсетілуі керек.

Зерттеу нәтижелері бөлімінде зерттеу барысында алынған нәтижелер баяндалады.

Ғылыми нәтижелерді талқылау бөлімінде алынған нәтижелердің ерекшеліктері мен оларды бұрын алынған белгілі мәліметтермен салыстыра отырып талдау нәтижелері келтіріледі.

Қажет болған жағдайда зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау бөлімдері біріктіріледі.

Қорытынды бөлімінде зерттеу нәтижелеріне жалпылама түсінік беріліп, қорытынды жасалады.

Әдебиеттер тізімі мақала мәтініндегі берілген ретпен келтірілуі тиіс. Әдебиеттер тізімін рәсімдеу МЕМСТ 7.1-2003 Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама.

Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері бойынша орындалуы керек. Әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі төменде келтірілген. Әдебиеттер тізімі 10 – өлшемді қаріппен теріліп, беттің ені бойынша 1,0 см шығу (выступ) арқылы жазылады.

Түйіндеме бөлімінде мақаланың қазақ/орыс тілінде (мақала тақырыбы, аннотация, тірек сөздер, авторлар туралы ақпарат) және ағылшын тілінде (мақала тақырыбы, тірек сөздер, автор туралы ақпарат, сондай-ақ транслитерацияланған және ағылшын тіліне аударылған әдебиет тізімі) қысқаша ақпарат берілуі тиіс. Түйіндеме 10-өлшемді қаріппен теріліп мақаланың соңында беріледі.

Әдебиеттер тізімін транслитерациялау <http://translit-online.ru> сілтемесі арқылы орындалады.

Кестелер, формулалар және графикалық материалдар

Мақалада (қажет болған жағдайда) кестелік, формулалық және графикалық материалдар берілуі мүмкін.

Кестелерге міндетті түрде сілтемелер берілуі керек. Кестелер мақала мәтінінде алғашқы сілтемеден кейін немесе келесі бетте көрсетіледі. Кесте нөмірі беттің сол жақ шетінен азат жолсыз беріледі (Кесте 1), ал кестенің аты бір жол аралық төмен түсіп беттің ортасында беріледі. Кесте бір бетке сыймаған жағдайда бағандары нөмірленіп келесі бетте жалғасы беріледі. Кестенің жалғасын мысалда көрсетілгендей етіп беру қажет (1- кестенің жалғасы).

Формулалар нөмірленуі тиіс. Формула азат жолдан басталып беріледі, ал нөмірі сол жолдың оң жағында жақша ішінде көрсетіледі. Формула мен мәтіннің бір жолааралық қалады. Формулалар Microsoft Equation немесе MathType редакторларымен терілуі тиіс. Суреттерге (сызбалар, сұлбалар, графиктер, диаграммалар) мақала мәтінінде міндетті түрде сілтемелер берілуі керек. Суреттер алғашқы сілтемеден кейін немесе келесі бетте көрсетілуі керек. Суреттер компьютерлік бағдарламалар көмегімен дайындалуы тиіс.

Диаграммалардың түсініктеме жазбалары диаграмма ішінде берілуі керек. Сканерленген суреттердің сапасы жоғары болуы қажет. Суреттердің реттік нөмірлері араб цифрларымен белгіленеді, сурет аты суреттің астында ортада беріледі. (Мысалы: Сурет 1 Суреттің аты). Суреттің түсіндірме жазбалары болған жағдайда олар сурет пен оның атының ортасында беріледі.

Мақаланың тексерілу тәртібі

Редакцияға келіп түскен мақала екі апта аралығында қаралып, қойылған талаптарға сәйкестігі анықталады (антиплагиатқа тексеру, рәсімдеу тәртібі, рецензиялау және т.б.).

Мақаланың шынайылығы гуманитарлық бағыт үшін 70%-дан, ал техникалық мамандықтар бойынша 75%-дан кем болмауы тиіс. Мақалада өз ғылыми еңбектеріне сілтеме жасау үлесі 15%-дан аспау керек. Журнал редакциясы мақаланы рецензиялауға өзі жібереді. Мақаланы қабылдау жөнінде оң шешім шыққан жағдайда авторларға тиісті хабарлама беріледі және төлем реквизиттері жіберіледі. Ал егер, мақала талаптарға сай болмаған жағдайда авторлар мақаланы түзету қажеттілігі туралы тиісті хабарлама алады [26]. Автор қабылданған мақаланың жариялау ақысын төлеп, түбіртектің электрондық нұсқасын редакцияға жолдауы керек. Барлық хат алмасулар <http://journal.tarsu.kz/> порталы арқылы жүзеге асады.

Бақылау сұрақтары:

1. Кестелерді өңдеу қалй жүзеге асады?
2. Мақаланың құрылымы қандай элементтерден тұрады?
3. Тірек сөздер дегеніміз не?
4. Аннотацияның құрамындағы сөздері қанша сөзден тұрады?
5. ORCID индексі дегеніміз не?
6. Юджин Гарфилд деген кім?

Тапсырмалар:

1. Импак факторы бар журналдарға мақала жіберу туралы ұғым
2. ҚР БҒМ тізіміндегі журналдар туралы анықтама

14. Ғылыми жобалар. Ғылыми жобалармен жұмыс

14.1. Жоба. ҚР БҒМ жариялаған гранттық жобалар

14. 2. ҚР Ғылым қорларының жобалары

14. 3. Халықаралық ғылым қорлармен жұмыс

Жоба жұмысы жоғарғы оқу орнының білім алушыны кәсіби дайындау жүйесіндегі ең қажетті элементтерінің бірі десек те болады. Бұл дайындық білім алушының өзіндік зерттеу қабілетінің қалыптасуын, (оның ішінде мәселені қарастыруы, мағлұматтың жиынтығы мен өңдеуі, тәжірибе жүргізу, талдаудан алынған нәтижелерді) шығармашылық қабілет пен логикалық ойлау қабілетін дамытады. Жоба жұмысы оқу барысындағы алынған білімді интегралдауға және өмірлік нақты мәселелерге жақын жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді.

Жоба әдісі әрдайым мәселенің шешімін болжайды. Мәселенің шешімі бір жағынан жинақтар, түрлі әдістер мен оқу құралдардың қолданылуын қарастырса, екінші жағынан білімнің интегралдау қажеттілігін болжап, оны түрлі пәндерде қолдануды, кәсіби бағытталған міндеттерді шешудегі шығармашылық қабілеттер мен технологиялардың пайдаланылуын қарастырады.

Жоба әдісі педагогикалық технология ретінде зерттеу, іздену, мәселелік әдістер мен шығармашылық жиынтықты өзінің мәні бойынша болжайды. «Менің барлық біліп, үйреніп жатқаным маған қай жерде, не үшін қажет, осы білімді қалай пайдалануыма болады?» - жоба әдісін заманауи түсіндірудің ең негізгі тезисі болып табылады. Жоба (латын тілінде *projectus*, алға қойылған деген мағынаны білдіреді): 1) қандай да бір құрылым мен бұйым жасауға арналған құжаттар жиынтығы, есебі, сызу және т.б.; 2) қандай да бір құжаттың алдын ала берілетін мәтіні; 3) ой, жоспар. Жоба әдісінің негізі – жоба түсінігінің мәнін беретін, оның теориялық және практикалық мәселелерді шешу кезіндегі нәтижеге деген прагматикалық бағыттылығы болып табылады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін өзіндік ойлау, мәселені тауып оны шеше білу қабілетіне, осы мақсаттағы түрлі саладағы білімді пайдалану, нәтижелер мен түрлі шешімдердің соңын болжай білу қабілетіне ие болуы қажет. Жеке қорытындылық жоба білім алушының тәжірибелі бағытталған міндетінің шешімі бойынша өзіндік мәселелік -ізденісінің өнімін көрсетеді.

Бұл жоба біліктілік жұмысының шеңберінде жобаны көрсету мен кәсіби ортада, нәтижелі әрі мақсатты түрде жүзеге асыру қабілеттерін көрсету мақсатында орындалады: педагогикалық,

ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, аналитикалық, әлеуметтік-құқықтық.

Бұл мақсат жобаның төмендегідей міндеттерін көздейді:

- жоспарлауды үйрену (білім алушы мақсатын қолдана алуы, мақсатқа жету үшін басты қадамдарын белгілеуі, жұмыс барысындағы барлық мақсаттарға қол жеткізу ойластыра алуы керек);

- материалдар, мағлұматтар өңдеуі мен дағдылар жиынтығын қалыптастыру (білім алушы дұрыс мағлұматты тандай, оны қолдана білуі керек);

- мақсатына сай әртүрлі талдау жасау (креативтік және сыни түрде);

- жазбаша есеп бере алуы: білім алушы жұмыс жоспарын нақты құруы, мағлұматты анық ұсынуы, библиография жайында түсінуі керек;

- жұмысына деген дұрыс көзқараста болуы керек: білім алушы бар ынтасын білдіруі, жұмысты жоспар бойынша уақытылы орындауы керек.

Жобалық жұмысты ұйымдастырудағы принциптер:

- жобаны орындауы үшін мықты болуы керек;

- жобаны жақсы жасау үшін қажетті шарттарды орындау керек;

Білім алушыны жобаны жасауға дайындау (білім алушыларға тақырып таңдау үшін уақыт болатындай арнайы бағдар беру керек. Бұл жерде жобалық жұмысқа тәжірибелі білім алушыларды тартуға болады).

- ғылыми жетекші жобаның тақырыбын (орындалу мерзімін қоса) талқылауы, оны қорғауға кеңес беруі керек;

- жобалық жұмыстың нәтижесі бойынша міндетті түрде берілетін таныстыру рәсімі.

Жоба классификациясы түрлі негіздемелер арқылы жүзеге асады. Жобадағы басыңқы әдіс бойынша жоба келесі түрлерге бөлінеді:

а) Зерттеу жобасы.

Мұндай жобалар жақсы ойластырылған құрылымды, мақсаттарды, өзектілікті, әлеуметтік маңыздылығын, ойластырылған әдістерді, оған қоса тәжірибелік жұмыстар мен нәтижелерді өңдеу әдістерін талап етеді.

- жоба ғылыми-зерттеу логикасында құрылады;

- жобаға оның өзектілігінің дәлелі қосылады;

- зерттеу нысаны мен пәні анықталады;
- жобалық зерттеудің мақсаты мен міндеттері белгіленеді;
- зерттеудің болжамын анықтайды;
- зерттеу әдістерін көрсетеді;
- мағлұматтың әдебиетін нақтылайды;
- зерттеу әдіснамасы шығарылады;
- мәселені шешу жолдарын анықтайды;
- жаңа мәліметті тәжірибелі жолмен меңгереді;
- жобаны қорытынды түрінде жасайды;
- болжамды бекітеді немесе жоққа шығарады;
- мәселенің жаңа спектрін көрсетеді.

ә) Мағлұматтық жоба

Жобаның бұл түрі алғашында қандай да бір нысан жайында мағлұмат жиынтығына, осы мағлұматпен танысуға, үлкен аудиторияға арналған талдау мен фактілерді жалпылауға бағытталады.

Мұндай жобалар зерттеу жобасы ретінде жақсы ойластырылған құрылымды, жұмыс барысындағы жүйелік жөндеулерді талап етеді. Мұндай жобаның құрылымы төмендегідей болуы мүмкін: жоба мақсаты, оның өзектілігі - мағлұматты алу және өндеу, (олардың талдауы, жалпыламасы, дәлелдері, т.б.) - нәтиже (мақала, реферат, видео, баяндама) - таныстыру (жариялау, телеконференцияларды талқылау т.б.)

б) Шығармашылық жобалар

Мұндай жобалардың толық жасалған құрылымы болмайды, ол тек зерттеушінің қызығушылығы мен логикасына қарай дамиды.

в) Ойындық жобалар

Мұндай жобаларда да құрылым тек белгіленеді де жоба аяқталғанша ашық күйінде қалады. Қатысушылар жобаның мазмұны мен мінездемесіне қарай өздеріне белгілі бір рөлдерді алады. Бұлар қатысушылардың ойластырған іскерлік және әлеуметтік қатынасты сомдайтын әдеби кейіпкерлер мен батырлар болуы мүмкін. Мұндай жобалардың нәтижелері жобаның басында белгіленіп, тек соңында ғана анық көрінеді. Мұнда шығармашылық деңгейі өте жоғары, алайда рөлдік ойындар басыңқы іс-әрекет болып табылады.

г) Практикалық жобалар

Бұл жобалар зерттеушінің жұмысының нәтижесін басынан бастап нақты ажыратады. Әрі бұл нәтиже міндетті түрде

зерттеушінің әлеуметтік қызығушылығына бағытталған (газет, құжат, видеофильм, заң жобасы, анықтама материалдары).

з) Біліми

Жоба - зерттеушінің белгілі бір уақыт аралығында алған біліміне қарай жұмысын кешенді түрде қарастырады. Біліми жобаның құрылымдық негіздері төмендегідей:

- жобаның аты
- дәйексөз, ұран немесе жобаның басқа түрі
- жобаның жалпы сипаттамасы
- жобаның идеясы
- жобаның мақсаты мен міндеттері
- жобаға қатысушылар
- жобадағы тіркелудің шарттары
- жобаның орындалу уақыты
- жобаны жүргізу кезеңдері
- диагностикалық және баға беретін топ
- жобаның нәтижелері мен бағасы. сый-сыяпат пен мадақтаулар
- жобаның авторлары, үйлестірушісі, ұйымдастырушылары, т.б.

д) *Оқу жобалары* бір немесе бірнеше міндеттерді тұжырымдайды және шешімін талап ететін мәселелерден тұрады. Бұл міндет өзінің тұжырымымен қызықтыратындай және жобаға ынталандыратындай болуы керек. Ынталандырудың ең жоғарғы деңгейі зерттеушінің кәсіби жұмысына байланысты бағыттылығы мен тақырыбын, жобаны өңдеу барысында көрінеді. Жобалар кәсіби жұмыстың әртүрлі аумағында орындалады, осыған орай зерттеуші келешекте білім берудің дамуымен байланысты мәселелермен танысып, осындай өзекті мәселелерді шешу дағдысына иеленеді.

Жоба жұмыстарына қойылатын талаптар

Оқытудың жоба әдістемесі өзіндік мақсат қою мен оған жету жолын табуға үйретеді. Білім алушы өздігінше қажетті ақпаратты іздеу, іріктеу және талдау жұмысын орындайды.

1 Жоба өзектілігі

Жоба өзектілігі белгілі бір мәселені шешуге арналған жобаның, зерттеу жұмысының мақсатының немесе зерттеу болжамын тексеру маңыздылығын анықтайды.

2 Тәжірибелік маңыздылығы

Жоба тәжірибелік тұрғыдан өте құнды болуы тиіс, яғни оның нәтижелері жоғары оқу орындарында білім беру кезінде, білім беру саласындағы қызметкерлердің жұмысында қолданылуы тиіс.

3 Жоба жаңалығы

Зерттеуші бұрын соңды мұндай жұмыстар орындалды ма жоқ па, оларды кімдер зерттегенін білуі керек. Орындалатын жоба алдыңғы ұқсас жұмыстарға қарағанда белгілі бір деңгейде жаңалыққа ие болуы керек.

4 Жобаның кәсіби деңгейі

Білім алушы алдына қойған міндеті қиын, бірақ орындалатындай болуы керек. Жұмысты оқытушы бақылап отырғаны жөн, содан соң маманға сараптамаға беріледі.

5 Жобаның жариялылығы

Жұмысты аяқтағаннан соң міндетті түрде оны таныстырып, жариялау керек.

7 Жобаны ұйымдастыру деңгейі

Жобаны белгіленген уақытта аяқтау керек. Мерзімге сәйкес орындамау қойылатын бағаның төмендеуіне әкеп соғады. Білім алушыларға алдын ала берілгін формада оны рәсімдеу керек.

8 Жобаның техникалық деңгейі

Жоба заманауи ақпараттық технологияларды колдана отырып орындалуы тиіс. Білім алушылардың жоба жұмысын ұйымдастыру кезінде іс-әрекеттің әртүрлі түрлері бойынша жұмыс істелуі мүмкін. Бұл білім алушылардың бір мәселені әртүрлі тұрғыдан қарауына көмектеседі, коммуникативтік дағдылары мен іскерліктерін дамытады. Аудитория алдында білім алушы өз ойын толық және түсінікті жеткізу үшін ақпаратты дұрыс және сауатты түрде жинақтауы керек.

Жоба құрылымы. Келесі тармақтар қамтылатын түсінік хат:

- жоба тақырыбы,
- жоба өзектілігін анықтау,
- жоба мақсаты мен міндеттері,
- ұқсас жұмыстар арасында жобаның алатын орны,
- жоба жаңалығы,
- жобамен жұмыс істеу жоспары,
- күтілетін нәтижесі
- жоба нәтижелерін сипаттау (қағаз және электронды нұсқа) және оны таныстыру.

Ғылыми жетекшінің жоба туралы пікірі. Жоба жұмысын орындау бірнеше кезеңдерден тұруы шарт.

Дайындық немесе кіріспе

- Жоба тақырыбын тандау.
- Мақсатын анықтап, міндеттерді қою.
- Жоба топтарын анықтау және білім алушылар міндеттерін бөліп беру.
- Жобаға қатысты талаптар, мерзімі, берілетін кеңестер туралы ақпарат беру.
- Жоба тақырыбы мен топ мүшелерінің жоспарын бекіту.
- Жоба барысы мен бағалау критерийлерін, оны қорғау формасын айқындау.

Іздеу-зерттеу кезеңі

- Ақпарат көздерін анықтау
- Ақпаратты тандау және талдау
- Зерттеуге дайындалу және оны жоспарлау
- Зерттеу жүргізу. Жұмыс мақсатына сәйкес материал жинақтау.
- Ұйымдастыру - кеңес алу сабақтары. Жоба барысында туындаған сұрақтарды талқыға салу, есеп беру.

Безендіру кезеңі

- Жобаны алдын-ала қорғау
- Берілген ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, түзету.
- Жобаны қорғауға дайындалу:

Қорытынды кезең

- Жобаны жұрт алдында қорғау.
- Орындалған жұмыс нәтижелерін қорытындылау және талдау.

Жобаны қорғауға қойылатын талаптар

Білім алушы жоба жұмысын мультимедия көмегімен қысқаша хабарлама жасайды. Ол жоба тақырыбын, мақсат, міндеттерін, теориялық және тәжірибелік зерттеудің нәтижелерін, мәселе және оны шешу жолдарын және қамтуы тиіс. Сонымен қатар, білім алушы ары қарай дамытып зерттеу үшін ұсыныс беруі керек. Қорғау кезінде білім алушы жоба бойынша қойылатын теоретикалық және практикалық сұрақтарға мүдірмей толық та нақты жауап беруі керек.

Білім алушының орындаған жоба жұмысын бағалау кезінде келесі критерийлер назарға алынады:

- ұсынылған жұмыс сапасы;

- жұмыс мазмұнының толық ашылуы;
- сөзінің нақтылығы мен байланыстылығы;
- қаралатын мәселе өзектілігі мен маңыздылығы;
- тақырып пен теоретикалық мазмұнын меңгеруі;
- қойылған сұрақтарға берген жауаптардың сапасы;
- презентация, көрнекті және үлестірме материалдарды қолдануы [27].

Сонымен, жоба дегеніміз - белгілі бір бағыттағы ғылыми мәселелермен байланысты зерттеу жұмысы.

Ғылыми проблема – бұл теориялық және практикалық мәселелердің жиынтығы.

Ғылыми тақырып – қандай да бір мәселенің шешімін табу барысында дайындалатын мәтін.

Ғылыми зерттеу тақырыбының мазмұны мына талаптарды қамтуы тиіс:

- зерттелетін тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы;
- зерттеудің мақсаты мен міндеттері;
- зерттелетін жұмысының теориялық және практикалық қорытындылар әзірлеу;
- зерттелетін жұмысының ғылыми және практикалық мәні;
- зерттеушінің нәтижелерінің нақтылығы.

Бақылау сұрақтары:

1. Жоба дегеніміз не?
2. Жобаның түрлері қандай?
3. Жобаның құрылымы қандай?
4. Жобаны безендіру түрлері қандай?
5. Жобада ескерілетін талаптар қандай?

Тапсырмалар:

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсы туралы сипатама
2. Студенттік ғылыми жоба туралы ұғым
3. Жобаны шектейтін факторлар туралы анықтама беріңіз.
4. Жобаны бағалау критерийлері

15. Баяндама. Ғылыми конференцияларға баяндама дайындау

- 15.1. Баяндама және оның түрлері
- 15.2. Баяндамаға қойылатын талаптар
- 15.3. Презентация дайындау
- 15.4. Презентацияны қорғау

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін жазу және оны әдеби көркемдеу – зерттеу жұмысының негізгі элементі болып табылады.

Зертеу жұмысы нәтижелерін баяндау немесе жазу түрінде орындауда олардың мәтінінің дұрыстығы, оның стилистикасы мен тыныс белгілері ережелерінің дұрыс орындалуына байланысты екеніне шүбә келтіруге боламайды.

Стилистика – стиль туралы ілім. «Стиль» деп белгілі бір жалпы халықтық тілдің аумағындағы тілдік құралдарының қолданылу, сұрыпталу және тіркесу тәсілдерінің қоғамдық айқындалған, қызмет жағынан сәйкестендірілген, іштей топтасқан жиынтығын айтамыз.

Зерттеу жұмыстары мазмұнына сәйкес төмендегілерді болады:

Ғылыми стиль – ғылыми еңбектер, лекция, баяндамаларда жұмсалады. Сөйлеуде жалпылама дерексіз, логикалық, дәлеледеу жағы басым. Тіл тәсілдері: жалпы және дерексіз мәндегі бейтарап, ғылыми терминдер.

Публистикалық стиль – газет, журнал, митинг, жиналыстарда пайдаланылады. Сөйлеу қызулы, ұранды болып, көпшілікке ықпал жасау, қоғамдық істерге адамдардың дұрыс қатынасын қалыптастыру міндетін атқарады.

Тыныс белгілерін тіл білімінде пунктуация деп те атайды. Пунктуация – жазуға тән шартты белгі. Ол жазумен байланысты қалыптасты, дамыды, жетілді.

Тыныс белгілері – айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады. Бұл – тыныс белгілерінің ең басты қасиеті.

Жазба тілде болсын, сондай-ақ ауызекі тілде болсын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгілері

мүлде қойылмаған немесе дұрыс қойылмаған текстті сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қиын.

Тыныс белгілерін дұрыс қою инотациямен тікелей байланысты. Мәселен, хабарлай айтылған сөйлемнен соң кідіріс болады ды, соған орай нүкте қойылады.

Ғылыми жұмыстардың әдеби көркемделінуі төмендегі формалар түрінде орындалады.

Реферат – қандай да бір мәселе төңірегінде әдебиеттерге және басқа да ақпараттарға сыни көзқараста талдау жасалынған дүние.

Баяндама тезисі-баяндама мазмұнында айтылатын мәселелердің қысқа, логикалық нұсқасы.

Баяндама - негізінен ғылыми конференцияларда, ғылыми зерттеу жұмысының бағыты, барысы, нәтижесі т.с.с., жөніндегі хабарлама. Оның баяндалу ұзақтығы 10-20 минут. Көбінесе, аралығы 2 интервалмен басылған бір беттегі материалды оқып шығуға 2 минут көлемінде уақыт кететіндіктен, оның көлемі 5-10 беттен аспағаны жөн.

Баяндама дайындауға қойылатын талаптар.

Баяндама толық 4 батке дейін (суретті қоса есептегенде) Word 6.0, 7.0 for Windows97-2000 редакторында, A4(210x297) форматты парақта дайындалып берілуі тиіс, қолданылатын шрифт — Times New Roman, Kz Times New Roman. Интервал – 1. парақтың барлық жағынан 25 мм алаң қалдырылуы тиіс. Материал төмендегі ретте орналасады: бірінші қатарда ЖОК көрсетіледі, 1 қатар тастап – баяндаманың тақырыбы (бас әріптермен), 1 келесі қатарда мекеменің және қаланың аталуы, бір қатардан соң резюме (тақырыпсыз курсивпен) қазақ (орыс тіліндегі баяндамалар үшін) немесе орыс (қазақ тіліндегі баяндамалар үшін) және ағылшын тілдерінде келтіріледі. Осыдан кейін бір қатар тастап, баяндаманың негізгі тексті басылады.

Әдебиеттер тізімі негізгі тексттен кейін бір қатар тастап басылады.

Ғылыми педагогикалық зерттеу жұмысы нәтижелері бойынша орындалған жұмыстарға, ғылыми есеп, монография, оқу құралдары жазылады. Олардың бірінші беттерінің (титулдік) жазылуы белгілі формаға сәйкес келуі керек.

Текст жазылуы төмендегі өлшемдерге сәйкетендіріледі: сол жағы – 30 мм кем емес, оң жағы – 10 мм кем емес, жоғары жағы – 15 мм кем емес, төменгі жағы 20 мм кем емес болуы керек.

Кіріспе. Кіріспе сөзі үлкен бас әріппен КІРІСПЕ түрінде жеке жолға жазылады. Кіріспеде – ғылыми мәселенің қазіргі жағдайы, жұмыстың мақсаты, оның жаңалығы және көкейкестілігі жазылады.

Тарау. Тарау өте қысқаша құрастырылғаны жөн. Онда тарау мазмұны, параграфтары т.с.с., ашылатындай, жазылған еңбектің өн бойын қамти алатын болуы керек. Егер тарау аттарының бірі арнайы атауға, екіншісі басқа мағынада болса, бұл немқұрайлылықтың белгісі деген сөз [28].

Слайд – презентацияның негізгі ұғымы. «Слайд» термині дисплей бетінде көрінетіне, басылып шығатынына немесе 35 миллиметрлі пленкада шығарылатынына қарамастан, визуалды презентациялық материалдардың бірлігін көрсету үшін пайдаланылады.

Слайдтың негізгі элементтері: тақырып ат және тақырыпша, графикалық бейнелер (суреттер), кестелер, диаграммалар, ұйымдық диаграммалар, мәтіндер, дыбыстар, таңбаланған тізімдер, фон, колонтитул, слайд нөмірі, күн, әр-түрлі сыртқы объектілер және тб.

Презентация үлгісі – жаңа презентация жасауда негізге алынатын презентация. Егер компанияда бірнеше қызметкерлер тұрақты түрде презентация жасайтын болса, онда корпоративтік үлгі жасаған ыңғайлы болады. Бұл дизайнның бірыңғай стилін сақтауға көмектеседі.

Слайдтарды белгілеу – слайдтың элементтерінің бірыңғай орналасуы – атауы, мәтін негізі, иллюстрациялар.

Microsoft PowerPoint бағдарламасында элементтердің орналасуын оңайлататын және бір мәнерді сақтайтын стандартты орналасу сызбалары бар.

Түстердің сызбасы – слайдтарда, ескертпелер беттерінде және үлестірме пайдалануға болатын сегіз түстің негізі. Түс сызбасының өң түсі, жолдар мен мәтіннің түсі және алты қосымша түстерден тұрады. Осы түстердің реңі слайдтарды қабылдауды жақсартады.

Презентацияның құрылымы – баяндама слайдтардың тәртібі және есептің негізгі тармақтары. Microsoft PowerPoint бағдарламасында Құрылым күйінде арнайы көрсетілім түрі бар. Бұл режимді пайдалану презентацияны жоспарлау кезінде ыңғайлы, себебі ол слайдтарды оңай ауыстыруға және мәтінді өңдеуге мүмкіндік береді.

Анимация – әртүрлі слайд элементтері үшін немесе слайдтарды өзгерту үшін қозғалыс әсерлерін (анимацияларды) пайдаланыңыз.

Мысалы, Microsoft PowerPoint бағдарламасының көмегімен слайд мәтіні мен диаграмма слайдтағы келесі элементтің пайда болуымен біртіндеп пайда болады немесе жоғалады.

Көрсету – презентация слайдтарының көрсетілімін қосу. Презентацияны редакциялау режимінен айырмашылығы, демонстрацияны аудиторияға көңіл аудару кезінде іске қосылды.

Тарату (үлестіріме/таратпа материалдары) – белгілеуге ыңғайлы болғандықтан презентацияға қатысушыларға берілетін көмекші құралдары.

Баяндаушының белгілеулері – слайдтарға түсіндірме сөздер, слайд мәтінінің нобайы, слайдқа қатысты кез келген мәтіні (презентацияны өрсету барысында жасырылатын). Қорытынды слайды – өзге слайдтардың тақырыптары қамтылған слайд. Мысалы, түйіндеменің көрсетілімі бірнеше бөлімнен тұрады: жұмыс тәжірибесі, білім, дағдылар, хоббиер және т.б. Соның нәтижесінде слайдта бөлімдердің тақырыптары және, осы бөлімдерге гиперсілтемелер болуы да әбден мүмкін. PowerPoint бағдарламасында қорытынды слайдты автоматты түрде құру мүмкіндігі бар.

Колонтитулдары – әрбір слайдта қайталанатын мәтін. Ең жиі кездесетін сілтемелер: компания атауы, ұсыну күні, слайд нөмірі.

Слайдтардың еркін көрсетілімі – жеке көрсетілім ретінде жұмыс істейтін дербес көрсетілім слайдтары жиынтығы. Мысалы, 100 слайдтан тұратын өнімді жарнамалайтын презентацияңыз бар. Сіздің кеңсеңізге өнімнің тек 4 түрін сатып алатын сауда өкілі келді. Еркін көрсетілім қызметін пайдалана отырып қызметкер слайдтардың реттілігін тапсырыс берушінің талабы бойынша ұсынады. Бұл жағдайда бастапқы көрсетілім және слайдтар өзгеріссіз қалады [29, б. 7-8].

Басқарушы пернелері – слайд көрсетілімін басқаратын слайд элементтері. Мысалы, Сіз презентацияның негізгі бөлімдерінің мазмұны қамтылған слайд құрдыңыз. Бөлім тақырыптары сәйкес слайдтарға гиперсілтемелер ретінде беріледі. Осылайша, әрбір слайдта орналасқан Үй басқару батырмасы слайдтың мазмұнына бірден әкеледі. Бұл мүмкіндік кеңінен жиі қайталанатын қатені болдырмауға көмектеседі - презентацияның бірнеше жерлерінен слайдты қайталау мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Баяндама дегеніміз не?
2. Баяндама жазу талаптары қандай?
3. Презентация дегеніміз не, не үшін қажет?
4. Презентация жасау кезінде қолданылатын бағдарлама қалай аталады?
5. Баяндамашының міндеттері қандай?

Тапсырмалар:

1. Баяндама жоспарын құру иуралы баяндаңыз.
2. Ғылыми баяндама жазуға дайындау жолдары.

16. Ғылыми зерттеу әдіснамалық негіздері

- 16.1. Ғылымның анықтамасы
- 16.2. Ғылым және шындықты игерудің басқа түрлері
- 16.3. Ғылым дамуының негізгі кезеңдері
- 16.4. Ғылыми білім туралы түсінік
- 16.5. Ғылыми таным әдістері
- 16.6. Әдіснаманың этикалық және эстетикалық негіздері

Ғылымды кеңірек мағынада шындық өмір туралы объективті білімдерді жасау және теориялық жинақтау іске асатын адами әрекеттің бір саласы деп қарастырады. Ғылым - білімдер жасау, алу мақсатындағы әрекет, жұмыс. Ғылым саласындағы әрекет - ғылыми зерттеу. Бұл ғылымның құралдары мен әдістері пайдаланылатын және зерттелетін объектілері туралы білімдердің қалыптасуымен аяқталатын объектіні жүйелі және мақсатқа бағытталған түрде зерделейтін таным үдерісінің ерекше түрі. Ғылым сол ғылымда жинақталған білімнен, жалпы адами тәжірибеден алынған ақпаратқа сүйенеді, ол ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған. Оның нәтижелері ғылымда белгілі бір олқылықтардың орнын толтырады. Зерттеу барысында танымның арнайы құралдары қолданылады: модельдеу, болжамдар жасау, эксперимент жүргізу және т.б.

Қазіргі уақытта ғылым әдіснамасы мамандары «ғылым объектісі» мен «ғылым пәні» түсініктерін ажыратып қарастырады. Объект дегеніміз - зерттеушінің танымдық әрекеті бағытталған шындық болмыс, ал пән дегеніміз - зерттеудің объектісін ғылыми

тұрғыдан көру тәсілін бейнелейтін зерттеу субъектісі мен объектісі арасындағы буын.

Өртүрлі ғылым өкілдері бір ғана объектіні әр ғылымға тән түрлі түсініктер жүйесінде көреді және оның ішінде түрлі жақтарын, байланыстары мен қарым-қатынастарын ерекшелейді [4].

Неміс философы Ясперс ғылымның қалыптасуының екі кезеңін көрсетеді:

1-кезең - ғылымның логикалық және әдістемелік қалыптасуы, яғни ертедегі грек ғылымы және Қытай мен Индиядағы ғылыми танымның алғашқы қайнар көздерінің қалыптасуы;

2-кезең - қазіргі заманғы ғылымның орта ғасырдың соңында пайда болып, XVII ғасырда бекінуі. XVII ғасырда біз ғылыми революция туралы сөз қозғауға мүмкіндік беретін жаңалықтар мен әрекеттер жасалды. Осы кезеңде ғылымның радикалды жаңа әдістер мен танымның жаңа қағидалары ұсынылды.

Қазіргі заманның ғылымы қоғам мен адамды, қоршаған ортаны өзгерту және оны танып-білудің аса қуатты құралына айналды. Оған ұялы телефондар мен интернет, көліктер мен кептелістер, бай өмірдің насихаты, жұмыссыздық пен қайыршылықтың көрінісі дәлел. Бұның барлығы капитализм деп аталатын қоғамдық формацияның өзіне тән белгілері. Осы формацияның және капиталистік қатынастардың негізі ретінде техникалық мәдениет пен қоршаған орта ресурстарын экстенсивті пайдалану жүзеге асады. Қоғамдық қатынастардың бұл түрі жаратылыстану және техникалық ғылымдарда қоғамның басты өндіруші күштері негізінде дамып, пайда болған.

Басқа сөзбен айтқанда, ғылым дамуының әлеуметтік қозғау-аушы күші болып жаңа табиғи ресурстар мен машиналарды қажет еткен капиталистік өндіріс өркен жайды. Осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қоғамның өндіргіш күші ретінде ғылым қажет болды. Сталиндік типтегі социалистік жүйенің құлауы жаңа капиталистік қатынастардың бүкіл әлемге тарауына әкеліп соқты. Сол себепті қазіргі сәтте капиталистік техникалық мәдениет өзіне тән қарама-қайшылықтарына қарамастан қазіргі заманғы әлемдік қауымдастықтың идеалына айналып отыр. Сондықтан барлық мемлекеттер аса қуатты капиталистік елдер секілді пайда табудың жолына түсті.

Ғылымды - эмпирикалық тексеру немесе математикалық дәлелдемелерге негізделген дүниетанымның ерекше рационалды әдісі деп таниды.

Ғылымда күдіретті күштің көмегімен ешқандай құбылыс жүзеге аспайды, осыған сәйкес Ньютонның басына алма құлауы мен оның бүкіл әлемдік тартылыс заңын ашуының арасында аса үлкен ара қашықтық бар. Бұл қашықтықты тек табиғатта орын алып жатқан құбылыстарды ұзақ уақыт бойы бақылау, тәжірибе жүргізу, болып жатқан процесстерге байланысты ой қорыту, жаңа түсініктерді ойлап табу және т.б әрекеттерді жүзеге асыру арқылы ғана игеруге болады. Бірақ ғалым күрделі ойларға шомып, ұқсас процестерді салыстырып отырғанда оның басына алманың құлауы, ғылыми жаңалықтың аяқ асты пайда болуына ықпал етуі де мүмкін.

Зерттеу құралдарына түрлі процедуралар, әдістер, тәсілдер, методикалар, жүйелер мен методологиялар кіреді. Бұл түсініктер төмендегі логикалық қатарды құрайды. Әдіс - зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше математикалық, немесе логикалық операциялардың теорияға немесе тәжірибеге негізделген түрі. Рәсім (Процедура) - белгілі бір операциялар жиынтығының орындалуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің жиынтығы. Тәсіл - күрделі әдіс болып табылады, ол зерттеу барысындағы бірнеше нысаналы әдістердің жиынтығы. Методика (әдістеме) - бір немесе бірнеше әдістер жиынтығына негізделген зерттеу жолдары, немесе олардың жиынтығына негізделген әдістер. Методология (әдіснама) - зерттеу әдістері, жүйелері мен методтары жөніндегі білімнің жиынтығы. Жүйе - күрделі құбылыстар мен үдерістерді зерттеу үшін қажетті техникалық құралдар мен методикалардың жиынтығы.

Ғылыми танымның нәтижелері түсініктерді қалыптастырумен аяқталады. Ғылымның түсініктілігі бір-бірімен тығыз байланысты аксиомалар, теоремалар мен тұжырымдардың қатаң логикалық құрылысымен түсіндіріледі. Түсініктер көп жақты құрылымға біріктірілген. Теория - бұл түсініктің кеңейтілген түрі. Кез келген ғылыми теория - Евклидтің не Н.И. Лобачевскийдің геометриясы, кванттық механика, не қазіргі заманғы космогония - түсініктердің қалыптасуының мысалы бола алады. Түсініктердің қалыптасуы - үздіксіз жүретін күрделі үрдіс. Әрбір ғылым белгілі бір заңдылықтарға бағынатын түсініктер жүйесі [30, б.10-15].

Ғылым ерекше әлеуметтік институт және танымдық қызметтің ерекше формасы ретінде XV-XVI ғасырларда пайда болып, қайта өрлеу дәуірінде пайда болған. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «Ғылым- адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты: ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен үдерісін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру» делінген.

Г.М.Коджаспированың берген анықтамасында «Ғылым - білімді болу ғана емес, оны саналы меңгеру, білімді қолдана білу біліктілігі». Қазақ Кеңес энциклопедиясында «Ғылым - объективті ақиқатқа жету, заңдылықтарды бейнелеуге және алдын ала болжауға арналған жүйелі түрде құрылған білімнің жоғары формасы». Қысқаша педагогикалық сөздікте «Ғылым - адамның әрекет аймағы, ақиқат туралы объективтік шындықты теориялық жүйелеу және өңдеу, қоғамдық сананың формасы».

А.Құсайыновтың «Салыстырмалы педагогика» оқу құралында «Ғылым - ақиқаттағы тәжірибемен тексерілетін және дәлелденетін қоршаған орта жөнінде тарихи қалыптасқан және үнемі дамып отыратын адам білімінің логикалық жүйесі...». делінген. Жоғарыдағы анықтамаларды басшылыққа ала отырып ғылымды ерекше тану үдерісі. Ғылым - қоршаған орта туралы ақиқат білім жинау және оны теориялық жүйеге келтіру болып саналатын зерттеу қызметінің бір саласы. Тарихи тұрғыда ғылым адамзат дамуының белгілі бір сатысында, тікелей қажеттіліктердің қосылысынан құрылған деп тұжырымдаймыз. Осының негізінде ғылымтану теориясы келіп шығады.

Ғылымтану ең алдымен таным теориясымен тікелей байланысты болып келеді. Таным - айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында белсенді бейнеленуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатысын, қоғамдық практика негізінде іске асатын таным үдерісінің заңдылықтарын, оның негізгі формаларын, әдістерін болжамдар мен теорияларды құру мен дамытудың принциптерін зерттейтін философия ғылымының саласы.

«Таным» педагогикалық сөздікте қоғамдық тарихи практика дамуында әлем туралы жаңа білім нәтижесінде адам ойлауында ақиқаттың бейнеленуі және қайта жаңғыру үдерісі. Таным адам санасын дамытудың негізі. Таным екі топқа бөлінеді: сезімдік және логикалық. Сезімдік танымға адамның түйсігі, қабылдау және есте сақтау үрдісі енеді. Танымның логикалық формаларына қоршаған ортадан түскен мәліметтің аса маңызды байланыстары мен заңдылығын ашу үшін сезімдік танымның жалғасы ойлау үрдісі жатады. Ойлау арқылы тікелей қабылданатын құбылыстарды сезім арқылы танып білуден ішкі, жалпы, тікелей қабылданбайтын заңдылықтарды логикалық жолмен танып білуге болады. Соның нәтижесінде ұғым, пікір, ой тұжырымдары қалыптасады.

«Ұғым» дегеніміз логикалық ойлаудың аса маңызды элементі. Ойлау ұғымдар туғызу және оларды жүйеге келтіру, өмірде пайдалану және заттар мен құбылыстардың жалпы және маңызды белгілері түрінде бейнеленуі. «Пікір» белгілі заттар мен құбылыстар туралы қолдауы немесе жоққа шығаратын адамның ойы. Логикалық ойлаудың жоғары формасы ой тұжырымы бола алады. Ой тұжырымы арқылы біз бастапқы білімнен логикалық жолмен жаңа білім аламыз. Сонымен, ой тұжырымы дегеніміз пікірлерден жаңа пікірдің пайда болуы ойлаудың жоғарғы формасы.

З.А.Исаева, Ш.Т. Таубаева Педагогический эксперимент деген қысқаша лекция курсында «Ғылыми таным - жаңа білім алудағы ғылыми әдістерді пайдаланып, өзіндік мақсат көздей отырып зерттеу жүргізу» деп тұжырымдаған. Ғылым өзінің зерттеу сипатына, әрбір ғылымның өзіндік ерекшеліктеріне қарай әр түрлі салаларға байланысты философия, әлеуметтану, медицина, математика, тарих, психология, педагогика, тіл білімі болып таралуын ғылымдардың жіктелуі деп атайды [31, б. 11-13].

Таным теориясы. Ғылым және оқу танымы ғылыми білімнің құрамымен, құрылымымен, танымдық қызметімен сипатталады. Ғылыми білімді ұғымнан теорияға дейін меңгеру білім сапасының маңызды белгісі болып есептелетін жүйеліліктің логикалық-психологиялық және дидактикалық сипаттамасы болып есептелінеді. Оқу-танымдық әрекетте таным қызметтерін меңгеру ғылыми әдісті игеруге әкеледі. Логиканы дидактикалық үдерістегі оқытудың құралы еткен тіл екені анық. Ғылым да, оқушы да құбылысты сипаттау (не?, қашан?, қайда?, қандай?, қанша?,

қалай?), түсіндіру (неден?, неге?, не үшін?), болжау (не болады?, егер?) - үшін қолданыстағы кілтті сөздері бірдей. Бұл лексикалық құрылымдар оқу мәтіндерінің, оқу тапсырмаларының мазмұнына үнемі және мақсатты түрде қосылып отырады.

Философиялық білім барлық нақты ғылымдар жүйесінде дамиды және келесі құрылымдық бөліктерден құралады: онтология (болмыс туралы ілім), әдіснама (әдіс туралы ілім), гносеология (таным туралы ілім), формалды, диалектикалық, арнайы логика, табиғат философиясы, әлеуметтік философия, антропологиялық философия, эстетика, этика (мораль туралы ілім), философия тарихы [32, б. 88].

Ғылым - табиғат, қоғам және ойлау туралы жаңа білім алуға бағытталған зерттеу істерінің саласы. Қазіргі уақытта ғылымның дамуы ғылыми еңбектің бөлінуімен, ғылыми мекемелердің, эксперименталды және зертханалық құрылғылардың пайда болуымен байланысты. Ғылыми- техникалық төңкеріс кезінде ғылым түбірлі қайта құру кезеңінен өтті. Ал, қазір ғылым қоғамның өндіргіш күштерінің барлық саласында қолданылады. Физикалық және ой еңбегінің барлық түрі: медицина, транспорт, байланыс, ғылыми-техникалық прогрестің терең өзгеруімен сипатталады [33, б. 5]. Ғылым - қоғамның және табиғаттың объективті заңдарын алуға және оларды теориялық қорытуға; ашылған заңдар негізінде қоршаған шындықтағы құбылыстар мен процестерді сипаттауға, түсіндіруге және алдын-ала болжауға; әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыратын жаңа білімдер алуға бағытталған адамзат іс-әрекет сферасы.

Бақылау сұрақтары:

1. Ғылым дегеніміз не?
2. Ғылым неше кезеңге бөлінеді?
3. Ғылымды зерттеген философ ғалымдар кімдер?
4. Ғылымның зерттелуі қалай жүзеге асады?
5. Ғылым объектісі дегеніміз не?
6. Ғылымның пәні дегеніміз не?

Тапсырмалар:

1. Ғылым үдерсінің формасы
2. Ғылыми білім құрылымы мен жіктемесі
3. Ғылыми білімді ұйымдастыру формалары

17. Әдіснама зерттеу процесі туралы ғылым

17.1. Ғылыми зерттеудің мәні.

17.2. Әдіснама зерттеу процесі туралы ғылым.

17.3. Ғылыми зерттеу әдіснамасының ерекшеліктері

17.4. Зерттеудің нысанасын, мақсатын, міндеттері

Әдіснаманы, көптеген ғалымдар, танымның жалпы әдістері туралы ілім, қоғамдық өмірді зерделеудің диалектикалық-материалистік ұстанымдары мен тәсілдеріне негізделген идеялар жиынтығы деп анықтайды. 90-жылдарға дейін кеңестік ғалымдар өз зерттеулерінде ресми қоғамдық-ғылыми теория болып табылатын марксизм-ленинизм әдіснамасын басшылыққа алған болатын. Әдіснаманың мемлекеттік идеологияға тікелей бағынышты болуына байланысты, зерттеулер түрлі салаларындағы партиялық-мемлекеттік саясат жетістіктерін насихаттау бағытында жүргізілді. Дегенмен, қайта құрудың соңғы кездерінде ғылыми еңбектерде партиялық ұстаныммен қатар, тарихилық және объективтілік ұстанымы жиі қолданыла бастады. XX ғасырдың 80-90 жылдары маркстік-лениндік әдіснамадан ғылыми зерттеудің көп түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануға көшу байқалды.

1990-жылдары біздің елімізде болған әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар ғылыми зерттеулер әдіснамасының өзгеруіне әкелді. Жаңа қоғамдық-экономикалық жағдаяттың пайда болуы еліміздің тарихи өткен жолында қалыптасқан ұғымдарды, тұжырымдамалар мен тұғырларды қайта бағалаумен қатар жүрді. Осы жылдары ғылымдағы өткір дағдарыстың көрінісі қоғамтанудағы бұрынғы әдіснамалық ұстанымдарды жаппай сынға ұшырату болды. Оның ішінде, жаңа қоғамдық құрылысты бастап алып жүретін күрделі үдерісті зерттегенде диалектика ұстанымы да одан тыс қалған жоқ. Қазіргі уақытта, ғалымдардың пайымдауынша, алынып тасталған әдіснаманың орнына жаңа әдіснама орныққан да, жасалған да жоқ. Қазіргі зерттеулер түрлі теориялық және дүниетанымдық бағдарларды басшылыққа алады.

Педагогика әдіснамасының қалыптасу үдерісін талдап қорыту, оны түсінудің белгілі ұстанымдарын біріктіретін ортақ белгіні анықтауға және олардың айырмашылықтарын белгілеуге мүмкіндік береді. Мұны талдауда Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский, Б.С.

Гершунский, В.Е. Гмурман, В.В. Краевский, М.Н. Скаткин және басқалардың әдіснамалық еңбектеріне сүйенеді.

Айталық, ғалымдар педагогика әдіснамасы мәселелерін шешу философиялық және ғылымтану әдебиеттерінде түрліше түсіндіріледі деп пайымдады. Бір авторлар әдіснаманы – әдістер туралы ғылым, басқалары - философиялық үдерістер қолданылатын сала, үшінші біреулер - әдіснама тек жалпы емес, сонымен қатар, нақтылы (басқа терминология бойынша – арнаулы) зерттеу әдістерін жинақтауға арналған деп түсіндіреді. Аталған қарама-қарсы көзқарастар әдіснамалық мәселелердің өрісін не қисынсыз тарылтады, не ұлғайтып жіберетіні белгілі. Педагогика әдіснамасының мәнін ашып көрсету бағытындағы алғашқы тұғырлардың бірі *гносеологиялық* деп аталады. Бұл атау педагогикалық әдіснама ұғымына туыстас «әдіснама» ұғымы ғылыми әдебиетте «гносеология» немесе «таным теориясы» ұғымдарына жақындығымен сипатталады.

Аталмыш тұғырды жақтаушылар педагогика әдіснамасының бір бағыты - педагогикалық болмысты танып-білу әдістеріне немесе педагогикалық объектілерді тану үдерісінің өзі туралы ғылымға баса мән береді. Бұл ретте, педагогикалық болмысты тану және түсіндіру әдістерін толықтыру, жаңартудың факторлары мен бастаулары, сондай-ақ, педагогикалық болмысты қайта құру әдістері туралы ғылым ұзақ уақыт назардан тыс қалып келді. Педагогикалық әдіснаманы бұлайша түсінуге сәйкес, белгілі отандық әдістемеші М.А. Данилов былай деп жазды: «Педагогика әдіснамасы – дамушы қоғам жағдайында үздіксіз өзгерістегі педагогикалық болмысты дәл сипаттап көрсететін ғылымды қалыптастырудың қағидалары, тұғырлары және тәсілдері туралы педагогикалық теорияның бастапқы ережесі, негізі және құрылымы туралы білімдердің жүйесі болып табылады».

Педагогика әдіснамасын гносеологиялық білім беру мекемесінің (И.С. Ладенко) дербес ғылыми пәні ретінде ресімдеу:

- педагогикалық болмыс объектілерін талдау және оларды дамытудың шарттарын іздеуде қайшылықтар теориясына сүйенді;
- зерттеуші - педагогтардың ғылыми - педагогикалық ойлаудың проблемалық сипатына басымдық пен бағдар ұстануына және ғылыми - педагогикалық ізденудің логикалық негіздерін іздеумен байланысты болды.

Әдіснамалық ізденудің осы бағытына тән педагогикалық әдіснаманың тек *гносеология* ғана емес, сонымен қатар, *онтологияның* қызметін қатар атқаратын *таным кеңістігінің әрекеті жүйесін* ерекшелеу, шындығында, нақтыланған болатын. Жекелей алғанда, бұл ғылыми-педагогикалық фактілерді сипаттап, педагогикалық объектілердің мәнін ашатын, олардың бұдан әрі өзгеруі мен дамуының табиғаты мен шарттарын түсіндіретін сала ретінде педагогика ғылымының пәнінің түсіндіруінде қарастырылады [34, б. 61-62].

Әдіснама теориялық және практикалық әрекетті құру және ұйымдастыру тәсілі және принциптер жүйесі, және де осы жүйе туралы ілім. Әдіснаманы кейде арнайы әдістер жүйесі ретінде, демек бір немесе басқа ғылымды тану процесінде қолданылатын. Жалпы философиялық ғана емес, сонымен қатар нақты ғылыми әдістер ескеріледі.

Ғылым әдіснамасын әлеуметтік апробировандты принциптер, норма және ғылыми - танымдық әрекеттер әдісі, форма, құрылым және ғылыми таным функциялары жүйесінің философиялық ілімі ретінде анықтауға болады.

Ғылым әдіснаманың пәні ретінде ғылыми білімді өндіру бойынша олардың тарихи дамуында және әлеуметтік мәдени даму контексіндегі тарихи өзгерістерде қарастырылған, ерекше әрекет сияқты жалпы заңдылықтар мен ғылыми танымның тенденциялары болып табылады.

Ғылыми әдіснаманың орны - қозғалмалы күштер, өсу заңдылықтары және ғылыми білімнің және танымдық әрекеттің функцияландырылуы анықтап, қорыту.

Жаңашыл әдіснама - танымның күшті құралы. Ғылыми әдіснама дұрыс ориентир береді, ғылыми ізденісті бағыттайды. Әсіресе фундаментальды міндеттер мен мәселелерді шешу үшін рөлі мәнді.

Әдіснамалық құрастырушылар - табиғи және кез келген ғылыми пәннің бөлінбес компоненті.

Әдіснамалық анализдің әртүрлі компоненті бар. Бірінші деңгейі - нақты ғылыми әдіснама соған қатысты әдістемелермен, ол техникалық түрлері, нормативтерді анализдейді, принциптерді, әдістерді қалыптастырады, ғылыми - теориялық негіздемесін береді.

Екінші деңгей - жалпы ғылыми. Бұл деңгейдегі әдіснама бұған зерттеу объекті және пәнінен бағынышты емес және көптеген ғылымдарда қызмет атқарушы әдістер мен білім формалары, принциптер туралы ілімдер жатады. Бұл деңгейде әдіснама эмпирикалық зерттеу әдістері (бақылау, өлшеу, эксперимент) жалпы логикалық әдістер (анализ және синтез, индукция және дедукция), сонымен қоса гипотеза және теориялар, түсініктер және заңдар сияқты ғылыми білімдер формасын меңгереді.

Әдіснамада мазмұнды және формальды білім аспектілерімен байланысты мәселелер шешіледі. Әдіснаманың мазмұнды аспектілері боп ғылыми білім құрылымы жалпылай және ғылыми ерекшелікте табылады, құрылу заңдары, ғылыми теорияның өзгеруі мен қызмет атқаруы, да ғылымның түсінікті аппараты және оның жеке пәндері, ғылымда қабылданған сызба сипаттамасы, ғылыми әдістер құрылымы, ғылымилықтың критерийлері мен жағдайлары, ғылым функциялары [33, б. 11-12].

Ғылымның әдіснамасы – адамның әр түрлі теориялық және тәжірибелік әрекетін реттеудің, ұйымдастыру принциптерінің, жолдарының, ережелерінің жүйесі, жалпы осы жүйе туралы ілім. Ғылыми білім эмпирикалық деректердің жай жиынтығы емес, ол сол деректерді теориялық негіздеу деп түсініледі.

Қазіргі ғылым тануда әдіснаманы ғылыми танымдық қызметтің нысандары мен әдістері, құру принциптері туралы ілім ретінде таниды.

Ғылым әдіснамасы зерттеу компоненттерінің сипаттамасын - оның объектісін талдау пәнін, зерттеу міндеттерін, оны шешуге қажетті зерттеу құралдарының жиынтығын береді, сонымен қатар зерттеу міндеттерін, шешу үдерісіндегі қимыл-қозғалыстардың дәйектілігі туралы түсінікті қалыптастырады. Осыған байланысты педагогикада әдіснаманы педагогикалық таным және болмысты қайта құру туралы теориялық ережелердің жиынтығы ретінде қараған жөн.

Ғылымның әдіснамасы - ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми танымның құралдары мен әдістерін, білімді дамыту мен негіздеу тәсілдерін зерттейтін ғылымтану бөлімі. Әдіснамалық мәселелердің жүйеленген шешімі белгілі бір гносеологиялық принциптер негізінде құрылатын әдіснамалық тұжырымдамада беріледі.

Ғылымның әдіснамасы дегеніміз ғылыми танымның құрылу принциптері, түрлері мен тәсілдері туралы ілім. Ал, ғылыми танымның әдіснамасы - ғылыми-зерттеу әрекетінің принциптері, түрлері мен тәсілдері туралы ілім [30, б. 40].

XX ғ. Зерттеуші тек қана зерттеу жұмысында алынған нәтижені негіздеуімен шектелетін болса, қазіргі таңда зерттеу, әдетте, ол іске асырылғанға дейін негізделуі тиіс. Зерттеудің басталуы ережелеірін, зерттеу логикасын, күтілетін нәтижелер және оларды алудың тәсілдерін белгілеуі қажет.

Әдіснаманың (методология) үш деңгейін ажырату мүмкін:

- 1) философиялық білімдер.
- 2) жалпығылымдық әдіснама (жүйелі іс әрекетін, тұлғаның бағдарлы тұрғыдан келу, әр типтегі ғылыми зерттеулердің сипаттамасы, олардың кезеңдері және элементтері: гипотеза, зерттеу объектісі мен пәні, мақсат, міндеттері).
- 3) нақтылы ғылыми әдіснама (арнайы ғылым саласында пайдаланылатын әдістер, принциптер, процедуралардан тұрады). Арнайы ғылым әдіснамасы тек алдыңғы деңгейлер мәселелерін ғана (мысалы, жүйелі тұрғыдан келу, модельдеу әдісін қолдану ғана емес, осы ғылым сала үшін арнаулы проблемаларды да қарастырады).

Кейбір ғалымдар зерттеу әдістемесі мен техникасынан құралатын методологияның бірінші деңгейін де ажыратады.

Зерттеуші әдіснаманы білу қажет. Методологиялық білімдерсіз ғылыми зерттеуді сауатты жүргізу мүмкін емес.

Әдіснама саласындағы сауаттылық әдіснамалық мәдениетті меңгеруге мүмкіндігін береді.

Әдіснамалық мәдениет мазмұнына келесілер кіреді [16, б. 10]:

- А) Әдіснамалық рефлексия өз ғылыми қызметін талдай білу;
- Б) Ғылыми негіздеуге қабілеттілік;
- В) Таным, басқару, жобалау формалары мен әдістерін шығармашылық және шын тұрғысынан пайдалануға қабілеттілік.

Бақылау сұрақтар:

1. Әдіснама дегеніміз не?
2. Ғылым әдіснамасын қалай түсінісіз?
3. Ғылымдағы әдіснаманың орны мен рөлі қандай?
4. Әдіснаманың деңгейлері қандай?

5. Педагогикалық әдіснама мен ғылым әдіснамасының арасындағы ерекшелік неде?

Тапсырмалар:

1. Әдіснама ұғымына әр түрлі анықтамалар беріңіз.
2. Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы туралы жалпы ұғымды сипаттаңыз.
3. Әдіснаманың эмпирикалық деңгейіне сипаттама беріңіз
4. Әдіснаманың зерттеу жұмысындағы маңызын сипаттаңыз.

18. Ғылыми шығармашылықтың жалпы әдіснамасы

18.1. Ғылыми зерттеу ғылыми жұмыстың негізгі нысаны ретінде

18.2. Ғылыми зерттеу барысының жалпы сызбасы

18.3. Ғылыми таным әдістерін қолдану

18.4. Ережелердің логикалық белгілерін қолдану

Қазіргі заманғы сөздіктерде әдіс, әдетте қандай-да бір алдымызға қойған мақсатқа жетудің, нақты бір мәселені шешудің тікелей жолы, тәсілі ретінде аныкталады, сонымен қатар, философиялық тұрғыда болмысты теориялық немесе практикалық меңгеруде қолданылатын амалдар немесе тәсілдер жинағын білдіреді.

Ғылыми-зерттеуде қолданатын әдістердің жиынтығы, сондай-ақ оларды қолданудың ережелері мен тәртібі нақты зерттеудің әдістемесі болып табылады. Сондықтан, әдістеме туралы айтудан бұрын қолданылатын әдістер жүйесін талдау қажет.

Ғылымның дамуында әдістердің рөлі зор. Білім беру саласындағы зерттеулердің ғылым ретінде дамуы, олардың әдістемелік жабдықталуына байланысты болады деп тұжырымдауға болады.

Қазіргі уақытта, педагогиканың әдістер жүйесін құрастыруда кейбір тәсілдер анықталды. Әдетте, ғылыми-зерттеудің барлық әдістерін, жалпы жағдайда, үш топқа бөлуге болады:

1. Диалектикалық әдіс - ғылыми-зерттеулердің жалпыға бірдей әдісі. Аталған бұл әдіс - зерттеулердің барлық басқа әдістерінің негізі.

2. Педагогикада қолданылатын және бірқатар ғылымдарға ортақ болатын зерттеу әдістері (жалпы ғылыми әдістер деп аталады).

3. Педагогиканың өздерінің жеке әдістері. Әдістердің мұндай жіктелуі, ғылыми әлемде, оның ішінде педагогика ғылымдарында үлкен қолдау тауып отыр. Сонымен, ортақтық дәрежесі (жалпы - арнайы - бірлік) ғылыми-зерттеулердің әдістерін жіктеудің критерийі болып отыр. Формальді логиканың заңдарына сәйкес, осы критерий (формальды-логикалық негізі) және білім беру саласындағы әдістерінің жүйесін негіздегенде логикалық бөлудің кез келген актісі бір формальді-логикалық негізбен жасалуы тиіс. Алайда, әдіс - білім мен іс жүзінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізудің тәсіл және ол әрқашан екі (объективті және субъективті) байланыстан тұратыны де белгілі болғандықтан, эмпирикалық және теориялық әдістеріне дежіктеуге болады. Осылай бөлу кез келген зерттеудің кезеңдеріне сәйкес келеді [35, б. 32].

Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамалық принциптері:

- педагогикалық құбылыстардың себептерін, акторларын, шарттарын анықтаудың объективтілігі және шарттылығы;
- педагогикалық құбылыстарға және үдерістерді зерттеуге тұтастай қарау;
- құбылыстардың байланысын және басқа құбылыстармен өзара байланысын зерттеу;
- құбылыстардың және оның дамуын зерттеу.

Ғылыми зерттеудің негізгі компоненттері: зерттеудің өзектілігі және мәселесі, тақырыбы, объектісі, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы, зерттеу әдістері, теориялық маңыздылығы, практикалық мәні болады.

Зерттеудің өзектілігі, көкейкестілігі – жауабын іздейтін ғылымдағы сұрақ немесе зерттеліп отырған құбылыстың белгісіз жағын құру.

Зерттеу тақырыбы: зерттеу мәселесі мен аспектілерінің анық, қысқа берілуі. Тақырып сол қоғамның объективті талаптарына, сұраныстарына жауап бере алатындай болуы керек.

Зерттеу объектісі – іздену аймағы. Мұндай объектілерге педагогикалық жүйе, құбылыс, үдеріс (тәрбиелеу, білім беру, даму, жеке тұлғаны қалыптастыру, ұжым) жатады. Зерттеу пәні - объектінің ішін ізденудегі аспектісі, зерттеліп отырған құбылыстың таралу үдерісі, элементі, байланысы, қатынастардың жиынтығы.

Зерттеудің мақсаты: зерттеліп отырған мәселенің себеп-салдар байланыстарын және заңдылықтарын айқындау, теориясы мен әдістемесін ұсыну.

Зерттеу міндеттері: зерттеу мақсатының бөлшектенуі, зерттеу, анықтау, айқындау, қорытындылау, нақтылау, ұсыну, тәжірибелік жұмыста тексеру тұрғысында құрылады. Зерттеудің болжамы: педагогика ғылымындағы өзекті мәселенің теориялық және практикалық жағын талдау негізінде шешімін алдын ала болжау. Зерттеуші болжамында жаңаны алдын ала көре алатындай болуы керек. Зерттеу болжамы егер..., онда..., өйткені... деген ұғымдармен байланысып құрылады. Жоғарыдағы ғылыми жұмыстың компоненттері бір-бірімен тығыз байланыста болуы қажет. Мысалы: *егер*, кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып және бастауыш мектептегі педагогикалық үдерісте жүзеге асыруға байланысты анықталған тұжырымдама мен үлгінің негізінде жасалған әдістемемен қамтамасыз етілсе, *онда* балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесі анағұрлым арта түседі. *Өйткені* баланың еңбек іс-әрекетіндегі жинақталған тәжірибесі оның пәндік білімдік құзыреті, құзыреттілік жиынтығының қалыптасуына септігін тигізеді. Егер ғылыми зерттеу аппараты дұрыс құрылмаған жағдайда, дұрыс ғылыми дәлелді нәтиже алынбайды [31, б.16-17].

Ғылым дамуының заңдылықтарына, сипатына қарай ғылым логикасының өзіндік ерекшеліктері бар. Ғылым логикасы - ғылыми танымның логикалық заңдылықтарын зерттейтін философиялық ғылымның бір саласы Ғылым, ғылыми теория өзінің зерттейтін нысанасын ұғым мен ой формаларында бейнелейді. Соның арқасында ғылым берілген пән саласының теориялық негізін, ережелерін анықтайды. Осыған орай әрбір ғылымның өзіндік логикасы бар деуге болады. Олай болса ғылымды логикалық тұрғыдан талдау мәселесі заңды болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ғылыми зерттеу дегеніміз не, қалай жүргізіледі?
2. Ғылыми зерттеу жұмыстарының принциптері қандай?
3. Ғылыми зерттеу компоненттері туралы не білесіз?
4. Зерттеудегі көкейкестілік несімен ерекшеленеді?
5. Зерттеу болжамына қажетті сөздерге тоқталыңыз.

6. Ғылыми педагогикалық зерттеу түрлерін атаңыз.

Тапсырмалар:

1. Ғылым логикасы туралы ұғым.
2. Ғылыми педагогикалық зерттеу түрлері туралы сипаттама.
3. Ғылыми педагогикалық зерттеу жұмыстарының құрылымы мен тиімділігі.

19. Диссертация жазуға дайындық және ғылыми ақпарат жинақтау

- 19.1. Тақырып таңдау
- 19.2. Дербес және оқу жұмыс жоспарларын жасау
- 19.3. Әдеби дереккөздерді библиографиялық іздеу
- 19.4. Әдебиетті оқу және нақты мәліметтерді таңдау

Зерттеу мәселені көруден және сұрақ туындаудан басталады. Оны анықтау, оған қатысты қандай зерттеулер бар, қандай бағытта, нәтижелері қандай деген сұрақтарға жауап іздеу. Зерттеуші бұрын зерттелген дүние негізінде нені зерттеу қажеттілігін анықтайды. Мәселені анықтау зерттеушінің білім қорына, тәжірибесіне байланысты. Білгеннен білмейтінге ұмтылу, не жетіспейтіндігін анықтау.

Зерттеу мәселесі шешілуге тиісті, бірақ әлі шешілмеген теориялық және тәжірибелік мүддені көздейтін күрделі танымдық міндет.

Педагогикалық зерттеулер тәжірибе қажеттілігінен туындайды. Ал, ғылыми мәселе тәжірибелік әрекетті жетілдіруге ықпал жасайды. Тәжірибе қажеттілігі әлі ғылыми мәселе емес. Ол сол мәселені зерттеуге, оның жолдарын іздеуге, табуға ықпал жасайды. Ғылым құралдарымен шешуді талап етеді. Кейбір тәжірибелік мәселелер ғылым құралдарынсыз-ақ шешіледі.

Зерттеу проблемасы - практиканың қажеттілігі мен ғылымда сол ережені жасақтау деңгейі арасындағы қайшылықтың тұжырымдалуы, сондай-ақ осы қайшылықты шешу жолдары мен жағдайын іздеу (ғылымда бұрын зерделенбегендер ішінен нені зерттеу керек?);

Зерттеу мәселесі - тәжірибенің күйін және ғылыми әдебиетті зерттеудің нәтижесі.

Тәжірибе мен теорияның арасындағы қарама-қайшылық - ғылыми мәселенің мәні.

Мәселені ғылыми жалпыланған сұрақтардың тұжырымдалған жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Сондықтан оқытушы білім алушыларға мәселе (проблема) ұғымының мәнін ашып беруі тиіс. «Проблема» сөзі грек тілінен аударғанда «қиындық», «кедергі» деген ұғымды білдіреді.

Мәселені қою дегеніміз таным үдерістің барысында туындаған сұрақтардың ішінен нені зерттеу керек деген сұраққа жауап беру деген сөз.

Зерттеудің көкейкестілігін негіздеу - бұл мәселені осы кезде неге зерттеу керек екендігін түсіндіру. Демек, оқу мен тәрбиенің теориясын және тәжірибесін бұдан былай да дамыту үшін тиісті мәселелердің қажеттігін дер кезінде зерттеп, шешімін табудың маңыздылығын түсіндіру.

Көкейкесті зерттеулер белгілі кезеңдегі аса күрделі де қажет мәселелердің жауабын табады, педагогикалық ғылымға қойылатын қоғамның әлеуметтік тапсырысын бейнелейді, тәжірибеде орын алған келелі қайшылықтарды ашады. Көкейкестілік тиегі өзгермелі, қозғалысты, уақыт пен нақты әрі ерекше жағдайларға тәуелді. Білім алушылар тәжірибелік және ғылыми көкейкестілікті ажырата білуге бағыттау керек. Мәселе ғылымда шешілген, белгілі бір себептермен тәжірибеге орын ала алмауы мүмкін. Бұл жағдайда мәселелердің ғылыми шешімін тәжірибеде қолдануға күшті жұмылдыру керек. Мәселеде белгіленген қарама-қайшылықтар тақырыпты нақтылай түсуге ықпал етеді.

Тақырыпта мәселе көрінуі тиіс. Тақырып ғылымдағы жетістіктердің қозғалысын, қалыпты жағдайдан жаңаға ұмтылу, ескі мен жаңаның байланысын бейнелейді.

Зерттеу тақырыбы қойылған мәселеленің ғылым аймағында зерттелу дәрежесінен туындайды.

Зерттеу тақырыбы - зерттеу аумағының нақты және қысқа шектелген аспектілері. Зерттеу тақырыбы - ғылыми танымның, зерделеу, түсіндіру үдерістің немесе ғылыми әдістерді қолдану арқылы қайта құру жұмысының бағытталған педагогикалық шындықтың бөлігі (не қарастырылады?).

Зерттеу тақырыбын анықтай отырып, оның көкейкестілігін төрт бағытта қарастыруға болады:

- көпшілік жұртшылықтың бұл зерттеуді қажетсінуі;
- қоғам талабына сай болуы;
- тәжірибедегі маңыздылығы;
- теориядағы зерттелуі.

Зерттеудің (тақырыптың) өзектілігі - қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде білімге қоятын талаптарының қысқаша көрініс табуы, педагогикалық ғылымды дамыту үшін әлеуметтік-педагогикалық маңыздығы, мәнділігі, мәселеге ғылыми әдебиеттерде талдау жасалынғаны және педагогикалық практиканы жетілдіру үшін осы зерттеудің дер кезінде жүргізілетіні (қазіргі уақытта неге нақ осы проблеманы зерделеу қажет?).

Зерттеу тақырыбын негіздеу - нақты тақырыпты зерттеу қажеттілігін растау.

Тақырыпты алғашқы негіздеу - мәселе бойынша ғылымның жай-күйін қысқаша сипаттау және нашар немесе жеткіліксіз әзірленген сұрақтарды нақтылау. Тақырыпты екінші қайтара негіздеу ғылымдағы қандай да бір сұрақтардың жеткіліксіз әзірленгендігіне байланысты қанағаттандырылмаған педагогикалық тәжірибенің қажеттілігінен туындайды [30, б. 66-68].

Тақырып – зерттеу мәселесінің қысқа-нұсқа, ықшамды тұжырымдалуы. Проблема зерттеу тақырыбында көрініс табуымен байланысты. Тақырыпты тұжырымдау оңай емес. Онда ғылымның қол жеткізген жетістігінен жаңа, белгісіз жаққа қозғалысы көрініс тапқан болуы керек.

Тақырып таңдауда оның көкейтестілігі, ғылым мен практика талаптарына сәйкестігі есепке алынуы қажет. Зерттеудің көкейтестілігі қазіргі таңдағы ең өзекті сұрақтар, мәселелерге жауап береді, практикадағы ең маңызды қарама-қайшылықтарды сипаттайды [16, б. 15].

Зерттеу тақырыбы қоғамның сұранысын қанағаттандыратын, адамның қалыптасуына ықпал ететін, тұрмыста пайда келтіретін, сондай-ақ ғылымның дамуына әсер ететін мәселе алынады. Ол - зерттеудің көкейкестілігімен байланысты [36, б.15]. Зерттеу көкейкестілігі зерттеу мәселесінің алдағы уақытта даму мүмкіндігі, оның теория мен практикадан қаралуы, сондай-ақ онда туындаған қайшылықтарды жою мәселесі сипатталады. Әдетте, мәселенің шешімін қарастыру, оның мақсатын құрайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Тақырып дегеніміз не?
2. Тақырыпты таңдау қандай мәселемен байланысты?
3. Тақырып неше сөзден тұруы тиіс?
4. Тақырыптың көкейкестілігі неде?
5. Тақырыпқа қойлатын талаптарды атаңыз.
6. Тақырыпқа байланысты мәселе қою дегенді қалай түсінесің?

Тапсырмалар:

1. Мәселе туралы түсінік беріңіз.
2. Тақырып, оны негіздеуге сипаттама беріңіз.
3. Тақырыпты бөлімдерге бөліп қарап, зерттеу жұмысының құрылымын жасаңыз.

20. Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі бөлімдері және олардың қысқаша мазмұны

- 20.1. Ғылыми зерттеудің өзектілігі
- 20.2. Ғылыми зерттеудің ғылыми болжамы
- 20.3. Ғылыми зерттеудің пәні мен нысаны
- 20.4. Ғылыми зерттеудің әдістері
- 20.5. Ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері
- 20.6. Ғылыми зерттеудің құрылымы
- 20.7. Ғылыми зерттеудің кіріспе бөлімі
- 20.8. Ғылыми зерттеудің қорытындысы
- 20.9. Ғылыми зерттеудің әдебиеттер тізімі

Ғылыми зерттеу процесінің құрылымы элементтер (құрамды бөліктер), олардың қатынасы және нысананың біртұтастығының шамалы тұрақты бірлігі болып табылады. Зерттеу процесінің элементтеріне:

1. Зерттеу проблемасы.
2. Зерттеу тақырыбы.
3. Зерттеудің мақсаты.
4. Зерттеу нысаны.
5. Зерттеу пәні.
6. Зерттеудің міндеттері.

7. Зерттеудің ғылыми болжамы мен оның жетекші идеясы.
8. Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері.
9. Зерттеудің көздері.
10. Зерттеудің теориялық мәнділігі мен жаңалығы.
11. Зерттеудің практикалық мәні.
12. Қорғауға ұсынылатын қағидалар.
13. Зерттеудің негізгі кезеңдері жатады.

Педагогикалық зерттеудің бағдарламасы зерттеудің логикасы мен құрылымын сипаттайды. Ол бірнеше кезеңдерден тұрады:

1-кезең. Зерттеудің көкейтестілігін, оның зерттелетін дәрежесін негіздеу; зерттеу нысаны мен пәнін, зерттеу тақырыбын анықтау. Зерттеу мақсатын тұжырымдау және оған сәйкес зерттеу міндеттерін анықтау.

2-кезең. Зерттеу методологиясын таңдау. Бастапқы тұжырымдарын, тірек теориялық ережелерді, таным әдістерін, зерттеудің барысы мен күтілетін нәтижелерін анықтайтын бірыңғай түпкі ойды /жетекші идеяны/ анықтау.

3- кезең. Зерттеудің ғылыми болжамын құру.

4-кезең. Зерттеу әдістерін таңдау. Зерттеу пәнінің бастапқы жағдайын анықтау мақсатымен анықтаушы экспериментті өткізу.

5-кезең. Қалыптастырушы экспериментті ұйымдастыру және жүргізу.

6-кезең. Зерттеу нәтижелерін талдау, талқылау және әдеби рәсімдеу.

7- кезең. Тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу.

Педагогикалық зерттеу арнайы зерделеу үшін ажратылған зерттеу мәселесін анықтаудан басталады. Ғылыми мәселе ғылыми құралдарымен шешілетін негізгі қарама-қайшылықты көрсетеді. Мысалы, педагогикалық зерттеулердің проблемасы адамдарды оқыту және тәрбиелеу саласындағы қажеттіліктерімен оларды шешудің жолдары, құралдары, әдістері арасындағы қарама-қайшылықты білдіреді [16, б.14].

Үдеріс - латынша алға жылжу, өзгеріс деген мағынаны білдіреді. Жағдай, даму сатысының қалыпты ауысымы.

Зерттеу - жаңа білім алуға бағытталған ғылыми қызметтің үрдісі мен нәтижесі.

Мәселе - латынша міндет, тапсырма. Бұл субъектінің нақты жағдайда туындаған қиындықтар мен қайшылықтарды өз білімі мен тәжірибесі арқылы шеше алмайтынын ұғыну. Мысалы, білім

алушыларды оқытудың әдістемесін жетілдіру педагогикалық зерттеулер мәселесі болуы мүмкін. Алайда, мәселені біржолғы эксперименттік зерттеу арқылы шешу мүмкін емес, себебі мәселе шешудің мол әдістері бар.

Болжам - бұл мөлшерлік ерекшеліктегі тұжырым, алға ұсыну мен эксперименттік тексеріске ғылыми және тәжірибелік ерекшеліктегі негіздерді қажет ететін пікір. Болжам ғылыми түрде тұрақты болады, егер мына талаптарға сай болса:

1. Болжам түсініктемесі өте анық және қарапайым болуы тиіс.
2. Болжам қағидалы түрде тексерілетін, яғни экспериментті түрде дәлелдемелі болуы керек.
3. Мағынасындағы барлық құбылыстар-тұжырымдарына түсінік беру керек.

Болжам, мысалы, білім алушылардың компьютерлік дағдыларының қалыптасу үрдісі тиімді болады, егер:

- білім алушылардың оқу-компьютерлік дағдыларының мәні мен құрылымдық жүйесі анықталса;
- сабақты арнайы есептер мен жаттығулар пайдалану білім алушылардың оқу-компьютерлік дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді;

Зерттеу мақсаты бұл зерттеулерден күтілетін соңғы нәтиже.

Қалыптасқан зерттеулер:

- бұрын зерттелмеген, аз зерттелген, қарама-қайшы зерттелген құбылыстар ерекшеліктерін анықтау; құбылыстар арасындағы өзара қатынастарды анықтау;
- құбылыстардың дамуын зерттеу;
- құбылыстың жаңа қалпын анықтау;
- құбылыстың жаңа табиғатын ашу;
- заңдылықтарды жинақтау, айқындау;
- топтастыру, жіктеу;
- әдістеме жасау;
- әдістemenің бейімделуі;

Зерттеу міндеті - алға қойылған болжамға сәйкес мақсатқа жету жолдары мен амалдарын таңдау. Міндет қою зерттеулер мақсатын шағын мақсаттарға бөлшектеумен негізделеді. Жұмыста алға бірнеше мақсат қойылуы мүмкін.

Зерттеу әдістемесі - бұл педагогикалық құбылыстарды зерттеу әдісі, заңды байланыстар, қатынастарды белгілеу мақсатында ғылыми ақпараттар алу және ғылыми теорияны құрау. Қарама-

қайшылықтар дамуының қозғаушы күші болып табылады. Оларды жай түрде қалыптастыруға болмайды. Олар зерттеу нысаны мәнінен туындайды.

Зерттеу нысаны - бұл проблемалық жағдайды тудыратын үрдіс немесе құбылыс. Мысалы: тәрбие, білім, даму, жеке тұлғаның, ұжымның қалыптасуы.

Зерттеу пәні - бұл нысан шекарасына енетін, нысанның белгіленген қасиеттері. Пәнге жалпы құбылыс немесе олардың жеке жақтары, аспектілер мен жеке тараптар және олардың бөлінбес бөлігі арасындағы қатынастар болуы мүмкін [37, б. 30-31].

Пән - объектіден кесіп алынған бөлік емес, ол объектіні қарастырудың тәсілі немесе аспектісі, мысалы, «оқулық...», «ғылыми негіздеме...» зерттеу пәні - онда сапалық қалыптасу, оның басқа, «тұлғалық тәжірибе қосу...» т.б зерттелген. Пәнді бөліп, біз объектіні тұтас, барлығын, белгілі бір көзқараспен қарастырамыз. Зерттеу пәні зерттеу объектісі шеңберінде белгілі бір қырынан қаралатын бөлік.

Зерттеу пәні – сапалық қалыптасу, оның басқасапалармен өзара әрекеті, процесс мінездемесі, құбылыс, маңыздылығын, талаптарын, тенденциясын анықтау, белгілі ортадағы және анықталған жастағы балалардың ішкі және сыртқы тәрбиесі. Зерттеу пәні - объект ішіндегі ізденудің шектелген аспектісі [30, б. 79].

Зерттеу әдісінің мақсатына сай түрлі мәселелер туындап, практикада шешімін табуы мүмкін. Демек, теория практикаға басымдылық жасайды, ал практикалық білімге байланысты тәжірибеде сан қилы мәселелер туындап, іргелі және қолданбалы тақырыптарға кең жол ашылады.

Әдетте, ізденіс - қарама-қайшылықты үдеріс. Себебі, ізденіс кезінде теориялық қаншалықты маңызға ие болса, практикада соншалықты қажеттілікке ие болады. Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығымен байланысты. Яғни, зерттеу бойынша жасалған тұжырымдамалар, ашылған заңдылықтар, әдістер, көзқарастар, мәселені айқындап моделін жасау, ғылыми жұмыстың жаңалығын білдіреді. Мысал ретінде «Болашақ дене мәдениеті мамандары кәсіби дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбын алып қарастырайық. Алдымен, мақсат болашақ дене мәдениеті мамандарын кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық және әдістемелік-тәжірибелік тұрғыда негіздеп, эксперименттен өткізу.

Кіріспеде зерттеу нысаны, пәні, болжамы, міндеттері, жетекші идея, теориялық және әдіснамалық негіздері, көздері, әдістері, негізгі кезеңдері, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, практикалық маңыздылығы көрсетіледі. Қорғауға мынадай қағидалар ұсынылады: нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі, базасы, нәтижелерін сынақтан өткізу және практикаға ендіру көрсетіледі.

Бірінші бөлімде мәселенің теориялық, әдіснамалық негіздері, қазіргі кезеңдегі жай-күйі, оны зерттеудің негізгі тұғырлары мен ұстанымдары қарастырылады [36, б.15-16].

Екінші бөлімде мәселенің мәні мен құрылымы, даму жүйесінің ғылыми теориялық негіздері мен арнайы тұжырымдамалық бағыт-бағдары айқындалады. Үшінші бөлімде мәселенің даму ерекшеліктері, оны дамытудың формалары мен әдістері және жалпы дамудың мазмұны сипатталады. Төртінші бөлімде мәселені жетілдіру технологиясы, осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік құрылымдау мазмұны мен кезеңдері беріледі. Қорытындыда зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері таңдалып, тұжырымдалады және оларды пайдалануға байланысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеудің мақсаты дегеніміз не?
2. Зерттеудің міндеттерінде қандай мәселелер қарастырылады?
3. Зерттеудің пәнінде не қарастырамыз?
4. Зерттеудің болжамы қалай құрылады?
5. Зерттеудің құрылымы туралы не білесіз?
6. Зерттеу неше бөлімнен тұрады?
7. Зерттеуде қаралатын жаңалығы қандай?
8. Ғылыми болжамның сапалары қандай?
9. Шынайы құбылыстар мен гипотезаның айырмашылықтары қандай?

Тапсырмалар:

1. Зерттеудің кіріспе бөлімі бойынша анықтама беріңіз.
2. Зерттеудің негізгі бөлімі туралы түсіндіріңіз.
3. Қорытынды бөлім және ұсыныс туралы баяндаңыз.

21. Ғылыми зерттеу жұмысының қолжазбасы бойынша жұмыс

21.1. Ғылыми зерттеу жұмысының құрамы

21.2. Мәтінінің айдары

21.3. Ғылыми зерттеу жұмысының материалдарын таңдау

21.4. Ғылыми зерттеу жұмысының тілі мен стилі

Мәтін - лингвистикалық тұрғыдан сипатталуы өте қиын, күрделі нысан, өйткені оның мазмұны оны құрайтын абзац немесе күрделі синтаксистік тұтастықтардың жай ғана қосындысы емес. Оның мән-мағынасы тек лингвистикалық нақты бірліктер ғана емес, солармен қатар сол кезеңдегі түрлі экстралингвистикалық факторлармен де байланыста болады. Ол белгілі бір мақсатты көздейтін, белгілі бір адресатқа арналған ақпардан тұрады, сондықтан да оның қалыптасқан формасы, қабылдап, түсінуге лайықталған тілдік құрылымы болады, яғни мәтінді құрайтын немесе түзетін кез келген элемент қалай болса солай орналаспайды, олардың арасында белгілі бір байланыс болады да, әрқайсысы мәтіннің тұтастығын қамтамасыз етуде арнаулы қызмет атқарады. Сайып келгенде, мәтіннің барлық элементтері автордың ниетіне сай іріктеліп, таңдалып алынады да, адресатқа сол ниетке сәйкес, дәл, толық ақпар жететіндей түзіледі.

Ғылыми стиль мәтіндері дискурс сипатына, прагматикасына қарай үшке бөлінеді: ғылыми, оқу, ғылыми-көпшілік. Ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар тек бір саланың мамандарына ғана арналып, зерттеліп отырған мәселе арнайы лексика мен терминология арқылы баяндалуы мүмкін.

Ғылыми стиль мәтіндері жанрлық тұрғыдан үшке бөліп қарастырылады: академиялық жанр мәтіндері (белгілі бір ғылым саласына арналған мақала, баяндама, оқу құралы, оқулық, диссертация, автореферат, монографиялар); ғылыми-ақпараттық жанр мәтіндері (энциклопедия, сөздік, түрлі анықтамалықтар, техникалық сипаттама); ғылыми-бағалау жанры мәтіндері (рецензия, пікір, саяси қайраткердің талдамалы баяндамасы, сараптама қорытындысы). Ғылыми стиль мәтіндерінің белгілі бір құрылымы болады: кіріспе (зерттеудің мақсат-міндеттері; авторлық бағалау, яғни өзектілігі, жаңалығы, ғылыми құндылығы), негізгі мәтін, қорытынды бөлім, пайдаланылған әдебиет, қосымша.

Ғылыми стильге тән ең негізгі ерекшелік – баяндау, яғни ойды түсінікті, толық, жүйелі, дәл, объективті жеткізу [38, б. 8-10].

Ғылыми тіл, ғылыми стиль, ғылым тілі деген ұғымдар мыналарды білдіреді: ғылыми тіл адам қызметіндегі ғылыми сфераны қамтамасыз ететін тілдің бір түрі, осы саланы сипаттайтын мәтіннің жиынтығы. Ғылыми стиль функционалды, бұл термин тілдің ғылыми мәтіндердегі синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады. Ғылым тілі ұғымы ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі. Бұл ұғымдар өзара тығыз байланысты, сондықтан контекстік синонимдер ретінде қолданыла береді.

Ғылыми тілге нақтылық, дәлдік, ойдың логикалылығы, жинақылық пен дерексіздік тән екендігі белгілі. Бәрімізге белгілі, ғылыми стильдің сөздік құрамы арнайы терминологиясымен ерекшеленеді. Терминдер – ғылым мен техника тілінің негізгі лексикалық бірлігі. Термин латынның *terminus*, қазақша «шек», «шекара» деген мағынаны білдіретін сөзінен келіп шыққан. Бұл атау оны жалпы қолданыстағы сөзден ажырататын, ерекшелендіретін белгілеріне орай айтылған. Термин жалпы қолданыстағы сөздерден мынадай белгілерімен ерекшеленіп тұрады. Термин дегеніміз терминдер белгілі бір мамандық пен кәсіпке байланысты ұғымды білдіру үшін сала мамандарының қатысуымен жасалады [39, б.13].

Адам айналасындағы әлеуметтік-дүниені, табиғи әлемді танып-білу барысында олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі, өзінің орнын, басқа адамдармен қарым-қатынасын бергілейді.

Әйтсе де, адам танымында зерттеп білуді қажет ететін сан мыңдаған құбылыстар бар. Оларға тән шындықты, ақиқатты білу қажет. Ол шындықты білудің өзіндік құпиясы, талаптары, орындалу тәртібі бар. Оның алғашқы әрі орталық элементі - мәселе /мәселе латынның міндет, тапсырма деген сөзінен алынған/ ғылымда белгісіз болып тұрған жайтты айқындауды білдіреді. Қандай да бір шындыққа көз жеткізу үшін оған ыңғайлы тәжірибе іріктеліп, кейін оның шындығын тексеріп көреді. Дегенмен, мәселені қоюда төмендегі педагогикалық талаптарды орындау керек:

- мәселені шешу үшін өзіне ғана тән әдісті реттеу;

- тапсырманы шешуде бұрын меңгерілген білім жүйесіне сүйенеді;

- белгісіз нәрсе ғылымдағы жалпы заңдылыққа және жалпы әрекет тәсіліне сай жүргізіледі;

- мәселені нақты жағдай мен білім арқылы бір әдіс көмегімен шешуге болмайтынына көз жеткізу.

Мәселені айқындап, оны қою кезінде үдеріс ұғымына түсінік беру керек сияқты. Өйткені, үдеріс латынның алға жылжу, өзгеріс деген мағынасын білдіріп, нәтиженің жетістігіне орай бағытталған бірізділік әрекетінің жиынтығы деп қарау керек. Ізденіс барысында адам құбылыстың жаңа бағыттары мен нәтижесін практикада пайдаланады. Сонда мәселені анықтау қажет ететін қағида мен практикалық өмір арасындағы қарама-қайшылықтар күресі арқылы анықталады. Қарама-қайшылық адам санасындағы бірін-бірі жоққа шығаратын және, сонымен қатар, бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын заттар, құбылыстар, адамдар арасындағы қатынастардан көрінеді.

Қарама-қайшылық: ақпараттық, танымдық, логикалық болып бөлінеді. Ақпараттық қайшылық зерттелетін құбылыстың үдерістік және пәндердің мәнінде болады. Көбіне мағыналық қайшылық түрінде танылған. Танымдық қарама-қайшылық - теориялық, практикалық білім түсінігі мен даму деңгейі арасында орын алатын үдеріс. Ал логикалық - көп жағдайда технологияны құруда, пайымдауда және диагноз қоюда тікелей бірнеше ұсыныстан бір шешімге келуді білдіретін қарама-қайшылықтың түрі. Аталған қайшылықтардың түріне байланысты зерттеу жұмыстары іргелі, қолданбалы болып бөлінеді. Іргелі зерттеулер теориялық және практикалық жетістіктерді қорытындылап, жалпы тұжырымдар жасалса, қолданбалы зерттеуде педагогикалық үдерісті жан-жақты тануға, олардың заңдылықтарын ашуға көмектеседі [36, б. 14].

Психологиялық және педагогикалық зерттеу жалпы әдіснамалық ұстанымдар негізінде құрылады. Әдіснамалық ұстанымдарды және баланың психикасының ерекшеліктерінен туындайтын нақты мақсаттарды басшылыққа ала отырып, психологиялық зерттеудің стратегиясы, жалпы барысы анықталады. Психологиялық және педагогикалық зерттеу логикасы әдіснамалық ұстанымдарға негізделеді. Олар: детерменизм ұстанымы, ақиқаттылық ұстанымы, даму ұстанымы.

Нақты әдістер жасалымы ғылымның теориялық қағидаларынан шыға отырып, әдіснамалық ұстанымдарға негізделеді. Кез келген

әдіс белгілі бір теорияның нәтижесін көрсетеді де, зерттеудің нысанасын, алынған нәтижелерді түсіндіру тәсілдерін анықтайды.

Зерттеу әдістерінің жалпы мақсаты теориялық талдау жасау үшін психологиялық фактілерді нақты тіркеу. Психологиялық түсін- дірімдер түрлі деңгейлі, көпсатылы болып келеді, әр саты жеке мәнге ие, әрі бірін-бірі айырбастай алмайды. Әрбір психологиялық феномен түсіндірімнің түрлі деңгейлерінде қарастырылады:

1- феноменологиялық, субъектінің санасындағы көрініс тапқан бейне, сезім, түрткі, мақсат және т.б.;

2 - физикалық, субъектінің организміндегі физиологиялық үдеріске байланыстылар;

3 - биологиялық, даму нәтижесіндегі белгілі бір қайтарымдар;

4 - әлеуметтік, яғни субъектіге әлеуметтік қоршаған ортаның әсерінің нәтижелері.

Зерттеу нәтижелері әрбір деңгейде түсіндірілуді қажет етеді. Б.Г.Ананьевтің психологиялық зерттеу әдістері жіктемесі бойынша ұйымдастырушы әдістер, эмпирикалық әдістер, мәліметтерді өңдеу әдістері, түсіндіру әдістері болып бөлінеді. Педагогика ғылымында зерттеу әдістері эмпирикалық және теориялық деген екі топқа бөлінеді (Бабанский Ю.К., Журавлев В.И. Скаткин М.Н., Скалкова Я.) және т.б.

Психологиялық және педагогикалық зерттеу кезеңдері:

- бірінші кезең - дайындық (белгілі бір мәселені шешу қажеттігі, оны сезінуі, зерттеу міндеттерін, нысанасын, пәнін, анықтау, болжамын жасау, әдістерді таңдау және әдістердің әдіснамалық ұстанымдарға сәйкестігін, бір әдістерді басқаларымен тексеру мүмкіндіктерін ескеру);

- екінші кезең - зерттеушілік (фактілік мәліметтерді түрлі әдістер көмегімен жинастыру, зерттеулер кезеңдері, сериялары);

- үшінші кезең - зерттеудің мәліметтерін өңдеу (зерттеу мәліметтерін сандық және сапалық талдау: әрбір тіркелген фактіні талдау, факті мен болжамның байланыстарын орнату, қайталанатын фактілерді бөліп көрсету, статистикалық өңдеу, кестелер, графиктер және т.б. құрастыру);

- төртінші кезең - мәліметтерді түсіндіру және тұжырымдар жасау (зерттеу болжамының дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау). Педагогика мен психологияның пәнаралық байланысы мынадай мәселелердің қойылуы арқылы ашылады:

- психологиялық шынайылық және оның қасиеттері, педагогикалық шынайылық және оның қасиеттері; - педагогика, педагогикалық психология, психологиялық педагогика, жеке тұлға дамуының психологиясы, кәсіби даму психологиясы, жеке тұлға дамуының педагогикасы, кәсіби даму педагогикасы;

- гуманитарлық білім жүйесіндегі психология және педагогика;

- педагогиканы «психологияландыру» және психологияны «педагогикаландырудың» жолдары мен тәсілдері;

- психология мен педагогикадағы монизм мен плюрализм;

- педагогикалық және психологиялық ұғымдарды (тәрбие, оқыту, білім, жеке тұлғалық кемелдік, жеке тұлға даму, құндылықтар жүйесі, өзін-өзі бағалау және мұғалімнің бағасы т.б.)

- психологиялық және педагогикалық зерттеулердің ерекшеліктері, Қазақстандағы және шетелдегі психологиялық-педагогикалық бағыттылықтарды және пәнаралық зерттеулерді кешенді зерттеулер құрылымы;

- осы заманғы зерттеулерді психологиялық және педагогикалық диагностиканың арақатысы мен маңызы.

Психология, педагогика және білім беру практикасының арақатынасы аясында мынадай проблемаларды бөліп атауға болады [40]:

- білім беру реформасының психологиялық аспектілері;

- мектеп және жоғары білім берудің психологиялық проблемалары;

- педагогикалық қызметті дамытудың психологиялық заңдылықтарын қалай есепке алу;

- өзін-өзі тану үдерісінде (педагогтің, оқушының, ата-ананың, басшылардың және т.б.) психологиялық және педагогикалық білімнің орны;

- мұғалімнің, тәрбиешінің білім беру мекемесі басшысының, білім алушының, ата -ананың және т.б. психологиялық портреті;

- педагогикалық үдеріс (мұғалімнің, білім алушының) шығармашылық әлеуметін ашады ма;

- педагогикалық үдерісті психологиялық қамтамасыз ету проблемалары;

- психологиялық мазмұн мәселесі - педагогикалық үдерістегі жуықтағы даму аймағы;

- мұғалімдер мен білім алушылардың қарым-қатынасы «тілінің» мәселесі;

- психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету және білім беру үдерісін қолдану мәселелері;
- мұғалімнің психологиялық құзыреттілігі және мәдениеті т.б.

Бақылау сұрақтары:

1. Мәтін дегеніміз не?
2. Ғылыми зерттеудегі мәтін қалай құрылады?
3. Ғылыми стилдегі мәтін туралы баяндаңыз.
4. Ғылыми стилдегі мәтін түрлерінің бөлінуі қандай?
5. Ғылыми зерттеудің ғылыми тілі дегеніміз не?
6. Ғылыми зерттеудің әдіснамалық ұстанымдары туралы сипаттаңыз.

Тапсырмалар:

1. Ғылыми зерттеу материалдары туралы ақпарат
2. Мәтіннің түрлері туралы сипаттама
3. Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру

22. Ғылыми зерттеу бағытын таңдау. Ғылыми-техникалық проблеманы қою және ғылыми-зерттеу жұмысының кезеңдері

- 22.1. Зерттеу логикасы мен құрылымы
- 22.2. Зерттеу проблемасын таңдау және негіздеу. Ғылыми проблематиканың факторлары мен көздері
- 22.3. Зерттеудің ғылыми болжамы және жетекші идея
- 22.4. Теория мен зерттеудің міндеттері

Педагогикалық зерттеудің динамикасын қарастырмас бұрын, жалпы категорияларды, кез-келген әрекетпен сипатталатын мақсат, нәтижені қолдануымыз қажет. Жалпы ғылыми деңгейдегі ұғымдар: эмпирикалық суреттер, теориялық модель, нормативтік модель, проект. Осы айтылған терминологияны қолдана отырып, педагогикалық зерттеу логикасының этаптарын көрсетеміз.

Қозғалыс мақсаттан басталады. Мақсат - бұл нәтиженің көрсеткіші.

Педагогикалық зерттеудің логикасын көрсетуде педагогикалық болмыстың эмпирикалық суреттемесін, танымдық суреттемесін, нормативтік ортаны анықтап алуымыз керек.

Кез-келген педагогикалық зерттеу логикасын ортадағы ғылыми таным этаптарында көрсетуге болады. Ол педагогикалық болмыстағы эмпирикалық суреттеу. Эмпирикалық суреттеуде дәлелдер (фактілер) бейнеленеді. Дәлелдер - бұл жаңа оқулықтар мен педагогикалық ұжымның жұмысы, мұғалімдердің сәтті немесе сәтсіз жұмыстары, оқу материалдарының анықталған түрлері, оқыту тәрбиелеуде қолайлы болуы мүмкін.

Сонымен қоса, философия, педагогика, психология т.б. ғылым аймағындағы білім беру негізінің зерттеу объектісіндегі теориялық моделі көрсетіледі. Бұдан кейін нақты теориялық модель құрылады. Әрі қарай зерттеуші нормативтік модельге, педагогикалық болып, нақты әрекетке көшеді. Соңында зерттеу жұмысының қорытындысында болашақ педагогикалық әрекеттің жобасы, нақты материал немесе білім беру стандарты алынады. Бұл үдеріс I, II, III, IV т.б. модельдеуге жалғасуы мүмкін.

Зерттеу нысанын анықтау дегеніміз зерттеудің нені қарастырып жатқанын білу, анықтау. Дегенмен, объект туралы жаңа білімді барлық қырлары және көріністері тұрғысынан алу мүмкін емес, сондықтан зерттеудің пәнін анықтау қажет, яғни, нысанның қалай қарастырылып жатқанын, ондағы қандай қатынастардың болатынын, оның қандай қасиеттер, қырлар, қызметтерді ашып көрсететінін белгілеу болып есептеледі.

Зерттеудің мақсаты - педагогикалық құбылыстың себеп-салдарлық байланысы мен заңдылықтарын айқындау және солардың негізінде теория мен әдістемелерді әзірлеу (қандай нәтиже алу көзделеді, сол нәтиже оны алғанға дейін қандай жалпы сипатта көрінеді?) Зерттеу мақсаты: не үшін зерттеу пәні зерттеледі (тәрбиенің ғылыми негізін құрастыру, зерттеу тақырыбы бойынша жаңа ғылыми информация алу, тәжірибе нәтижелерінің талдауы т.б.) Болжам - құбылыстардың өмір сүру себептерінің шындығын, қасиеттерін түсіндіру мақсатында алға қойған, негізделген жорамалды көрсететін ғылыми білімнің даму түрі. Болжам деп кез-келген ойдан туған жорамал немесе қиялды айтуға болмайды, тек нақты эмпирикалық деректерге негіздеуден туған жорамал болуы керек. Болжам - кейбір құбылыстардың өмір сүруі туралы жорамал. Құбылыстың зерделенетін шеңбері жөніндегі белгілі бір білім негізінде ұсынылған болжам басқарушы принцип рөлін, одан ары қадағалау мен экспериментті бағыттаушы және түзетуші рөл

атқарады; сондай-ақ ғылыми білімді дамытудағы қажетті буын. Объектіге байланысты болжам жалпы және дербес болып бөлінеді.

Ғылымда іске басшылық болжамы маңызды орын алады. Зерттеудің бастапқы кезеңінде алға қойылатын бақылау нәтижелерін тұңғыш жүйеге келтіру, бірақ оларды түпкілікті түсіндіруді қамтамасыз етпейтін шартты жол болады. Педагогикалық зерттеулерде болжамды тұжырымдау, әдетте, сол немесе өзге де педагогикалық үдерістер мен құбылыстардың өту жағдайын анықтауға арналып бағытталады.

Болжам арқылы білімді дамытудың екі кезеңі бар. Олар болжамды құру және тексеру.

Болжамды құру алғашқы берілгендерді табу және сұрыптау негізінде жүреді. Талдау - сұрыптау тұрғысынан қарау ғылым заңдарымен сәйкес келетін және белгілі құбылыстарды тек түсіндіру ғана емес, жаңа құбылыстардың алдын-ала белгілеуге болатын ең дұрыс негізінде жорамал жасауға мүмкіндік береді.

Болжамды тексеру одан туындайтын нәтижелерді және оларды нәрселердің нақты күймен салыстыруды жалпыдан жалқыға қарай жүретін ой қорытындылары жолымен жүзеге асырылады. Осының арқасында болжам мақсатқа бағытты ғылыми ізденіс құралы, ғылыми зерттеулерді ұтымды ұйымдастырудың методологиялық негізі ретінде көрінеді.

Ал, ғылыми болжам дегеніміз тәжірибеде әзірге белгісіз құбылыстар туралы немесе келешекте белгілі бір жағдайда пайда болатындай мүмкіндігі бар оқиғалар мен құбылыстар туралы ғылыми білім, болжам. Тәжірибелік қажеттіліктен туып, ғылым жетістіктеріне сүйене келе болжау - адам ойының бір нысанына айналған. Ғылыми болжамның мүмкіндігі оның ғылыми негізділігі мен өзара заңдылығында, өзара тәуелділігінде болады. Болжамды /гипотеза/қалыптастыру дегенді қалай түсінеміз? Зерттеу болжамы - шындыққа сәйкестігі дәлелденуі қажет теориялық тұрғыдан негізделген пікірлер жиынтығы.

Негізгі мәселені шешудегі анықталған нақты мақсаттар, оны жүзеге асыру мүмкін емес, зерттеу сұрақтарын және мәселелерін, жеке шығармашылық ізденістің нақты міндеттерін айқындау. Болжам төмендегідей түрлерге бөлінеді:

1. Суреттемелік;
2. Түсіндірмелік;
3. Суреттемелік - түсіндірмелік;

- Болжамды зерттеудің негізгі ұғымдарын, категорияларын қосуға болмайды.

- Болжамның қалыптасуында дәлелдердің үлкен шеңберде бағалануы.

- Логикалық зерттеуде стилистикалық безендіруді қажет етеді. Болжамның құрылымы: «егер мынадай және мынадай жаңаны қолданса, немесе қолданыстағы мазмұнды, форма мен әдісті былай да өзгертсе, онда білімді және білікті аса саналы және берік меңгеру қамтамасыз етіледі, білім алушының дамуында мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады».

Ал, зерттеу міндеттері дегеніміз - педагогикалық зерттеудің нақтыланған немесе анағұрлым жеке-жеке мақсаттары (мақсатқа қол жеткізу үшін не істеу керек?). Зерттеу міндеттері: ғылыми мәселені зерттеуде зерттеу пәні бойынша мақсаттың дәлдігі, ғылымның жалпы жағдайы бойынша мақсаты анықталады, педагогикалық теория дамуының қажеттілігі, ал зерттеу міндеттері тек қана мақсаттан емес, сонымен қатар зерттеу жұмысының талаптарының есебінен де туындайды.

Жетекші идея - теориялық жүйе негізіндегі анықтаушы ұғым. Сонымен зерттеу логикасына, яғни зерттеу ережесі мен құрылымына сәйкес білім алушылардың оқу жоспары бойынша курстық және дипломдық жұмыс орындайды.

Зерттеудің алғашқы тұжырымдамасы: барлық зерттеу жұмысында жетекшілік ететін теориялық ережесі. Зерттеудің сүйенетін позициясы - ғылым жағдайының терең талдауының нәтижесі. Алғашқы концепция ғылымда зерттелгенді, ғылымда қандай сұрақтарға жауап жоқтығын анықтауға көмектеседі. Гипотезаны құру үшін, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін нақтылау өте маңызды [30, б. 78-81].

Ғылыми жұмыс жоспарын құрастыру. Бірінші тарау теориялық құрылыс ретінде қызмет атқарады. Оның мазмұны: тақырыптың негізгі ұғымдарының мәні, мәселенің дамуының тарихи аспектісі, заманауи міндеттері, оларды шешу үшін психологиялық және физиологиялық мүмкіндіктері, заманауи білім беру оқу орындарында таңдалған мәселені шешу жолдары.

Екінші бөлім – білім алушының эмпирикалық қызметін көрсету. Осы тараудың негізгі мазмұны: таңдалған тақырып бойынша табысты жұмыс істейтін оқытушылардың практикалық тәжірибесін талдау; анықтама эксперименттің нәтижелерін

сипаттау; жаңартылған эксперименттің формалары мен әдістерін, мазмұнын, сипаттау; қойылған міндеттерге сәйкес оқитындармен болған өзгерістерді көрсету.

Білім алушылардың жоспарлар нұсқасымен танысу, білім алушылар тандаған нақты тақырып бойынша ғылыми зерттеу (аттестаттау) жұмыстар жоспарын жасау (болашақта жүзеге асырылатын зерттеу бойынша уақытша, тренингке немесе нақты). Ұсынылған жоспарларды талқылау, басым тақырыптарға назар аудару [41, б.10].

Зерттеу жұмысын педагог әртүрлі кезеңдерде өткізеді, ең бастысы - олар мынадай іс-әрекеттерді қамтуы тиіс:

- зерттеу нысанын, пәнін, максаттары мен міндеттерін, болжамын, зерттеу әдістерін тандау, зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындау;

- проблеманы қою тәсілдерін тандау және ғылыми-теориялық ізденістің бірінші болжамының мәтінін түзу, ол ғылыми жобаның немесе модельдің, жаңа жүйенің, әдістің немесе әдістеменің сипаттамаларын қамтиды;

- енгізілген жаңалықтың практикадағы тиімділігін тексеруде жүргізілген эксперименттік жұмыстар ұйымдастыру және оның нәтижелерін талдау алынған нәтижелердің дәйектілігі мен сенімділігін дәлелдеу немесе болжамды теріске шығару, қорытындылар мен ұсыныстар [42, б.11].

Нақтылы педагогикалық және әдістемелік зерттеулердің ықпалдылығы алынған нәтижелердің теориялық маңыздылығымен, жаңалығымен ғана сипатталмайды, сонымен қатар олардың нақты оқу-тәрбие міндеттерін шешу сапасы мен тиімділігіне қаншалықты ықпалды екендігімен сипатталады.

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеудің логикасы дегеніміз не?
2. Зерттеу құрылымы қалай құрылады?
3. Зерттеу болжамының негізгі ұғымдары қандай?
4. Жетекші идеяда қандай мәліметтер қарастырылады?

Тапсырмалар:

1. Педагогикалық теори туралы ұғым
2. Ізденістің әдіснамалық негізі
3. Ғылым логикасы

23. Ғылыми ақпаратты іздеу, жинақтау және өңдеу

- 23.1. Деректі ақпарат көздері
- 23.2. Құжаттарды талдау
- 23.3. Ғылыми ақпаратты іздеу және жинақтау
- 23.4. Ақпараттық ресурстардың электрондық нысандары
- 23.5. Ғылыми ақпаратты өңдеу, оны бекіту және сақтау

Ғылыми танымның деңгейіне байланысты - теориялық немесе эмпирикалық әдістер ретінде анықталады. Ғылыми танымның екінші деңгейі теориялық деңгей. Ол зерттеушіге зерттеу әдістері мен ғылыми нәтижелер арасындағы себеп-салдарлық тәуелділікті айқындауға, эмпирикалық деректерден теориялық қортындыларға көшу барысындағы педагогикалық заңдылықтарды анықтауға көмектеседі. Теориялық деңгей әдістері әдебиет көздерін оқып білу зерттеудің құрамдас және бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Бұл кез-келген ғылыми іс-әрекеттің алғашқы кезеңі. Зерттеуші ғылымның осы саласында оған дейін қандай мәселелер зерттелгенін анықтау үшін, зерттеу мәселесінің бұрынғы мен қазіргі жай- күйін және оған қатысы бар барлық мәселелерді түсіну үшін тандап алған тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысуы қажет. Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді білу зерттеуші мәдениетінің, оның ғылыми адалдығы мен зерттеу нәтижелерінің құндылығының шарты болып табылады. Ғылымның зерттеліп отырған саласының жай-күйі мен дамуын тану үшін зерттеуші әр түрлі педагогикалық бағыттар, көзқарастар, ғылыми мектептер, отандық және шетелдік баспалардың арасынан өзіне керекті әдебиетті тандап алып, көптеген авторларға ортақ және білім беру процесіндегі заманға сай тенденцияларды анықтайтын жалпыны табуы қажет. Әдебиеттерді зерттеу кезінде оларға талдау жасау, оларды салыстыру, теңестіру, жалпыға ортақ ғылыми әдістерді анықтау сияқты жұмыстар жүргізіледі, ол қоршаған болмысты тануда үлкен рөл атқарады. Әдебиет көздерін зерттеу әдісі ғылыми танымның белгілі бір кезеңіндегі зерттеудің нақты мақсаттар мен міндеттерімен анықталады. Бұл әдістің қажетті әдебиеттерді іздеу, әдебиет материалдарына алдын-ала талдау жасау, оқу мен жазып алу техникасын ескеру, тақырыптық белгілері бойынша жеке картотеканы құру, әдебиеттерді бір жүйеге келтіріп қолдану, әдебиеттерді зерттеу сияқты сатылары бар [37, б. 33-34].

Қазіргі таңда кез келген тақырыпта кітапханадан болсын, ғаламтордан болсын көптеген ақпаратты еш қиындықсыз табуға болады. Дегенмен, осы көп ақпараттардың ішінен білім алушының өзіне қажетті ақпаратты дұрыс таба білуі және оны қолдана білуі өте маңызды жайттың бірі болып табылады. Бұл білім алушының тек уақытын үнемдеп қана қоймай, сәтті жұмыс жазып шығуына үлкен септігін тигізеді.

Ақпараттарды тауып, жинақтамас бұрын тақырып бойынша осы кезеңге дейін білетін мәліметтер туралы ойлану қажет. Еске түскен немесе ойға келген идеяларды қағазға жазып отырудың тигізер пайдасы көп. Содан кейін, пәнге байланысты оқытылатын тақырыптарды қарастыруға болады. Таңдалған тақырып осы пәнде оқылатын тақырыптарға сәйкес келген жағдайда, тақырып бойынша оқуға берілген әдебиеттерді қарастыру керек. Сонымен қатар, тақырыпқа байланысты кітаптар мен мақалалардың қолданылған әдебиеттерінің ішінен қажетті мәліметтерін таңдап алуға болады. Зерттеу жұмысына қажетті материалдарды жинау оңай шаруа емес. Тақырыпқа байланысты материалдарды іздегенде ғаламтор кездерін пайдаланған жөн. Мысалы, Google арқылы Wikipedia сайтына кіріп көп мәліметтер табуға болады. Дегенмен, олардың сенімділігіне көз жеткізу керек. Әдетте, жақсы материалдарды жинау үшін мынадай жайттарды ескеру қажет:

Бірінші, зерттеу үшін тақырыпқа қатысты сөздердің немесе терминдердің тізбесін жасап алғап жөн. Яғни, материалдарды оқу барысында тақырыпқа қатысты сөз тіркестері мен термин сөздер кездесе, оларды жазып алып отыру қажет, Бұл зерттеу жұмысына байланысты мәселені түсінуге септігін тигізеді.

Екінші, тапсырма және зерттеу сұрағы бойынша талап етілетін жайттар туралы ойлану қажет. Көптеген сайттар редакцияланған мақалалар ұсынады, зерттеу жұмысына осындай сенімді мәліметтерді ғана қолдануға тырысу қажет.

Үшінші, зерттеу жұмысының қолданылған әдебиеттері құнды болғанын ескерген жөн, Google Scholar сияқты академиялық бағыттағы материалдар жинастыратын сайттар «сілтеме жасалынған» («cited by») деп, қанша адамның материалдарды қолданғанын көрсетеді. Жұмысқа сілтеменің көп жасалуы, оның құндылығының жоғары екендігін байқатады.

Зерттеу материалдарын жинауда зерттеу жұмысы болып табылады. Материалдарды жинау барысында әркім өзі

қалыптастырған әдістерді қолдануы мүмкін. Ең бастысы материалдарды жылдам жинап, оның алдағы зерттеу жұмысқа қалай қолдану жағын ойластырған жөн. Дегенмен, материалдарды қарастыру барысында кейбір мақалалардағы мәліметтер ескі болуы мүмкін. Сондықтан, мәліметтің қашан жарияланғаны жөнінде білу өте маңызды.

Зерттеу жұмысын жүргізудің негізгі мақсатының бірі - белгілі бір тақырып бойынша тереңден білу және ол тақырыпты жетілдіру жолдарын айқындау. Зерттеу жұмысы әдетте қандайда бір мәселені анықтап оны шешу жолын қарастырады.

Зерттеу жұмысы зерттеу әдісін қолдану арқылы сауалдың жауабын табу және оны дәлеледеумен тығыз байланысты. Зерттеу - белгілі бір мәселе жөнінде кеңінен іздестіру жұмысын жүргізу. Ал, зерттеу әдісі - жекелей немесе топ болып мәселені анықтау және оның шешілу жолдарын анықтау. Дәлел - зерттеу арқылы фактілер мен дәйектер жинау.

Зерттеу сұрағын қалай анықтап алуға болады деген сұрақ көптеген білім алушыларға қиындық тудырады. Дегенмен, оны анықтау аса қиындық тудырмайды.

Зерттеу жұмысының ең негізгі үдерісінің бірі - қызығушылық тудырған саланы ықшамдай алу. Автор қызығушылығына байланысты мәселені нақты әрі түсінікті етіп зерттей алатындай сұрақты табуы тиіс. Зерттеу сұрағы анық болған сайын оған жауап беру мен оны зерттеу үдерісі түсінікті болады. Зерттеу сұрағын құру үшін мынадай қарапайым үдерісті жүзеге асырған дұрыс:

Бірінші, зерттеу саласы: Ғылым үлкен салалардан тұрады. Автор өзін қызықтыратын саланы анықтау үшін мынадай қарапайым екі сұрақты өзіне қоя алады: 1) Мені не қызықтырады? Не себепті бұл сала мені қызықтырады?

Екінші, зерттеу бағыты: жалпы саланың ішінен қай бағыт қызықтыратынын анықтан алу қажет. Бұл жалпы саланың ішінен нақты бір арнайы бағытын таңдауға көмектеседі.

Үшінші, зерттеу сұрағы: жазба жұмысының негізгі зерттеу сұрағы. Мүмкіндік пен уақытты ескере отырып зерттеу сұрағын таңдау керек. Кейде бір немесе бірнеше, тіпті шағын сұрақтар туындауы мүмкін [2, б. 31-33].

Зерттеу сұрағы мен зерттеу тақырыбын таңдап алғаннан кеңін зерттеу жоспарын құрып, оны қалай жүзеге асыру үдерісіне көшуге болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақпарат дегеніміз не?
2. Кітаптар қорын мен электронды ресурстарды қолданудағы ескеретін жайттар қандай?
3. Ғаламтордан қажетті ақпаратты қалай іздеуге болады?
4. Ғаламтордағы ақпараттың сенімділігінен қалай көз жеткізуге болады?
5. Әдебиет көздерін зерттеу әдісі дегенді қалай түсінісіз?

Тапсырмалар:

1. Зерттеу тақырыбыңызға сәйкес әдебиеттерге талдау жасаңыз
2. Зерттеу тақырыбына байланысты ғаламтордағы сенімді сайттарды көрсетіңіз

24. Теориялық және эксперименттік зерттеулер

- 24.1. Теориялық зерттеулердің әдістері мен ерекшеліктері
- 24.2. Теориялық зерттеудің құрылымы мен модельдері
- 24.3. Эксперименттік зерттеулер туралы жалпы мәліметтер
- 24.4. Экспериментті жоспарлау және әдістемесі
- 24.5. Методологиялық қамтамасыз ету эксперименттік зерттеулер
- 24.6. Экспериментатордың жұмыс орнын ұйымдастыру

Зерттеу дегенімізді қандай да бір сұраққа жауап беру үшін мәлімет іздеу деген қарапайым анықтамамен түсіндіруге болады, Тіпті, кітап оқу немесе жаңалықтар көру де зерттеу болып табылады. Академиялық бағытта жазылатын зерттеулердің өзіне тән ерекшелігі болады. Академиялық бағытта жасалған зерттеу жұмыстары өзінің зерттеу сұрақтарына, мақсатына, пәніне, бағытына қарай әр түрлі болуы мүмкін, Мәселен, әлеуметтік бағытта жасалатын зерттеу жұмысы бірнеше адамдардың пікірі мен ойын, тәжірибесін сауалнама арқылы анықтауы мүмкін немесе басқа ғалымдардың шкірін ғана жинақтап тақырып туралы қандай қызықты материалдар бар екенін анықтауға болады. Басқаша айтқанда ғылыми әдебиеттерге зерттеу жасалынады [2, б. 38].

Білім беру саласындағы жүргізілетін педагогикалық зерттеулердегі ғылыми әдіс осы ғылымдардың нысандары мен мақсаттарын қанағаттандыруға арналған көзқарастар мен тәсілдер. «Әдіс» ұғымы сөздің кең және тар мағынасында да қолданылады. Бірінші жағдайда, ол бірнеше тәсілдері бар танымдық үрдісті білдіреді. Мысалы, теориялық талдау әдісіне синтез, абстракциялау, қорыту және т.б. коса кіреді. Тар мағынада, әдіс ғылыми пәннің арнайы тәсілдері болып табылады.

Білім беру саласындағы жүргізілетін педагогикалық зерттеулерде, сондай-ақ, «әдістеме» ұғымы беріледі. Бұл термин түрлі педагогикалық нысандар мен құбылыстарды зерттеу үшін пайдаланылатын әдістердің формалары мен тәсілдерінің жиынтығын (кешенін) белгілеу үшін қолданылады. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу процедурасының ұғымы ретінде пайдаланылады.

Бұл зерттеуді ұйымдастыру жағын білдіретін әлеуметтік термин: атап айтсақ, нысандарды және зерттеу жоспарын, зерттеу базасын, уақыт параметрлерін, қатысушылар санын анықтау.

Білім берудің педагогика саласындағы ғылыми еңбектердің әдіснамалық деңгейі осы еңбектердің бірқатар талаптарға сәйкес келу дәрежесімен анықталады, олар:

- зерттеу стратегиясын іздестіру;
- іздестіруді ұйымдастыру;
- әдіснамалық талдаудың тактикалық тәсілдері мен құралдарын таңдау;
- негізгі ұғымдар мен зерттеу нәтижелерінің болуы [35, б. 21].

«Әдіс» грек тілінен аударғанда «методос» - таным амалы, тәсілі деген мағынаны білдіреді. Субъектінің кез келген формадағы әрекетінің амалы. «Әдіс» белгілі ереже, амал, тетігі, таным және әрекет нормаларының жиынтығы. Әдіс ақиқатты зерттеуді жеңілдетіп, уақытты үнемдейді, мақсатқа жетуді көздейді. Мақсат көздеген нәтиже алуға бағытталған әрекет. Сонда әдіс ақиқатты игерудің практикалық және теориялық тәсілдерінің жиынтығы, адамды мақсатқа жету жолында ұстанымдар жүйесімен, қойылатын талаптармен, ережелермен қаруландырады. Осы әдістерді зерттеумен арнайы шұғылданатын біртұтас білім аймағы әдіснама. Әдіснаманың маңызды міндеттерінің бірі - таным әдістерінің шығуын, мәнін, тиімділігін зерттейді. Зерттелетін пәннің сипатына қарай қолданатын әдістер түрлі-түрлі болып келеді. Ғылыми танымның әдістерін ғылыми зерттеу үдерісінде қолдану аймағына

байланысты: диалектикалық және метафизикалық деп бөлінеді. Соның ішінде диалектикалық әдістер эмпирикалық және теориялық деп бөлінеді.

Педагогикалық зерттеу әдістері - оқыту, тәрбиелеу, дамытудың объективті заңдылықтарын тану тәсілдерінің жиынтығы. Зерттеу әдістерін таңдау принциптері:

1. Бірнеше зерттеу әдістерін үйлесімді қолдау ұстанымы арқылы ұзақ уақыт бақылау нәтижесінде кең көлемді материал алынады. Педагогикалық құбылыстар мен үдерістер өте күрделі болғандықтан, зерттеу нәтижесі факторлар мен шарттардың әртүрлі болуына ықпал ететіндей болуы керек.

2. Зерттеу әдістерін таңдауда зерттеуші және зерттелушінің мүмкіндігін және құбылыстың мәніне қарай таңдау ұстанымы. Мысалы: Мектепке дейінгі балалардың білімін анықтауда тесті қолдануға болмайды, әңгімелесу сұрақтары жас ерекшелігіне сай анық, түсінікті болуы керек. Тәрбиешінің педагогикалық әрекетін іс-құжаты немесе сұрақ қою арқылы ғана бағалау қиындау, сондықтан педагогикалық үдерісті ұзақ уақыт бақылау арқылы тұжырым жасалынады.

3. Зерттеу әдістері адамгершілік нормаларға қайшы келсе, зерттеуге қатысушыларға және оқыту-тәрбиелеу үдерісіне зиян келтірген жағдайда тоқтату керек. Дегенмен, зерттеудің нәтижелі болуы зерттеушінің педагогикалық зерттеу әдістемесін қолдану біліктілігіне тікелей байланысты.

Педагогикалық зерттеу әдістемесі - педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру мен реттеу әдістері, тәсілдері, ұстанымдарының жиынтығын нақты ғылыми мақсатқа жетуде қолдану жолы және алынған нәтижені түсіндіріп талдап көрсетудің жүйелі жүргізілуі.

Педагогикалық зерттеу әдістерінің әдіснамалық негізі бойынша адамның қоршаған әлемге қатынасы практикалық және абстрактілі-теориялық (танымдық) тұғырлармен байланысты шешіледі. Біріншісі адамның өзгермелі ортаға тез бейімделуі, екіншісі ақиқаттың заңдылығын тану мақсатын көздейді. Бірақ ғылыми таным ақиқатқа сүйіспеншіліктен ғана емес, әлеуметтік қажеттілігін өтеу мақсатын жүзеге асырады [31, б. 23-24].

Осы тұста педагогикалық зерттеу әдісінің әдіснамадан айырмасын білуді орынды санаймыз. Ол педагогикалық құбылыстар мен өзгерістерді зерттеу, олар туралы ақпараттық

технологияларды жинақтап, заңдылықты байланыстар мен қатынастарды анықтау болып табылады.

Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістеріне зерттеудің теориялық әдістері (талдау және біріктіру, индукция және дедукция, модельдеу және мәтінмен жұмыс жасау әдістері); зерттеудің тарихи-педагогикалық әдістері (әдеби көздерді теориялық талдау жасау, мұражай материалына талдау жасау, тарихи-педагогикалық зерттеудің көздері: арнайы құжаттар мен материалдарды зерттеу); озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және пайдалану, педагогикалық зерттеуде сұрақ әдістері (әңгіме, сұрақ-жауап, сұхбаттасу); педагогикалық тестілеу; оқушылар іс-әрекетінің туындысын және мектеп құжаттарын зерттеу; педагогикалық бақылау; педагогикалық зерттеудің социологиялық әдістері; педагогикалық эксперимент; педагогикалық зерттеудің статистикалық әдістері жатып, ғылыми-педагогикалық зерттеудің жүйесін құрайды. Аталған әдістерді пайдалану кезінде құбылыстық ерекшеліктеріне, мұғалімнің шеберлігіне, білім алушылардың қабілеті мен зерттеуді ұйымдастырудағы әлеуметін және ортаның жағдайы ескеріледі. Дәл ғылымдар (химия, физика, т.б.) сияқты педагогикалық құбылыстарды зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Айталық, дәл ғылымдар бойынша экспериментті қайталап жүргізуге болмайды, өйткені педагогикалық эксперименттің нысанасы – жас ұрпақты тәрбиелеу. Білім алушыны тәрбиелеу ісінде ішкі, сыртқы себептер әсер етіп, зерттеуге әсерін тигізеді. Осыған байланысты педагогикалық зерттеу әдістері мүмкіндігінше баланың денсаулығына зиян келтірмейтіндей және оқу-тәрбие ісін дамытатындай тұрғыда ұйымдастырған орынды [36, б. 22-23].

Сонымен, ғылыми педагогикалық зерттеудің нәтижесі әрі табысты болуы мақсатты белгілеуге байланысты. Мақсат - елде орындалатын әрекет нәтижелерінің айқын бейнесі. Алға қойған мақсатты іске асыру үшін оның себептерін, оған сай тәсілдерін тапқан жөн. Сонда ғана мақсат нәтижеге жетеді, болмаса мақсатқа жетудің жолы ыңғайлы тәсілдерді таңдап біртұтас бейнені жасау болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Әдіс дегенміз не?
2. Зерттеу жұмысындағы әдістерді қолдану жолдары қандай?
3. Зерттеу әдістерінің принциптері нешеге бөлінеді?

4. Әдістің тар мағынада қолданылу қандай?
5. Әдіс пен әдіснаманың айырмашылығы неде?
6. Әдіснама дегеніміз не?

Тапсырмалар:

1. Ізденушілік туралы ұғым.
2. Зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасы.
3. Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу.
4. Зерттеу әдістерін жіктеу.

25. Эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін өңдеу

25.1. Кездейсоқ қателер теориясының негіздері және өлшеулердегі кездейсоқ қателіктерді бағалау әдістері

25.2. Нақты мәліметтердің көмегімен өлшеулерді аралық бағалау

25.3. Өлшеу нәтижелерін диаграммалық өңдеу әдістері

25.4. Ғылыми зерттеу нәтижелерін ресімдеу

25.5. Ақпаратты ауызша ұсыну

25.6. Ғылыми жұмыстың тұжырымдарын баяндау және дәлелдеу

Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің негізгі нормативті-техникалық құжаттары мемлекеттік стандарттар болып табылады.

Өлшеу - арнаулы техникалық құралдардың көмегімен тәжірибелік жолмен шаманың мәнін табу.

Кездейсоқ қате - деп мәні өзгермелі, кездейсоқ себептерден пайда болатын қатені айтады.

Берілген шаманы қайталап өлшеген сайын қатенің сандық мәні біресе азайып, біресе көбейіп ешқандай заңдылықсыз өзгеріп отырады.

Ықтималдық теориясы кездейсоқ оқиғаларды және олардың ықтималдығын зерттеудің математикалық әдістерін береді. Ықтималдық теориясы мен математикалық статистиканың қағидаларына сүйене отырып қателер теориясы өлшемнің кездейсоқ қателерінің, кездейсоқ оқиғалардың пайда болу заңдылықтарына бағынады деп қарастырады. Кездейсоқ

шамалардың дәл мәндерін табу үшін оларды қандай ықтималдықпен анықтаудың жолдары ықтималдық теориясы мен математикалық статистика заңдылықтарынан шығатынын көреміз.

Қателіктердің жіктелуі. Өлшеу құралдары мен нәтижелерінің сапасын, қателіктерін көрсете отырып, сипаттау қажет.

«Қателік» деген ұғымды енгізу мыналар сияқты үш ұғымдарды анықтау және нақты шектеуді қажет етеді: өлшенетін шаманың шын және нақты мәні мен өлшеу нәтижесі [43, б. 11-12].

Педагогикалық зерттеудің өңдеу тәсілдері жұмыстың талабына сәйкес зерттеудің нақтылау, құрастыру, жобалау сияқты тәсілдерден тұрады. Нақтылау тәлісі затты өз мәнінде қарастыруды көздейді, құрастыру тәсілі /конструирование/ латынның «жасаймын» деген сөзінен алынған. Адамның шығармашылығы мен көркемдік талғамын, қабілетін, ойын көруі мен қимыл үйлесімділігін дамыту болып саналады. Ал құрастыру тәсілі бұрын бар нәрсенің бейнесін есте сақтау арқылы қалпына келтіруді айтады. Бұл тәсіл өмірде құрастыру мен байланысты қарастырған жөн. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын өңдеу үшін олардың ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы талаптарға сай орындаған орынды [36, б. 80].

Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастырудың орны өте зор. Себебі көп жағдайда жоспарланған жұмыстар атқарылу барысында тек қағаз бетінде ғана қалып қойып, оқу процесінде ағымдық жұмыстар аясында кете беретін жағдайлар өте жиі кездесіп отырады. Ол үшін ғылыми зерттеу жұмысында жоспарланған негізгі жұмыстардан ауытқымай бірізділіктегі жүйеде орындалуы қадағалану керек. Ол тек осы пәнді жүргізетін оқытушы ғана емес, магистратурада сабақ жүргізетін барша оқытушылар құрамының атқаратын жұмысы болуы қажет. Ол үшін кафедра тарапынан қатаң қадағалануы, атқарылған әр жұмыстың орындалуын бақылаудың мәні де зор болмақ.

Егер жоспарлаудағы басты іс-әрекеттер жалпы магистратураның оқу және ғылыми жұмыстарына байланысты болса, ғылыми зерттеу жұмысы жеке магистрант жүргізетін жұмыстарға тәуелді. Сондықтан факультет – кафедра – оқытушы – ғылыми жетекші – магистрант жүйесі бірлікте ұйымдастырған жұмыстар арқылы ғана орындалуы керек.

Қандай да болсын ғылыми зерттеу жұмысы алға қойған зерттеу нысанының күрделілігі мен нақтылығына, ғылыми

қарастырылатын проблеманың жаңашылдығы мен өзектілігіне, практикалық қолданысына, қажеттілігіне байланысты болмақ. Олай болатын болса, бұл бағыттағы жұмыс негізгі атқарылар істерді жоспарлап алуға әкеліп тіреді.

Ғылыми зерттеудің негізгі заңдылықтары атқарылар жұмысты дұрыс, нақты және жан-жақты жоспарлап алуға әкеледі. Жоспарлаудың негізгі сипаты тексерілетін тақырып немесе ғылыми проблеманың барлық ғылыми, теориялық, ғылыми мәселелерінің жинақталған үлгісі ретінде танылуға тиісті.

Жоспарлаудың бірізділігі мен жүйелігіне нақты әсер ететін тағы бір жағдай зерттеу әдіс-тәсілдерінің дұрыс таңдап ала білуде. Қазіргі кездегі жинақтау-даралау, салыстырмалық, ғылыми теориялық талдау және тағы да басқа көптеген әдіс-тәсіл қолданылып жүр. Ал олардың түбі ғылыми мектептер мен теорияларға апарып тіреледі. Сондықтан да қандай да болсын ғылыми жұмысты жазу алдында жоспарлау процесінде ғылыми мектептер мен теориялар, олардың әдіс-тәсілдері туралы терең білімдер жүйесін меңгермесе, қателесуге апаратын іс-әрекеттер қайтсе де орын алады.

Жоспарлауды ғылыми негізге құру жолында сөз болатын проблемаға байланысты дәлелдеуге тиісті ғылыми жаңалық пен қорғауға ұсынылатын ой-тұжырымдар нақты көрсетілсе ғана жүйелелікке қол жеткізіледі.

ҒЗЖ-ын жоспарлау жолында оның ішкі құрылымы, негізгі зерттеу нысанасына алынған тақырыпқа тікелей қатысты және оны ашуға мүмкіндік туғызатын жиынтығы басты бағыт-бағдарға болғаны дұрыс. Жалпы алғанда жоғарғы оқу орындарында жазба жұмыс ретінде орындалып жүрген ғылыми зерттеу жұмысы болып табылатын магистрлік диссертацияның құрылымын сөз етіп көрелік. Негізінен алғанда, кіріспе, I тарау, II тарау тарау, III тарау, қорытынды деп қана алып, оны іштей, яғни әр тарауда шағын тараушаларға бөлумен шектеліп жүр.

Бұл ҒЗЖ-ның жоспары емес, ол – сол жазба жұмысын жазу барысында атқарылар, жазылар жағдаяттардың ғана жоспары. Сондықтан ҒЗЖ жоспарлауды кең мағынасында қарастырған жөн болады. Біздің ойымызша, оның төмендегіше сипаттағы жолдары бар, бірақ оны тек осы жүйеде ғана жүзеге асуы керек немесе қатаң сақтау керек деп тұжырымды түрде ұсынбаймыз. Себебі әрбір ғылыми жұмысты орындау барысында оның өзіндік

ерекшеліктеріне байланысты негізгі мақсатқа жету жолында түрлі өзгерістерге түсуі немесе орын ауыстырылуы мүмкін. Яғни ғылыми зерттеу жұмысын жүйелі де бір бағыттағы тұтастыққа жүзеге асыру үшін жоспарлау мынадай дәрежеде болғаны дұрыс болуға тиіс:

I. Магистратурада оқу процесін түзу.

II. Магистратурадағы оқытылатын пәндер жүйесі, мемлекеттік стандарт. Жоғары оқу орындары өздері кіргізетін пәндер, арнаулы курстар тақырыбы, педагогикалық және ғылыми зерттеу практикаларының уақыты, өтілетін жері, мақсат-міндеттерін анықтау.

III. F3 жұмыс тақырыптары.

IV. Магистрлік диссертация тақырыбын бекіту.

V. Емтихандар жүйесі.

VI. Кредиттік технологияға байланысты сағаттар мен пәндердің өзіндік үйлесімдік жүйесі.

VII. Ғылыми мақала, баяндама жазуға қойылар талап.

VIII. Ғылыми зерттеу жұмысының библиографиясын түзу, картотекалар жасау.

IX. Зертханалық шығармашылық.

X. Ғылыми семинарларға және конференция, симпозиумге қатысу, ғылыми жұмысты талқылаудан өткізу, баяндама жасау.

XI. Магистрлік диссертацияға материалдар жинақтау, библиографиялық тізім жасау, мұрағаттар мен сирек кездесетін кітаптар мен ғылыми қорларда зерттеу жұмысын жүргізу жолдары.

XII. Ғылыми жұмысты бастыру, техникалық орындау жұмыстары.

XIII. Магистрлік диссертацияны қорғау. Оны кафедрада алдын ала талқыдан өткізу, оппоненттер белгілеу, мемлекетті емтихан сарапшыларына ұсыну [17, б. 26-27].

Егер ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау барысында осынау екі проблеманы жадымызда ұстасақ қана, өз мақсатымызға жеткеніміз болмақ.

Бақылау сұрақтары:

1. Эксперименттік зерттеулерді өңдеу жолдары қандай?
2. Зерттеу барысындағы қателіктер туралы не білесің?
3. Өлшеу дегеніміз не?
4. Ғылыми зерттеу жұмысын баяндау негізі туралы түсіндіріңіз.
5. Дәлел дегеніміз не?

Тапырмалар:

1. Ғылыми зерттеу нәтижелерін рәсімдеу туралы ұғым.
2. Логикалық-теориялық зерттеу әдістері.
3. Ғылыми зерттеу әдістерін оқыту және тәрбиелеу әдістері арқылы салыстара зерттеу.

26. Ғылыми зерттеудің логикалық үдерісі

- 26.1. Ғылыми зерттеудің кезеңдері мен деңгейлері
- 26.2. Болжамның мазмұны, оны ұсыну және негіздеу
- 26.3. Ғылыми зерттеулер үдерісіндегі кезеңдердің мазмұны
- 27.4. Ғылыми зерттеу кезеңіндегі өзекті мәселелер

Қазіргі заманғы ғылыми әдістерді тек қана жариялап қоймай, оларды белсенді пайдалану (жүйелік әдіс, ақпаратты жинаудың және өңдеудің сенімді құралдары, математикалық және ақпараттық құралдар және басқалары) қажет. Бұл зерттеудің барлық кезеңдерінде нысанның бірыңғай үлгісін әзірлеуге және пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеушінің жіберген уақыты бойынша зерттеу оңтайлы шешімдерін табуы тиіс.

Ұйымдастырушылық талаптардың орындалуы зерттеу нәтижелерінің нақтылығын, ұсынылған болжамның дұрыстығын, олардың нақтылығын және сенімділігін растайды.

Ғылыми зерттеудің стратегиясын анықтағанда қандай теориялық заңдылықтар негіз ретінде қабылданғанын, қандай ғылыми көзқарас (немесе қолданылатын тәсілдердің тіркесі) зерттеудің міндеттерін шешуге бағытталғанын дәл анықтау қажет. Бұл ғылыми-зерттеудің нысанын анықтауда және зерттеу нәтижелерін көрсетуде дәлдік пен айқындыққа мүмкіндік береді және «жүйе», «кешен», «біртұтастық» ұғымдарына қатысты айла болдырмаудан сақтайды.

Білім беру саласы бойынша педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық сипаттамаларына: зерттеу мәселесі, тақырыбы, өзектілігі, нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы, әлістері, кезеңдері, жаңалығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, теориялық және практикалық маңыздылығы жатады. Бұл сипаттамалар анық және айқын берілуі керек. Сондықтан да, зерттеуші, мәселені

көтере тұра, жаңа фактілер мен қарым-қатынас аясында, қолданыстағы концепцияның кемшіліктерін табу барысында, тәжірибенің жаңа сұраныстарының пайда болу шеңберінде, осы күні қол жеткен білім деңгейінің жеткіліксіздігін дәлелдейді. Мәселе зерттеу тақырыбында көрсетіледі.

Тақырып тұжырымдамасы ғылымның нақты жетістіктерінен педагогикалық теория мен тәжірибеге қарай бағытталу динамикасын көрсету керек. Мәселені көтеруді және тақырыпты ұсынуды кешенді түрде беру зерттеудің өзектілігін дәлелдейді және осы мәселені неге зерттеу қажет? - деген сұраққа жауап береді. Бір сөзбен айтқанда, зерттеудің барлық сипаттамалары өзара байланысқан, бір-бірін толықтыратын зерттеу жұмысының ғылыми аппаратын құрайды.

Әдіснамалық талдаудың тактикалық құралдарын таңдау және жүзеге асыру үшін қойылатын талаптар: зерттеу әдістері, оның аппараты таңдаған стратегияға бара-бар болу керек, қажеттілігімен және жеткіліктілігімен сипатталуы атап айтсақ: олардың жиыны, оңтайлы тіркесі және реттік тізімі қажет. Осы жағдайда, сенімді және салыстырмалы эмпирикалық деректерді алуға, оны теориялық өңдеуге және түсіндіруге мүмкіндік пайда болады.

Ғылыми-зерттеудің нәтижелерін дәлелдеу үшін педагогикалық тұрғыдағы тәжірибелік эксперименттер маңызды рөл атқарады, әрине егер де олар мұқият дайындалып ұзақ мерзімде және нақты түрде жүргізілген болса. Мұнда, модельдеу әдісінің мол мүмкіндіктерін пайдаланса, онда оның елеулі үлесі болады. Білім беру саласында педагогикалық зерттеулер жүргізу әдісіне байланысты ғылыми-зерттеудің ұғымдық-санаттық аппараты туралы айтсақ, ол - бірінші кезекте, зерттеуші енгізген ұғымдардың анықтығы мен бірегейлігі және автордың түсінігі педагогикалық ғылымда қалыптасқан түсініктен өзгеше болған жағдайда қолданылатын санаттардың түсіндірілуі туралы әңгіме. Осының бәрі білім беру саласында педагогикалық зерттеулер жүргізудің әдіснамалық деңгейіне қойылатын маңызды талаптар болып табылады [36, б. 21-22].

Зерттеудің қолданбалы нәтижелері зерттеу процесінің логикасы мен құрылымына байланысты. Зерттеу процесінің кезеңдері құрылымы мен мазмұнын анықтау ғылыми ізденістің өзекті мәселесі.

Ғылыми жұмыс кезеңдерінің тізбегі (бірізділігі) – бұл зерттеу процесінің кезеңдері. Зерттеу процесінің кезеңдері ақпараттың объективті жеткіліксіздігі және ізденіс бағытының белгісіздігі жағдайында мәселені шешуге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмысында азды-көпті ірі немесе кіші зерттеу кезеңдерін ажыратып көрсетеді. Мысалы:


- 1) зерттеудің нақты міндеттерін анықтау;
- 2) деректі материалдарды жинау және өңдеу;
- 3) фактілерден идеяларға көшу;
- 4) эксперименталды тексерулер және ұжымдық талқылау;
- 5) зерттеу нәтижелерін рәсімдеу;
- 6) іс-тәжірибеге ендіру (М.А.Данилов).


Немесе, ...

- 1) проблема қою және зерттеудің негізгі міндеттерін анықтау;
- 2) зерттеу бағдарламасы мен әдістемесін әзірлеу;
- 3) ғылыми фактілерді жинау және өңдеу;
- 4) зерттеу нәтижелерін рәсімдеу және теориялық негіздеу;
- 5) зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу (А.П.Беляева).


А.А.Кыверялг бойынша (сурет 1): [16, б. 28-29]

Ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдері С.Е.Қаңтарбай, Ж.А.Жүсіпованың зерттеуі бойынша сурет 2-ден көре аласыздар.





Сурет -1. А.А.Кыверялг бойынша зерттеу мәселесін талдау



Сурет 2 - Зерттеудің негізгі кезеңдері

Нақты әдістер жасалымы ғылымның теориялық қағидаларынан шыға отырып, әдіснамалық ұстанымдарға негізделеді. Кез-келген әдіс белгілі бір теорияның нәтижесін көрсетеді де, зерттеудің нысанасын, алынған нәтижелерді түсіндіру тәсілдерін анықтайды.

Зерттеу әдістерінің жалпы мақсаты теориялық талдау жасау үшін психологиялық фактілерді нақты тіркеу. Психологиялық түсіндірімдер түрлі деңгейлі, көпсатылы болып келеді, әр саты жеке мәнге ие, әрі бірін-бірі айырбастай алмайды. Әрбір психологиялық феномен түсіндірімнің түрлі деңгейлерінде қарастырылады:

1 - феноменологиялық, субъектінің санасындағы көрініс тапқан бейне, сезім, түрткі, мақсат және т.б.;

2 - физикалық, субъектінің организміндегі физиологиялық үдеріске байланыстылар;

3 - биологиялық, даму нәтижесіндегі белгілі бір қайтарымдар;

4 - әлеуметтік, яғни субъектіге әлеуметтік қоршаған ортаның әсерінің нәтижелері.

Зерттеу нәтижелері әрбір деңгейде түсіндірілуді қажет етеді. Б.Г.Ананьевтің психологиялық зерттеу әдістері жіктемесі бойынша ұйымдастырушы әдістер, эмпирикалық әдістер, мәліметтерді өңдеу әдістері, түсіндіру әдістері болып бөлінеді. Педагогика ғылымында зерттеу әдістері эмпирикалық және теориялық деген екі топқа бөлінеді (Бабанский Ю.К., Журавлев В.И. Скаткин М.Н., Скалкова Я.) және т.б.

Психологиялық және педагогикалық зерттеу кезеңдері [40, б. 82-83].:

- *бірінші кезең* - дайындық (белгілі бір мәселені шешу қажеттігі, оны сезінуі, зерттеу міндеттерін, нысанасын, пәнін, анықтау, болжамын жасау, әдістерді таңдау және әдістердің әдіснамалық ұстанымдарға сәйкестігін, бір әдістерді басқаларымен тексеру мүмкіндіктерін ескеру);

- *екінші кезең* - зерттеушілік (фактілік мәліметтерді түрлі әдістер көмегімен жинастыру, зерттеулер кезеңдері, сериялары);

- *үшінші кезең* - зерттеудің мәліметтерін өңдеу (зерттеу мәліметтерін сандық және сапалық талдау: әрбір тіркелген фактіні талдау, факті мен болжамның байланыстарын орнату, қайталанатын фактілерді бөліп көрсету, статистикалық өңдеу, кестелер, графиктер және т.б. құрастыру);

-*төртінші кезең* - мәліметтерді түсіндіру және тұжырымдар жасау (зерттеу болжамының дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау).

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеу кезеңдері неше кезеңге бөлінеді?
2. Зерттеу деңгейлері неше сатыдан тұрады?
3. Зерттеудің мазмұнын қалай түсіндіресің?
4. Зерттеудің негізгі кезеңдерін атаңыз.
5. Зерттеу мәселесі бойынша материалдарды қандай жынау және оларды сараптау мүмкін?
6. Зерттеу нәтижелерін іс тәжірибеге енгізу қандай жолдармен жүзеге асырылады?

Тапсырмалар:

1. Ғылыми зерттеудің критериялық аппаратын құрудың мәні және ерекшеліктерін тезистер түрінде жазыңыз.
2. Педагогикалық зерттеу нәтижелерін өңдеу мен сараптауда математикалық статистика әдістерін пайдаланудың үлгісін өзіндік магистрлық диссертациясы тақырыбында сипаттаңыз.
3. «Зерттеу процесінің құрылымы» атты кесте құрыңыз.
4. Мамандық бойынша нақтылы зерттеу жұмысының кезеңдеріне сипаттама беру (Диссертация материалдары негізінде).

27. Ғылыми зерттеу әдістерінің сыныптамалары

- 27.1. Ғылыми зерттеудің эмпирикалық әдістері
- 27.2. Ғылыми зерттеудің теориялық әдістері
- 27.3. Танымның жалпы логикалық әдістері мен тәсілдері
- 27.4. Жеке ғылыми әдіснама және әдістердің өзара әрекеті

Ғылыми әдіс – бұл шындық құбылыстарын, олардың өзара байланыстары мен дамуын танудың тәсілдері. Әр бір ғылым саласы өзіндік пәні ерекшеліктеріне орай зерттеу әдістерін пайдаланылады.

Зерттеу әдістерін жақсы меңгерген зертеуші аз күш пен уақыт жұмсайды, үлкен табыспен жұмыс атқарады. Зерттеудің жемісті болуы ғалымның әдістері дұрыс таңдауына тәуелді екендігін

И.П.Павлов ерекше атап өткен. «Дұрыс әдістермен онша дарынды болмаған адамда ғылымға көп пайда келтіруі мүмкін, ал сәтсіз әдістер данышпан ғалымға да жәрдем бермейді» - деп жазған ұлы ғалым.

Зерттеу әдістерімен ғылымды бір-бірінен ажыратуға болмайды. әр қандай ғылымды шындықты дамудың нәтижелерімен бірге, зерттелетін құбылыстарды танудың әдістері, яғни зерттеу әдістері құрайды.

«Тек қана зерттеу нәтижесі ғана емес, оған жетектейтін жолда шынайы болуы тиіс» - дейді К.Маркс.

Зерттеу әдістері өте көп. Зерттеу әдістерін көпқырлылығын сипаттау үшін оларды жалпылық белгісіне сай мынандай топтастыру ұсынылады:

1) диалектикалық әдіс барлық ғылымдарда және зерттеулердің барлық кезеңдерінде пайдаланылады;

2) танудың жалпы әдістері (барша ғылым салаларында пайдаланылады: бақылау, талдау, синтез, эксперимент т.б.).

3) жеке ғылымдық (арнайы) зерттеу әдістері тек белгілі ғылым салаларында пайдаланылады.

Ғылыми әдебиеттерде зерттеу әдістерін теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістеріне бөлу қабылданған.

Зерттеу әдістері – бұл зерттеушілік міндеттерді шешудің әдістері. Педагогикалық зерттеу әдістері – педагогикалық құбылыстарды зерттеу және ғылыми педагогикалық проблемаларды шешуге бағытталған іс-әрекет әдістері, тәсілдері мен іс қимылдары.

Педагогикалық ғылыми зерттеу әдістерінің жіктемесі:

А) теориялық зерттеу әдістері;

Б) эмпирикалық зерттеу әдістері

В) мәліметтерді жинау және өңдеу әдістері

Теориялық зерттеу әдістеріне:

- ретроспективті талдау;

- құжаттарды үйрену;

- монографиялық әдіс;

- хронологиялық әдіс;

- салыстырмалы тарихи әдіс;

- модельдеу (мәтіндік, схематикалық, графикалық) т.б. жатады.

Эмпирикалық (шынайы педагогикалық процесті) зерттеу әдістеріне:

- педагогикалық бақылау;
- эксперимент (ізденуші, лабораториялық, ойдағы, табиғи, анықтаушы, қалыптастырушы);
- социометрия;
- сұхбат;
- интервью;
- тестілеу;
- анкеталау (ашық, жабық);
- проектив әдістемелер;
- педагогикалық жағдаяттар;
- жалпыланған тәуелсіз мінездемелер әдісі;
- контент талдау

Мәліметтерді жинау және өңдеу әдістері:

- мәліметтерді өңдеудің статистикалық емес әдістері;
- мәліметтерді өңдеудің статистикалық әдістері;

Эмпирикалық зерттеу әдістеріне құжаттарды, іс-әрекет нәтижелерін оқып, үйрену, бақылау, сұрау, бағалау (эксперттер немесе комитетті қазылар әдісі), тестілеу, педагогикалық іс тәжірибені қорытындылау; тәжірибелік педагогикалық жұмыс, эксперимент әдістері жатады. Бұл әдістер негізінде кешенді әдістемелерге жатады, себебі олардың құрамына жекелеген әдістер кіреді.

Құжаттарды талдау (оқып-үйрену) әдісі. Әлеуметтануда құжат ақпаратты беру және сақтау үшін қызмет ететін адам тарапынан дайындалған пән ретінде түсініледі. Ақпаратты тіркеу формасына сай құжаттар:

- 1)жазбаша құжаттар (әріптік мәтіндерден құралады);
- 2) статистикалық мәліметтер (цифрлік мәлімет);
- 3) иконографиялық құжаттар (кино, фотоқұжаттар, суреттер);
- 4) фонетикалық құжаттар (магнитофон жазбалары, грампластинкалар);
- 5)техникалық өнімдер (сызбалар, техникалық шығармашылық көшірмелер).

Педагогикада жазбаша құжаттарға сынып журналдары, білім алушылардың күнделіктері, оқытушылардың құжаттары, оқу жоспары, білім алушылардың медициналық карталары, жиналыстар хаттамалары, білім алушылардың дәптерлері, бақылау жұмыстар т.б. жатады. Педагогикалық құжаттарды талдаудың бес түрі мәлім.

А) психологиялық (мақсат білім алушылардың белгілі бір педагогикалық құбылысқа деген қатынасын анықтау білім алушылар психикасын зерттеу).

Б) педагогикалық;

В) білім алушылардың дамуын анықтау;

Г) формаландырылған (контент анализ);

Д) технологиялық (білім алушылар құрастырған техникалық карталарды талдап олар меңгерген техникалық ұғымдар техникалық үрдістің тиімділігі анықталады);

Құжаттарды талдауда оларға сын тұрғысынан қатынаста болу, құжаттардың объективтігі, шынайылығын анықтау керек;

Ауызша сұрау (әңгімелесу, интервью). Мұндай сұрауда зерттеуші зерттелушімен жеке (тікелей) қарым қатынаста болады, яғни жауап беруші өз міндетіне қандай қатынаста болуын, сұрақтарды қалай елеуін білу мүмкін.

Сұраудың әдістемесі және техникасы күрделі мәселе. Мысалы, сұрақтарды құруда төмендегі талаптарды ескерту керек.

- сұрау кездейсоқ емес, жоспарлы болуы тиіс;
- түсінікті сұрақтар ертерек, қиын сұрақтар соңынан берілуі;
- қойылатын сұрақтар педагогикалық такт және кәсіби этикаға қарсы келмеуі керек.

- сұрақтардың бөлегін олар арқылы алдыңғы сұрақтарға жауаптардың объективтілігін тексеру мүмкіндей етеп құру керек;

- ауызша сұрауда әртүрлі жағдайлар жауап берушінің айту қабілеттеріне бөгет жасауы, өтірік жауаптар туғызуы мүмкін.

Анкеталау (жазбаша сұрау). Анкетаның айырмашылықтары: бірінші қолданудың тездігі (өте қысқа уақытта көп мәлімет алу мүмкіндігі); екінші ауызша сұрағанда субъективті себептермен жауапсыз қалатын сұрақтарға жауап алу мүмкін).

Анкеталау әдісі әдетте басқа әдістермен бірге қолданылады, бірақ мүлде дербес пайдалануда мүмкін. Анкета құруда екі мәселе мән беру керек; зерттелушілер қойылатын сұрақтарға жауап бере алады ма, олар шын (жүректен), адам жауап бере алады ма?

Педагогикалық зерттеулерде анкетаны мына жағдайларда пайдалану мақсатқа сай:

1. Қалайда бір деректі материалдар жинау үшін;
2. Зерттелушінің белгілі бір мәселеге немесе құбылысқа деген қатынасын анықтау;

3. Өте нақты, жалғыз ғана мүмкін болған жауапты алу (сіз физика пәніне қызығасыз ба?)

4. Кейбір құбылыстарды бағалау және оларды артық көру (ұнамдылығы) тәртібіне айту;

Шкалалау сапалы факторларды сандық қатарларға айналдыру тәсілі. Сапаны шкала түрінде бейнелеуге мүмкіндік береді. Әсіресе білім алушыларға мінездеме жазуда кеңінен пайдаланылады. Мысалы, білім алушылардың ақыл ой еңбегіне деген қатынасы он балды шкаламен бағалануы мүмкін;

- 1 - жағымсыз;
- 2 - немқұрайлылық;
- 3-4 - қызығушылық;
- 5-6 - белсенді;
- 7-8 - өте белсенді;
- 9-10 - шығармашылық белсенді;
- +1 - жұмыстан шаршаған;
- 0 - немқұрайлылық;
- 1 - наразы;

Сапалар компетентті адамдардың жәрдемімен бағаланатын шкалалау рейтинг деп аталады. Шкалалау зерттеу нәтижелерін математикалық әдістермен өңдеуге мүмкіндік береді.

Социометриялық әдістер көмегімен белгілі бір топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасын сандық параметрлерде белгілеу мүмкін (социометрица, социограмма).

Эксперттік бағалау әдісі сарапшылар тарапынан проблеманы интуитивті - логикалық талдау, нәтижелерді сандық байымдау және ресми өңдеуден тұрады. Өңдеу нәтижесінде алынған сарапшылардың ұжымдық пікірі проблеманың шешімі ретінде қабылданады.

Шындықты мақсатқа ұмтылушылық және жоспарлылықпен қабылдау, соңынан алынған фактілерді жүйелеу, қорытындылар шығару әдісі бұл *бақылау әдісі*. Педагогикада бақылау оқыту, тәрбиелеу, дамыту процестерін мақсатқа сәйкес, жоспарлы қабылдау ретінде қарастырылады.

Бақылауда ізденуші бақыланатын объектке сыртқы әсер етпейді, қойған сұрағы туралы ылаң (смутный) түсінікке ие болады.

Бақылауға қойылатын талаптар:

- нақты мақсаттың болуы;
- алдын ала жасалынған жоспардың болуы;

- зерттелетін белгілердің саны минимальды, нақты болуы керек;
- құбылыстар табиғи жағдайда бақылануы керек;
- әр түрлі бақылауларда алынатын мәліметтерді салыстыру мүмкін болуы керек;
- бақылауды қайталау бірдей уақыт аралығында өткізілуі керек;
- бақылаушы бақылауда қандай ауытқулар болуы мүмкіндігін (қателіктерді) білуі, олардың алдын алуы тиіс. Мысалы, әдіснамалық қателіктер (әдістерді дұрыс таңдамағандық, регистрациялық қателіктер);

Бақылау түрлері:

- бақылаудың жиілігіне сай, үнемі қайталанатын, бір сәтті болуы.
- объектіні қамту көлеміне сай біріңғай (тегіс) немесе сирек болуы;
- мәліметтерді алудың тәсілдеріне сай тікелей және жанама түрде болуы;
- бақылауды сырттағы адам немесе зерттеуде қатысатын адамның өзі жүргізуіне қарай сыртқы (объективті), ішкі (өзін-өзі бақылау) түрінде болуы

Бақылауды даярлау және өткізу кезеңдері:

1. Бақылаудың объектісін таңдау, мақсаты мен міндеттерін қою;
2. Бақылауды өткізуге рұқсат алу;
3. Бақылау жоспарын құру;
4. Бақылау құжаттары мен жабдықтарды дайындау (нұсқама, хаттама, аппаратура);
5. Бақылау мәліметтерін жинау (жазбалар, хаттамалар, кестелер т.б.);
6. Бақылау нәтижелерін рәсімдеу;
7. Бақылаудың теориялық және эмпирикалық қорытындылары.

Педагогикалық құбылыстардың мәнін, ондағы өзгерістерді және олардың себептерін терең түсіну үшін зерттеу процесінде көбінесе құбылыстардың барысында өзгертуге тура келеді.

Эксперимент педагогикалық құбылыстарға зерттеу мақсатына сәйкес келетін жағдайларды жасау жолымен белсенді түрде ықпал ету жүзеге асырылатын педагогикалық ғылыми зертеу әдісі.

Эксперимент бақылау сияқты белгілі бір сұраққа жауап болуы мүмкін. Бірақ экспериментте барлығы айтарлықтай нақты және

катал болады. Құбылыстарды бағалаудың объективті критерийлері маңызды роль атқарады.

Педагогикалық эксперимент бақылау мен тәжірибелік педагогикалық жұмыстың жалғасы болып табылады. Бақылау табиғат нені берсе, соны қабылдайтын болса, ал эксперимент табиғаттан өзі қалаған нәрсені алады (И.П.Павлов).

Педагогикалық эксперимент арнайы түрдегі эксперимент. Оның негізгі міндеті оқу тәрбие үрдісінде пайдаланылатын әдістердің салыстырмалы тиімділігін анықтау.

Эксперимент әдісінің ерекшеліктері:

А) зерттелетін объектілерге әсер ететін арнайы жағдайларды ұйымдастыруда;

Б) зерттеу барысында бұл жағдайларға өзгерістерді кірістіруде.

Эксперимент зерттелетін құбылыстардың маңызды ерекшеліктерін, жақтарын объективті сыртқы бақылауға қолжетерлік жағдайлар жасайды. Зерттеуші құбылыстарды зерттелінетін объектке әсер етуге оңтайлы етіп өзгертіледі. Эксперимент «белсенді» зерттеу әдісі, өйткені зерттеуші табиғатқа сұрақ қойып қана қоймай, оны жауап беруге мәжбүр етеді.

Эксперимент бұл арнайы жаратылған, басқарылатын жағдайларда себеп салдар байланысты туралы эксперименталды болжауды тексеру мақсатымен өткізілетін зерттеу. Эксперимент лат.проба (сынау), тәжірибе мағынасын білдіреді. Эксперимент барысында белгілі бір құбылыстың барысын қалайда бір жаңа факторды енгізуі жолымен өзгертіледі. Зерттеуші кіретін немесе өгертетін жаңа фактор эксперименталды фактор немесе тәуелсіз өзгергіш деп аталады. Тәуелсіз өзгергіштің әсерімен өзгертін фактор тәуелді өгергіш деп аталады.

Егер эксперимент оқу тәрбие процесінің табиғи барысын бұзбай іске асырылса мұндай эксперимент *табиғи эксперимент* деп аталады. Лабораториялық экспериментте білім алушы (немесе кейбір студенттер) эксперимент нәтижелерін нақты есепке алу мақсатымен ұжымнан бөлектенеді.

Педагогика эксперименттің төрт түрі кездеседі:

1. Анықтау эксперименті (констатирующий эксперимент) одан әрі зерттеу үшін қажетті мәліметтерді алу үшін жүргізіледі.

2. Қалыптастырушы эксперимент жаңа фактор енгізіліп, одан пайдаланудың тиімділігі анықталады;

3. Бақылау эксперименті қалыптастыру эксперименті аяқталғаннан біраз уақыт өткеннен кейін оның материалдарынан пайдаланып оқушылардың білім, іскерлік, дағдылары деңгейі анықталады;

4. Салыстырмалы эксперимент бір сыныпта жұмыс бір әдісімен, басқа сыныпта басқа әдісімен жүргізіледі

Эксперимент үш кезеңнен құралады:

1. Білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды бастапқы бақылау;
2. Білім алушыларға қалайда бір жаңа фактормен әсер ету;
3. Білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды қорытынды бақылау.

Экспериментті жоспарлау дегенде оның жеке сатыларының сипаты және оларды өткізудің тәртібі түсіндіріледі. Экспериментті жоспарлауда зерттеуші мыналарды анықтауы тиіс:

- ✓ экспериментталатындар саны;
- ✓ экспериментталатындарды таңдаудың тәсілдері;
- ✓ экспериментті өткізудің қадамдары;
- ✓ алынған нәтижелердің шынайылығы;
- ✓ нәтижелерді дұрыс интерпретациялау.

Эксперименттің жоспарына келесілер:

1. Эксперименттің мақсаты мен міндеттері;
2. Экспериментті өткізу орны мен уақыты, оның көлемі;
3. Экспериментте қатысушылардың мінездемесі;
4. Экспериментте қолданылатын материалдарды сипаттауы;
5. Экспериментті жүргізу әдістемесін сипаттауы;
6. Эксперимент нәтижелерін әсер етуі мүмкін болған қосымша өзгергіштерді сипаттауы;
7. Эксперименттің барысын бақылау әдістемесі;
8. Эксперимент нәтижелерін өңдеудің әдістемесін сипаттауы;
9. Эксперимент нәтижелерін интерпретациялау әдістемесін сипаттауы кірістіріледі.

Экспериментке қойылатын талаптар

• Эксперимент шеңберін және оның міндеттерін қысқарту үшін құбылысты алдын ала ұқыпты теориялық талдау, оған тарихи шолу жасау, жаппай тәжірибені оқып үйрену;

• Болжауды нақтылау, оны эксперименталды дәлелдеуді талап ететін дәрежеде тұжырымдау (жаңалығы, қалыптан тыс, бар пікірлерге қайшы ойлардан тұратындай етеп);

- Эксперименталды объектілердің минималды санын анықтау;
- Экспериментті жүргізудің минималды ұзақтығын анықтау;

- Бір сәтті бақылаумен шектелініп қалмау, ұдайы монографиялық зерттеулерді пайдалану;

- Эксперимент барысында зерттеу объектілерімен субъектілері арасында үздіксіз ақпарат айналымын ұйымдастыру;

- Эксперимент жан-жақты ұсыныстар беруі, оның нәтижелерін пайдалануда мүмкін болған жағдайда қиыншылықтарды ашып көрсетуі тиіс [16, б. 33-39].

Өткен ғасырларда прогрессивті педагогтар, көрнекті ойшылдар, ғұламалардың ілгері де пайдалы идеялар аз емес. Оларды іс тәжірибелік тұрғыдан оқып үйрену педагогикалық ойлауды дамытады; педагогикалық мәдениетті арттырады; педагогикалық теория және іс-тәжірибе мәселелерін ары қарай жалғастыруға септігін тигізеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Теориялық зерттеу әдістері тобына жататын әдістерды атаңыз: Олар қандай белгілерімен ерекшеленеді?

2. Эмпирикалық зерттеу әдістері тобына қандай зерттеу әдістері жатады?

3. Педагогикалық бақылау әдісіне сипаттама беріңіз.

4. Педагогикалық тестілеу әдісі не мен сипатталады?

5. Педагогикалық зерттеу нәтижелерін сараптау және оңдеу әдістеріне қандай әдістер кіреді?

6. Анықтаушы эксперименттің мақсаты не?

7. Қалыптастырушы эксперименттің қалай жүргізіледі?

8. Бақылау экспериментінде не анықтайсыз?

Тапсырмалар:

1. Бағытталу тұрғысынан педагогикалық зерттеулерді жіктеңіз.

2. Педагогикалық зерттеудер материалының мазмұнын меңгеріп, мәнін ашыңыз.

28. Ғылыми зерттеулерді жүргізу кезеңдері

- 28.1. Ғылыми зерттеу барысының жалпы сызбасы

- 28.2. Ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдері

- 28.3. Ғылыми зерттеудің тиімділігі

- 28.4. Зерттеудің негізгі процедурасы

- 28.5. Зерттеудің сапалық белгілері мен сандық көрсеткіштері.

28.6. Ғылыми зерттеу әдістері

Зерттеу жұмыстарын жүргізудегі ең басты жол - бұл педагогикалық тәжірибені жалпылау. Озық педагогикалық тәжірибенің дамуына белсене қатынасқан ғалымдар өздерінің көп үлестерін қосты. Педагогикалық тәжірибеге сүйену мен оны ақылға салу көптеген ғылыми жұмыстардың негізі болып табылады.

Бірақ педагогикалық жұмыстардағы педагогикалық тәжірибенің қолданылуын талдай отырып елеулі кемшіліктерді көре аламыз:

Біріншіден, озық тәжірибені зерттей отырып, кейбір ғалымдар тәрбие мен оқытудың тұтас жүйесінен тек өзінің диссертация тақырыбына сай жеке жағдайларды тандап алады.

Екіншіден, кейбір зерттеушілер, тәжірибені зерттей отырып, тәжірибе орнының жетіспеушілігіне, әлсіздігіне көңіл бөлмей, ең қызықты, сәтті жерлерді тандап алады. Кейін бір болымды материалдардан өз ойларының дәлелдеулерін құруға тырысады. Біршама жағдайларға байланысты ғылыми зерттеу тақырыбы сол қызықты мазмұнға қатысты өзгереді, ол педагогикалық озық тәжірибеде көрінеді.

Үшіншіден, кейбір ғалымдар педагогикалық озық тәжірибені жалпылауда жан-жақтағы бақылаушыға айналады. Олар білім беру мекемелерінде тек өздерін қызықтыратын нәрсені алу үшін келеді, бірақ орнына ештеңе бермейді. Олар туралы білім беру мекемелерінде дұрыс айтылған, яғни мұғалімдер өңдеп шығарады, ал олардың еңбек нәтижесін басқалары пайдаланады.

Төртіншіден, білім беру мекемелерінің педагогикалық тәжірибесін қолдану оның тарихының үзіндісінен жиі алынады. Ғылыми жұмыстарда педагогикалық тәжірибенің генезисі болмайды (Генезис дегеніміз ата-тегі, тууы, пайда болуы), яғни тәрбиелеу мен оқытудың рационалды әдістерінің даму жолдары жай, әлсіз болып ашылады.

Бесіншіден, тәжірибе бағасында оны шығарғанмен, оны сипаттаушының араларында үйлеспеушілік бар. Ғалымдар ең басты мұғалімдердің өздері өз тәжірибелерінде нені ең бағалы деп санайтынын, нені тапқанын және үйренгенін, нені іздейтінін және не затқа ұмтылатынын анықтауы қажет [30, б. 164-165].

Педагогикалық зерттеулердегі нәтижелерді статистикалық өңдеу әдістері - бұл математикалық тәсілдер, формулалар мен

әдістер - бұлардың көмегі арқылы сандық көрсеткіштерді, оның жасырын заңдылықтарын айқындай отырып бір жүйеге келтіруге жинақтауға болады. Бұлар тәжірибе нәтижесін анықтауға көмектеседі, қорытынды сенімділігін арттырады, теориялық жинақтаулар үшін негіздеме береді. Педагогикада кеңінен қолданылатын математикалық әдістерге тіркеу, реттеу, межеліу жатады. Статистикалық әдістер көмегі арқылы орташа көрсеткіштер анықталады: орташа арифметикалық, медиана қатар ортасының көрсеткіші, таратылу дәрежесі, немесе орташа ауытқу, коэффициент.

Мұндай есептеулер жүргізуге тиісті формулалар, салыстырмалы кестелер қолданылады. Осы әдістер арқылы өңделген графика, диаграмма, кесте сандық тәуелділікті көрсетуге мүмкіндік береді (мысалы, топтағы 12 білім алушының тізім бойынша алтыншысының бағасы медиана болады, мұнда барлық білім алушылар бағалау дәрежесі бойынша орналастырылған).

Статистикалық көрсеткіш ретінде алынған орташа мән - тәжірибеде зерттелетін құбылыс, сапа немесе қасиеттің орташа бағалау көрсеткіші. Бұл баға зерттелу тобындағы тұтас даму дәрежесін сипаттайды. Екі немесе бірнеше таңдауларды тікелей салыстырса, біз адамдар дамуының дәрежесі жөніндегі пікірді ойға аламыз [44, б. 73].

Статистикалық әдіс оның шеңберінде мынадай нақты әдістемелер қолданылады:

тіркеу - белгілі сыныптың белгілі бір сапасын анықтау және осы сапаның барлығын немесе жоқтығын сан бойынша білу;

ранжирлеу - жиналған деректердің белгілі бір жүйемен орналасуы, объектілердің осы қатардағы орындарын анықтау;

шәкілдеу - зерттеу сипаттамаларына балдар немесе басқа цифрлық көрсеткіштер беру.

Шәкілдердің негізгі орналасу реті: аталым шәкілдері (номиналды); тәртіп (немесе рангілік) шәкілдері; арақашықтық шәкілдері; қарым-қатынас шәкілдері;

Аталым шәкілдері - ең «әлсіз» шәкілдер. Оларда сандар мен басқа да белгіленімдер таза символдық түрде пайдаланылады. Объектілердің аталымдарын білдіреді. Бірден-бір математикалық сипаттама объектілердің неге жататындығын анықтау. Мысалы: зерттеу объектісі сол сыныпқа жата ма, мамандықтар тізімі, оқушылар мінездемелерін саралау. Тәртіп шәкілдерінде шама

тәртібі, «үлкен» мен «кішінің» қарым-қатынасы, жалпы иерархия белгіленеді. Оларды қолданудың мысалы ретінде «бойы сұңғақтау», «бесеуден көбірек», т.с.с. типтегі ранжирлеу қызмет етеді.

«Күшті» шәкілдер - арақашықтық және қарым-қатынас шәкілдері болып саналады. Арақашықтық шәкілі шәкілдегі жекелеген сандардың арасындағы белгілі бір арақашықтықты көздесе, ал қарым-қатынас шәкілінде нөлдік нүктенің өзі де анықталып қойылған. Мысалы: термометрлер, вольтметрлер шәкілдері және басқалар [30, б. 129].

Қоғамдық құбылыстарды тану процесін жалпы көріністе келесідей суреттеу мүмкін: фактілер, көрсеткіштер, заңдылық. Олай болса, эксперимент немесе ресми дерек көздерінен фактілер алынғанан соң, зерттеуші оларды қорытушы көрсеткіштерге айналдыруы мүмкін. Бұл көрсеткіштер зерттеуші құбылыстардың деңгейін, көлемін сипаттайды. Талдау арқылы құбылыстар арасындағы байланыстарды ашып беру және түсіндіру, яғни зерттелетін құбылыстарға тән ішкі байланыстарды көрсетуге мүмкіндік туады.

Статистикалық математикалық талдау объективті заңдарды талдау және танудың жоғарғы формасы. Әр бір нақтылы жағдайда заңның әсері өзіндік көрініс табылды. Әр бір жағдайда жеке факторлардың әсер күші өзіндік ерекшеліктерге, өзіндік себептерге ие болады (мысалы, студенттің үлгеріміне бірнеше факторлар әсер етеді: еңбекқорлық, қабілет, жауапкершілік, қызығушылық, білім беру мекемелеріндегі дайындық деңгейі, оқу процесінің сапасы, тұрмыстық жағдайлар т.б.).

Бірақ, әр бір жеке білім алушы үшін бұл факторлардың әсер күші ерекше болып табылады. Үлгерім нәтижесі бірдей болуы мүмкін. Алайда, бұл белгі (көрсеткіш) арқылы білім алушылардың бірдей дайындығы, еңбекқорлығы, жауапкершілігі туралы тұжырым жасау мүмкін емес.

Құбылыстар, процестер, олар арасындағы байланыстарды бір ғана факт пен бағалауға болмайды. Сондықтан, ішкі байланыстарды кездейсоқтықтарды ірі статистикалық жиынтықтарға біріктіріп, қорытынды статистикалық көрсеткіштерді талдау жолымен объективті заңдылықтар, объективті байланыстарды ашу мүмкін.

Ғылыми таным жаппай құбылыстар мен процестерді зерттейді, сондықтан статистикалық әдістер зерттелетін құбылыстарды көпшілік жағдайларда көрінуін ашу және сипаттау құралы ретінде қызмет етеді.

Статистикалық әдістер жаппай мәліметтерді қорытындылау, зерттелетін құбылыстардың даму тенденцияларын, құрамын және әрекетін (қимылын, әсерін, көрінісін), өзара байланыстарын (ішкі) анықтауға мүмкіндік береді.

Статистикалық әдістер - зерттеу материалдарын ғылым өңдеу және ұсынудың әдістері.

Статистикалық әдістер көмегімен:

- құбылыстарды объективті өлшеудің критерилері жасалынады;
- құбылыстардың себеп-салдық байланыстарын оларға әсер етуші факторлардың көптігіне қарамай нақты және объективті анықтауға мүмкіндік береді;
- құбылыстар арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді;

Жеке-дара құбылыстан жалпыға көшуге орташа шама мүмкіндік жасайды. Орташа шама статистикада нақты және байыпты өлшем, сапалық мағынаға ие. Жеке өлшемдердің (шамалар) барлық кездейсоқтықтары мен мән-мағыналары (значение) орташа шама деңгейін қалыптастырады, өлшем өшірілмейді. Орташа шама әр түрлі жедел бағыттағы әр түрлі әсер етуші күштерді теңестіруші ретінде қарастырылады. Орташа шамада зерттелетін құбылысқа тән негізгі айырмашылықтар мен тенденциялар кешенді түрде суреттеледі.

Орташа шама дәлелді ғылыми мәліметтің көзі болуы мүмкін, егерде оны есептеуде үлкен сандар заңы есепке алынса, яғни:

- 1) бірқалыпты құрамды жинақтықтардың заңдылықтарын тек қана мәліметтердің жеткілікті ірі саны негізінде табу болса;
- 2) бұл заңдылықтарды сандық сипаттамасы тек орташа көрсеткіштер түрінде ғана мүмкін болса;
- 3) заңдылықтарға сәйкес зерттелетін жиынтықтың көптеген сандық элементтері зерттеу объектісі ретінде алынатын болса, онда ғана нақты болады;
- 4) кейбір құбылыстардың орташа көрсеткіштен немесе бір жақтама (тарапқа) ауытқуы (елесусіз, кездейсоқ жағдайларға орай) байқалса, зерттеу объектілерінің көп болғандығы жағдайлардың өзара орнын толтырады;

Орташа шамалар қатынастар шкаласында ойдағыдай бөлінгенде ғана мазмұны талқыланады (параметрлік әдістер),

Статистикалық әдісті пайдаланудың кезеңдері:

1) сандармен зерттелетін объектің маңызды белгілерін суреттеу (математикалық модель құру);

2) құбылыстар туралы сандық мәліметтер жинау мақсатында бақылау көмегімен алынған фактілерді жинау;

3) алынған нәтижелерді сараптау қорытынды сандық мәліметтерді табу, оларды өңдеу;

4) мәліметтерді талдау және интерпретациялау [16, б. 30-32].

Зерттеудің барлық кезеңдерінде кез-келген әдісті қолданғанда зерттеушінің алдында алынған эмпирикалық материалды терең талдау міндеті тұрады. Фактілердің өзі зерттелетін құбылыстар мен процесстердің табиғатын аша алмайтындығы түсінікті.

Психологиялық және педагогикалық құбылыстардың сыртқы көріністерінде олардың мәнін қарастыру, бірлікте жалпы мен ерекшелікті табу, ішкі байланыстар мен заңдылықтарды анықтау үшін зерттеудің теориялық әдістері көмек береді. Олардың арасында, педагогикалық зерттеулерде ең көп қолданылатындарын, атап айтқанда, теориялық талдау және синтездеу әдістерін, абстракциялау және нақтылау индукция және дедукция және бірнеше басқа әдістерді көрсету керек.

Эмпирикалық материалдарды түсінуде және өңдеуде теориялық талдау мен синтездеу әдістері үлкен рөл атқарады. Бұл әдістің ұтымды жағы - ол фактілерді сапалы талдауда диалектикалық логика пайдалану, бір мезгілде мәліметтердің үлкен санын қамту және олардың мәніне еніп зерттеу мүмкіндігі, фактіні ойша қайта құру және оны қалпына келтіру, дамудың заңдылықтарын, қасиеттерін, белгілерін, ерекшеліктерін, үлгілерін бөліп алу болып табылады.

Абстракциялау, салыстыру арқылы орындалатын теориялық талдау күрделіден қарапайымға жүру жолымен нысанды элементтерге жіктеуге құрылымын және ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Синтез болса педагогикалық құбылыс тұтас, бүтіндей жаңғыртуға, нақты теориялық тұжырымдаманы негіздеу үшін мүмкіндік береді. Аналитикалық қызметтің бірлігі - ішкі бірлік, өйткені синтез талдаудың ішінде орналасқан.

Талдау және синтездеу зерттеу үрдісінің ең басынан бастап: оның мақсаттары мен міндеттерін, негізгі идеяны, гипотезаны, күтілетін нәтижелерді анықтағанда қолданылады.

Зерттеу барысында жинақталған фактілерді жинау және өңдеуде, бұл әдіс аса белсенді пайдаланылады (адамдардың психологиясындағы, іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарындағы өзгерістер арасындағы байланыстарды ашу және т.б.). Осының негізінде, зерттеуші педагогикалық теория мен практикада әлі жоқ, жаңаны жобалауға, ғылыми негізделген болжам жасауға мүмкіндік алады.

Зерттеуші талдау және синтездеу әдісін табысты пайдалану үшін, оған педагогикалық құбылыстар мен процестерді танудың әдістері мен негізгі формаларын, логика заңдарын игеру қажет. Осы жағдайларда ғана ол сенімді және негізделген пайымдаулар мен тұжырымдар жасай алады, зерттеудің жалғасын және оның нәтижелерінің көрегендігін қамтамасыз етуге мүмкіндік алады, ұстанымдарға дәлелдік пен батылдық беруге, педагогикалық процестің нәтижелерін тексерудің жолдарын анықтауға қол жеткізеді.

Білім беру саласында педагогикалық зерттеулер жүргізуді талдаудың түрлі формалары бар: жіктеу, қатынастарды талдау, себеп-салдарлық және диалектикалық.

Жіктеу - арқылы талдау олардың ең қарапайымы - ғылыми зерттеудің ұқсастық, жанамалық, қайталануы негізінде құбылыстарды реттеу және жүйелеу мақсатында орындалатын, бастапқы және сипаттамалық кезеңі.

Қатынастарды талдау - танымның неғұрлым күрделі кезеңі, оның мақсаты - құбылыстардың мәнін түсінуді тереңдету, бүтінді жекелеген бөлшектерге жіктеу және олардың арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу арқылы олардың даму үрдісін анықтау, яғни функционалдық анықтау. Алайда, қатынастарды талдау әдісі тәуелділіктерді құбылыстардың арасындағы себептік байланыстарды түсіндіре алмайды. Мұндай байланыстарды себеп-салдарлық талдау түсіндіреді. Ол - құбылыстардың себебі болып табылатын маңызды қатынастарды табуға, ғылыми заңдарды ашуға әкеледі.

Бұл әдіс құбылысты әмбебап байланыстардан бөліп алып, себеп пен салдарды оқшаулатып зерттейді. Бұл әдістің біржақтылығын, құбылыстарды әмбебап байланыстар және дамуы арқылы

қарастыратын, шындықты тұтас, бүтін ретінді түсінуден шығатын диалектикалық талдау әдісі жояды [35, б. 56-57].

Талдау және синтездеу бірлігін дәйекті түрде іске асыру, педагогикалық процестің жеке аспектілерін ғана емес, сонымен қатар, әрбір элементі өзінің функциясын орындайтын күрделі құрылымдардағы үрдістердің өзін тұтас алып зерттеуге мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Эксперименттік деректерді статистикалық өңдеу не үшін қажет?
2. Статистикалық көрсеткіз дегеніміз не?
3. Талдау дегеніміз не?
4. Синтездеу дегеніміз не?
5. Абстрактілі талдауды қалай түсіндіресіз?
6. Математикалық статистикалық топтастыру теориясы дегеніміз не?

Тапсырмалар:

1. Ғылыми зерттеуде қолданылатын өзін-өзі бақылау әдісін сипаттаңыз.
2. Тұлғалық қасиеттерді бағалаудың шақалаларын атаңыз және түсіндіріңіз.
3. Педагогикалық жағдаяттар мен бақылау жұмысын диагностикалау әдісі туралы баяндаңыз.
4. Эксперттік бағалау әдісі (компоненттік сот) және тәуелсіз эсперттің сипаттамасы.

29. Ғылыми зерттеу жұмысының құрамы мен мазмұны

- 29.1. Ғылыми зерттеу жұмысының мазмұны
- 29.2. Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі бөлігін дайындау
- 29.3. Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және технологиясы туралы

Зерттеу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыруда барынша тәуелсіз, сонымен қатар өзара қисынды түрде байланысқан танымдық әрекеттердің бірнеше түрлерін айырып алу маңызды;

- зерттеу тақырыбын таңдау себептері;
- тақырыптың мәселелік көзқарасын қалыптастыру;
- ғылыми таным нысанындағы, зерттеу пәнін құрайтын құбылыстардың анық шеңберін даралап алу;
- құбылыс қызметінің механизмін ашатын бір немесе бірнеше жұмыс болжамдарын құрастыру;
- белсенді зерттеу кезеңдерін ұйымдастыруға бағытталған зерттеу міндеттерін құрастыру;
- зерттеу әдісін таңдау және оны нақты зерттеу әдістемесіне айналдыру. Зерттеу үрдісі кезеңдерінің біршамасы ғылыми ойды жүзеге асыруға бағытталған және де соңғы кезеңі мүмкін болатын төрт мақсаттың біреуіне жетуге бағытталған.

1. Ғылыми нәтижені білім беру мекемесі жұмысының тәжірибесіне енгізу.

2. Жеке зерттеу таңдамасы ретінде құрастырылатын, теорияға иерархияның қатынастығы кей ғылыми теорияны жетілдіру.

3. Зерттелетін нысанның қосымша ерекшеліктерін енгізуді қарастыратын күрделі мәселелерді алға қою.

4. Теріс нәтижелер алынған жағдайда, бұрын ғылымда қарастырылмаған заңдылықтар барлығын алға ұсыну. Педагогикадағы кез келген зерттеулер жоғарыда берілген нәтижелердің біреуімен аяқталуы тиіс. Зерттеу үрдісінің «таза» жағдайда қажеттісі ғылыми ізденіс кезеңдерін құрайтын барлық танымдық әрекеттерді міндетті түрде сақтауда. Кезеңдердің әрқайсысында баламалы шешімдер, уақыт қорын, т.б. қарастыру қажет. Зерттеу құжаттары, оны құрастыру барысында бірнеше рет білікті ұжымдарда талқылау арқылы тексерістен өтуі қажет. Сонымен, зерттеу әдістемесі құрастыру кезеңінде көзделген зерттеу құралының тұтас жиынтығын болжап білу және пән бойынша жаңа ғылыми қызметкердің міндеті болып табылады.

3. Педагогикалық зерттеулердің негізгі белгілері мыналар:

1. Мәселенің болуы, яғни шешім қажет ететін және оған арнайы ғылыми-зерттеулер жүргізбей дұрыс жауап бере алмайтын белсенді және маңызды мәселелердің болуы.

2. Дәлелді немесе тексеруді қажет ететін, шешімі нақты емес мәселенің болуы.

3. Ғылыми гипотеза арқылы, яғни анық, қисынды, қайшылықсыз құрастырылған ұғымдармен мәселенің шешімін табу.

4. Осы болжамды тексеруге белгіленген ғылыми тәжірибені дайындау және өткізу.

5. Тәжірибемен анықталған нәтижелерді, зерттеу жүргізуге дейінгі мәліметтермен нақты математикалық өңдеуді қолданып салыстыру [44, б. 17-18].

Зерттеу жұмысы әдетте белгілі бір тақырыпқа байланысты теориялық еңбектерге шолу жасап, осы тақырып жөнінде автор қандайда бір пікірге келуі немесе ұсыныс жасауы мүмкін. Ал, зерттеу жұмысының екінші түрі теориялық еңбектерге шолу жасау арқылы қорытындыланған пікірді автордың өзі мәліметтер жинау арқылы негіздеуі немесе жоққа шығаруына бағытталған жұмыстар болуы мүмкін. Бұл жұмыстар өз кезегінде біршама зерттеу үдерісін қажет етеді. Зерттеу жұмысын жазу үдерісінде білім алушы мынадай он кадамды жүзеге асыруына тура келеді:

1. Тақырыпты түсіну;
2. Ойшақырту амалдарын қолдану;
3. Идеяларды шағын тақырыпшаларға біріктіру;
4. Кіріспені, негізгі ойлар мен сұрақтарды жазу;
5. Негізгі бөлімнің параграфтарын жазу - негізгі сөйлемдерді жазу;
6. Негізгі бөлімнің параграфтарындағы түсініктемелер мен дәлеледемелер, мысалдарды жазу;
7. Қорытынды, зерттеу нәтижесі бойынша нақтыланған пікірлерге сүйене отырып қорытынды жасау;
8. Бөлімдерін тексеру;
9. Идеясы мен зерттеу сұрағынан ауытқымауын тексеру;
10. Мәтінді тексеру, оның нақты және дәлелді болуына көз жеткізу.

Әдетте, мақала немесс шағын зерттеу жұмысында оның әдісін өзге бөлімдерден бөліп көрсетеді. Себебі, зерттеу әдісі мәтіннің өзге бөлімдеріне қарағанда атқаратын қызметімен ерекшеленеді. Оның атқаратын негізгі қызметі мынадай:

- Зерттеу әдісі зерттеу жазба жұмысының бір бөлігі;
 - Бұл бөлім жұмыстың ғылыми түрде жүргізілгендігінің дәлелі;
 - Бөлімде жұмыстың негізділігі бағаланады, бұл өте маңызды.
- Әдістеме бөлімі мынадай негізгі екі сұраққа жауап береді:
1. Ақпарат қалай жинақталды және қалай қорытындыланды?
 2. Ақпарат қалай талданды? Зерттеу жұмысын оқитын көптеген ізденушілер сөз санын санамайды, оларды зерттеу жұмысының

әдісі қалай жүргізілгені қызықтырады. Оқырман ақпаратты қалай жиналғанын білуі қажет, өйткені олар үшін нәтижеге қалай қол жеткізілгені маңызды. Мысалы, егер сатып алу туралы ақпарат жиналатын болса, ашық сұхбаттан гөрі сауалнама жасалынады.

Әдістеме бөлімін жазу оқырманға ақпараттың жинақталуының нақтылығы туралы білуіне мүмкіндік береді. Егер сатып алу туралы зерттеу әдісі тек қана бір адаммен жасалса, оқырман нәтиженің нақтылығы туралы толық мәлімет ала алмауы мүмкін және бұл зерттеу нәтижесіне деген күмәнін тудырады. Сондықтан зерттеу әдісін жазу барысында мынаны есте сақтау керек:

- Мүмкіндігінше толық ақпарат беру;
- Басқалар ақпаратың мәліметін түсіне алатындай және тәжірибеде қолдана алатындай болуы қажет;
- Оқырман нәтижені бағалай және нақтылай алатын болуы шарт;
- Жинақталған мәліметтерге талдау жасау;
- Оқырманға бұл әдіс түрін не себепті таңдалғанын білдіру;
- Оқырманға жиналған ақпаратың нақты екенін білдіру.

Зерттеу әдісін жазу барысында ақпаратты жинау үдерісінде кездесетін кедергілер жайлы айта келіп, оның алдын алу үшін қандай шара қолданатыны жөнінде баяндап беру қажет. Арнайы тәжірибелік жолды не себепті таңдап алынғаны жөнінде пікір білдіру маңызды. Өзгелер осы зерттеу жұмысын қайта жасай алу үшін нақты мәліметтермен қамтамасыз етілуі қажет. Сондықтан, ақпаратты жинақтаған тәсілдер мен техникалар жөнінде толық мәлімет беріп, оның қалай жиналғаны мен талданғаны жөнінде түсіндіру керек. Мәселен, зерттеу нысаны ретінде алынған адамдардың жасы, жынысы және ұлты сияқты демографиялық мәліметтерді беру қажет. Егер жануарлар зерттелсе, олардың салмағы жасы, бойы сияқты ерекшеліктері жазылады, Сонымен қатар, мәліметтердің қалай алынғандығы, яғни «Кездейсоқтық әдісі қолданылды ма?» «Мәлімет алынатын нысандарды қалай дайындалды?» және «Мәлімет алушыларды қалай бағаланды?» деген сауалдарға жауап берілуі тиіс.

Зерттеу әдісінде жинақталған мәліметтер арнайы компьютерлік бағдарламалар арқылы сарапталуы мүмкін. Егер мұндай бағдарламалар арқылы зерттеу нәтижесі жасалатын болса, зерттеуде қолданылған техника мен құралдар сипатталады және

мәліметті талдау үшін қолданған статистикалық техникаларды баяндауды ұмытпау қажет.

Зерттеу әдісін сипаттау зерттеу үдерісінің қалай жүзеге асырылуын баяндауға құрылады. Зерттеу жұмысын тиімді жүргізу үшін зерттеу әдісін жоспарлау қажет. Зерттеу жұмысын былайша жоспарлауға болады:

1. Зерттеу сұрағын айқындау;
2. Ақпарат алатын топты анықтау;
3. Жауапты қалай жинап алатыны туралы білу;
4. Сауалнаманы құру;
5. Сауалнаманы сынақтан өткізу;
6. Негізгі зерттеу жұмысын жүргізу [2, б. 61-63].

Ғылыми ізденіс жұмыстары құнды болып, өзгеден әдістемелік, ғылыми-педагогикалық жағынан жоғары болса, озық педагогикалық тәжірибе деп аталып, білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие ісінде жетекші орын алды. Мұндай жұмыстар оқытушы өз тәжірибесін өзі зерттеу және жинақтау, алдыңғы қатарлы мұғалімдердің жұмыс жүйесін зерттеу және жинақтау, педагогикалық тақырып бойынша бірнеше оқытушылардың тәжірибесін зерттеп және жинақтау; озық тәжірибелі оқытушылардың педагогикалық тәжірибесін тарату және оны оқу-тәрбие ісіне ендіру; педагогикалық ғылыми-зерттеу институттарының оқу және тәрбие саласындағы мәселелерді зерттеп, оны жинақтау болып бөлінеді. Аталған педагогикалық ізденіс жұмыстар жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұғалім өз ісінің нәтижесіне ғылыми сипат беріп, оқу-тәрбие үдерісінде белгілі артықшылықтарға жеткендігін байқаса, оған сай ізденістер жасайды. Келесі ғылыми ізденістің түрі - алдыңғы қатарлы оқытушылардың жұмыс жүйесін зерттеу және тарату. Бұл - көпшілікті қамтитын ізденіс түрі. Мұндай мұғалім көпшілікке ортақ озық ойларды қарастырып, нәтижесін «педагогикалық оқуға», болмаса үздіксіз баспа беттерге жариялады.

Педагогикалық тақырып бойынша бірнеше оқытушылардың тәжірибесін зерттеп, оны жинақтау ісі озық ойдың түйіні санап, жұмыстың нәтижесін аудандық әдістемелік кабинеті жанында шығарылатын газет, буклет, беттерінде жариялайды. Бұлармен қатар жаңашыл оқытушылардың озат тәжірибесін тарату және оны оқу-тәрбие процесіне ендіру ісі ғылыми ізденіс жұмысының маңызды буыны. Өйткені, маман ізденіс жұмысын жинақтай

отырып, оған қорытынды жасап, ісін нақтылап, баспа беттеріне ұсынады. Ізденіс жұмысының соңғы түрі педагогикалық ғылыми-зерттеу институттары әдіскерімен бірігіп оқу-тәрбие саласында оқулықтарға әдістемелік кітаптарға авторлық жасайды [36, б. 36-37].

Ғылыми-зерттеу жұмысының жүйелілігі. Оқу-тәрбие жұмысын дамыту процесі көп қырлы, алуан элементтерден, қарым-қатынастардан, ішкі және сыртқы факторлардың ықпалына да байланысты болатындықтан оны оқып үйренуді жүйелеу қажет. Жүйелік тұрғы ол нысанның күрделі ерекшелігіне, оның элементтеріне және элементтердің өзара ықпалдастық сипатына негізделеді. Жүйелік тұрғы маңызды төмендегідей ережелер мен нысанның жүйелілігі және оны жетілдіруден тұрады:

1. Жүйенің тұтастығы - сыртқы ортаға қатынасына және оны оқып үйренудегі ортаның бірлігі, әлеуметтік даму мен қоғамның сұранысына тығыз байланысты болады.

2. Тұтасты бөліктерге бөлу. Оқыту төмендегідей элементтерден тұрады: білім беру мақсаты, білім беру мазмұны, әдістеме құралдары, мұғалімнің қызметі (іс-әрекеті), оқушының оқыту жүйесіндегі іс-әрекеті. Оқыту жүйесінде бұлардың барлығы да маңызды орын алады.

3. Барлық элементтер жүйесі күрделі тығыз байланыста және өзара ықпалдастықта болады. Осылардың ішінде ерекше атап өтетін маңыздысы – байланыс - жүйелік құру байланысы.

4. Нысандар жүйесін ұйымдастыру және оның құрылымы. Бұл ұғым белгілі бір жүйені реттеу, элементтердің өзара байланысы мен бір-біріне бағынуы. Мысалы оқытудың негізгі элементтерінің категориялар жүйесі: мақсаты - мазмұны - шарттары - құралдары - нәтиже.

5. Басқару - ол мақсат қоя білу, құралдарды таңдау, бақылау мен басшылық және түзету, әрбір оқу жылындағы нәтижелерді талдау.

Педагогикалық зерттеу жүргізу үшін ең маңыздысы әлеуметтік, физиологиялық, гносеологиялық және т.б. аспектілерді біртұтас педагогикалық процесс деп қарау қажет. Педагогикалық зерттеу жүргізу үшін жоғарыда аталған педагогикалық әдіснаманы жақсы білу және зерттеу әдістерін тиімді пайдалану керек [37, б. 20].

Жұмысты сәтті аяқтау үшін әрқашан оны жоспарлап алған жөн. Академиялық бағытта жұмыс жасау қашанда жоспарлауды қажет

ететін үдеріс. Сондықтан, академиялық жұмысты сәтті жазып шығудың бірден-бір жолы ең алдымен зерттеу жасау болса, екіншіден жоспарлау. Егер тақырыпқа байланысты толыққанды ақпарат жиналса, авторды «осы ақпараттарды қалай жүйелеп, жақсы бағаланатын жұмысқа айналдыруға болады?» деген сауал мазалауы мүмкін. Ол үшін жоспар қажет.

Жоспар алғаш құрылғанда ретсіз болуы мүмкін. Себебі, автор өз ойына келген алғашқы идеяларды өз жазбасына қосу үшін жоспарға енгізуі мүмкін. Мұндай жоспарды құрудың мынадай жолдары бар. Білім алушы олардың ішінен қолайлы деген біреуін таңдап алуы қажет.

Ой шақырту - ойшақырту амалы тақырыпқа байланысты ойға кез келген сөздерді жазу. Содан кейін, оларды ұмытып қалмас үшін тақырыпшаларға топтастыру қажет. Бұл амал біршама ретсіз орындалуы мүмкін, бірақ тақырыпқа байланысты ойға келген кез келген идеяларды қағазға түсірудің жақсы тәсілі.

- *Топтастыру* - бұл әдіс ойшақырту амалына ұқсас, бірақ өзіне тән ерекшелігі бар. Бұл әдісті қолдану барысында тақырыпқа байланысты ойға келген сөздерді қағаз бетіне түсіру, тек оларды тақырыпшаларына байланысты топтарға жіктеп жазуға болады.

- *Тізім жасау* - бұл топтасыра жазудың жүйелі түрі. Мұнда негізгі ойдан бастап, осыған байланысты туындаған тақырыпшаларға байланысты туындаған идеяларды жалғастырып жазу. Бұл жазылым барысында қандай тұжырымдарға келу қажет екенін ұмытпауға мүмкіндік береді.

- *Сауал қою* - жоспарлаудың мұндай түрінде жазба жұмысының негізін құрайтын белімдерін сұрақтары туралы ойлану қажет. Әрбір бөлім үшін негізгі деген бір сұрақтан ойлап табу қажет. Жазба барасында осы сұрақтарға жауап беру қажет болады.

Тақырыпқа байланысты ақпараттарды жинап алғаннан кейін, оларды тақырыпшаларға топтастыру қажет. Бұл зерттеу жұмысының сауалына қалай және қай бөлімде жауап беруге болатындығын анықтауға ықпал етеді. Тақырыптан ауытқып кетпес үшін тақырыпты ықшамдап, әрбір тақырыпшаларға байланысты мәліметтерді нақты беру қажет [2, б. 41-44].

Мүмкіндігінше жазба жұмысының параграфтары бойынша нақты жоспар жасаған жөн. Мұнда тақырыпқа қатысты ойлар мен аргументтерді беру қажет. Бұл жазылым үдерісінің маңызды үдерісі

болып табылады және уақыт үнемдеу мен тақырыптан ауытқымауға үлкен ықпалын тигізеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеу жұмысын жазуда қандай қадамдарды білесіз?
2. Зерттеу жұмысын жүргізетін топтарды қалай бөлуге болады?
3. Білім берудегі педагогикалық зерттеу мәселесі қалай анықталады?
4. Ғылыми зерттеудің негізгі идеясы дегенді қалай түсінесіз?
5. Ғылыми зерттеу нәтижелерін қалай тексерістен өткізуге болады?
6. Білім беру саласында ғылыми-педагогикалық зерттеулерді бағалау талаптары қандай?

Тапсырмалар:

1. Зерттеу тәжірибелерінде қолданылатын ережелерді сипатаңыз.
2. Эксперимент түрлерін қарастырып талдау жасаңыз.
3. Модель құрастыру әдістері.
4. Нормативті құжаттардың маңыздылығы мен құндылығы.

30. Педагогиялық мәдениет және зерттеушінің шеберлігі

30.1. Педагог-зерттеушінің кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттері.

30.2. Зерттеушінің педагогикалық шеберлігі: жалпы мәдениет және эрудиция, кәсіби білім, зерттеу қабілеттері мен дағдылары, зерттеу педагогикалық бағыты.

30.3. Педагог - зерттеуші жұмысындағы шығармашылық және жаңашылдық. Педагог-зерттеушінің оның ғылыми және практикалық қызмет жүйесіндегі рефлексиясы.

30.4. Ғылыми адалдық және этика қарым-қатынас өнері және зерттеуші мұғалімнің мінез-құлық мәдениеті.

Педагогтің зерттеушілік әрекеті және зерттеушілік мәдениеті. Педагогтің зерттеу әрекетіне даярлығын қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы ерекше. XX ғасырдың екінші жартысында педагогикалық білім берудің жалпы теориясы

көлемінде педагогтің ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау көкейкесті мәселеге айналды. «Ғылыми-зерттеу жұмысы», «іс-әрекет шығармашылығы», «жаңашылдық» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты: іс-әрекет шығармашылығы арқылы ғылыми-зерттеу жұмысы туындайды, ал жүйелі жүргізілген кез-келген ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесінде «ғылыми болжам» туындап, жаңалық ашуға жол ашылады, яғни мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру мүмкіндігі кеңейеді. Философиялық әдебиеттерде кез-келген іс-әрекеттің инвариантты циклі төмендегідей жалпылама нобайда беріледі: мақсат - құрал - нәтиже.

Мұғалімдерді ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау жоғары оқу орны қабырғасынан бастау алуға тиіс. Қазіргі кезеңде жалпы қоғам талабына сәйкес, педагогикалық жоғарғы оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмысын жаңа бағытта жүргізу қолға алынуда. Жалпы мұғалімнің зерттеу іс-әрекеті төмендегідей логикалық байланыста құрылады: рефлексия - ғылыми зерттеу - практика - рефлексия.

Бұл зерттеудің ерекшелігі сол, мұғалім жәй әдіскер-сарапшы рөлінен, яғни өзіне дейін белгілі әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесін пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге өз білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, оқу тапсырмаларын өзі құрастыруы, мұғалім - жобалаушы - үйлестірушіге айналады. Мұғалім өз іс-тәжірибесін зерделей, ұдайы өзгерістер енгізе отырып, шығармашылықпен жұмыс істеу барысында өз іс-тәжірибесін, өз іс-әрекетін жаңаша түрлендіріп, жаңаға бет бұрады, мұғалімнің жаңаны үйренсем, меңгерсем, қолдансам деген қажеттілігі артып, инновациялық даярлығын қалыптастырады.

Білім берудің жаңа парадигмасының пайда болуы мәдени-өркениеттің дамуының негізгі көрінісі болып табылады. Бұл парадигманы практикада жүзеге асыру үшін педагогтің кәсіби-зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл ретте, әлемдік бәсекеге қабілетті білім беруді жүзеге асыратын парадигманың қоғамды дамытудағы үлесі, жалпы орта білім беретін және жоғары мектептердегі инновациялық реформаларды жүзеге асыру, білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер, оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық, коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану және т.б. басшылыққа алынады.

Педагогтің зерттеушілік әлеуетін қалыптастыру білім беру теориясын түсінуге мүмкіндік беретін философиялық және білім

беру практикасында өзінің идеясын жүзеге асыруға көмектесетін практикалық бағыттылығы бар әдіснамалық білімдер жиынтығын құрайды. Философиялық білімнің құрылымын әдіснама, гносеология, диалектикалық логика, әлеуметтік философия және ғылым философиясы анықтайды. Зерттеудің философиялық-әдіснамалық негіздеріне философияның категориялары, заңдары, ұстанымдары, таным және ғылыми таным теориясының іргелі қағидалары алынады.

Педагогтің зерттеу мәдениетінің мазмұнына практик-мұғалімдердің ғылыми зерттеу әрекетінің аппаратын меңгеру, зерттеудің мақсатын анықтау, ұстанымдарды таңдау, әдістерді негіздеу дағдылары және әдіснамалық рефлексия енеді. Педагогтің әдіснамалық дайындығы теориялық пайымдау мен практикалық әрекетті талап етеді. Әдіснамалық дайындығының мазмұны жоғары кәсібилік, ойлаудың икемділігі, әдіснамалық рефлексия, ғылыми негіздеуге қабілеттілік, тұжырымдамаларды сын көзбен қарай отырып, шығармашылықпен қолдана білу, танымның формалары мен әдістері, басқару-құрастыру, кәсіби әрекет жағдайында өзгерістерге бағдарлап отыратын білімді меңгеруден тұрады.

Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білімдер жүйесіне негізделген, жалпыдан, яғни кәсіби білім берудің әдіснамалық білімдерінен жекеге, яғни оқытудың жалпы әдістемесі - орта және жоғары педагогикалық білім беру дидактикасына бағытталған логикамен анықталатын білім беру үдерісі, білім беру практикасы болып табылады.

Зерттеушілік мәдениет - педагогикалық құндылықтар мен білім беру технологияларын меңгеруге, үйретуге, жасауға қажетті сапа; педагогке педагогикалық фактілерді, құбылыстарды, нәтижелерді, заңдарды, теорияларды пайымдауға, болжам жасауға және оның негізінде инновациялық-дидактикалық әрекеттің өз жүйесін құруға мүмкіндік беретін сапасы, дамушы шынайы болмыспен өзара әрекеттесуде қалыптасқан қабілет [40, б.104-105].

Ғылыми-зерттеушінің ең маңызды құралы: болашақ мамандардың дамуы мен қалыптасуы барысында, оларды оқыту мен тәрбиелеуде өзінің әрқашан көздеген мақсатына қол жеткізе алатын, педагогикалық-психологиялық бағыт болып табылады. Аталған мағлұматтар бойынша, педагог-зерттеушінің ең маңызды қасиетіне жататындар: оптимизм, зерттеу жұмысына қойылатын

талапты ұлғайту, білімгерлердің шығармашылық жағынан дамуына тиімді үлгілер ұсыну, қайырымдылық, бауырмалдылық, мейірімділік пен жақсылықты болжайтын адамилық қасиетті болу, адамды қорламайтын, қарғамайтын, кемітпейтін, кері бағыт бермейтін, шындықты қалайтын, шыдамдылық, ұстамдылық, өзін-өзі басқара алу, ғылыми зерттеу жұмыстарын өзінің ар-ұятымен, намысымен келісе отырып шыншыл түрде жүргізе білуді игеру. Бұл өз кезегінде, зерттеушіге өзіне және адамдарға қызметтік міндет ретінде педагогикалық-психологиялық тұрғыда моральдық ережелерге сәйкес талаптар қоя білуін меңзейді. Сонымен, зерттеу жұмысын орындау барысында адамдармен қарым-қатынастың жақсы болуы маңызды рөл атқарады.

Барлық аталған деректер ғылыми-қызметкердің атақ абыройы мен беделінің сапасын келесі критерийлер бойынша анықтайды:

- терең жан-жақты алынған арнайы білімінің болуы;
- кәсіби және ғылыми-зерттеу дағдыларын меңгеруі;
- заманауи тұрғыда жетілген педагогикалық дағдыларының болуы жалпы ғылыми тұрғыдағы педагогикалық сауаттылығы мен мәдениеттілігінің болуы;
- адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеруі;
- кәсіби және педагогикалық этика нормаларына сәйкес мінез-құлқының болуы және т.б.

Педагог-зерттеуші адамның негізгі кәсіптік маңызды қасиеттері келесі түрдегі заңдылық аясында жүзеге асырылады:

1. Жалпы педагогикалық-психологиялық сапа:

- кәсіби педагогикалық-психологиялық бағыттылық;
- өзіндік әлеуметтік және кәсіби маңызды қасиеттерінің болуы, атап айтсақ: азаматтылық, оптимизм, ғылыми-зерттеу жұмысына деген тұрақты қызығушылық, шыншыл болу және адамдарға деген мейірімділік, тіл-табыса білушілік, өзіне де, басқаға да талап қоя білу.

2. Кәсіби педагогикалық-психологиялық сапалары:

- педагогикалық-психологиялық, теориялық, әдістемелік және тәжірибелік дайындығының болуы;
- педагогикалық-психологиялық зейіннің дамуы: жоба жасай білу, коммуникативтік, алға дамушылық, эмоциональды-жігерлі, сындарлы, дидактикалық, ұйымдастырушылық, танымдылық, креативті шығармашылық жағынан шыңдалған болуы керек.

3. *Жеке кәсіби педагогикалық-психологиялық сапалары:* психикалық үрдістердің педагогикалық және психологиялық сапалары бағыттылығы жағынан:

- эмоционалдық қайырымдылық;
- танымдық және эмоционалдық, жігерлілік;
- еркіндіктің жетілгендігі;
- рефлексия.

Зерттеуші қызметкердің педагогикалық шеберлігі оның кәсіби зейінділігінің дамуы арқылы пайда болады. Олардың негізгілерін бөліп көрсетуге болады: интеллектуальдық (ғылыми педагогикалық-психологиялық тұрғыда ойлаудың дамып жетілуі) - ұғымы келесі дағдыларды айқындайды:

- үйренгенді түсіндіру және талдау, байыпсыздан байыптыны бөліп алу; педагогикалық-психологиялық эксперименттер жүргізу; «нақты деректер (факты) - қалып (модель) - жорамал (болжам) - салдар - тексеріс» сияқты негізгі ұғымдары арқылы ғылыми ізденісті жүзеге асыру;

- тәжірибелі деректер негізінде теориялық модель құру; зерттеліп жатқан құбылыстардың сандық және сапалық арақатынасын табу; қорытындылау заңдылығын тұжырымдау;

- олардың қолдану аймағын тағайындау; өзара байланыс құбылыстары мен үрдістерді қарастыру;

- олардың маңыздылығы мен қарама-қарсылығын ашу; зерттеу материалдарын талдау мен кеңейте түсу және сапалы интуиция, көкейкестілік, алдын ала болжау және ауқымды білім.

- *түйсіну* - адамның ішкі әлеміне еніп, машықтану негізіне жататын әдеттен тыс шиеленіске назар аудару, көңілшектік, сезімталдық және т.б. ұғымдармен тығыз байланысты;

- *қарым-қатынас* - ғылыми-зерттеу үрдісіне қатысушылармен оң қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін ұғым;

- *жобалау* - білім беру үрдісінің дамуы мен нәтижелері барысын алдын ала болжауға мүмкіндік береді;

- *жетекші (көшбасшы)* - зерттеулерге немесе педагогикалық үрдіске қатысушылардан органның немесе қандай да бір мекеменің ұсынысы бойынша эмоциялық-ерік әсерімен қатты сөздің құдіретін қажетті нәтижеге жетуге бағытталған ұғым;

- *эмоциялық-ерік* - өзіңнің ішкі жағдайыңды сезіммен және мінез-құлқыңмен басқаруға мүмкіндік беретін ұғым;

- *дидактикалық* - қол жетімді ғылыми-зерттеу мәселелерін қызықты, ашық, айқын дәлелдермен түсіндіруге және ол материалдарды ұсынуға қабілеттілікті көрсететін ұғым;

- *ұйымдастырушылық* - білімгерлердің танымдық қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ зерттеуші-педагог өз жұмысын жоғары дәрежеде ұйымдастыру мен жұмысқа деген қабілеттілігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұғым;

- *ғылыми-танымдық* - жаңа ақпаратты тез меңгеруге мүмкіндік беретін ұғым;

- *шығармашылық* - педагогикалық және ғылыми-зерттеу міндеттерін шығармашылық сипатта шешуге мүмкіндік беретін: үлгіден жалтару, өзіндік ерекшелігі болу, бір іске бастамашыл болу, зерттеу мақсатына жетумен ғана қанағаттану емес сонымен қатар шығармашылық үшін қол жетпес ұмтылыс ұғымы болып табылады.

Жоғарыда келтірілген барлық мағлұматтар - педагог-зерттеушінің шынайы ғалым, жаңалық енгізуші тұлға екендігін анықтайтын өзіндік кәсіби-маңызды қасиетін береді.

Ғылыми зерттеу жұмысының табысты да нәтижелі болуы негізінен көп жағдайда зерттеуші-педагогтың өзінен тәуелді болатыны бүгінде дәлелденіп отыр. Олардың интеллектісі, арнайы педагогикалық-психологиялық білімінің мол болуы, зерттеу жұмыстары бойынша жетістіктерге жетуінде сөзсіз шешуші рөл атқарады. Алайда, көп нәрсе зерттеушінің адамгершілік қасиеттерінің даму деңгейінен тәуелді. Атап айтар болсақ: өзгелердің проблемасы бойынша жасалған жұмыстарға құрмет көрсету, қарапайымдылық, ұжымдық жұмысқа қосқан жеке үлесін бағалауда объективті болу және басқалар.

Ғылым - дегеніміз үлкен қажырлы еңбекті, жұмысқа деген қабілеттілікті, ұзақ мерзімді психикалық күйзелісті талап етеді. Бұл қасиеттер теориялық, эксперименттік зерттеу жүргізуге, нәтижелерін қорыту үрдісіне және іс жүзінде педагогикалық практикаға ғылыми ұсыныстарды енгізуге айтарлықтай әсер етеді.

Ғылымның негізін қалаушы ғалымдарымыздың жұмыстарын тереңнен оқып үйрену, оларға деген тек қана құрмет көрсету емес, олардың ғылымның дамуына қосқан еңбектерін мойындау және өзіміздің зерттеулерімізге оларды тиімді түрде қолдана білу - бұл үлкен жауапкершілік.

Эксперименттік жұмыс ерекше адалдықты талап етеді. Қоғам ғалымдарға әрқашан сеніммен қарайды, өйткені, олардың зерттеу

жұмысы бойынша зерттеу шарты қаншалықты тиімді болғандығын және қандай үлгідегі өлшемдердің қолданылғандығын ешкім тексермейді, сондықтан осы мәселелердің шешімін табу авторлардың ар-ожданына тікелей байланысты болады.

Ғылымға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген сүйіспеншілік, сайып келгенде, жоғары дәрежелі жаңалықтардың ашылуына әкеледі. Шындығында, білуге құмарлық, шындықты анықтауға ұмтылу - зерттеуші ғалымды тақырыптан ауытқуға, зерттеу барысында әртүрлі пәндердің тоғысында кенеттен пайда болатын ғылыми мәселелермен әуестенуге түрткі болуы мүмкін. Бірақ, көп жағдайда, дәл осындай мәселелер, ғылымының алтын қорын құрайды. Мұндай жағдайларда, үлкен қуаныш әкелетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігі де бірнеше рет артады.

Зерттеушінің принципті болуы оның әр алуандығын көрсетеді. Бұл автордың өзінің тұжырымдамаларын жасауын, ғылыми-зерттеу әдістемесін және қорытынды нәтижелері тұжырымдарының объективтілігін бекітеді. Сайып келгенде, ғылыми-қызметкердің принципті болуы ғылыми-зерттеу жұмысының жоғары дәлдікті нәтиже беретіндігімен практикалық тиімділігімен анықталады.

Педагог-зерттеуші ғылыми - зерттеу жүргізу үрдісінде бір пәндік аймақта жұмыс жасайтын әріптестерімен, ғалымдармен, ғылыми ағартушылармен күрделі қарым-қатынасқа енеді. Мол табыс әкелетін ғылыми-еңбегінің тиімділігі мен қорытынды нәтижесі оның қабілетіне, басқалармен өзара қарым-қатынасты этикалық жағынан дұрыс ұйымдастыра алуына байланысты болады. Іс-жүзінде тәжірибе көрсетіп отырғандай, көптеген мәселелер туындайды. Сол себепті, қазіргі заманғы педагогикалық - психологиялық зерттеулер ұжымдық күшті талап етеді. Бұл зерттеу объектісі қызметтерінің күрделілігіне, эксперименталды, эмпирикалық және теориялық материалды үлкен мөлшердегі көлемін жинақтау қажеттілігіне байланысты. Зерттеуші маман, нақты қолданбалы ғылыми мәселелерді шешу барысында аз уақыттың ішінде, көптеген деректер, фактілер мен аргументтер жиынынан тұратын ақпараттарды жанжақты талдап, терең түсінуге зерттеу тобының интеллектісі мен ұжымдық сананы тиімді пайдалану қажеттілігін қояды [35, б.100-106]. Сондықтан да, ең іргелі жаңалықтардың ашылуы мен тұрақты ғылыми жетістіктердің болып жатуы жеке авторларға емес, көп жағдайларда, шынайы ғылымилықпен, өзара жолдастық көмекпен, беделдік рух орнатуда

шығармашылық монолитті қалыптастыратын педагогикалық топтардың сүйемелдеуімен жүзеге асырылып жатады. Әрине, авторлар тобының психологиялық атмосферасы, ғылыми-зерттеу нәтижелеріне үлкен әсер етеді және ғылыми топтың әрбір мүшесінің ғылыми жұмысқа қатысты өзіндік ізі қалады.

Бақылауға сұрақтар:

1. Педагог-зерттеуші қандай кәсіби-маңызды қасиеттермен ерекшеленеді?
2. Педагог-зерттеушінің қандай кәсіби қабілеті арқылы дағдыларының пайда болуы мүмкін?
3. Педагог-зерттеушінің адамгершілік қасиеттерін қалай байқауға болады?
4. Педагогтың зерттеу әрекетіндегі ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы қандай?
5. Педагог-зерттеушінің қарапайымдылығын қалай анықтауға болады?

Тапсырмалар:

1. Педагог-зерттеушінің мінез-құлқы туралы сипаттама беріңіз.
2. Педагог-зерттеушінің қарым-қатынас дағдылары туралы баяндаңыз.
3. Педагог-зерттеушінің зерттеушілік мәдениеті.

ГЛОССАРИЙ

Білім дегеніміз - материалдық және рухани құбылыстар туралы шынайы әрі нақты мәліметтер жиынтығы, олардың адам санасында дұрыс, объективті бейнелеуі. Ғылыми білім рухани дүниенің құрамдас бөлігі есебінде қашанда жүйелілігімен, қисын тұрғысынан ұйымдасқандығымен және теориялық сипатымен ерекшеленеді. Ғылыми білім ғылыми қиындықтар мен қайшылықтары мол ізденістің, шығармашылық іс-әрекеттің барысында туындап, жинақталып жүйеленеді. Әрі ол таным процесінің күрделі нәтижесі болып табылады. Ғылым тарихы мен философиясы ғылыми білімнің тарихи дамуы, құрылымы және өзгешелігі, ғылыми танымның жалпы заңдылығы мен ғылыми білімнің эволюциясы туралы сұрақтарды зерттейтін философия шеңберінде қалыптасқан өзгеше сала, пән.

Педагогтың әдіснамалық мәдениеті - педагогика әдіснамасы туралы білімі, оны педагогикалық әрекетінде қолдану біліктілігі.

Таным - айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында белсенді бейнеленуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатысын, қоғамдық практика негізінде іске асатын таным үдерісінің заңдылықтарын, оның негізгі формаларын, әдістерін болжамдар мен теорияларды құру мен дамытудың принциптерін зерттейтін философия ғылымының саласы.

Ғылым - адамдардың табиғат, қоғам, ойлау туралы білімдерінің жүйесі. Ғылым дегеніміз - заттардың, құбылыстар мен үрдістердің ішкі болмысын, табиғатын ашып көрсететін, олардың даму заңдылықтарын, байланыстарын ашып, даралап тұжырымдайтын шынайы ақиқат, жүйеленген, қисынға келтірілген білім және объективті шындық.

Ғылым дегеніміз қоғамдық-тарихи практика дамуының белгілі бір сатысында пайда болатын айырықша әлеуметтік институт, адамның танымдық қызметінің ерекше формасы, адамзат мәдениетінің жоғарғы саласы.

Ғылыми абстрактілеу - заттардың белгілі бір қасиеттерін немесе қатынастарын ойша бөлуді өз бетімен қарастыруды қамтитын танымның бір жағы, түрі.

Ғылыми фактілер - бұл санамен бейнеленген ақиқат фактілері, олар ғылым тілінде, эмпирикалық пайымдаулар түрінде тексерілген, яғни міндетті түрде тексерілген фактілер жиыны.

Ғылыми-зерттеу қызметі - қоршаған нақтылықты оқумен, заңдар мен заңдылықтарды, негізгі ерекшеліктерді көрсету мақсатына байланысты істер түрлері.

Ғылыми-техникалық қызмет - технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелерді шешуге арналған жаңа білімдерді қолдану мен алуға бағытталған қызмет түрлері.

Педагогикалық әдіснама - педагогика теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен таным амалдары арқылы педагогикалық болмысты өзгеріске түсіндіру.

Ғылыми таным - жаңа білім алудағы ғылыми әдістерді пайдаланып, өзіндік мақсат көздей отырып зерттеу жүргізу.

Проблема - арнайы тәжірибелік ғылыми зерттеу өткізусіз жауап табу мүмкін емес және шешім табуды талап ететін өмірлік маңызы бар актуалды мәселе.

Ғылыми педагогикалық зерттеу - жаңа педагогикалық білімді қалыптастыратын танымдық әрекет түрі, оқыту, тәрбиелеу және дамудың объективті заңдылықтарын ашуға бағытталған үдеріс.

Педагогикалық зерттеу мәселесі - педагогикалық үрдістер мен құбылыстарды оқып-білу кезінде пайда болатын және жауап беруді талап ететін сұрақ.

Зерттеу әдістері - негізгі кезеңдер, зерттеу қызметінің мерзімдері.

Әдіснама – теориялық және практикалық әрекетті құру және ұйымдастру тәсәлі және принциптері.

Гипотеза - бұл шынайылығы әлі дәлелдеуді қажет теориялық негізі бар болжамдар жиынтығы.

Мақсат - қайта түзіліп, өрнектелетін проблема.

Теориялық зерттеу - әдебиеттің шолуы мен сынау анализінен басқа сол проблеманы шешуге бағытталған автордың теориялық шамалауы кіреді.

Шығармашылық - сөзі жалпыға мәлім іздеу, табу, бұрынғы жеке және қоғамдық тәжірибеде болмағанды жасау деген ұғымды білдіреді.

Іс-әрекет - әлемді және өз-өзін саналы түрде өзгертетін процесте адамның немесе топтың әлеммен жасайтын өзара әрекет.

Зерттеу көздері - ғылыми және арнайы әдебиет, мұрағаттық құжаттар мен қызмет өнімдері.

Ғылыми шолу - белгілі бір немесе бірнеше сұрақтар бойынша көптеген бірінші ретті құжаттардан таңдалған ақпараты бар мәтін.

Зерттеу дені (предмет) - нысан бөлшегі, бір тарапты, яғни буы түбегейлі зерттеуді қажет еткен нысанның теориялық не практикалы тұрғыдан өте маңызды сапа - қасиеттері, қырлары мен сырлары.

Бақылау - бұл адамның сезім мүшелерінің жұмысына және оның пәндік материалдық белсенділігіне негізделген ғылыми білім әдісі. Зерттелетін объектілерді бақылау деп оқиғаларды, іс-әрекеттерді тіркеу арқылы деректерді жинау, сондай-ақ оларды алдын ала сипаттау түсіндіріледі.

Салыстыру дегеніміз - шындық объектілері мен құбылыстарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Эксперимент - бұл объектіні (құбылысты) арнайы жасалған, басқарылатын жағдайларда зерттеу процесі және оның қасиеттерін байқауға, салыстыруға және өлшеуге, олардың сыртқы әсерлерге тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Деректерді талдау – кез келген шама мен бағыттарды түзете талдауға негізделген процедура немесе математикалы статистика әдісі.

Талдау - бүтіннің құрамдас бөліктерге бөлінуі, яғни, оларды біртұтас бүтіннің бөлігі ретінде бөліп алып зерттеу үшін таңдау. Талдау - (Analysis - ыдырау, ажырату, талдау)-зерделеніп отырған зат ойша құрамды элементтерге бөлінетін, сол элементтер жеке қарастырылатын зерттеудің әдісі.

Қарама-қайшылық - дамудың қозғаушы күші, зерт-нысанындағы қарама-қарсы тараптардың қатысы.

Міндеттер - зерттеу жүргізудің және ұйымдастырудың басынан аяғына дейінгі дәйекті кезеңдері.

Анкета - зерттеудің негізгі міндетімен логикалық түрде байланысты сұрақтар жүйесінен тұратын алғашқы әлеуметтік-психологиялық ақпараттарды алудың әдістемелік құралы.

Сауалнама - сауал арқылы көпшілік материал жинастыру әдісі.

Сұхбат - ауызша сұрау арқылы ақпарат алу тәсілі.

Синтез - бұл тақырыптың жеке бөліктерін біртұтас тұтастыққа біріктіруден тұратын ғылыми таным әдісі. Синтез - (грек. біріктіру, құрау, үйлестіру) - анализді көмегімен бөліктерді, қасиеттерді, қатынастарды ойша тұтас нәрсеге біріктіру дегенді білдіреді.

Қолданбалы ғылыми зерттеулер - нақты есептерді шешу мен тәжірибелік мақсаттарға жету үшін жаңа білімдерді қолдану және алуға бағытталған қызмет.

Эмперикалық түсіндірмелі зерттеу - алынған фактілерді анализдеу мен жинақтау ғана емес, сонымен қатар оларды түсіндіру.

Фундаменталды ғылыми зерттеулер - табиғат, қоғам, адам және оның өзара әсерінің негізгі заңдылықтары туралы жаңа білімдерді алуға бағытталған эксперименталды және теориялық интеллектуалдық қызмет түрлері.

Математикалық статистика - математиканың бір саласы, бақылау немесе алшеу арқылы анықталып, сандар түрінде тізілген деректерлі жүйеге келтіру.

Эксперимент - (лат. тәжірибе, сынама) ғылыми дәлелденген тәжірибені, идеяны, ғылыми болжамдар, үлгілер, технологиялар, механизмдерді жаңа жағдайда тексеру.

Факті - себептердің салдары. Ал бұл себептер фактілердің нәтижесінде алынған нәтижелер мен салыстыру, олардың ара қатынасын анықтау жүзеге асырылады.

Апробация – латын сөзі бекіту, мақұлдау дегенді білдіреді. Апробация баяндамалар, пікірталастар, жазбаша және ауызша рецензиялау формасында бола алады.

Педагогикалық тәжірибе – кейбір әдістердің арнайы ұйымдастырылған тексеруі оның педагогикалық тиімділігін анықтау үшін жұмыстар қабылдау.

Педагогикалық іс-әрекет - педагогикалық процесте жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеп, дамытуға, өздерін өздері іске асыруға және еркін шығармашылық тұрғыдан өздерін таныта алуларына қолайлы жағдай жасауға бағытталған кәсіби іс-әрекет.

Кәсіби құзыреттілік - тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқарудағы теориялық және практикалық даярлығының бірлігі. Маманның жұмыс мақсаттарына, талаптарына сай өзіндік шешім қабылдай алуы, күрделі ләселелер жағдайында тиімді жол таба алу іскерлігі, және іс-әрекет нәтижесін бағалауға даярлығы.

Мәдениет - қоғамның даму тарихының жеткен сатысын ипаттайтын және адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесі процесінде алыптасатын материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы.

Жоспар - схемалық түрде жазылған қысқа ойлардың тақырыптары. Құрамына және жазу үлгісіне қарай жоспарды жай және күрделі деп екіге бөледі. Жай жоспарға қарағанда күрделі жоспардың өзгешелігі, оның негізгі пункттеріне қоса көмекші пункттері болады. Олар мазмұнды нақтылай түседі. Жақсы жасалған жоспар кітап мазмұнын толық игер-гендігінің белгісі.

Аннотация - қысқа түрде берілген кітаптың немесе мақаланың жалпы мазмұны туралы дерек.

Цитата - еңбекте аталатын нақтылы, болмаса сандық мәліметтерді көшіріп алу немесе автордың сөзін өзгертпестен берілетін кеңестер.

Рецензия - ғылыми ізденіс жұмысына, болмаса кітаптың, мақаланың құндылығы мен практикалық пайдасы туралы берілетін көзқарас, тұжырымды айтады.

Библиография - зерттеу мәселесіне сәйкес жұмыс жүргізуге алынған әдебиеттер тізімі. Біз атаған мәтінмен жұмыс жүргізу техникасы бойынша сауатты жұмыс жүргізе білу, зерттеу мәселесіне жетудің тиімді жолы болып саналады.

Материалды эксперимент - материалды эксперимент әлемнің ішкі санасының объективті материалды байланыс түрін сипаттайды, сонымен қатар ойлы эксперимент субъектінің теориялық әрекетінің арнайы түрі болып табылады.

Методика - зерттеу мақсаты сәйкестікте жететін, анықталған кезекте орналасқа, ойлы және физикалық операциялар жиынтығын айтамыз.

Моделдеу - зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі.

Патент – ойлап табу ұсыныстарын, ойлап табуға приоритетін, ойлап табу авторлығын және ойлап табуға патент иегерінің құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

Тәжірибелік маңыздылығы - тәжірибелік қызметке арналған, алынған нәтижелер қорытындысы, ұсыныстар; оқу-тәрбие үрдісіне табысты әсер ететін дәрежелер.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары - қол жеткен білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу, ғылыми топшылауларды тексеру, табиғат пен қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды анықтау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізумен, ғылыми

ізденістермен байланысты ғылым сипаттағы жұмыстар, талдамалар.

Ғылыми көзқарас - өзінің құрылымында нақты ғылымдарға негізделетін, әсіресе олардың мазмұны философиялық онтология шеңберінде жалпылау мен интерпретация жасауға кең қолданылады. Ғылым өзі қазіргі түсінігі бойынша, яғни әртүрлі объекттер мен нақты құбылыстарды тәжірибелік (эксперимент) және теориялық (математикалық) тұрғыдан зерттеу; оның бүгінгі жағдайда көзқарасқа қатысы жоқ: 1. ғылым адамның дүниеге қатынасын емес объективтік нақтылықты зерттейді; 2. әр дүниеге көзқарастың түрі сананың құндылық түрі болып табылады, ал ғылымға келсек, ол - оның когнитивтік аумағын іске асырады, яғни өзгеше объектілер туралы нақты білім шығару. Ғылыми көзқарас үшін тарихи, әлеуметтік және мінез-құлық зерттейтін ғылымдардың білімдердің нәтижесін қолдану маңыздылау, себебі бүкіл аумақтағы адамның дүниеге қатынасының нақты түрлері мен механизмдері соларда аккумуляцияландырылады (жиналады).

Әдебиеттер тізімі

1. Есекешова М. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің негіздері: Оқу құралы / М.Есекешова, А.Асаубаева, Л. Данилова. - Астана: Фолиант, 2018.-168 бет.
2. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым. (Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы): Алматы, 2018 – 120 бет.
3. Шәрібжанова Ғ.Ғ. Кәсіби қазақ тілі: ЖОО-ға арналған оқу құралы. Ғ.Ғ. Шәрібжанова. - Алматы: АЭЖБУ, 2016 -100 б.
4. Дурова О.И. Норвежское эссе 1950–1990х годов: поэтика, проблематика, гносеологические перспективы жанра: дис. ... д-ра филол. наук. Краснодар, 2000. С. 6
5. Мұса Н. Эссе жазудың ең тиімді тәсілдері <https://bilimland.kz/kk/news-articles/articles/esse-zhazudyn-en-tiimdi-tasili>
6. Күдеринова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2013 242 б.
7. Квициния М.Б. Академическое письмо. Учебное пособие. Сухум,-2018-145 стр.
8. Әдебиеттануға кіріспе (Жоғары оқу орындарының филология факультетінің студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы). Құрастырған С.Мақыров. - Ана тілі, - 1991- 184 бет.
9. Райыс Ғ. Сөз өнері теориясы: Оқулық кітап. - Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2010. - 524 бет.
10. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, Ұлттық тестілеу орталығы. Эссе жазу бойынша әдістемелік құрал (Қазақ тілі мен әдебиеті). Астана 2021
11. Риза Е.Қ. Эссе құрылымы мен жазылу жолдары. «PLANET Skills» международный образовательный проект. 01.10.2021
12. Квициния М.Б. Академическое письмо. Учебное пособие. Сухум,-2018-145 стр.

13. Ярская-Смирнова Е. Создание академического текста: учеб. пособие для студентов и преподавателей вузов. М.: ООО «Вариант»: ЦСПГИ, 2013. 156 с.

14. Калиева У.Н., Таубаева Ш. Жоғары оқу орнында студенттердің ғылыми тілде жазу дағдыларын қалыптастыру http://www.rusnauka.com/47_NIO_2015/Pedagogica/2_205458.doc.htm

15. Жұмағұлова А.Ж. Ғылыми стильді оқыту: Биология факультеті студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013 - 85 б.

16. Арымбаева К.М., Алметов Н.Ш. Педагогикалық ғылыми-зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2014.- 94 б.

17. Гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және жоспарлау./ Құраст.: Ж.Қ.Смағұлов, С.У.Такиров, Ж.А.Рүстемова. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2014. - 140 бет

18. Ғылыми мақаланың индекстелуі үшін оны қалай ресімдеу қажет? <https://kz.publ.science>

19. Бут, Ю.Е. Академическое письмо для историков [Текст]: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе магистратуры по направлению подготовки 46.04.01 «История» / Ю. Е. Бут. – Екатеринбург: Издательский отдел УрГПУ, 2019 – 224 с.

20. Шотабайқызы А. Плагиат – ғылымға қиянат. Егемен Қазақстан. 04 Наурыз, 2020

21. Панькова, А.М. Руководство по выполнению исследовательских работ студентов: учебно-методическое пособие / А. М. Панькова ; Уральский государственный педагогический университет. - 2-е изд., испр. и доп. - Электрон. дан. - Екатеринбург: [б. и.], 2020 - 1 CD-ROM. - Текст: электронный.

22. Адилова А.С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы. Монография. - 252 б. - Алматы, Эверо, 2015

23. ОҚМПУ Хабаршысы журналы <https://vestnik.okmpu.kz/kk/node/4>

24. Маркушевская Л.П., Цапаева Ю.А. Аннотирование и реферирование (Методические рекомендации для самостоятельной работы студентов). СПб ГУ ИТМО, 2008 – 51 с.

25. Іс қағаздармен ресми жұмыс жасау сайты <https://resmihat.kz/document/view?id=312>

26. «Дулати университеті хабаршысы» журналында жарияланатын ғылыми мақаланың құрылымы мен рәсімделуіне қойылатын талаптар <http://journal.tarsu.kz/?action=treb>

27. Жоба жұмысын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулық құраст: Г.Б. Мәдиева, Б.Т. Утепова, Г.Н. Искакова. - Алматы: Қазақ университеті, 2014 - 19 бет.

28. Барі бар сайты <https://stud.baribar.kz/>

29. Свиридова М.Ю. PowerPoint бағдарламасында презентациялар құру: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық/ М.Ю.Свиридова 4-басылым, стереотипті – М.: «Академия» баспа орталығы, 2014 -224 б.

30. Қаңтарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір» 2011. - 272- бет.

31. С.Н.Жиенбаева. Педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі: 5B010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы студенттеріне арналған/оқу құралы. - Алматы: «Отан» баспасы, 2015.- 126 б.

32. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика./ Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Оқулық. - Алматы: ОНОН. 2017, - 340 бет

33. Адманова Г.Б. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдістеме Оқу-әдістемелік нұсқау. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 88 бет.

34. Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Барсай, С.Н.Жиенбаева Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық. – Алматы: - 2018 – 300 б.

35. Мубараков А.М., Байгожанова Д.С. білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулер жүргізудің әдіснамалық негіздері: оқу құрал. Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы, 2018.-138 б.

36. Асанов Ж., Әбдіхалықов Н. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. Оқу құралы /Ж. Асанов, Н. Әбдіхалықов. - Астана: Фолиант, 2015. - 120 бет.

37. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері/ оқу құралы.- Алматы: «Отан» баспасы, 2015 - 158 б.

38. А.С.Адилова. Қабылдау стилистикасы. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Эверо» – 2016.- 99 бет.

39. Әлісжанов С.Қ. Терминология мәселелері. Оқу құралы. – Астана. 2004.-70 бет.

40. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика./ Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Оқулық. - Алматы: ОНОН. 2017, - 340 бет

41. И.П. Пастухова. Студенттердің оқу-зерттеу қызметінің негіздері:орта кәсіби білім беру мекемесінің студенттеріне арналған оқу құралы / И.П. Пастухова, Н.В. Тарасова - 4-басылым, стер. - М.:«Академия» баспа орталығы, 2014 - 160 с.

42. Нұғысова А. Ғылыми - педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру: оқу-әдістемелік құрал. /А.Нұғысова - Алматы: «Отан» баспасы, 2016. - 130 б.

43. Бақылау және автоматика құралдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету: Оқу құралы / Тугерова Г.Б., Байтемирова Г.Ж., Байкенова Н.Б., Касантаев А.Р. – Астана: «Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж.

44. Аубакирова Р., Нұрбекова М. Педагогикалық зертеу әдістемесі: Оқу құралы. 2-басылым.- Астана: Фолиат, 2011.- 128 б.

БОРАНБАЕВА А.Р., ИСМАНОВА Р.Ж.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ХАТ

Оқу құралы

Баспаға қол қойылды 10.01.2022 ж
Қағаз форматы Х^хҮ 1/16
Офсеттік басылым. Көлемі 12,5 б.п.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 1518

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

